

**Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының «Қостанай жоғары  
политехникалық колледжі» КМҚК  
КГКП «Костанайский политехнический высший колледж» Управления образования  
акимата Костанайской области**



**ЖБП 14 Дүниежүзі тарихы пәні  
Барлық мамандық студенттеріне арналған**

**Ахметжанова Динара Косылбековна**

Қостанай 2022 жыл

## Мазмұны

	Бөлім, тақырып атауы/ Наименование разделов, тем	
1	<b>I Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері</b> «Өркениет» түсінігі. Өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері.	
2	Ежелгі әлем өркениеті. Африка, Америка, Австралия және Океанияның дәстүрлі өркениеттері	
3	Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы	
4	Өркениеттер әрекеттестігінің сауда- экономикалық саласы. Өркениеттер әрекеттестігінің дипломатиялық және әскери саласы	
5	<b>II Бөлім. Этникалық және әлеуметтік процестер</b> Адамның шығу тегі теориялары. Этностардың пайда болуы туралы теориялар	
6	Социогенез туралы теориялардың алуан түрлілігі. Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары	
7	<b>III Бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар</b> Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болу теориялары	
8	Антикалық кезеңдегі әлемдік империялардың қалыптасуы. Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары ежелгі заманнан ортағасырларға өтудің бір факторы ретінде	
9	Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары. Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан жорықтарының ықпалы.	
10	XX ғасырдағы дүниежүзілік соғыстардың халықаралық қатынастар жүйесіне әсері.	
11	Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері	
12	Буржуазиялық революциялар – индустриалды қоғамның құрылуының катализаторы	
13	<b>IV Бөлім. Мәдениеттің дамуы</b> Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалудағы ЮНЕСКО-ның қызметі	
14	Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы	
15	Тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдері	
16	Жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы	
17	<b>V Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері</b> «Экономика» және «экономикалық жүйенің» типтері	
18	Табиғи географиялық факторларға қарай мемлекеттердің шаруашылық мамандандырылуы	
19	Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары	
20	Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі	
21	Жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілікке және экономикалық артта қалушылыққа төтеп беру жолдары	
22	<b>VI Бөлім. Саяси-құқықтық процестер</b> Құқықтық мемлекет түсінігі	
23	Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі	
24	Халықаралық қауіпсіздікке төнген қазіргі кездегі қауіп-қатерлер	
25	<b>VII Бөлім. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы</b>	

	М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары	
26	Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы	
27	Н. Манделла – апартеидке қарсы күресуші	
28	Мұстафа Кемал Ататүрік – Түрік Республикасының негізін қалаушы.	
29	Франклин Делано Рузвельт және оның «жаңа бағыты»	
30	Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта жаңғыруы	
31	Дэн Сяопин – көрнекті қытай реформаторы. Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммад: «үшінші әлемнен бірінші әлемге»	
32	Н. Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі	
33	<b>VIII Бөлім. Білім мен ғылымның дамуы</b> Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері	
34	Мектептегі білім беру: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін. Жоғары білім беру жүйесі: өткені мен бүгіні	
35	Ғылыми-техникалық прогресстің тарихи кезеңдері	
36	Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар. Қазіргі ғылымның перспективті салалары	

# 1 Тақырып

## I Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері

### «Өркениет» түсінігі. Өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері.

**Сабақтың оқу мақсаты:** 10.1.2.3-өркениеттің индустриалды дамуының ерекшеліктерін түсіндіру

#### Бағалау өлшемдері:

1. Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «өркениет», «өркениет типі» терминдерін қолданады.
2. Ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтайды.

**Өркениет** (лат. *civilis* – азаматтық) – қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы. Ежелгі римдіктер бұл ұғымды “варварлықтар” деп өздері атаған басқа халықтар мен мемлекеттерден айырмашылықтарын көрсету мақсатында қолданған. Олардың түсініктері бойынша “*Өркениет*” азаматтық қоғам, қалалық мәдениет, заңға негізделген басқару тәртібі қалыптасқан рим империясының даму дәрежесін білдірген. Өркениет мәдениет ұғымымен тығыз байланысты.

**Ғасырлар бойы қалыптасқан Өркениет пен мәдениет ұғымының мағыналарын төмендегідей топтастыруға болады:**

1. мәдениет пен Өркениет бір, олар синонимдер (И.Гердер, Э.Тайлор);
2. Өркениет – мәдениеттің ақыры, оның “кәрілік” шағы, руханилықтың антиподы (Ж.Ж. Руссо, Ш.Фурье, О.Шпенглер);
3. Өркениет – мәдениеттің прогресі, болашаққа бой сермеуі, қоғамның парасаттылық деңгейі (Вольтер, Д.Белл);
4. Өркениет – тағылық пен варварлықтан кейінгі тарихи-мәдени саты (Л.Морган);
5. Өркениет – этностар мен мемлекеттерге тән мәдениеттің оқшау түрі (А.Тойнби, Н.Я. Данилевский, т.б.);
6. Өркениет – мәдениеттің техникалық даму деңгейі, оның материалдық жағы.

Ағартушылық дәуірінде Өркениет әлеуметтік-мәдени дамуды сипаттау үшін қолданылды. 19 ғ-да Шпенглер мен Тойнби еңбектерінде бұл термин өзіндік ерекшелігі бар, жергілікті қауымдастық мағынасында, яғни “*тарихи өркениеттер*” (Қытай, Вавилон, Түркі, Мұсылман, Орта ғасыр, т.б.) ретінде қолданылды. Дегенмен Өркениетті саралаудың бірегей өлшемдері мен ұстанымдары әлі күнге дейін жасалған жоқ. Соңғы кездері Өркениетке бір аймақта тұратын халықтардың тарихи тағдырластығы, олардың арасындағы ұзақ әрі тығыз мәдени байланыс нәтижесінде әлеуметтік ұйымдасу мен реттелудің этносаралық жергілікті қауымдастығы деген анықтама берілді. Өркениет категориясы мәдени типтерді зерттеуде немесе мәдени-тарихи типологияны жасауда кеңінен қолданылады. Сондай-ақ Өркениет типтерін шығыс және батыс деп бөліп, “*ғаламдық Өркениет*” және “*техногендік Өркениет*” ұғымдары да қолданылады. Мәдениеттанушылар Өркениетті “*мәдениет*” ұғымымен салыстыра қарастырады. С.Хантингтонның жіктемесі бойынша, қазіргі әлемде батыстық, латын америкалық, православиялық, исламдық, конфуцийшілдік, үнді-буддалық, қиыр шығыс және африкалық секілді 8 суперөркениет қатар өмір сүруде. Қазіргі отандық мәдениеттану ғылымында қазақ өркениеті ұғымы қалыптасты. Ол ежелгі көшпелі өркениеттерден бастау алып (сақ, үйсін, қаңлы, ғұн, ортағасырлық түркілік дала империялары, Алтын Орда, Ақ Орда, т.б.), кейін қазақ хандығы тұсында қалыптасқан, түркі-соғды, түркі-араб синтездері нәтижесінде исламдық суперөркениеттің құрамына енетін этномәдени бірлестікті сипаттау үшін қолданылады (к. Дала өркениеті). Қазақ Өркениеті 3 үлкен өркениеттердің (православиялық, исламдық, конфуцийлік) тоғысқан жерінде орналасқан.

<b>Оның</b>	<b>мынадай</b>	<b>өзіндік</b>	<b>белгілері</b>	<b>бар:</b>
а) көшпелі	өркениеттің	мәдени негізіне	рулық-тайпалық одақ	жатады;
ә) түркі тілінде сөйлеген тайпалар	“түркі” этнонимі	пайда болғаннан	талай ғасырлар бұрын	қалыптасқан;
б) мұсылман дінін түркі тайпалары біртіндеп өз еркімен қабылдаған және бұл үрдіс Шыңғыс хан империясы тұсында баяулағанымен,		түбінде	табысты	аяқталған;
в) орта ғасырлардың соңынан бастап түркі тайпалары моңғолдық этн. элементтерді өзіне сіңіре бастады;				

г) 15 ғ-да түркілік Орталық Азияда қазақ деп бұрынғы мемлекетінен бөлінген адамдарды айтты. Қазақ халқының және оның ата-тектерінің әлемдік Өркениетке қосқан басты құндылықтарына мыналар жатады:

- 1) еуразиялық көшпелілер кеңістікті игеруде адамзат тарихындағы бірінші жетістікке жетті;
- 2) көшпелілер шөл мен шөлейттерді үйлесімді игере алды;
- 3) еуразиялық көшпелілер тарих катализаторлары (А.Вебер) қызметін атқарды, олардағы миграциялық процестер жаңа өркениеттердің қалыптасуының себебі болды (Үнді, Иран, Ғұн мемлекеті, Араб Халифаты, т.б.);
- 4) Ұлы Жібек жолы және басқа да мәдени байланыс жүйелері арқылы түркілер батыс пен шығыстың арасында дәнекерлік қызмет атқарды, олардың сұхбатына себепкер болды;
- 5) қазақтың арғы тектері әлемдік өркениеттіліктің шалбар, алдаспан, киіз үй, күйме, металл өңдеу, зергерлік, ұсталық сияқты артефактілерін алғашқылардың бірі болып енгізді;
- 6) түркілердің әмбебап дүниетанымдық жүйесі – тәңіршілдік адамдық ынтымақтастық пен келісімділіктің маңызды формасы болды;
- 7) “*адам бол!*” ұстанымы, әлемді жарық дүние деп түсіну, адамның көңіл-күйіне мән беру, ғарышпен және адамдармен үйлесімділікте болу, жасы үлкендер мен баланы қастерлеу сияқты қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінің құндылықтары қазіргі руханиятта ерекше орын алады. Қазіргі қазақ Өркениеті алдында ұлттық архетиптерді сақтай отырып, оларды қазіргі әлемдік Өркениет құндылықтарымен үйлесімді ету міндеті тұр.

**Тапсырма:** Батыс, шығыс өркениеттерін салыстырып венн диаграммасын жасау

### **Бағалау дескрипторлары:**

1. Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «өркениет», «өркениет типі» терминдерін қолдана алады.
2. Ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтай алады.
3. Батыс, шығыс өркениеттерін салыстырып венн диаграммасын жасай алады.

## **2 тақырып Ежелгі әлем өркениеті.**

### **Сабактың оқу мақсаты:**

10.1.3.1 – Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау.

10.1.3.2 – Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың қосқан үлесін қорытындылау.

### **Бағалау өлшемдері:**

1. Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «өркениет», «өркениет типі» терминдерін қолданады.
2. Ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтайды.

**Африка** қазіргі жалпыәлемдік өркениетке өз (ерекше) үлесін қосты. Өкінішке орай, бұл аймаққа байланысты берілген бағалар бірсарынды, біржақты болып, көбіне жалған, теріс болды. Африканың қосқан үлесіне шынайы баға беру қажет, сол кезде ғана оның бүгінгі күнгі жағдайы мен оның проблемаларын дұрыс түсінуге болады. Адам баласының алғашқы отаны Африка болғаны бүгін мәлім. Өндіруші шаруашылық бұл жерде Азияға қарағанда әлдеқайда кеш басталғанымен, мұны Африка халықтарының кемшілігі деп санауға болмайды, бұл нақты қажеттіліктің болмағанын және бұл жерде тіршілікке қажетті

нәрсенің бәрі барын көрсетеді. Б.з.д. 5 мың жыл бұрын Африкада ірі шөлдер болмаған, адамдар қазіргі Сахара мен Калахариді мекендеген, аң, балық аулап, терімшілдікпен айналысып күн көрген. Бұл – құнарлы, суға толы орманды дала аймағы болған. Чад көлінің көлемі бүгінгісінен 8 есе үлкен болған. Төңірегінде Жерорта теңізінің маңайындағы ормандар өссе, оның іші ірі аңдар мен жануарларға толы болған. Жердің құрғай бастауы климаттың ауысуына, сонымен қатар ормандарды күйдіру Сахараның мәдени ошағының (Б.з.д. III мыңжылдықтың ортасында) жойылуына әкеліп соқты. Осы кезде Сахараның қазіргі шекарасы пайда болды. Африканың қиыр солтүстік-шығысында б.з.д. IV—III мыңжылдықта көнемысырлық (нілдік) өркениет қанатын жайды, бірнеше ғасырлар қатарымен ол Африка жерінде де, жалпы әлемде де дамудың жетекші рөлін атқарды. Көне Мысыр шаруашылығының дамуы туралы тарих сабақтарында оқылды, атап айтсақ, нақты осы өңірде жерді суландыру ең жоғары деңгейге жеткен, тіпті оның жұмыс жүйесі кейбір жерінде бүгінге дейін сақталған. III мыңжылдықта Нилде ірі тоған құрылды – биіктігі 15 м., ол Мемфис қаласын сумен қанағаттандырды. Екі мың жыл өткен соң Қызыл теңіз бен Нил атырабын байланыстырған Перғауындар каналы салынды. III-I мыңжылдықта Африканың қиыр батысында Сенегал, Нигер мен Конго өзендерінің аңғарында да мәдени ошақтар құрылды, алайда олардың деңгейі көнемысырлықтардан әлдеқайда төмен болды. Африка өркениеті басқа «әлемдік аймақтық өркениеттерден» өзгеше, ерекше. Оның негізін табиғатпен біртұтастық құрайды. Табиғатпен біртұтас тіршілікті географтар «табиғатқа табиғи ену» деп те атайды. Адам мен табиғаттың селбесуі африкандықтардың дәстүрлі тіршілігіне үлкен әсерін тигізді, атап айтсақ, адамдардың психологиялық ерекшеліктерінен бастап, олардың шаруашылық жүргізулерінің өзіндігіне дейін. Африканың дәстүрлі шаруашылық жүргізуі қарапайым және мүлдем тиімсіз деп саналады. Осы рас па, соны анықтап көрелік. Қандай да бір анықтамалықты ашып оқысаңыз, онда Африка елдерінің егіншілік шаруашылығының шығымдылығының төмендігі, мал шаруашылығының өнімсіздігі жазылады. Бірақ африкандықтардың дәстүрлі шаруашылығының ерекшелігі, яғни мұнда адам еңбегінің аз жұмсалуды мен соған қарағанда өнімділіктің көп болуы есепке алынбайды. Осыны білгеннен кейін әрине сұрақ туындайды: неге африкандықтар аз жұмыс істеді деген? Көптеген ғалымдар бұл сұраққа мынадай жауап айтады: жергілікті шаруалардың ата дәстүрінен қалт баспай, еңбекті қажет ететін технологияларды аграрлық секторда пайдаланбауы, африкалықтардың көне әлеуметтік құрылымнан аттап шықпауымен байланысты.

Африканың ыстық және ылғалды табиғаты азық-түліктің тез бұзылуына жол беріп, оларды сақтауға мүмкіндікті шектейді. Сондықтан африкандықтар мұндай табиғи жағдайда ұзақ мерзімге азық (немесе шикізатты) сақтау мүмкін еместігін бұрыннан-ақ түсінген. «Оларды сақтау мен көбейту тек табиғи көз түрінде молайту мен өсіру» деп түсініп, табиғи ортаны қорғап, сақтауға көңіл бөледі. Жүздеген, тіпті мыңдаған жылдар бойы Африка шаруалары егіншілікте өздеріне ғана тән әдістерді қолданып, жергілікті жерлеріне икемденген дақылдар сұрыптарын таңдап, мал өсірудің де жүйесін бейімдеген. Африкада дақыл егу жыл бойына созылып жатады, өйткені әр түрлі дақыл сұрыптарын әр кезеңде өсіріп, өнімін жинай береді. Бұл агрожүйеліктің негізгі идеясы егін өнімдерін бөлшектей отырып, жыл бойы өніммен болу. Африка елдері өсіретін егіншілік дақылдары тары мен балжүгері, т.б. дақылдыр, ал олар еуропалық өлшеммен өнімсіз дақылдар (аз өнім беретін) болып есептеледі.

Тропик пен экваторлық белдеу өте нәзік экожүйені құрайды, оған адамның шаруашылық тіршілігімен араласуы өте ауыр тиеді. Жер құнарлылығы тез сарқылады, «шаршаған» жерге демалыс беріп отыру керек, сондықтан тың жерге көшіп отыру қажеттілігі туындайды. Егіншіліктің отап-өрттеу әдісінің зияндылығы бүгін африкандықтардың бәріне белгілі, бірақ жерді осылай пайдаланудың апаттық көлемі «европалық қарқындылықтың» арқасында енгізілуде. Африкандықтар орманды қаншалықты кесу мен өртеудің мөлшерін ертеден білген, неше жыл бойы жерге демалыс беріп, оны қай кезде жырту керектігін есептеп отырған. Африка мәдениеті мен өркениеті

батыс (еуропалық) мәдениеті мен өркениетінен өзгеше, өзіндік жеке бастауы бар. Сонымен қатар ол үнді және қытай мәдениеттерімен «ұжымдық» қағидасы бойынша ұқсас. «Адамдар қауымдастығы – Африканың негізгі құндылықтарының бірі»

### **Колумбқа дейінгі Америкадағы мәдениеттер тізімі**

Хоупвелл дәстүрі - Б.з. 200-500 жылдары қазіргі АҚШ солтүстік-шығыс және орталық-шығыс бөлігіндегі өзендер бойында болған бір-біріне ұқсас үндістердің археологиялық мәдениет кешені

Могольон археологиялық мәдениеті — Қазіргі АҚШ-тың оңтүстік-батысында болған 4 ірі тарихи мәдениеттің бірі, ол солтүстік Мексика жерінің бір бөлігінде болған. Б.з. 150-1400 жылдарына дейін болған.

Анасази — тарихтан бұрынғы үндіс мәдениеті, ол қазіргі АҚШ-тың оңтүстік-батысында Төрт бұрыш деген атпен белгілі болған. Анази мәдениетіне өзіндік керамикалық стиль мен баспана салу ерекшелігі тән.

Хохокам — ірі археологиялық мәдениет, ол АҚШ-тың оңтүстік-батысында (Сонора шөлінде) пайда болған, қазіргі Мексика жерінің бір бөлігінде болған. Б.з. I- XV ғасырларында қолданылған.

Ольмеки — ацтектердің тарихи деректерінде сақталған тайпа атауы. Веракрус штатының астанасы Халапа қаласындағы университеттің мұражайында қызмет ететін археолог ғалым Медельин Сениль ольмектердің бұрын белгісіз болған қаласы - Син Кабесасті (Бассыздар) тапты. Бұл атаудың шығуы – джунглий ағаштарының арасынан әр қадам басқан сайын бұзылған және бассыз мүсіндер қатар –қатар табылған.

Майя —өзінің жазуы, өнері, архитектурасы,математикалық және астрономиялық жүйесінің арқасында әйгілі болған Орталық Америка өркениеті. Кластық дәуірге дейін қалыптаса бастаған (б.з.д.2000 – б.з. 250ж.), оның көптеген қалалары өзінің ең жоғары даму шыңына кластық дәуірде (б.з. 250 – 900 ж.) жеткен. Конкистадорлар келгенше тіршілік етті. Майя халқы тас қалалар салды, олардың көбі еуропалықтардың келуінен-ақ бұрын бос қалған еді, ал кейбірі содан кейін де тұрғылықты мекен болып қала берді. Майялардың ойлап тапқан күнтізбесін Орталық Американың басқа халықтары да пайдаланды. Иероглифтік хат жүйесі қолданылды, олардың біразын оқуға мүмкіндік табылды. Көптеген ескерткіштердегі жазбалары сақталған. Егіншіліктің тиімді жүйесін құрды, астрономия саласынан терең білімдері болды.

**Тапсырма:** Қоғамдық өмірдің салалары кестесін толтыру

### **Бағалау дескрипторлары:**

1. Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «өркениет», «өркениет типі» терминдерін қолдана алады.
- 2.Ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтай алады.
3. Қоғамдық өмірдің салалары кестесін толтырады.

## **3 тақырып**

### **Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы**

#### **Сабақтың оқу мақсаты:**

- 10.1.3.8.әлемдік діндер ілімдеріндегі жалпы адамгершілік құндылықтарды анықтау;
- 10.1.3.9 қазіргі кездегі өркениет жағдайында әлемдік діндердің тенденцияларын анықтау;
- 10.1.3.8 қазіргі кездегі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдардың қоғамға әсерін бағалау.

#### **Бағалау өлшемдері:**

1. Ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсерін анықтайды.

2. Шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды.

3. Әлемдік діндердің философиялық негіздерін түсіндіреді.

Әлемдік діндер - қазіргі дінтануда буддизм, христиандық және исламды әрқайсысына тән белгілеріне сай жинақтап көрсету: а) қазіргі кезде бір аймақтан немесе құрлық аумағынан шығып, кең таралуына орай; ә) осы діндердің кез келгеніне кіруге тайпалық, рулық, этноұлттық және кастакландық шектеулердің болмауы; б) діннің негізін қалаушылардың рөлі (Будда, Иисус Христос, Мұхаммед); в) діни-наным ырымдарының салыстырмалы түрде қарапайымдылығы; г) діни уағыздарында жалпыадамзаттық құндылықтарды ұстануды наным-сенімнің аса маңызды көрінісіндей бағалау; ғ) бұл діндердің ресми құжаттарында, мойындалған дінбасыларының уағыздарында дінаралық сыйласымдылыққа, ұстамдылыққа, өркениеттің ғаламдық мәселелерін (жаппай қыру қаруына тыйым салу және жою, мемлекетаралық қайшылықтарды шешуде бейбіт жолды таңдау, экологиялық апаттардың алдын алу, ашаршылықпен және індеттермен, соның ішінде, "өркениеттік" індеттермен - СПИД-пен, наркоманиямен, алкоголизммен, токсикоманиямен және т.б. күресу) бірлесіп шешуге шақыратын үндеулердің болуы шарт және дінге сенушілердің осы діннің саясатын қолдауға шақыратын мерзімдік іс-шаралары өткізіліп отырылуы керек.

Әлемдік діндер - қазіргі дінтануда буддизм, христиандық және исламды әрқайсысына тән белгілеріне сай жинақтап көрсету: а) қазіргі кезде бір аймақтан немесе құрлық аумағынан шығып, кең таралуына орай; ә) осы діндердің кез келгеніне кіруге тайпалық, рулық, этноұлттық және кастакландық шектеулердің болмауы; б) діннің негізін қалаушылардың рөлі (Будда, Иисус Христос, Мұхаммед); в) діни-наным ырымдарының салыстырмалы түрде қарапайымдылығы; г) діни уағыздарында жалпыадамзаттық құндылықтарды ұстануды наным-сенімнің аса маңызды көрінісіндей бағалау; ғ) бұл діндердің ресми құжаттарында, мойындалған дінбасыларының уағыздарында дінаралық сыйласымдылыққа, ұстамдылыққа, өркениеттің ғаламдық мәселелерін (жаппай қыру қаруына тыйым салу және жою, мемлекетаралық қайшылықтарды шешуде бейбіт жолды таңдау, экологиялық апаттардың алдын алу, ашаршылықпен және індеттермен, соның ішінде, "өркениеттік" індеттермен - СПИД-пен, наркоманиямен, алкоголизммен, токсикоманиямен және т.б. күресу) бірлесіп шешуге шақыратын үндеулердің болуы шарт және дінге сенушілердің осы діннің саясатын қолдауға шақыратын мерзімдік іс-шаралары өткізіліп отырылуы керек. Жаңғыртылған иудаизм өкілдері иудаизмді, "Кришна санасының қоғамы" - өз жақтаушыларын, ал "Вера бахай" шіркеуінің өкілдері - өздерінің діндестерін әлемдік діндер қатарына жатқызады. Алайда, жоғарыда аталған үш ірі әлемдік діндердің қызметкерлері, діндарлары бұл қозғалыстардың әлемдік дін дәрежесін мойындаудан бас тартады.

Дүние жүзі халықтарының ғасырлар бойы қалыптастырған сан қырлы рухани мәдениетінің бір саласы – дінтану. Дінтану ғылымы – діннің пайда болуы, оның маңызы, мағынасы, адамға әсері, қоғамдағы, тарихтағы, мәдениеттегі орны, мыңдаған жылдар бойы әлемдегі алатын маңызы жайлы мәселелерді зерттеу. Басқаша айтқанда, дінтанудың мақсаты – дінді анықтау, түсіну және оның қоғамдық сана (идеология) есебінде әлеуметтік құбылыс екенін түсіндіру болып табылады.

Адамның рухани тазару дәрежесі көтерілмесе және діннен бас тартар болса, қоғам заңдылықтары бұзылып, дүние ойран болады. Ислам философиясы – дін адамды қатерден, апаттан, бос әрекеттерден сақтандырады, күнделікті өмірі мен тұрмысын мейлінше қатаң және дәл реттеп отырады, қоғамдық, жеке өмірдегі тәртібін сақтайды, – дейді мамандар.

Буддизм - [санскритше - buddha күнәдан арылған, әулие] - дүниежүзіне кеңінен таралған негізгі 3 діннің бірі. Б.з.б. V-VI Үндістанның бүгінгі Бихар штатында пайда болды. Буддизмнің негізін салушы Сиддхарт Гаутама деп есептеледі. Буддизм басқа ілім-танымдарды бойына оңай сіңірді және оның негізгі қағидасы жан иесіне жамандық жасамау



болғандықтан, жер жүзіне соғыссыз тарады. Қазіргі кезде Буддизм дінін 1 млрд-қа жуық адам ұстанады. Буддалық діни ілім көзқарастардың күрделі жүйесі б. т. Ол діни шығармалар жинағы "Трипитакада" ("Даналардың үш қат қауашағы") баяндалған. Буддизмнің уағыздарының өзіне тән ерекшеліктері бар. Буддизмде дүниені жаратушы құдай жайындағы идея айтылмайды. Буддизм фәни өмірдің азаптары - ауру, кәрілік, өлімнен құтылу жолын іздейді. Ол өмірдің қасіреті - нәпсінің тілегіне байланысты деді. Адамның денесі уақытша өмір сүреді. Ал нәпсі қанағатсыз тілегімен, өлімнің қорқынышымен ылғи бейнет туғызады. Сондықтан нәпсінің тілегінен құтылу керек. Ол үшін төрт хақиқатты білу қажет:

өмір - азап;

азап нәпсіден туады;

нәпсіні ауыздықтаса, азаптан құтылады;

нәпсіден құтылудың төрт сатысы бар:

жүректің оянуы;

ниет, ақыл, ойды түзету;

мінез-құлықты түзету;

адамға ғана емес, бүкіл жан иелеріне деген рақымшылыққа, махаб- батқа жету (аһимса - адамға, тіршілік иесіне жамандық жасамау, соның бірі көрінісі).

2.2. Ислам діні және оның тарихы, негізгі қағидалары мен әдет-ғұрпы.

Ислам (арабтың – Аллаға тәуап ету, мойынсұну сөзі) – әлемдік діндердің бірі. VIII ғасырда таптық араб мемлекеттері орныға бастаған тұста Батыс Аравияда пайда болған. Исламның діни уағыздары Құранда баяндалады. Бұл кітап Жаратушы Алладан Мұхаммед пайғамбарға түскен. Исламның негізгі ұстанған жолы – жалғыз құдайды – Алланы ғана мойындау. Ислам ақиқат және ең ақырғы дін. Қазақ өзін «мұсылманмын» деп санағанымен, исламнан бұрынғы діндердің де дәстүрлерін ұстанады. Қазақтар әулие-әнбиелердің бейіттеріне барады, құран оқиды, сыйынады. Қиын жағдайға душар болғанда, әулиелердің мазарына барып құрбандық шалып, көмек сұрап жалбарынады. Мұндай қасиетті жерлер Қазақстанда көп. Халық оларға қазір де сенеді. Атақтысы – Қожа Ахмет Яссауидың кесенесі, ел аузында «Мәдинеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет» деген сөз бекер сақталмаған. Түркістанда Арыстан бабтың кесенесі бар. Арыстан баб – Қожа Ахмет Яссауидың рухани ұстазы болған. «Түркістанда – түмен Баб, ең үлкені – Арыс-тан Баб» деген де сөз бар. Ақтау қаласынан үш жүз шақырымдай жерде Бекет ата мазары, Қызылордада Оқшы ата мазары орналасқан.

Ислам дінінің әдет-ғұрпы

Ислам дініне дейінгі діндерден алынған, ислам дінінде оларға жаңа әлеуметтік сипат және мән берілген. Құдайға құлшылық ету табыну ислам дінінде 2 бөлімнен тұрады: 1. Міндетті түрде орындауға тиісті шаралар: бұған бес парыз (иман, бес уақыт намаз, ораза, зәкет-ұшыр, қажыға бару) жатады. Шариғат бойынша бұл парыздарды мұсылмандар бұлжытпай, мерзімінде орындап тұруға тиіс. Діни уағыз бойынша «құдай-тағаланың әмірін орындап, құлшылық еткендер», яғни намаз оқып, ораза ұстап, қайыр-садақа бергендер ғана «жұмақтың» тәрінін орын алады да, ал оларды орындамағандар «тозаққа» барады. Дін иелері, молда-ишандар діни парыздарды, әдет-ғұрыптар мен мейрамдарды дінге сенушілердің мүлтіксіз орындап отыруын талап етеді. 2. Ерікті түрде орындалатын шаралар жатады. Олар уәжіп, сүннет, Мұстахб, Мухаб, Нәпіл. Соңғы үшеуі қазақтан арасында тармаған.

2.3. Христиан діні. Зороастризм және Даосизм

Әлемдік діндердің бірі – христиан діні. Иса (с.ғ.)-ға түскен «Інжіл» кітабы адамдардың қолымен өзгертіліп жазылып, сол мазмұн бойынша тараған дін. Інжіл кітабының алғашқы түпнұсқасын өңдеп жазғандар: Матфей, Марка, Лука және Ионна еді. Кітаптардың түпнұсқасын жазған Павел деген апостол. Оның жазбасының 27 түрлі ерекшелігін Ионна атап көрсеткен. Діндарлардың көзқарасынша, кітаптың

алғашқы түпнұсқасында әрбір әріп жоғарыдан, яғни жаратушы иеден, ал қоспа сөздерді адамдар өз қолдарымен жазды деген тұжырымдамаларды айтады. ІҮ ғасырда «Шіркеу тарихы» деген кітаптың авторы Кесарий кітапқа қосылған Ионна мен Павелдің қоспаларын атап көрсеткен.

Өртүрлі автордың жазғанынан Евангелий қолжазбаларының өзгергені соншалық, бір-бірінен ажырату немесе бір-біріне қабыстыру мүмкін емес. ІІ ғасырда-ақ христиан идеологтары Евангелийдің түпнұсқасын немесе біркелкі мәтінін анықтауға әрекет жасады. Өртүрлі пікірталастан кейін негізгі үш мәтінді қабылдады. Олар Александриялық Гесихия,

**Тапсырма:** Индустриялық қоғамдағы өркениеттің ерекшеліктерін сипаттау

**Бағалау дескрипторлары:**

1. Ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсерін анықтай алады.
2. Шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдай алады.
3. Әлемдік діндердің философиялық негіздерін түсіндіре алады.

#### 4 тақырып

### Өркениеттер әрекеттестігінің сауда- экономикалық саласы. Өркениеттер әрекеттестігінің дипломатиялық және әскери саласы

**Сабактың оқу мақсаты:**

10.1.4.3 - өркениеттерді жақындас тыру факторы ретінде дипломатия ның маңызын анықтау;

10.1.4.4 - қазіргі өркениеттің дамуындағы дипломатияның рөлін анықтау

**Бағалау өлшемдері:**

1. Ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсерін анықтайды.
2. Шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды.
3. Ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін, отаршыл экспансия мен қазіргі замандағы жаһандық мәселелердің себеп-салдарлық байланысын анықтайды.

Қазіргі әлемде орын алған қандай да бір күрделі мәселені жеке бір мемлекеттің жалғыз әрекет етіп шешуі мүмкін емес. Өрке-ниеттер байланысындағы тарихи саяси қалыптарды реттеу процесінде арнайы органдар мен өркениеттердің дипломатиялық ықпалдастығын танытатын халықаралық қатынастар тәжірибесі ерекше маңызға ие.

Бүгінде өркениеттердің дипломатиялық ықпалдастығының басты алаңы болып құрамында 193 мүше мемлекет бар Біріккен Ұлттар Ұйымы саналады.

БҰҰ-ның мақсаттары мен принциптері, құрылымы, негізгі қызметі мен өкілеттілігі. БҰҰ – әлемдегі халықаралық қауіпсіздікті нығайтып, оған қолдау көрсету үшін әрі өзара байланысты арттыру үшін тәуелсіз мемле-кеттердің ерікті күшімен ұйымдасып құрылған ірі халықаралық ұйым.

БҰҰ – жан-жақты ұйым. Әлемде барлық сала бойынша мәселелер талқылап, оның шешімін шығаратын, халықаралық дипло-матиялық форум. БҰҰ-ға мүшелікке өту ұйымның жарғылық талабын орындайтын барлық мемлекеттер үшін ашық.

БҰҰ-ға мемлекеттерді қабылдау БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысы бойынша БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы жүзеге асырады. Ағылшын, фран-цуз, испан, орыс және қытай

тілдері БҰҰ-ның ресми тілдері болып саналады. Осы ресми тілдерден бөлек Бас Ассамблея мен Қауіпсіздік кеңесі, Экономикалық және әлеуметтік кеңесі қосымша араб тілін енгізді. Жарғыға сай БҰҰ тәуелсіз мемлекеттердің ішкі құзыретіне қол сұғуға құқығы жоқ. Алайда бұл принцип қандай да бір мемлекетке жарғы бойынша мәжбүрлеу шарасын қолдануға кедергі бола алмайды.

БҰҰ-ның бас органы болып Бас Ассамблея, Қауіпсіздік кеңесі, Экономикалық және әлеуметтік кеңес, Қамқорлық бойынша кеңес, Халықаралық сот және Хатшылық саналады.

БҰҰ-ның құрылымы аса ауқымды. БҰҰ барлық адамзаттың күрделі мәселелерін шешетін орталық болып табылады. Бұл маңызды істер БҰҰ-ның жүйесіне кіретін 30 ұйымның бірлесіп күш салуы арқасында жүзеге асуда. Ұйым жиырмадан астам арнайы мамандандырылған құрылымдар мен бірнеше бағдарлама және БҰҰ-ның Балалар қоры (ЮНИСЕФ), БҰҰ-ның даму жөніндегі бағдарламасы (ПРООН) секілді арнайы қорларды қамтыған. Маманданған құрылымдар жеке ұйым ретінде өз жұмыстарын БҰҰ-ның арнайы келісімдері арқылы оның қызметіне байланысты үйлестіреді. Оған, негізінен, мыналар жатады:

Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ)– еңбек шарттарын жетілдіру мен халықты еңбекпен қамту көрсеткішін арттыру, әлемнің барлық елдерінде қолданатын халықаралық еңбек стандарттарын белгілеу, бағдарламалары мен саясатын дайындаумен айналысады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО)жалпыға бірдей білім берудің мақсатын, мәдениетті дамыту, бүкіләлемдік табиғи және мәдени мұраларды сақтау, халықаралық ғылыми байланысты арттыру, ақпарат бостандығы мен коммуникацияны жүзеге асыру міндеттерін атқарады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ)денсаулық сақтау мәселелерін шешуге бағытталған және Жер шарындағы халықтар денсаулығын барынша жақсартуды жүзеге асыратын бағдарламаны үйлестіреді.

БҰҰ әмбебап ұйым болғандықтан, аса ауқымды қызметтерді атқарады, іс жүзінде ықпалы барлық саланы қамтиды, олар: жанжалдарды реттеу үшін бітімгершілік операцияларын жүргізу және шешім қабылдау, еркін әрі әділ сайлау өткізу үшін мемлекеттерге көмек көрсету, дамушы елдер экономикасын дамыту үшін жеңілдетілген займдар ұсыну.

БҰҰ-ның барлық мүшесі БҰҰ-ның Бас Ассамблеясына (БА) ұсынылған. Онда әлемдегі ең өзекті мәселелер талқыланып, барлық мемлекеттер өз пікірлерін білдіре алады. Барлық мүшелер бірдей құқық пен артықшылыққа ие болып, бәріне бірдей міндеттер жүктеледі. Бас Ассамблеяға халықаралық бейбітшілікті нығайту, халықаралық шиеленістерді бәсеңдету, қарулану мен қайта қарулануды тоқтату секілді маңызды қызметтер жүктелген.

1946 жылы Бас Ассамблея қарулану мен қарулы күштерді қысқарту туралы бірауыздан қарар қабылдайды, ал 1947 жылы соғысты насихаттауға қарсы қарар қабылданды. БҰҰ-ның жарғысына сәйкес Бас Ассамблея мынадай қызметтер мен өкілдіктерге ие болды:

-халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау істерінде, оның ішінде қарусыздану мен қарулануды реттеуді анықтауда, ынтымақтасу принциптерін қарастыру және мына принциптерге қатысты ұстаным беру:

-халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатысты кез келген сұрақты талқылау және ол туралы ұстаным дайындау (егер бұл даулар мен жағдайлар БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің қарауында болмаса);

-ұлттар арасындағы достық қатынасқа зиян әкелетін кез келген жағдайды бейбіт жолмен реттеу шараларын ұсыну.

БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесі (ҚК)15 мүшеден тұрады: 5 тұрақты – Ұлыбритания, Қытай, Ресей, АҚШ, Франция және 10 тұрақты емес мүшелер. Оларды БҰҰ Бас Ассамблеясы екі жылдық мерзімге сайлайды. Қауіпсіздік кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Егер қандай да бір шешімге Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшесі қарсы дауыс берсе, ол шешім

қабылданбайды. Тек Қауіпсіздік кеңесі ғана ұсыныстар мен шешімдерді қабылдауға, ал мүше-мемлекеттер орындауға міндетті. Қауіпсіздік кеңесі бейбітшіліктің сақталуы мен қауіпсіздікке басты жауапкер және бейбітшілікке қауіп төнген кез келген жағдайда шақыртылуы мүмкін. Қауіпсіздік кеңесі агрессия нысаны болып отырған елдер үндеу жолдай алады. Қауіпсіздік кеңесі халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін БҰҰ-ның қарулы күштерін құруға және қолдануға құқылы.

Қауіпсіздік кеңесінің міндеті мен өкілдіктері:

-БҰҰ-ның принциптері мен мақсаттарына сәйкес халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау;

-халықаралық жанжалға соқтыратын кез келген дау мен әртүрлі жағдайларды зерттеу;

-осындай дауларды реттеп, оларды бейбіт шешу амалдарын ұсыну;

-қарулануды реттеу жүйесін құру туралы жоспар жасау;

-бейбітшілікке төніп тұрған қатердің мүмкіндігі мен басқыншылық актісін анықтап, кейіннен қолданар шара туралы ұсыныс беру;

-күш қолдануға қатысы жоқ ескерту мен басқыншылықты тоқтату үшін экономикалық санкция мен басқа да қолданылар шараға байланысты БҰҰ-ның мүшелерін шақыру;

-12017–2018 жж. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды

-басқыншылыққа қарсы әскери іс-әрекетті қолдану;

-«Стратегиялық аудандар» қамқорлығы бойынша БҰҰ-ның қызметін жүзеге асыру.

Қауіпсіздік кеңесі осы атқарылған міндеттер мен өкілеттіліктерден басқа өз шешімін де бере алады. Қауіпсіздік кеңесі халықаралық қауіпсіздікке қатер төнгені туралы ақпарат алғанда, дауды бейбіт түрде реттеу жолдарын қарастырады. Соғыс жағдайында апатты тоқтатуға күш салады. Ол екі жақ келісімге келу үшін немесе қарсыластарды ажырату үшін бітімгершілік миссиясын жіберуі мүмкін. Қауіпсіздік кеңесі өздері қабылдаған шешімдердің орындалуы үшін мәжбүрлі түрдегі шараларды қолдануы мүмкін: экономикалық санкция салу немесе қару тасымалына эмбарго қою; бұл жағдайда Қауіпсіздік кеңесі мүше мемлекеттерге барлық шараларды пайдалануға, тіпті әскери әрекеттерді қосуға уәкілдік етеді. Мысалы, 1990 жылы тәуелсіз Кувейт аймағын басып алғаны үшін 1991 жылы Иракқа қарсы қарар қабылдап, біріккен әскери қимылдар жасады. Көп жағдайда Қауіпсіздік кеңесінің соғысты тоқтату жөнінде берген нұсқауы маңызды рөл атқарып, әскери қақтығыстардың баяулауына ықпал еткен. Қауіпсіздік кеңесінің 2003 жылы 13 қазанда Ауғанстан жөнінде қабылдаған қарарында «Бейбітшілікті сақтауға жәрдем беретін Халықаралық күштер мандатын кеңейтуге өкілдік береді. Олар Ауғанстанның өтпелі әкімшілігіне және оның заңды мұрагеріне Ауғанстан-ның аудандары мен Кабулдың айналасын, одан тыс жерлердегі қауіпсіздікті сақтауға қолдау көрсетсін» делінген.

2005 жылы Қауіпсіздік кеңесі лаңкестікпен қоса, 71 кең ауқымды қарар қабылдады. Онда Африкадағы жағдай, Таяу Шығыс пен Ауғанстан мәселелері қамтылған.

БҰҰ-ның әлемге қауіп төндірген жанжалдар мен жаңа қауіптердің алдын алу әрекеті. БҰҰ-ның маңызды тапсырмаларының бірі – әлемнің барлық аймағында бейбітшілікті сақтау. Ұзақ жылдан бері БҰҰ халықаралық дағдарыстардың алдын алуда, жанжалдарды реттеуде маңызды рөл атқарып келеді. Ол бейбітшілікті орнату мен қолдауға және гуманитарлық көмек көрсетуге байланысты шараларды жүзеге асыруда. Алайда XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы жаһандану жағдайында әлемде тұрақсыздық пен жаңа қауіптер туындап, әлемдік саясатта жанжалдар пайда болуда. Бұл жанжалдар мемлекетаралық қана емес, мемлекеттің ішкі сипатына да әсер етуде. Бұл – этникалық шығу тегіне, нәсіліне, дініне және мәдениетіне байланысты тұрғындар арасында туындайтын топтық жанжалдар. Дәл осындай өзгешеліктер мен өз мүддесін көздеген топтардың себебінен жаңа даулар

туындап, ескі жанжалдар мен соғыстар қайта қозады. Осы жағдайларға орай әлемдік көшбасшылар 1992 жылы БҰҰ-ның Бас хатшысына БҰҰ-ның дипломатиялық алдын алу мен бітімгершілік және бейбітшілікті қолдауда ықпалын арттыру туралы өтініш жолдады. Бұған жауап ретінде БҰҰ-ның Бас хатшысы Бутрос-Гали 1992 жылғы өз баяндамасында бірқатар мәселелерді қамтыған ұсыныстарын білдірді:

-бейбітшілікке төнер қауіпті алдын ала ескертетін жүйе құру;

-соғыс жанжалдары туындауы мүмкін аймақтарға БҰҰ-ның күштерін шоғырландыру;

-егер соғысты тоқтату қажеттілігі туындайтын болса, осы жағдайға қажетті арнайы бітімгершілік әскерлерін құру;

-аймақтардағы ұйымдарды ынтымақтаса жұмыс істеуге, алдын алу дипломатиясы мен бітімгершілікке, бейбітшілікті сақтау істеріне белсенді тарту.

Жанжалдарды реттеу үшін БҰҰ төрт бағыттағы қызмет түрін ұсынды: алдын алу дипломатиясы, бітімгерлік, бейбітшілікті сақтау және бейбітшілікті қалыптастыру.

Алдын алу дипломатиясы– ықтимал жанжалдарды реттеу мен тоқтату мақсатында мемлекеттер арасында және ішінде болуы мүмкін шиеленіс көздеріне үздіксіз бақылау жүргізу.

Бітімгершілік – БҰҰ-ның өкілеттілігіндегі заңдық негіздерді пайдалана отырып, жанжалды реттеу әдісі.

Бейбітшілікті қолдау шарасы – азаматтық құрамға маңыз беру. Бейбітшілікті сақтау күштерін тек соғысты тоқтатуға ғана емес, саяси реттеу әрекеттеріне де қолдану. Бұл бейбітшілікті сақтауда мынадай әрекеттерге ықпал етеді: қарусыздандыру, жасақты тарату, сайлауға бақылау және полицияның қалыптасуы мен олардың дайындығына бақылау жасау.

Жанжалдан кейінгі бейбітшілік қалыптастыру – күштеу мен зорлықтың негізгі себептерін жоюға бағытталған және бейбіт өмір мен қауіпсіздікті қалыптастыратын жалпы әрекеттердің жүзеге асуын қамтамасыз ету (саяси, құқықтық, әскери, гуманитарлық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени т.б.).

Төрт бағытқа тағы біреуі – барлық аспектілердегі, әсіресе гуманитарлық (қоғамдық) жанжалдарды басқару қосылады.

#### СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. БҰҰ-ның мақсатын айтыңдар.
2. БҰҰ-ның қызмет принциптерін сипаттаңдар.
3. БҰҰ-ның құрылымын ашыңдар.
4. Жаһандану жағдайындағы жанжалдардың жаңаша ерекшеліктері неде?
5. БҰҰ-ның жанжалдарды реттеудегі заманауи бағыттағы қызметтерін баяндаңдар.

#### Бағалау дескрипторлары:

- 1.БҰҰ-ның құрылымын ашады.
2. Жаһандану жағдайындағы жанжалдардың жаңаша ерекшеліктерін түсіндіре алады.
3. БҰҰ-ның жанжалдарды реттеудегі заманауи бағыттағы қызметтерін баяндайды.

### 5 тақырып

#### II Бөлім. Этникалық және әлеуметтік процестер

#### Адамның шығу тегі теориялары. Этностардың пайда болуы туралы теориялар

## Сабақтың оқу мақсаты:

10.2.1.1 -антропогенездің теорияларын жүйелеу және тұжырымдау

## Бағалау өлшемдері:

- 1.Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «этнос», «этногенез», «ұлт», «социогенез», «формациялық әдіс», «өркениеттік әдіс» ұғымдарын қолданады.
2. Ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын түсіндіреді.
3. Қазіргі кездегі интеграциялық процестердің тиімділігін салыстырады.

## Жоспар

1.Антропология ғылымы

2.Адамның әлеуметтік эволюциясының кезеңдері

Антропогенез (грек. *anthropos* – адам, *genesis* – шығу тегі) – антропология ғылымының адамның шығу тегін, даму тарихын, оның жеке биол. түр болып қалыптасуын және адамзат қоғамының даму кезеңдерін әрі жаратылыстану, әрі қоғамдық ғылымдарға сүйене отырып зерттейтін негізгі саласы. Бұларды шешуде антропогенез приматология, эмбриология, физиология, психология, геология, археология, этнография, тіл білімі сияқты ғылымдардың нақты деректеріне сүйенеді. Чарлз Дарвиннің эволюциялық білім жүйесі бойынша адам тегі адам тәріздес маймылдан пайда болған, яғни адам баласы биол. жағынан бір түрге жатады деп дәлелденді. Бұл ілім адам эволюциясын үлкен үш дәуірге бөледі:

Ең алғашқы адам тегінің өкілдері болып адам тәрізді маймылдар (антропоидтер) саналады. Олар негізінде екі аяқпен жүріп, қимыл жасаған. Дайын табиғи тастарды, таяқты және жануарлар сүйегін сол күйінде қол қаруы ретінде пайдаланған. Бұларды ғылымда жоғары сатыға дейін жетілген екі аяқты приматтар деп атайды. Өмір сүрген кезеңі бұдан 2–3 млн. жыл бұрын;

Ең соңғы эволюция дәуірінде бүгінгі адамдардың түрі – неантроптар қалыптасқан. Бұлар соңғы палеолит дәуірінде, яғни 40–50 мың жыл бұрын өмір сүрген. Ең алғашқы приматтар өкіліне австралопитектер жатады. Олардың сүйектерінің көп табылған жерлері Оңтүстік және Шығыс Африканың ашық қыраттары. Бұлардың тік жүргендігі, тастан қарапайым құралдар жасап пайдаланғандығы анықталды. Маңдай бітісі, саусақтарындағы буын сүйектерінің саны, қолқа доғасынан шығатын артерияның тарамдалу тәртібі, өкпесінің үлестерге бөлінуі адамға ұқсас. Бірақ мұның бәрі тікелей емес, қарапайым ғана ұқсастықтар. Сондықтан қазіргі маймылдардың бір де бірі адам тегі болып есептелмейді. Австралопитектер бұдан 4,5–1 млн. жыл бұрын өмір сүрген. Оларды антропологтар Л.Лики, Р.Лики (Англия), Д.Джохансон, Т.Уайт (АҚШ), т.б. зерттеді. Көне адам тегінің бірі – шамамен бұдан 2 млн. жыл бұрын өмір сүрген презинджантроптар. Ғылымда оларды «*Homo habilis*» яғни іскер адам деп атайды. Өйткені олар аз болса да тас, ағаш сынықтарына біршама өндеулер жасап, құрал ретінде пайдаланған. Адам тегінің келесі даму сатысына архантроптар жатады. Олардың сүйектері Азияда (питекантроп, синантроп), Шығыс және Солтүстік Африкада (атлантроп), Батыс Еуропада (Гейдельберг және Вертешселлеш адамдары) табылған. Бұл дәуірдегі адамдар шель мен алғашқы ашель мәдениеттерін жасаған. Ежелгі адамдардан ертедегі адамдар (палеоантроптар – неандерталь адамы), олардан қазіргі адамдардың арғы тегі кроманьон адамы, есті адам (неоантроптар) пайда болған. Морфология ерекшеліктері бүгінгі адамдарға жақын. Антропогенездік зерттеулері есті адамдарда бұрынғы адам тектерінің кейбір белгілерінің қайталануын (рудимент, атавизм), эмбрионалдық, анатомиялық, биохимиялық, т.б. ұқсастықтарды, әлеуметтік ерекшеліктерді (еңбек құралдарын жасау, пайдалану, т.б.), әр түрлі тағамдар әзірлеу, отты пайдалану, ойлау, сөйлеу қабілетін, т.б. жағдайларды анықтады. Бұл кезде жасанды тұрақжай пайда болды, еңбек құралдары күрделене түсті. Әлеуметтік ұйымшылдыққа

бейімделу байқалды. Тілдің пайда болуының арқасында әлеум. қарым-қатынас жоғары сатыға көтерілді. Мұның барлығы қосылып табиғи ортаға бейімделуінің арқасында үйлесімділік тапты. Барлық адам баласы биологиялық бір түрге (*Homo Sapiens*) жататын болып қалыптасты. Демек, *Homo Sapiens*-тың тарихи дамуы тоқтамай, жалғасып жатыр. Қазақстан жерінде ежелгі адамдар тұрақтары Оңтүстік Қазақстанда (Қаратау, Жетісу), Батыс Қазақстанда (Маңғыстау, Мұғалжар), Орт. Қазақстанда (Сарыарқа, Балқаш) көптеп табылған[

Адам эволюциясындағы антропогенездің биологиялық факторлары. Адам — органикалық дүние эволюциясында ең соңында пайда болған биологиялық түр. Органикалық дүниеде болатын тұқым қуалайтын өзгергіштік, тіршілік үшін күрес және табиғи сұрыпталу адам эволюциясында да маңызды орын алады. Адам эволюциясындағы мұндай табиғи заңдылықтарды Ч.Дарвин нақтылы мысалдармен дәлелдеп берді. Осындай табиғи әсерлердің нәтижесінде ертеде тіршілік еткен адам тектес маймылдардың денесінде елеулі анатомиялық және физиологиялық өзгерістер пайда болды. Адам тектес маймылдар бірте-бірте тік жүруге көшіп, қол мен аяқтың қызметі бір-бірінен бөліне бастады. Қолдары еңбек құралдарын жасауға дағдылана түсті. Табиғи сұрыпталу адамдардың жеке топтарының еңбек құралдарын жасауды жетілдіре түсуіне, ұжымдасып аң аулауына, қарттарға қамқорлық жасалуына қолайлы жағдай туғызды.

Адамның әлеуметтік эволюциясында үш негізгі кезеңді ажыратады. Оның бірінші кезеңі — қоршаған ортаны танып-білуін өнер туындысы арқылы көрсете білуі. Мысалы, тасқа ойып суреттер салу.

Екінші кезең — жабайы жануарларды қолға үйретумен және егіншіліктің дамуымен тікелей байланысты. Осындай әрекеттер арқылы адам өзі өмір сүріп отырған табиғи ортаға ықпал жасай бастады.

Үшінші кезең — XV ғасырда қайта өрлеу дәуірінен басталған ғылыми-техникалық прогреспен ерекшеленеді.

Қазіргі кезде адамның ақыл-ой санасы басты әлеуметтік факторға айналып отыр. Адамзат қазір Жер шарына кеңінен таралып, тіпті ғарыш кеңістігін игеруді де қолға алуда. Адамдар қоныстанған жер биосферасы, адамның ақыл-ой санасы басқаратын ноосфераға ұласып отыр.

Этногенез (грек. *ethnos* – тайпа, халық және *genozis* – шығу, тегі) – әр түрлі қауымдық топтар негізінде жаңа құрамдағы туыстас тайпаның немесе халықтың қалыптасуы.

Этногенез – қандай болса да халықтар тарихының бастамасы. Ол үнемі даму үстінде болады. Бірде оған жаңа этн. топтар қосылып, онымен біте қайнасып, араласып кетсе, енді бірде одан кейбір топтар ерекшеленіп, бөлініп те жатады. Мыс., Қазақстан аумағындағы көптеген түркі тектес көшпелі тайпалар бірігіп, біте қайнасып, араласу нәтижесінде қазақ халқы қалыптасқан (қ. Қазақтар). Этногенез үрдісінің негізгі екі түрі болады: 1) жергілікті бірнеше көне тайпалық топтардың биол. жолмен жаппай араласуы арқылы қалыптасу; 2) жаңа заманда басқа жерге қоныс аударған бірнеше халықтар өкілдерінің тікелей ықпалының нәтижесінде болатын қалыптасу. Осыған орай, отандық тарихнамадағы қазақ халқының қалыптасуына қатысты ой-пікірін айтқан ғалымдарды автохтондық және миграц. бағыттарды қолдаушылар деп екіге бөлген жөн. Қазақ халқының Этногенез үрдісі әр түрлі миграц. жолмен, яғни басқа жерден қоныс аударып келгендердің бір-біріне әсер етуі нәтижесінде қалыптасты деген ғалымдардың (Н.Масанов, Б.Ермұханов, т.б.) ізденістері кездеседі. Бұған қарсы тұжырымдама жасаған зерттеушілер (Ә.Марғұлан, М.Қозыбаев, К.Ақышев, О.Смағұлов, Б.Көмеков, т.б.) қазақ халқының тарихы бірнеше мыңжылдықты қамтитындығын дәлелдейді. Олар Этногенез үрдісін әрдайым кешенді түрде қалыптасатын күрделі үрдіс ретінде қарастырды, әрі өз зерттеулерінде бірнеше ғылымдардың (археология, антропология, лингвистика, этнология, тарих, деректану, т.б.) дерек көздерін пайдалана отырып, қазақ халқының Этногенез жайында салықалы қорытындылар, дәйекті тұжырымдар жасаған.

**Этникалық процестер**, этникалық үрдістер – этникалық қауымдастықтардың өзгеруіне алып келеді. Қоғамда түрлі жағдайлар әсерінен қалыптасқан Этникалық процестерді этноэволюц. және этнотрансформац. деп бөлуге болады. Алғашқысы бойынша этн. қауымдастықтар әлеум.-экон. жағынан дамиды да, көрші халықтармен байланысқа түсе отырып, ең алдымен, мәдениет пен тұрмыстың өзгеруіне алып келеді. Келесісі бойынша этн. қауымдастықтар немесе олардың жекелеген бөліктері басқаларға қосылады да, этн. санасы өзгерістерге ұшырайды. Мұндай жағдайда көбінесе бір этнос жойылып, басқасы қалыптасады. Оған консолидац. үрдістер мен этносаралық интеграциялар жатады. Соңғысы көп ұлтты мемлекеттерде дамиды және халықтардың өзара кірігуіне, жекелеген ұлттардың басым болуына алып келеді. Мыс., КСРО тұсында бірқатар ұсақ халықтар өздерінің мәдениетін, тілін, ділін жоғалтып, бойына өзге ірі ұлттардың нышандарын сіңіре бастады

**Тапсырма:** Антропогенез теориясына кластер жасау

**Бағалау дескрипторлары:**

- 1.Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «этнос», «этногенез», «ұлт», «социогенез», «формациялық әдіс», «өркениеттік әдіс» ұғымдарын қолдана алады.
2. Ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын түсіндіре алады.
3. Қазіргі кездегі интеграциялық процестердің тиімділігін салыстыра алады.

## 6 тақырып

### Социогенез туралы теориялардың алуан түрлілігі. Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары

**Сабактың оқу мақсаты:**

- 10.2.3.1 -тарихи процестерді түсіндіру үшін «социогенез», «формациялық әдіс», «өркениеттік әдіс» ұғымдарын қолдану;
- 10.2.3.2 -социогенездің теорияларын жүйелеу және тұжырымдау

**Бағалау өлшемдері:**

- 1.Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «этнос», «этногенез», «ұлт», «социогенез», «формациялық әдіс», «өркениеттік әдіс» ұғымдарын қолданады.
2. Ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын түсіндіреді.
3. Қазіргі кездегі интеграциялық процестердің тиімділігін салыстырады.

Социогенез (лат. *societas* «қоғам» және көне грек. *genesis* «пайда болу») – 1) қоғамның пайда болуы жөнінде ілім; 2) қоғамның даму (эволюция) тарихы.

Адамзат қоғамы қашан және қалай пайда болды? Ол қандай жолмен дамиды? Барлық адамзат баласына ортақ даму заңы бар ма? Бұл сұрақтар ежелден адамзатты толғандырып келеді. Сондықтан да сан ғасырлардан бері қоғамдық даму туралы көптеген теориялар пайда болды.

Ұзақ уақыт бойы көптеген біршама ойшылдар адамзат бір ғана жолмен дамып келеді деп есептеді.

Христиан ойшылы Әулие Аугустин (354–430 жж.), дүниежүзі тарихын адамның күнә-һар болуынан бастап, Христостың қайта келіп, Жер бетінде құдайдың патшалық



құруына дейінгі аралықты бір сызықтық тұрғыда қарас-тырды. Мұны тарихтың мақсаты мен жетер шыңы ретінде түсіндірді.

Адамзат қоғамының тарихын бірсызықтық процессретінде түсіну, адамзаттың алғашқы қауымдық кезеңінен өркениетке қарай үздіксіз дамуын көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар адамзат қоғамының барлығы бірдей және ортақ заңмен дамиды және дамудың сол бір ортақ жолмен жүреді деп тұжырымдайды.

Әлеуметтік прогресс теориясы. XVIII ғасыр ағартушылары адамзат даму жолының торабы әлеуметтік прогресс деп санады.

Әлеуметтік прогресс– қоғамның құрылуындағы қарапайым түрден күрделіге қарай, яғни алғашқы қауымдықтан қазіргі өркениеттік күйге дейінгі үздіксіз қозғалыс.

Адамзат қоғамының даму теориясын бірсызықтық тұрғыда түсіндіру негізін XVIII ғасырда өмір сүрген шотландық ойшыл Адам Фергю-сонның тарихи-философиялық теориясы қалады. Ол адамзат қоғамы «жабайылық», «тағылық», «өркениет» секілді үш сатыдан дамиды-дығын көрсетеді.

Фергюсонның пікірінше, бүкіл адамзат алғашында «жабайы күйде», яғни мүліктік және әлеуметтік өзгешеліктерді білмейтін «қарапайым» терімшілер мен аңшылар қауымдастығынан тұрды. Сонан соң баяу әлеуметтік прогресс барысында малшаруашылығы мен егіншілікті игере отырып, адамзаттың айтарлықтай бөлігі мүліктік теңсіздік пен әлеуметтік иерархиясы пайда болған «тағылық» кезеңге аяқ басты. «Тағылық» кезеңнен кейін кейбір қауымдастықтар таптық стратификация, мемлекет, қалалар мен жазу мәдениеті секілді сипаттамалары бар «өркениеттің» жоғары сатысына көшті. Фергюсон мұндай қауымдастықты өркениетті деп атады.

Фергюсон теориясы әлеуметтік прогресс бойынша алғашқы ғылыми тұжырымдама болды.

Эволюциялық тұрғыдан қарау. Ағылшын әлеуметтанушысы Герберт Спенсер адамзат қоғамын биологиялық ағзаға балама ретінде қарастырды. Оның пікірінше, адамзат қоғамы үнемі эволюциялық жол-да келеді, яғни ол қоршаған ортаның сын-қатерлеріне бейімделе және оған жауап бере отырып, қарқынды және біртіндеп даму үстінде. Спенсер барлық халықтардың тағдыры бір деп есептеді, алайда олардың сын-қатерлерге сәтті не сәтсіз бейімделуіне байланысты эволюция екіні әрқалай жүзеге асады. Жекелеген халықтардың тарихи тағдырының ұқсастығына сенген эволюционизм теориясының іргесін қалаушылардың бірі ағылшын антропологі – Эдуард Тэйлор болды. Джеймс Фрезер де эволюционистер қатарынан табылды. Фрезер эволюциялық теориясында адамзаттың рухани өмірінің дамуы «магия» – «дін» – «ғылым» секілді бірсызықты бағытта өрбитінін ұсынды.

Формациялық тұрғыдан қарау. Бұл бағыттың негізін салушылар Карл Маркспен Фридрих Энгельс болды. Олар қалыптастырған теория бойынша, адамзат қоғамы төменгі сатыдан жоғарыға қарай дамиды. Тарихи процесс – қоғамдық-экономикалық формацияның, яғни белгілі бір өндіріс тәсілдеріне негіз-делген қоғамның тарихи түрінің заңды, объективті келісілген ауысуы.

Өндіріс тәсілдері– өндіріс күштері мен өндірістік қатынастардың бірлесе материалдық игіліктерді өндіруіндегі бекітілген тарихи әдістер.

Өндіріс күштері– адамдардың еңбек тәжірибесі мен белгілі бір дәуірде қолданған өндіріс құралдары (бұйымдар мен еңбек құралдар).

Өндірістік қатынастар– адамдардың өндіру, айырбастау, материалдық игіліктерді бөлу мен тұтыну процестері кезіндегі өзара қатынастары. Өндірістің үстемдік құрған әдісі – қоғамның негізін қалыптастырады.

Маркстің ойынша прогрестің негізгі өлшемі – өндірістік қатынастарды жетілдіру, бұл белгілі бір кезеңде өндіруші күштермен қайшылыққа ұшырайды. Мұндай қайшылықтар формациялардың ауысу жолымен шешімін табады.

К.Маркс қоғамдық-экономикалық формацияның тарихи үш түрі болған деген тұжырым жасады:

- 1) бірінші (архаикалық);
- 2) екінші (экономикалық);
- 3) коммунистік (болашақтық).

Кеңес ғылымында К. Маркстің жалпы методологиялық тұжырымы нақтыланды да, «бесмүшелік» деген қабылданды. Қоғамдық-экономикалық формацияның саны беске дейін жеткізілді:

- 1) алғашқы қауымдық;
- 2) құлиеленушілік;
- 3) феодалдық;
- 4) капиталистік;
- 5) коммунистік, ол дамудың екі фазасынан құралды: социализм және коммунизм.

Формациялық теория бойынша тарихи процесс коммунизмнің белгілі бір мақсатына бағытталған. Коммунизм – бұл капиталистіктен кейінгі қоғамдық-экономикалық формация. Ол заң алдында барлығының тең екендігімен, тұтыну игіліктерінің молдығымен, қоғамда терең әлеу-меттік таптық жіктелудің болмауымен, қалың бұқараның басқару істеріне белсенді араласуымен сипатталады. Коммунизмде қала мен ауыл арасындағы айырмашылық жойылады, еңбек механизм арқылы жүргізіледі әрі шығармашылық сипатқа ие болады, ерлер мен әйелдер өздерін жетілдіруде теңдей мүмкіндіктерге ие болады.

Модернизациялық тұрғыдан қарау.Марксистік формациялық тәсілді либералды әлеуметтанушылар сынға алды. Бұл тәсіл өкілдері қоғамдық дамудың негізіне марксистік экономикалық технологиялық детерминизм принципін қойды. Бұл теория 1940 жылдары қалыптасты. Оның іргесін американдық экономист П.Дракер қалады.

Индустриалды қоғам теориясының авторлары қоғам эволюциясын дәстүрлі (аграрлық) қоғамнан модернге (индустриалды) өту процесі ретінде түсіндіреді.

Американдық әлеуметтанушы және экономист У.У. Ростоу (1960) батыстық өркениет эволюциясы сарапталатын бес «экономикалық өсімнің кезеңдерін» атап өтеді:

- дәстүрлі аграрлық қоғамның белгілері – техникаларының қарапайымдылығы, ауылшаруашылығының басымдылығы, таптық-сословиелік жіктелісінің болуы;
- өтпелі қоғам, онда кәсіпкерлік пен кәсіпкер қалыптасып, ұлттық мемлекеттің пайда болуы;
- «қозғалыс» кезеңі, өндірістік революциялар мен реформалардың жүзеге асуы;
- жетілу кезеңі, ғылыми-техникалық революция мен урбандалудың жүзеге асуы;

«Ауқымды жаппай тұтыну» дәуірі. Бұл кезеңде қызмет көрсету саласы айтарлықтай өсіп, тұтыну тауарларының өндірісі мен олардың экономиканың басты секторына айналуы байқалады.

Француз әлеуметтанушысы Р. Арон пікірінше, біртұтас индустриалды қоғам үшін бұл қандай қоғам екендігі, яғни қоғамның капиталистік немесе социалистік болуы маңызды емес. Социалистік елдердің капиталистіктен айырмашылығы өндіріс тәсілінде емес, оның тек саяси құрылымында ғана болады.

Индустриалды қоғам теориясы социогенезді түсіндіруде барлық таптық сипаттамалар мен өндіріс тәсілдерін талдауды назардан тыс қалдырды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан капиталистік және социалистік екі әлеуметтік-экономикалық жүйені конвергенциялау (жуықтау) теориясы пайда болды. Теорияны алғаш рет 1944 жылы Питирим Сорокин жария етті, оны Дж.Гэлбрейт, У.У.Ростоу және өзге де ғалымдар қолдады.

Теорияға сәйкес, социалистік әлем уақыт өте келе либералды, ал либералды әлем социалистік болады. Жүйелер бір-біріне гуманистік, «әлемдік өркениет» идеалдарын сақтау үшін жақындай түседі.

Сонымен модернизациялық тұрғыдан қарау бірсызықты болып табылады, себебі ол батыстық индустриалды мемлекеттер үлгісі бойынша бүкіл адамзатты біртұтас күйге алып келу үшін модер-низация мен әлеуметтік прогресс мәселесін басты орынға қойды.

Өркениеттік тұрғыдан қарау. Тәуелсіз бірнеше мәдениеттер мен өркениеттер тіршілігі жөнінде айтқан XX ғасыр тарихшысы Освальд Шпенглер болды. Ол адамзаттың бүкіл тарихын өзіндік ерекше «жаны бар» көптеген бірегей және қайталанбас мәдениеттердің пайда болуы, гүлденуі және жойылуы ретінде қарастырады. Шпенглер дүниеде бір-бірінен тәуелсіз бірнеше «мәдени ағзалардың бар екенін (олар, көне дәуірлерде де болған), олар тірі ағзалар секілді пайда болып, гүлденіп, өркениет сатысына жеткенде жойылатынын пайымдаған дүниежүзі тарихының мәдениеттану тұжы-рымын дамытты. Ол бір-бірінен тәуелсіз келесі локальды антикалық, батысеуропалық, египеттік, вавилондық, қытайлық, үнділік, араб және майялық мәдениеттерді (өркениеттерді) атап өтеді.

Мәдени концепция тарихын 21 өркениет мысалында қарастырған Арнольд Дж. Тойнбиға Шпенглер идеялары ерекше ықпал етті.

Бір сызықтықпен салыстырғанда, өркениеттілік тұрғыдан қарау адамзат қоғамының материалдық, рухани және саяси мәдениеті, әлеуметтік ұйымдары, дәстүрлері мен салттары, моральдық және адамгершілік құндылықтары, идеологиясы, әдебиеті мен көркемдік мәдениеті секілді өздеріне тән ерекшеліктерінің маңызды бағыттарына баса назар аударады.

## **ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ ФОРМАЛАРЫ**

Аграрлық қоғамның әлеуметтік құрылымы

Әлеуметтік құрылым. Аграрлық (дәстүрлі) қоғам. Қоғамның әлеуметтік ұйымдары – бұл қоғамда орнатылған нормативті-әлеуметтік тәртіп. Қоғамдық құрылым – бұл шағын және ірі әлеуметтік топтардың жиынтығы (касталар, топтар, бөлімдер, таптар және басқалар) және олардың арасындағы жеке және ұжымдық қатынас. Заманауи ғылым қоғамды аграрлық (одан бұрынғы архаикалықпен бірге), индустриалды және постиндустриалды деп үшке бөледі.

Туыстық қауым – әлеуметтік ұжымның алғашқы формасы.

Қауым экономикалық (еңбек және бөлу) қатынастарды реттеп отырды. Қауымның әрбір мүшесінің әлеуметтік рөлі болды, өзіне жүктелген міндетін атқарып, яғни қауымның сенімін ақтап отырды. Үлкендер аңшылықпен айналысуға міндетті болды, алған олжасы өз қалауынша емес, белгілі тәртіппен бөлінді.

Әрбір бала ержетіп белгілі бір жасқа келгенде инициация (ержетуіне байланысты сынақтардан өту) қатал сынақтардан өткізілді, осыдан кейін өз құқықтары мен міндеттері бар ересектер қатарына қосылу мәртебесіне ие болады.

Архаикалық қоғамда отбасылық өмірді реттейтін институт болып дуальдық рулық тайпалық ұйым институты саналды, онда екі экзо-гамдық ру бір эндогамдық тайпаны құрады.

Ру (архаикалық қоғамда) – аналық жағынан қандас туыстас адамдар тобы, руда экзогамия сақталады. Яғни, ру мүшелерінің өзара некелесуіне тыйым салынады.

Тайпа (архаикалық қоғамда) – эндогамия сақталатын әлеуметтік ұйым: неке тек тайпа ішінде, оған кіретіндер арасында орын алды.

Архаикалық қауым біртектес болды, онда жекеменшік және билік (біреуді мәжбүрлі түрде басқару) болған жоқ.

Туыстық қауым мүшелеріне мәжбүрлі күш қолдануға қауымның өзі ғана құқылы болды. Біртіндеп басқару институты көсемдер институты мен ақсақалдар институты

қалыптасты. Олардың жоғары мәртебеге ие болу жеке қасиеттеріне сай жоғары беделі болды.

Ертедегі аграрлық қоғамның әлеуметтік ұжымы. Архаикалық қауымнан аграрлыққа өту, өндірістік экономиканың пайда болуы және (малшаруашылығы мен жер өңдеудің) басы артық азық-түліктің пайда болуына байланысты болды. Жерді өңдеп пайдалану қоғамда бірқатар төңкерістік өзгерістер тудырды, нәтижесінде туыстық тайпалық қатынастарды ыдыратып, мемлекет қалыптасуының негізін қалады.

Жерді алғашында қарапайым ағаш құралмен игеріп, сосын өңдеуді меңгеру жеке шаруа қожалықтарын құруға жол ашты. Алайда жер иеленушілер ұжымдық ұйымдасусыз тіршілік ете алмады. Қандас туыстығы жоқ, жеке шаруа – отбасыларынан құралған, шаруашылық (көршілік) қауымдастықтар пайда болды. Шаруашылық қауымдастығының экономикалық міндеттері мынадай болды:

- өзара көмек және ортақ жинақтау қорын ұстау;
- жерді бірлесе өңдеуде (жерді от қойып тазалау кезінде, орманды отап – тамырдан тазалау қажеттілігінде, жерді суландыру кезінде – дамбы, каналдар салуда) және оны бөлуде;
- бірлесіп ауылшаруашылық қажеттіліктерін (мысалы, пияз егу сияқты) пайдалануды реттеу.

Кішігірім жері бар шаруашылықтармен қатар басшылығында әке (ата) патриарх басқаратын патриархалды бір тектес отбасы институты пайда болды. Мұндай отбасыларда міндеттер мен орындарды анықтау, шаруашылық қожалықтарындағы міндеттер секілді бөлінді: даладағы негізгі жұмыстарды ерлер істеді, ал үйдегі шаруаларды әйелдер атқарды. Даладағы жұмыстар маңызды болғандықтан, ерлердің рөлі жоғары болды, олардың мәртебесі де биік болды. Ер мен әйел арасындағы өзара қарым-қатынас енді отбасы арқылы реттелді, ал қауымдастық отба-сылар арасындағы экономикалық қатынастарды реттеп отырды.

Шаруашылық қауымдастық пен патриархалды отбасының қалыптасуы жер игеру қауымдастықтарындағы туыстық тайпалық қатынастардың жойылуына әкелді.

Жерді игеру мен жекеменшік шаруашылық қожалықтарының құрылуының нәтижесіне орай жеке иемдену мен жекеменшік пайда болды. Енді егінді қай отбасы өсірсе, өнім соған тиесілі болды. Жеке-меншіктің пайда болуы, еңбек құралдарының да жетілуіне әкелді. Жекеменшіктің құқығы өнім беретін ең басты қажеттілік – жерге байланысты анықталды. Жерді жекеменшікке алу құқығы тек мемлекет қалыптасқан кезде ғана орнады.

Жекеменшік қатынастардың бекітілуі мүліктерді жіктеуге әкелді.

Кейбір отбасыларда ерлер көп болғандықтан (ержеткен балалары бар), олар шаруашылықты табысты жүргізді әрі артық мүмкіндікке ие болатын. Нәтижесінде бай шаруалар бигмәндер (ағылшын. big man – «үлкен адам») пайда болды. Бигмәндер үлкен беделге ие болып, өз қауымдарының жетекшілері болды. Мүліктік жіктеліс әлеуметтік жіктеліске әкелді.

Әлеуметтік жіктеліс (дифференциация) – адамдардың әртүрлі әлеуметтік топтарға жататынын білдіретін айырмашылық.

Әлеуметтік жіктелістің пайда болуы (әлеуметтік топтар) түрлі жол-дармен жүрді. Алғашқы жолы – плутократиялық («плутократия» деген сөзден шыққан, мағынасы байлықтың билігі). Қауымда бай және кедейлердің пайда болуы, кедейлердің байларға тәуелділігін туғызды. Осылай қарыздық құлдық пайда болды. Қоғамның бір жағында өндіріс құралдарын иеленген және жеке бостандықтары бар адамдар тобы, ал екінші жағында мұның ешқайсысы да жоқ адамдар тобы пайда болды. Бұл топтар өндірісті ұйымдастыру процесіндегі рөлдерімен (ұйымдастырушылар – орындаушылар) және өнімді иелену көлемімен де айырмашылықта болды. Әлеуметтік топтар пайда бола бастады.

Әлеуметтік топтар деп адамдардың белгілі айырмашылық негізінде (мысалы, бірлескен әрекеттеріне сәйкес, мүдделері мен құндылықтарының ортақтығы) топтасуын (бірігуін) атайды.

Ауқатты шаруалар барлық қауым мүшелерін тамақтандырып отырған. Нәтижесінде олар жоғары дәрежемен абыройиеленді. Бедел өз ке-зегінде қауымдағы сайланбалы қызметтерге жол ашты, ал қауымдағы сайланбалы қызметті иелену – қауымдағы қорларды, ең бастысы – жерді қайта бөлуге мүмкіндік береді.

Біртіндеп мұндай адамдар қауымның жетекшісі – көсемге айналды. Қауымдағы сайланбалы лауазымдар белгілі бір уақытта мұрагерлік жолмен берілетін болды, бұл лауазымды иеленгендер қауымның мүлкін өздерінің пайдасына қайта бөлу мүмкіндігіне ие болды. Осының нәтижесінде ру-тайпалық аристократия пайда болды. Бұл әлеуметтік жіктелістің аристократтық жолы болды.

Алғашында көсемдер бір ғана қауымды басқарды, кейіннен бірлескен бірнеше қауымды басқарған көсемдер пайда болды. Әлеуметтік жіктелістің нәтижесінде, ең соңында, мемлекет(жеке билікті тоқтатқан) пайда болды.

Аграрлық қауымның әлеуметтік құрылымы. Сословиелік бөлініс. Мемлекет құрылғаннан бастап қарыздық құлдық қатынастар кедергісіз дамыды, ал тайпалық ақсүйектер әскерилерге сіңіп кетті. Қауымға бірік-кен жер иеленушілердің басым бөлігі ақсүйектерге бағынып, әлеумет-тік топ құрап ірі жер иеленушілерге айналды. Нәтижесінде қоғам әлеуметтік жіктелуге-стратификациялауға айналады, ал мемлекет (бір билеушіге, билігі дінмен дәріптелген) маңызды институтқа айналады.

Аграрлық қоғамның негізгі белгілері. Дәстүрлі қоғам. Аграрлық қоғам неолиттік революция кезеңінен Жаңа заманға дейінгі аралықта қалып-тасты, кейіннен ол Еуропа мен Солтүстік Американың, соңынан Азияның бірқатар елдерінде индустриалды қоғамға жол берді. Әлемнің көптеген елдерінде, оның ішінде Африкада әлі күнге дейін аграрлық немесе өт-пелі аграрлы-индустриалды қоғам сақталған. Аграрлық қоғамның негізі болып көршілік-аумақтық қауым саналады, қазіргі уақытта да осы жағдай сақталған. Оның мүшелері жерді ұжымдық түрде пайдаланады, бірлесе еңбек етеді, жерден алынған өнімді пайдаға асырады.

Аграрлық қоғамға баяу даму мен төмен тұрмыс тән. Ол шектеулі, өзін-өзі қамтитын, сырттан еш әсер қабылдамайтын жабық қоғам болып саналады.

Сонымен қоса аграрлық қоғамды дәстүрлі қоғам деп те санайды, өйткені ол дәстүрлерге, қағидалар мен әдет-ғұрыптарға негізделеді.

Аграрлық қоғамның негізгі ерекшеліктері:

- адамдардың басым көпшілігі ауылдық жерлерде тұрады және ауылшаруашылық еңбегімен айналысады, табиғи шаруашылық жүргізеді;
- қоғам сословиелік мен қауымнан тұрады, адамның құқығы мен міндеттері оның шыққан тегіне байланысты;
- мемлекетті басқаруға тек қана атақты жер иеленуші тұқым (ақсүйектер және діни өкілдері) ықпал ете алады
- басқару формасы монархия болып табылады;
- адамдардың көзқарасы дінге және дәстүрге бағынышты (сондықтан аграрлық қоғам «дәстүрлі» деп те аталады);
- сауаттылық таралмаған.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Социогенез дегеніміз не?
2. Қоғам дамуындағы формациялық тұрғыдан қарау туралы не білесің? Неліктен бұл көзқарас ескірді?
3. Қоғамдық дамуда модернизациялық тұрғыдан қараудың мәні неде?

4. Өркениеттік тұрғыдан қарау туралы не білесің? Оның қоғамның дамуына әсері қандай болды? Өкілдерін атап көр.
5. Қоғам дамуында циклдік дамудың принциптерін түсіндіре аласың ба?
6. Әлеуметтік құрылым дегеніміз не?
7. Экзогамия мен эндогамия дегеніміз не?
8. Көршілік қауымнан рулық қауым несімен ерекшеленеді?
9. Әлеуметтік жіктеліс дегеніміз не? Ерте аграрлық қоғамдағы әлеуметтік жіктелістің үш жолын атаңдар.
10. Ерте аграрлық қоғамда қандай әлеуметтік топтар пайда болды?
11. Әлеуметтік стратификация дегеніміз не?
12. Аграрлық қоғамның негізгі ерекшеліктерін атай аласыңдар ма?

**Бағалау дескрипторлары:**

1. Мәтінді оқыйды.
2. Сұрақтарға жауап береді.

**7 тақырып**

**III Бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар  
Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болу теориялары**

**Сабақтың оқу мақсаты:**

Мемлекетті тар мағынасында басқару құрылымының, мемлекеттік аппараттың жиынтығын білдіріп, «үкімет», «әкімшілік» деген ұғымдардағы мәнін жан-жақты ашып беру;

**Бағалау өлшемдері:**

1. Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «этнос», «этногенез», «ұлт», «социогенез», «формациялық әдіс», «өркениеттік әдіс» ұғымдарын қолданады.
2. Ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын түсіндіреді.
3. Қазіргі кездегі интеграциялық процестердің тиімділігін салыстырады.

**Жоспар:**

1. Мемлекеттің пайда болуы және мемлекет туралы теориялар.
2. Мемлекеттің белгілері.
3. Мемлекеттің қызметі.
4. Мемлекеттің формалары.

Мемлекет - саяси жүйенің басты элементі, оның негізгі ұйымы. Ол - керек кезінде арнаулы күштеу органдарын пайдалана отырып, өз аумағынды тұратын адамдардың мүддесін қорғауға тиіс және соған орай олардың арасындағы арақатынастарды құқықтық ережелер арқылы реттейтін қоғамдық механизм.

Мемлекет деп белгілі бір аумақ шеңберінде адамдардың әлеуметтік топтар, таптар мен бірлестіктердің қатынастары мен қызметтерін ұйымдастыратын, бақылайтын қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементін айтамыз.

Мемлекеттің ең басты міндеті – қоғамның тұрақтылығын орнатып, қалыпты тіршілігіне жағдай жасау. Ол әртүрлі топтарға бөлінген қоғамның бірлігін қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекеттің мәні мен оның функцияларының нақты көрінісі және атқарушылары мемлекет формасы ретінде көрінеді, ол үш жіктеу критерінен тұратын құрылымды білдіреді:

1. басқару формасы.
2. құрылыс формасы.
3. саяси режим.

Басқару түрі жоғарғы өкімет билігі кімнің қолында екендігін көрсетеді.

Монархия деп мемлекеттің жоғарғы өкімет билігі жеке-дара бір билеушінің қолында болып, ол әкеден балаға мұра ретінде қалатын түрін айтады. Оны хан, патша, император, король деп атауы мүмкін.

Республика деп мемлекеттік биліктің барлық жоғарғы органдары белгілі бір уақытта сайланатын немесе өкілдік мекемелер арқылы қалыптасатын мемлекеттік басқарудың түрін айтады.

Республика Президенттік, Парламенттік және аралас (немесе жартылай президенттік) болып үшке бөлінеді.

Мемлекет басқару түрімен қатар құрылысына қарай да ерекшеленеді.

Мемлекет құрылысы орталық үкімет пен жергілікті биліктің міндеттер өрісінің арақатынасын білдіреді. Ол унитарлық, федеративтік және конфедеративтік болып үш түрге бөлінеді.

Мемлекеттер басқару түрі, өзіндік құрылысымен ғана емес саяси тәртібі жағынан да ерекшеленеді.

Саяси тәртіп деп саяси билік, қоғамда басқарудың әдіс тәсілдер жиынтығын, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің демократиялық дәрежесін айтады

Демократиялық тәртіпте халықты биліктің қайнар көзі деп санап, оған мемлекеттік істерді шешуге құқық берілген және ол үшін қажетті жағдайлар жасалған биліктің түрі, қоғамның мемлекеттік саяси құрылысы жатады.

Антидемократиялық тәртіп тоталитарлық және авторитарлық болып бөлінеді.

Мемлекеттің басты мәні:

“Саясат – адам мен мемлекеттің жоғарғы игілігі, оның мақсаты адамды, мемлекетті жақсы тұрмысқа, молшылыққа жеткізу” (Аристотель)

“... Үкіметтің мақсаты – қауіпсіздік пен бостандықты қамтамасыз ету.”(Пейн)

“... Мемлекет адамдарды алаламай, байына да, кедейіне де, азына да, көбіне де қарамай-бәріне бірдей әділ қызмет етуі керек. ” (Платон).

Мемлекеттің пайда болуы теориялары - мемлекет - көпқырлы құбылыс. Оның пайда болуы, шығу тегі әртүрлі факторлармен түсіндіріледі. Оның пайда болуынан бірнеше теориялар жасалған, алайда оны бір әмбебап теорияның шеңберінде түсіндіру мүмкін емес. Мемлекеттің пайда болуын түсіндіретін алғашқы теориялардың бірі - теократиялық теория. Бұл теорияға сәйкес мемлекет - Құдайдың ісі. Кез келген мемлекеттік билік Құдайдан. Жер бетіндегі Құдай ісін атқарушыларға бағынбау Құдайға қарсы шығумен тең. Келесісі - патриархалдық теория - мемлекет тікелей отбасының кеңейінен пайда болды деп түсіндіреді. Отбасылардың бірігуі отағаларының мемлекеттің азаматына айналуына, ол өз кезегінде олардың үстінен қарайтын жаңа билік түрін - монархты тудырды дейді. Мемлекеттің пайда болуының табиғи-құқықтық теориясы мемлекеттің адамдардың өзара қоғамдық келісімі нәтижесінде шыққанын айтады. Соғыстан қажыған адамдар қорғану жолында бірігіп, мемлекет құрған деп сенеді. Күштеу теориясы (өкілдері: Дюринг, Каутский) мемлекет жаулап алу, күш қолдану негізінде пайда болған дейді. Мемлекеттік билік күш қолданудан туындайды. Органикалық теория мемлекетті тірі ағза ретінде қарастырады. Оның қызметі қалай жүрсе, мемлекет қызметі де

солай атқарылады (Г.Спенсер). Психологиялық теория мемлекет адамдардың өзара бірлесіп, қауымдасып өмір сүру қажеттілігінен туындады дейді. Материалистік теория мемлекеттің ең алдымен, экономикалық себептерден туындағанын айтады. Марксистік теория мемлекет қоғамның біріне-бірі қарама-қайшы антогонистік таптарға жіктелуі, жеке меншіктің пайда болу нәтижесінде пайда болған деп түсіндіреді. Қоғамдық келісім теориясы адамдар өздерінің табиғи құқықтарының бір бөлігін мемлекетке беріп, шарт жасасқан, соның нәтижесінде мемлекет пайда болды дейді. Мемлекеттің пайда болуы қоғамның ұйымдық құрылымды объективті түрде қажет ететін ішкі эволюциясымен байланысты. Мемлекеттің пайда болуының бірнеше түсіндірмелері бар. Ең алдымен - тологиялық теория ол мемлекеттің пайда болуын құдайдың құдіретімен байланыстырады. Бұл теорияның негізгі идеология Августин (554-450) және Фома Аквинский (1225-1274жж) болып табылады. Оның негізгі мынандай постулаттық бар, мемлекеттің айнымайтындығы және қасиеттілігі, барлық билік құдайшылық бастаушылардан шықты, оны ешкім де шайқала алмады. Осы теорияға сәйкес барлық мемлекеттер басшылары өздерінің биліктерін құдайдың ерік-жігерін орындаушылар ретінде жүзеге асырады. Патриархалық теориялар мемлекет отбасының өсіп-өркендеуінің пайда болады да түсіндіріледі. Оның өкілдерінде ежелгі грек философы Аристотель б.д.д. 384-322 жж сонымен бірге оырс социологы Михайловский (1842-1904жж) жатады. Мемлекеттілік құрылысының орнына келеді. Алғашқы қауымдық теңдік пен шешеннің қоғамдық формасы өз-өңірін ескереді де қашан әлеуметтік қабаттарда бөліне бастайды. Ұжымдық өндірістік қатынастар қалыптан тыс шығады. Оның еңбек бөлінісі келеді, тайпалық құрылым қиындай түседі. Модан келіп әлеуметтік құрылымдарды бөлу дами бастады. Мемлекетт қоғамының ұйымдық құрылымды объективті қажет ететін ішкі эволюцияда мемлекет қоғамды басқару үшін қажет ұйым ретінде, билік ету механизмі ретінде жұмыс жүргізді. Мемлекеттік биліктің өзіндік белгілері жалпыға бірдейлік және (барлық) әмбебаптық болып табылады. Жалпыға бірдейлік бар аумақтық және бар тұрғындарға таратылудан, ал әмбебаптық ортқ мүдделерді қорының кез келген мәселелерді шешу мүмкіндігінен көрінеді. Бұқаралық билік мемлекеттік орындарды жүзеге асады және мемлекеттік билік ретінде іс-әрекет жүргізді. Оны мен аппаратын құрайтын адамдардың ерекше санына жүргізе арттырады. Құқық мемлекет сияқты қоғам дамуының белгілі бір кезеңдегі өнімі болып табылады. Жалпыға бірдей міндетті әлеуметтік нормалардың пайда болуы бір әлеуметтік топ үшін нысандарға иелік ету және пайдалану белгілі бір әлеуметтік топ үшін нысандарға иелік ету және пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты. Жалпылардың көмегі арқылы аталған әлеуметтік әлеуметтік топтың сұраныстары қанағаттандырылып, мүдделері жүзеге асырылады. Құқықтың дамуы мемлекеттің дамуымен нағыз байланысты. Мемлекет белгілі бір кезеңде осы маңызды әлеуметтік нормаларды, оларды құқықтық нормаларға айналдыра отырып, қамтамасыз етеді. Сонымен, бірге құқықтық жаңа нормаларын анықтау бойынша жұмыс жүргізеді. Құқық нормасы мемлекетпен рұхсат етілмей немесе белгіленеге жеке тұлғаның мүддесін жүзеге асыру барысындағы міндетті немесе мүмкін құран ретінде шартты түрде бекітемін жалпыға бірдей міндетті мінез-құлықтардың ережесі. Құқықтық қатынастар – құқық нормаларымен реттелген, құрамында өз ара алмастырып отыратын құқықтар және міндеттермен айшыққан құқық субъектілері арасында заңдық байланысы бар қоғамдық қатынастар. Құқықты қатынастардың субъектілері (қатысушылары) құқық қаблеттілігі бар нақты және заңды тұлғалар бола алады.

Құқық қаблеттілігі деген құқыққа және міндетке не болу қаблеттілігі, ал әскет қаблеттілігі деген олар жүзеге асыру қаблеттілігі. Құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгерілуі және нақтылануы заңдық жағдайлармен заңдық маңызы бар нақтылы мән-жайлармен



байланысты, олармен құқық нормасы құқық субъектілерінің құқықтары мен міндеттерінің пайда болуы. өзгерілуі және тоқтатылуын байланыстырады. Мемлекет қоғамның көп салалы, көп жүйелі құбылыстарына сәйкес дамып, өмірге келген бірлестік. Оның себептерін қоғамдағы болып жатқан объективтік факторлар құрастырады: биологиялық, психологиялық, экономикалық, әлеуметтік, діни, ұлттық т.б. құбылыстар. Сондықтан бір теорияның көлемінде мемлекет пен құқықтың пайда болуын ғылыми тұрғыдан толық түсінуге болмайды. Қоғамның тарихи даму процесінде адамдардың ара қатынасында қайшылықтар басталды. Сондықтан қоғамда бостандықты, еділеттілікті, тендікті сақтау үшін адамдар өзара шарт жасап мемлекетті құрды. Бұл шарттың мазмұны көп елдің Конституциясына кірді деп түсіндіреді.

Психологиялық теория — XIX ғ. бұл теорияны уағыздаған: Ч.Тард, Л.И. Петражицкий. Қоғам мен мемлекетті бұл теория адамдардың психологиялық біріккен көзқарасы, іс-әрекеті, мінезі, тәртібі — бәрі келісіп ұжымдық түрде басқаруы. Қоғам мен мемлекет адамдардың табиғи психологиялық даму заңдылық процесінің нәтижесінде пайда болды деп түсіндіреді.

Күштеу теориясы — XIX ғ. қалыптасқан пікір. Өкілдері: Л. Гум-плович, К. Каутский, Е.. Дюринг т.б. Мазмұны: күшті рулар, тайпалар өздерімен шектес әлсіз руларды, тайпаларды күштеп, зорлық озбырлық жасап өзіне бағындырып, бақылауды жақсарту үшін мемлекет құрады — деп түсіндіреді.

Материалистік теория — мемлекет пен құқықтың пайда болуын экономикалық тұрғыдан түсіндіреді, себептері: қоғамдық еңбектің бөлінуі, қосымша өнімнің, жеке меншіктің пайда болуы, қоғамның қарама-қарсы екі тапқа бөлінуі, қайшылық күресінің басталуы. Мемлекет пен құқықтың мазмұнының тарихи өзгеріп отыруы қоғамдық мүдде-мақсатты қорғауы. Мемлекет қоғамның көп салалы, көп жүйелі құбылыстарына сәйкес дамып, өмірге келген бірлестік. Оның себептерін қоғамдағы болып жатқан объективтік факторлар құрастырады: биологиялық, психологиялық, экономикалық, әлеуметтік, діни, ұлттық т.б. құбылыстар. Сондықтан бір теорияның көлемінде мемлекет пен құқықтың пайда болуын ғылыми тұрғыдан толық түсінуге болмайды. Жоғарыда көрсетілген теориялардың бәрінде де кемшіліктер мен жетістіктері бар. Оны ғалымдар пайдаланады. Мемлекет және құқықтың пайда болуын, ғылыми тұрғыдан дұрысырақ түсіндіретін — тарихи материалистік теория. Бұл теория мемлекет және құқық тарихи туынды-қоғамның антагонистік тапқа бөлінуінің нәтижесі болып табылады деп түсіндіреді.

Ол дұрыс.

Кемшілігі — мемлекет пен құқықты тек экономикалық базис пен шектеуі, жалпы теорияның атқаратын жұмысын бір жақты түсінуі (қоғамдық маңызын шектеуі) және олардың келешегін болжаудағы жіберген қателіктер. Бүгінгі таңдағы мемлекеттің басты ерекшелігі аймақтарды мемлекеттік және қоғамдық істерге нақтылы қатыстыруды қамтамасыз ететін, шын мәніндегі, демократиялық қоғам құру болып табылатындығында. Республика Конституциясының 3-бабында: "Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық" деп көрсетілсе, 1-бабында "Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады" деп атап көрсетілген. Мұның мәні неде? Оның мәні бәрінен бұрын ізгілік іргетасының, қалануында, яғни азаматтың, жеке адамның бостандығы, ар-ожданы, ар-намысы. Бұл — халықтың, қоғам мен мемлекеттің өмірінде заңның үстем болуы арқылы қол жеткізілетін нәрсе. Од адамның құқығы мен бостандығын, бейбітшіл азаматтық қоғам құруды және ұлтаралық татулықты, сондай-ақ адамның өзі және өз ұрпақтары үшін лайықты өмір сүруін қамтамасыз етеді.

2. Кеңестік дәуірді де, қазіргі кезеңде де мемлекеттің функциясын дамытуға көп көңіл

бөлінеді. Өйткені функцияның мазмұның терең түсініп, білу тек мемлекеттің бүгінгі жұмысын, қызметін жақсарту ғана емес, сонымен бірге қоғамның, мемлекеттің тарихи даму процесін зерттеп, дұрыс түсінуге көп үлес қосуы. Функция мемлекетпен, қоғаммен бірге дамып, бірге өмір сүріп келеді. Бұл объективтік процесс. Қазіргі заманда Қазақстан Республикасының функциясы күрт өзгеріп, дамуда, негізгі бағыты нарықты экономиканы қалыптастыру, либерал-демократиялық мемлекетгі орнату. Мемлекеттің функциясы туралы әр түрлі ой-пікірлер бар. Солардың бірі — функция көп өзгеріске ұшырамайтын деп, бірнеше үрлерін келтіреді: жалпы қоғамдық, әлеуметтік, таптық, ұлттық, ғылыми-техникалық, экологиялық, интернационалдық функциялар. Функцияны жүйелеудің келесі түрі: тұрақты және уақытша функциялар; негізгі және негізсіз функциялар; заңды қабылдау, орындау, қорғау функциялары. Мемлекеттердің көпшілігі функ-цияны ішкі және сыртқы функциялар деп екіге бөледі. Осы пікірді қазіргі заманда мемлекеттер дұрыс деп қолдануда. Мемлекеттің функциясының орындалуын қамтамасыз ететін — мемлекеттік аппарат пен органдар. Әуелі функцияны орындау үшін тиісті мемлекеттік орган құрылады. Бірнеше органдар функцияның мазмұнына қарай мемлекеттік аппаратты қалыптастырады. Функцияның орындалу кезең-сатылары: функция — орган — аппарат — мемлекет. Мемлекеттің функциясы арқылы қоғамның алдында тұрған мүдде — мақсаттардың мазмұнын, оның орындалу бағыттарын, толық білуге болады. Мемлекет қызметінің (функциясының) негізгі белгілері:

- қызметтің жүйесі, оның атқаратын жұмыстарының мазмұны және қатынастардың түрлері арқылы анықталады;
- функция сарапталып, жіктеліп, кешенді түрде жүргізіледі;
- мемлекеттің қызметі аппараттарының қызметіне ұқсамайды. Мемлекет функциясы қоғамдық көлемде жүргізіледі;

Мемлекет функциясы Қазақстан Республикасы мемлекетінің функциясы, яғни (миайтын ролі ретінде оның қызметінің негізгі бағыттары мемлекеттің қызметінің өзі түсініледі. Мемлекет функциясы ішкі және сыртқы болып екіге бөлінеді. Ішкі функцияларға еліміздің материалдық-техникалық базасын құрып. дамытуға бағытталған мына қызмет салалары мәдени-тәрбие жұмыстары, яғни жеке адамның жан-жақты кетпеуіне мүмкіндік туғызатын және оның құқықтары мен бостандықтарын нақты қамтамасыз ету үшін алғышарт жасайтын жұмыстар: әлеуметтік қызмет көрсету, яғни адамдарға жан-жақты камкорлық жасаудың ізгілікті саясатын жүзеге асыру. Ата Заңымызда атап көрсетілгендей, мемлекетіміздің қызметі, бәрінен бұрын адам және адамның өміріне, құқықтары мен бостандықтарына, мүддесіне сай құрылады; құқық тәртібін қорғау Конституцияға сүйене отырып, бақылау арқылы оның талаптарын орындауда, қоғамдық, мемлекеттік құрылысқа, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, меншікке қол сұғушылықтың жолын кесуде көрініс табатын функциялар. Мемлекет бұдан басқа да көптеген функцияларды, мысалы, экологияны қорғау және табиғатты тиімді, ұтымды пайдалану, азаматтардың мемлекет пен оның органдарын тікелей өздері немесе өз екілдері арқылы басқаруға қатысу функцияларын, қаржылық, экономикалық, идеологиялық функцияларды жүзеге асырады. Құқықтың мәні Конституцияда және басқа да заңдарда бекітіліп, тиянақталған оның түп қазық бастауларында, негізгі принциптерінде ашылады. Оларға жататындар: саяси биліктің халықтың атынан жүзеге асуы, меншіктің дамуы, қорғалуы және олардың субъектілерінің теңдігі; демократизм, интерпационализм, гуманизм.

### **Бағалау дескрипторлары:**

- 1.Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «этнос», «этногенез», «ұлт», «социогенез», «формациялық әдіс», «өркениеттік әдіс» ұғымдарын қолдана алады.
2. Ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын түсіндіре алады.
3. Қазіргі кездегі интеграциялық процестердің тиімділігін салыстыра алады.

## **8 тақырып**

### **Антикалық кезеңдегі әлемдік империялардың қалыптасуы.**

#### **Сабактың оқу мақсаты:**

- 10.3.2.1 деректерді қолдана отырып грек -парсы соғыстарының мысалында ерте империялардың пайда болу процесін түсіндіру;
- 10.3.2.2 антика дәуірінде империялардың пайда болуының себептері мен салдарларын талдау;
- 10.3.2.3 эллинизмді таратуда А. Македонскийдің жорықтарының рөлін бағалау

#### **Бағалау өлшемдері:**

1. Тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «мемлекет», «билік», «басқару институты» терминдерін қолданады.
- 2.Тарихи құжаттарды талдау негізінде - бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын айқындайды.
- 3.Буржуазиялық революциялардың нәтижесіндегі әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді саралайды.

Ғұндар — көшпелі халық. Ғұндар тәңіршілдік дінді ұстанып, түркі жазуын пайдаланған. Сөйлеу тілі де түркі тілі болған. Шығыста Мөде «шығыс қу» тайпаларын бағындырды, ал оның құрамына, шамамен алғанда, Керулен және Онон алқаптарында мекендеген сәнби және ұқуан тайпалары кірген. Мөде батыста юеди (юечжи) тайпаларына қарсы жорықтар жасаған. Бұл кезде қазіргі Кореядан Тибетке және Шығыс Түркістаннан Хуанхэнің орта ағысына дейін созылып жатқан аумақ ғұн шаңьюйлерінің қол астына түскен, ал солтүстікте ғұн конфедерациясына біріккен тайпалар Байкөлден арғы оңтүстік аудандарға дейінгі аумақты алып жатты. Деректемелерде ғұндардың Саян-Алтай тайпаларына жасаған жорықтары туралы да айтылады. Шежіреші б.з.б. 201 жылы сүннулердің солтүстікке және солтүстік-батысқа қарай жорығын жалғастырып, Қуңюй, Түсүйше, Динлин, Гекүң және Сіңлі елдерін бағындырғанын хабарлайды. Мәтінде берілген түсініктемеде әлгі айтылған бес елдің сүннулердің солтүстік жағында жатқаны айтылады, ол батысында Кем (Енисей) өзенінен Іле алқабына дейін созылып жатса керек. Б.з.б. 201 жылғы жорық кезінде ғұндар Алтай тайпаларын түгелдей дерлік бағындырған, бірақ олар бұл аумақты толық қол астына қаратқан жоқ. Қалай дегенмен де, сол кезде осылай болғанын жазбаша деректемелер де, археологиялық материалдар да көрсете алмады. Одан кейінгі онжылдықтарда ғұн тайпаларының күшеюіне қоса олар батыста да қызу қимыл көрсете бастайды. Б.з.б. 177 жылы Мөде көршілеріне қарсы өз бетімен қимыл жасады деген сылтаумен өзінің батыстағы түктерін (кінәздерін) юедилерге қарсы жорыққа аттандырады. Ғұндардың атты әскерлері Жаңие-Гәнжоу ауданы маңында юедилерді жеңіліске ұшыратып, сонымен бірге ғұндардың қалыптасып жатқан бірлестігінің шет аймағындағы бірнеше үлесті бағындырған. Келесі жылғы жазда бұл жөнінде шаңьюй былай деген: «Аспанның рақымымен жауынгерлер аман, ал аттар мықты шықты: олар юедилерді жойып, жуасытты; семсердің ұшына іліп немесе бағындырып, (өз билігін) нығайтты.

Лоулаң, Ұсын, Құтзе және оларға шектес 36 үлес (кінәздік) сүннулерге қаратылды. Олардың бәрі сүннулердің әскеріне кіріп, бір әулетке айналды».

Бұл құжат өте маңызды, бірақ сын көзбен қарауды талап етеді. «Отыз алты мемлекет» деп қазіргі Шығыс Түркістан аумағында орналасқан кінәздіктер, яғни жалпы алғанда батыстағы Каспий теңізінің жағалауына дейінгі бүкіл жер айтылған. «Тарихи жазбалардың» (Шитизи) авторы Сыма Цянь юедилердің «толық» талқандалғаны туралы хабарды құп алып, бұл орайда б.з.б. 177 жылы қытайларға юедилердің (юечжилердің) Сары өзеннің солтүстік ойпатынан батысырақта мекендеген бір бөлігінің ғана белгілі болғанын ескермеген. Қытай деректемелерінде юеди деп аталған көшпелі тайпалар Грек-Бақтрияны талқандағаннан кейін олар туралы мәліметтер өзінен-өзі бүкіл Орта Азияға да тарала бастайды.

Сірә, б.з.б. 177 жылы сүнну-ғұндардың Тынық мұхиттан Каспий теңізінің жағалауына дейінгі барлық елдерді бір кінәздің атты әскері күшімен бағындыруын шындыққа жанаспайды деп санау керек. Дегенмен де, шығыстағы юедилердің бағындырылғанына күмән жоқ, нақ сол сияқты Лоулаң, Ұсын және Құтзе бірлестіктерінің юедилерге тәуелді болғаны туралы хабар да рас. Бұл этникалық-саяси атаулардың жағырапиялық орны онша айқын емес. Қазіргі қартаға Лобнор ауданындағы Лоулаң (Крораина) кінәздігі ғана аздық-көпті сәйкес келеді. Қытай жазбаларындағы басқа деректердің есімен теңестірілген Құтзе жерінің немесе тайпасының этнонимі жергілікті Айғыр атауынан шығуы мүмкін. Ол Ұсын және Тізәң- күң елдерінің арасында, яғни шамамен Оңтүстік Алтайда болған. Геродоттың аргиппейлер тайпасы осы маңайда орналасқан деп саналады. И. Х. Дворещийдің пікірінше, аргиппейлер деген сөз ертедегі гректерше «арғымақ», «тұлпар» дегенді білдірді, демек нақ сол ұғымға жақын әлдебір жергілікті атаудың аудармасы болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, ертедегі қытай тілінің жоғарыда аталған транскрипцияларын түркілердің «арғымақ» немесе «айғыр» деген сөздерімен салыстыру дұрыс сияқты.<sup>[1]</sup> Ғұндар бірлестігіне шыққан тегі әртүрлі тайпалар немесе этникалық- саяси құрылымдар кірген. Конфедерацияның қоғамдық өміріне бір орталыққа бағынғысы келмейтін қуатты күштер, кең-байтақ жердің әр түрлі аудандары арасында берік саяси және экономикалық байланыстардың болмауы зор ықпал жасады. Алғашқы кезде біршама бірлік ғұн қоғамындағы фратрияаралық ұйымның ерекше түрі болуы арқылы орнаған.

Сүнну-ғұн тарихынан әулеттік бірлестіктің үш, ал кейін төрт экзогамиялық билеуші рулардан (фратриялардан) тұрғаны мәлім. Деректемеде былай делінген: «Құйаң руы, Лаң руы, олардан кейін Сүйбу руы пайда болды; оларда ең атақты тармақтар да нақ осы үш әулет»<sup>11</sup>. Бұл орайда сол қанатты құрайтын Құйаң руы ең атақтысы болған, ал Лаң және оған еншілес Сүйбу он қанат болған. Бір қызығы, шаңюйлік Луаңти руы атақты ру деп аталмаған. Ал Құйаң мен Лаң шаңюймен құдандалы туыс болған. Біздің заманымызға жақындағанда құдандалы туыстық біраз өзгерген. Оңтүстік сүннулерде шаңюй руы Сүй-Ляң-ти деп атала бастады, басқа ақсүйектер әулетінен Құйаң, Сүйбу, Тсүлиң және Лаң аталған. «Осы төрт әулет олардың елінде атақты рулар болған және әдетте шаңюймен құдандалы туыс еді». Онда бұдан әрі былай делінген: «Құйаң руы сол (яғни шығыс және үлкен) қанат, ал Лаң және Сүйбу рулары оң (яғни батыс және кіші) қанат болған». Тағы екі ғасырдан кейін олардың патшалық руы алмасқан және өз атауын өзгерткен. Тізіп келтірілген ең атақтысы енді Дүге (Тұғлақ) руы болып шығады, ол «ең батыр және ұлығы болған, сондықтан шаңюйлер солардан шыққан. Олардың атақты төрт руы Құйаң руы, Сүйбу руы, Лаң руы, Тсэо (Тсүлиң) руы болған, бірақ ең атақтысы — Құйаң руы, одан канцлерлер, сол және оң қанаттағы житшүлер шыққан». Уақыт өте келе шаңюй руының белгісіз рудан «ең ержүрек» болуы негізінде «ең ұлық» руға айналған эволюциясы ерекше көрінеді. Тегінде, мұнда белгілі бір кезеңде сол кезде-ақ болған ер адам жағынан мұраға қалатын қағидатты көрсеткен еркек (патриархаттық) тегінің іс жүзінде үстемдік етуімен дуалдық ұйым қалыптасқан болса керек.

Б.з.б. I ғасырдың орта шенінде-ақ сүнну қоғамы өзінің вассалдық иеліктерінен айырылумен бірге «байырғы» құрамында екі топқа — Куқаниешаңүй бастаған оңтүстік және Чжичжи басшылық еткен солтүстік топтарға бөлінді. Оңтүстік сүннулер Ордос аумағында мекендеп

қалды да, солтүстік сүннулер өз тайпаластарының қысымымен Саян мен Байкөл өңіріне ығысып, солтүстік пен батысқа қарай қоныс аударған.

Б.з.б. 49 жылы Чжичжи көрші кінәздікке дипломатиялық сапарға кеткен Қуқациенің аз уақыт болмауын пайдаланып, оның жерін басып алып, сол арқылы конфедерацияның бірлігін қайта орнатуға әрекет жасайды. Алайда оның күші оған жетпеген. Шежірешінің айтқанындай, «Чжичжидің өзі сүннуде күшпен нығая алмайтынын білді». Ол үйсін гүңмосы Үтізутудан көмек сұрағанеді, бірақ соңғысы оның елшісінің басын алып, Чжичжиге шабуыл жасауға 8000 атты әскер жібереді. Чжичжидің атты әскері үйсіндердің жасағын талқандайды, ал одақтасыз қалған Чжичжи оңтүстік ғұндардың жерінен кетуге мәжбүр болады. Одан әрі деректемеде бұл және одан кейінгі оқиғалар былайша суреттеледі: «Чжичжи үйсін әскерінің көп екенін, өз елшісінің әлі оралмағанын көріп, өз әскерін орналастырды да, үйсіндерге лап қойып, оларды тас-талқан етті; солтүстікке бет бұрып, Үтізеге соққы беріп, бағындырады. Чжичжи өз әскерінің көмегімен батыстағы Тізәңкүнді қиратып, солтүстікте Данлинді бағындырады. Үш кінәздікті бағындырған соң ол бірнеше рет үйсінге әскер жіберіп, әдетте оны жеңіп жүрді.»

Біздің заманымызға дейін 1 мыңжылдықтың 2-жартысынан бастап Еуразияның этникалық-саяси тарихында Орталық Азияның көшпелі тайпалары ролі артты. Біздің заманымызға дейін 4-3 ғасырларда Қытайдың солтүстігі мен Орталық Азияда ғұндар деген тайпалар бірлестігі (сюнну, дунху) пайда болды. Нақты айтқанда, біздің заманымыздың дейін 209 жылы бой көтеріп, біздің заманымызда 216 жылы дейін дәурен сүрді.

Шаңырағын көтерген әйгілі Мөде (Мотэ) батыр. Біздің заманымызға дейін 209 жылы Мөде әкесін өлтіріп, таққа ие болады.

Осы заманнан бастап, ғұн мемлекеті күшейе бастады (атап айтсақ, біздің заманымызға дейін 188 жылы ғұндар өзіне қытай императоры Гао-Диды бағындырады, хань династиясы ғұндарға салық төлеп тұрғаны белгілі. Юечжи, ловфань, байянь, үйсүн тағы да басқа тайпалардың жерін тартып алады.)

Ғұндар Байкалдан Тибетке, Шығыс Түркістаннан Хуанхэ өзеніне дейінгі жерде мемлекет құрды. Оның әскері 300-400 мың болды.

Мөде қайтыс болғаннан кейін өзара қырқыс басталды. Хулагу кезінде, біздің заманымызға дейін 47 жылы ғұндар оңтүстік және солтүстік болып екіге бөлінді. Оңтүстік ғұндар Қытай бодандығын қабылдады, ал солтүстігіндегілер орталық азиялық тайпалармен одақтасып батысқа кетіп, өз тәуелсіздіктерін сақтады. Алайда, үнемі Қытайдың қысымына түскендіктен Тянь-Шаньды асып өтіп, қаңлыларға келді. Бұл ғұндардың Орта Азия мен Қазақстанға алғашқы қоныс аударуы болды.

Екінші қоныс аудару біздің заманымыздың 1 ғасырында болды. 93 жылы Қытайлар ығыстырған солтүстік ғұндар тағы да батысқа қарай жылжыды. Олар Қазақстан территориясы арқылы батысқа бет алды. Бұл көшпенділердің Қазақстанға енуіне байланысты шығыс иранның қаңлы тайпаларының түріктенуі басталады.

Біздің заманымыздың 1 мыңжылдығы басында Жетісу, оңтүстік қазақстан тайпаларының кескін-келбеті монғолдана бастады. Ғұндар жергілікті тайпаларды бағындырып, Сырдария бойымен Арал өңіріне, орталық және батыс Қазақстан аймақтарына барып енеді. Ғұндардың біздің заманымыздың 4 ғасырда Шығыс және Орталық Еуропа жеріне келуіне үш ғасыр уақыт керек болды.

Ғұндар Рим империясына қауіп төндірді. 5 ғасырдың 30-жылдары ғұндардың басшысы Аттила Еуропа халқының үрейін ұшырды. 375-376 жылдары вестготтардың Қазақстан даласынан келген ғұндармен күресі ежелгі Рим империясының құлауына әкелді.

**Тапсырма:** Мемлекеттің түрлері, аумағы бойынша постер жасау

**Бағалау дескрипторлары:**

1. Мәтінді оқыйды
2. Мемлекеттің түрлеріне байланысты постер жасайды.

## 9 тақырып

### Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары. Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан жорықтарының ықпалы.

#### Сабақтың оқу мақсаты:

Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары жайлы түсінік беру.

#### Бағалау өлшемдері:

1. Тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «мемлекет», «билік», «басқару институты» терминдерін қолданады.
2. Тарихи құжаттарды талдау негізінде - бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын айқындайды.
3. Буржуазиялық революциялардың нәтижесіндегі әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді саралайды.

Крест жорықтары деп Еуропа феодалдарының XI ғасырдың аяғынан XIII ғасырдың соңына дейін Таяу Шығысқа — Сирия, Палестина, Мысыр, Балқан түбегі, Кипр аралы, Кіші Азияға жасаған әскери жаулаушылық жорықтарын айтамыз. Бұл жорықтар 1096-1270 жылдар аралығын қамтыды. Крест жорықтарының басталуына Таяу Шығыстағы шаруашылықтың өрлеуі мен Батыс Еуропадағы экономикалық тоқыраудың нәтижесінде өрістеген әлеуметтік шиеленістер себеп болды. Қуатты Бағдад халифаты 1055 жылы түпкілікті ыдырауға ұшырады. Салжұқтар 1071 жылы Манцикерт түбінде Византияны жеңіп, Сирия мен Палестинаны басып алды. Византия басынан ауыр кезеңді өткізіп жатты. Император Алексей Комнин папа II Урбанға елші жіберіп, көмектесуін сұрады.

Шіркеу — шығысқа жорықты ұйымдастырушы. Католиктік шіркеудің өз мақсаты болды. Шығысқа жорық арқылы ол бытыраңқы Еуропадағы саяси билікті өз қолына алғысы келді. Өзінен бөлінген шығыс шіркеуін қайтаруды ойлады. ыИслам әлеміне қарсы жорыққа аттануды 77 Урбан папа бастады. Ол 1095 жылы Клермон қаласында (Франция) шіркеу жиынында мыңдаған дінбасылар мен халықтың алдында сөз сөйледі. Халықты Византияның түрік-салжұқтарына қарсы күресіне көмектесуге, Иса пайғамбар жерленген Иерусалимді мұсылмандардан азат етуге шақырды. Папа бұл жорыққа қатысқандардың барлық күнәсі кешіріледі, шайқаста қаза тапқандар о дүниеде пейішке барып, рақатқа бөленеді деп жариялады. Папа киелі жердің байлығы мен құнарлығы туралы да айтты. II Урбанның жалынды сөзі жиынға қатысушыларға ерекше әсер етті. Олар тізерлеп отырып, Иса пайғамбардың табытын азат ету үшін өмірлерін аямайтыны туралы ант берді. «Құдай осыны қалайды» деп айқайлап жүріп, сол жерде маталардан крест қиып алып, оны киімдеріне тіге бастады. Сондықтан бұл Крест жорықтары деп аталды. Кедейлердің Шығысқа жорығы. Шіркеу крест жорықшыларына көптеген жеңілдік жасады. Олар қарыздарын төлеуден босатылды, олардың дүние-мүліктері мен отбасылары шіркеу қамқорлығына алынды. Папаның Шығыс елдерінің шұрайлы жері туралы, онда кедейлердің тез байып кететіні туралы үндеуі кедейлер арасында рақат өмірге бөлену үмітін туғызды. Осындай уағыздың нәтижесінде, 1096 жылдың көктемінде Франция мен Германияның ондаған мың кедей шаруалары тәу етуге «жорыққа» аттанды. Аш-жалаңаш кедейлер жолдарындағы венгрлердің, болгарлар мен гректердің жерлерінен өтіп бара жатып, жергілікті халықтардың азық-түлік, мал-мүліктерін тартып алды, тонаушылыққа ұшыратты, қарсыласқандарын өлтіріп, зорлық-зомбылық жасады. 1096 жылы қазан айында түрік-салжұқтарының әскері Кіші Азияға басып кірген кресшілерді толық дерлік қырып жіберді. Діни ерлік жасап, байлыққа батуды аңсаған батыстың кедей шаруалары мен рыцарьлары осылай сәтсіздікке ұшырады. Осы бірінші крест жорығы кезінде Батыс Еуропа

елдерінің феодалдары бастаған, жақсы қаруланған әскері Шығыста қырылып жатқан кедейлерге көмекке аттанды. 1097 жылдың басында Константинопольге келіп жеткен кресшілер өздерін дөрекі ұстады: жергілікті халықты тонап, ұлттық дәстүрлерін мазақ етті. Шығыс Рим императоры әртүрлі айла-тәсілдермен кресшілер жасақтарын Кіші Азияға бет бұрғызды. Рыцарьлардың бірінші крест жорығы. Ұзақ қанды шайқастан кейін кресшілер Антиохияны басып алды. Ол жерде кресшілердің бір көсемі өз князьдігін құрды да, Иерусалимге бармай, сонда қалды. Тағы бір көсем армяндардың Эдесса деген бай қаласын басып алды. Осы арада кресшілердің тағы бір мемлекеті — Эдесса графтығының негізі қаланды. 1099 жылдың шілде айында кескілескен шабуылдан кейін кресшілер Иерусалимді алды. Кресшілер қалада шектен тыс қатыгездік әрекеттер жасады. Олар әйел-еркек, бала-шаға, кемпір-шал демей, қала халқын шетінен қыра бастады. Тіпті жас балалардың басын тасқа соғып өлтірді. Қала халқының үйлерін мүліктерімен қоса кресшілер иемденіп алды. Кресшілер Жерорта теңізінің шығыс жағалауындағы шағын жерде өз мемлекеттерін құрды. Олардың ішіндегі ең бастысы Иерусалим корольдігі болды. Батыс Еуропа феодалдары жаулап алынған елдердің халқын қанды қырғынға ұшыратты, зорлық-зомбылық жасап, құлдық езгіге түсірді. Жаулаушылық жорықтардың нәтижесінде кресшілер Жерорта теңізінің шығыс бөлігін басып алды. Финикия, Сирия, Палестина жерлері, Иерусалим, Антиохия, Триполи, Эдесса, Сидон, Акра қалалары бағындырылып, солтүстіктен оңтүстікке созылған жерді қолға қаратты. Кейінгі крест жорықтары. Палестина мен Сирия халықтары басқыншы кресшілерді жек көрді, оларға қарсы күресті тоқтатпады. Сөйтіп, басқыншылар өздеріне жау елде үнемі қауіп-қатерде өмір сүрді. Франциядағы Клерво монастырының аббаты Бернар христиандарды қолына қару алып, қайтадан Палестинаға аттауға шақырды. Бұл шақыруды француз королі VII Людовик пен неміс императоры III Конрад қабыл алып, 1147 жылы екінші крест жорығын жасады. Олар Кіші Азияда салжұқтардан жеңіліп қайтты.

1187 жылы Мысыр сұлтаны Салах ад-Дин кресшілерді Палестина мен Сириядан қуып шықты. Иерусалим қайтадан мұсылмандар қол астына көшті. Енді оны қайтарып алу үшін Германия, Англия, Франция корольдері 1189-1192 жылдары үшінші крест жорығын жасады. Ол жорық та нәтижесіз аяқталды. Христиандар теңіз жағалауындағы еңсіз жерді ғана иемденді. Иерусалим мұсылмандардың қолында қалды. 1202 жылғы төртінші крест жорығын III Иннокентий папа ұйымдастырды. Кресшілер қасиетті жерге теңіз арқылы бармақ болып, Венецияның кемелерін жалдады. Ақысын төлеуге ақшалары жетпей қалған соң, Венецияның әміршісі кресшілерді өздерімен бәсекелес Шығыс Рим империясының астанасына басып кіруге көндіреді. Сөйтіп, кресшілер христиандар қаласы Константинопольді басып алып, оны талантаражға салды. Еуропаның ең бай қаласын иемденген кресшілер Византияда өз мемлекетін құрып, Палестинаға бармай қалды. Олардың мемлекеті Латын империясы деп аталып, 1261 жылға дейін өмір сүрді. Осы төртінші жорық кресшілердің Иса пайғамбардың табытын азат ету үшін күресушілер емес, өздерінің баюын ғана ойлайтын тонаушы басқыншылар екенін анық көрсетті. Қасиетті жерді азат етеміз деген кресшілер алғаш басып алған жерлерінен айырыла берді. Папалар мен корольдер 1217-1221 жылдары бесінші, 1228-1229 жылдары алтыншы, 1248-1254 жылдары жетінші жорықты ұйымдастырды. Француз королі IX Людовик 1270 жылғы сегізінші крест жорығы кезінде қайтыс болды. Барған сайын ол жорықтарға қатысуға тілек білдірушілер қатары азая берді. Кресшілер арасында алауыздық, өзара қырқысулар орын алды. Крест жорықтарының салдары. Крест жорықтары Батыс Еуропа елдері тарапынан жүргізілген әділетсіз, басқыншылық соғыстар болды. Бұл соғыстар дүниежүзілік өркениеттің дамуына едәуір кедергі келтірді. Жорықтар Еуропа елдерінің ғана емес, Шығыстағы мұсылман елдерінің де шаруашылығына, мәдениетіне орны толмас зиян әкелді. Көптеген өнер туындылары қирады, кітаптар мен құнды деректер жойылып кетті. Дегенмен бұл жорықтардың Батыс Еуропа елдері үшін біраз пайдалы жақтары да болды. Біріншіден, Жерорта теңізіндегі сауданың қыза түсуіне ықпал етті. Бұл саудада Солтүстік

Италия қалалары үстемдікке ие болды. Екіншіден, Батыс Еуропа халықтары Шығыстан жоғары дәрежеде дамыған мәдениеттің үлгісін игерді. Кресшілер мұсылман халықтарынан тамақ ішер алдында қолдарын жууды, ауық-ауық ыстық моншаға түсіп, ішкіімдерін, төсек-орындарын ауыстырып тұруды, әдемі киінуді, ас ішкенде шанышқыны пайдалануды үйренді. Үшіншіден, еуропалықтар Шығыстан жаңа егіс дақылдарын көріп, Еуропада күріш, лимон, өрік, қарбыз өсіре бастады. Еуропалықтар Шығыс халықтарынан жібек мата тоқуды, айна жасауды, металды сапалы өңдеуді үйренді.

#### ТАПСЫРМА:

1. Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары арасындағы байланысқа сипаттама бер.
2. /қосымша тапсырма/ Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан жорықтарының ықпалы неде болды, ашып жаз.

#### Бағалау дескрипторлары:

1. Мәтінді оқыйды.
2. Сұрақтарға жауап береді.

## 10 тақырып

### XX ғасырдағы дүниежүзілік соғыстардың халықаралық қатынастар жүйесіне әсері.

#### Сабақтың оқу мақсаты:

Дүниежүзін бөлісудегі ірі елдердің бәсекелестігі, Германияның өркендеуі және әскери-саяси одақтардың құрылуы, Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы, барысы және аяқталуы туралы баяндау.

#### Бағалау өлшемдері:

1. Мемлекеттердің тарихи формаларына тән белгілерін анықтайды.
  2. Тоталитарлық саяси режимнен қазіргі замандағы демократияға ауысудың ерекшеліктерін жүйелейді.
1. Ұлы державалар XX ғасыр басында
  2. Дүниені қайта бөлісу үшін жүргізілген алғашқы соғыстар
  3. Бірінші дүниежүзілік соғыс: себебі және барысы.  
1. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында халықаралық қатынастар жүйесі күрделене түсті. Халықаралық аренада жаңа аса қуатты күштер пайда болды. Еуропада дүниежүзілік саяси сахнаға біріккен Германия мен Италия шықты. Олардың Англия, Франция және Ресей, Австро-Венгрия және басқа да империалистік мемлекеттермен қақтығысулары қашып құтыла алмайтын мәселеге айналды.  
Азияда бірінші рөлден үміткер Жапония болды, бұл оның мүдделерін Ресей, Англия, Германия, Франция және АҚШ мүдделерімен қайшылықтарға соқтығыстырды.  
Жанжалдың дәл ортасында Осман империясы мен оның Солтүстік Африкадағы, Таяу Шығыстағы, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы орасан зор отаршылдық иеліктерін бөлісу мәселесі тұрды.  
Халықаралық мәселелердің шиеленісі «байырғы» және жас ұлы мемлекеттердің ауқымды мүдделерінің ерекшеліктерімен анықталды.  
Нағыз қатты қақтығыстар мен жанжалдар отар үшін, ықпал аймақтары, теңіз бен құрлықта әскери басымдылық үшін күреспен байланысты болды. Экспансия, территорияларды басып



алуға ұмтылыстар ұлттық және геосаяси теориялар және идеялармен анықталды (пангерманизм, панамериканизм, пантюркизм, «Ұлы Азия» туралы жапон идеясы, Британ империясының «ұлылығы» туралы және т.б.)

Әскери күштеулік ойлау, абырой және ықпал туралы мәселелерді күшпен шешу көп жағдайларда дипломаттардың мінез-құлқы мен мемлекеттердің сыртқы саясатын анықтады. Күш қолдану саясаты құпия дипломатиялармен ұштастырылды.

**2.«Мэйн» крейсерінде болған жарылысты сылтауратып, АҚШ 1898 жылы сәуірде Испанияға қарсы соғыс бастады.** Олар тез жеңіске жетіп, испан флотын талқандады, «тәуелсіз» Куба Американың жартылай отарына айналды. АҚШ Филлипины аралдарын басып алды. Осылай испан-американ соғысы халықаралық қатынастар тарихында басталған жаңа кезеңнің белгісі болды: бұл соғыс дүниені қайта бөлу үшін жүргізілген бірінші соғыс болды.

Испанияны жеңген АҚШ-қа Латын Америкасы мен Қиыр шығысты, Оңтүстік-Шығыс Азияны одан әрі экспансиялауға жол ашты.

Дүниені отаршылдық қайта бөлісумен байланысты Англия Африка құрлығының оңтүстігіндегі екі бур республикасына қарсы ашты. **Ағылшын-бур соғысы** (1899-1902) үлкен соғыс болды. Ұлыбритания бурлардың партизандық отрядтарына қарсы 250 мыңдық армиясын аттандырды. Соғыс кезінде кейіннен дүниежүзінің барлық армиялары үшін үлгі болған кейбір жаңалықтар қолданды: ағылшындар алғаш рет пулемет қолданды, хаки түсті жасырғыш киім киді, ұзақ уақыт пайдаланылатын окоптар қазды. Бурлар жеңіліс тапты. Ағылшындар және жергілікті қара нәсілдер үшін солар сияқты отаршылдар болып табылатын ақ нәсілді бурлар арасындағы келісім 1910 жылы өзін-өзі басқаратын доминион мәртебесін алған Оңтүстік-Африка Одағын құрумен аяқталды.

**1904-1905 жж. орыс-жапон соғысы** Қиыр шығыстағы территория мен ықпал аймағын бөлісу үшін жүргізілген соғыс болды. Нәтижесінде Жапония өзінің Оңтүстік Маньчжуриядағы позицияларын нығайтты және келешекте 1910 ж. Кореяны аннексиялау, Қытай мен Оңтүстік Шығыс Азияда экспансия жасау үшін алғы шарттар жасады. АҚШ нәтижесінде басқыншы бәсекелеске тап болды.

**Француз-орыс одағының (1891-1893) құрылуы.** XX ғасыр басындағы еуропада басты екі әскери-саяси одақ құрылды. Біріншісі, Үштік одақ, Франция-Пруссия соғысынан кейін қалыптасты. Канцлер Бисмаркті Германияның Еуропа орталығындағы жағдайы мазалап, «одақтар сұмдығы» тынышын алды. Қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында герман билеуші топтары өз одағын құрмақшы болып, мүдделестер іздеді. Ең қолайлысы көршілес Австрия-Венгриямен байланыс орнатып, Франциямен арасында кикілжіңі бар Италияны өз жағына тарту болды. Осылай, біртіндеп, 1882 жылы Германия, Италия және Австро-Венгрияның **Үштік одағы** құрылды, ол 1892 жылы жаңарып, 1915 жылы Италия одан шыққанға дейін өмір сүрді.

Үштік одақтың құрылғанын Франция өзіне төнген қауіп деп түсініп, оған қарсы тұратын күш іздеді. Ондай одақтас ең алдымен Ресей болуы мүмкін еді. Оны іске асыру үшін Франция мен Ресей арасындағы Таяу және Қиыр Шығыстағы қайшылықтарды реттеу қажет болды. Франция мен Ресей француз-орыс одағын құрып, әскери-саяси конвенция (1891-1893) жасасты. 1907 ж. ағылшын-орыс келісімі Англия, Франция және Ресей құрамындағы Үштік одақтың (Антантаның) құрылуын тәмамдады. Үштік одақтың Антантаға қарсы тұруы көп ұзамай Бірінші дүниежүзілік соғысқа алып келді.

**Балқан одағы және Бірінші Балқан соғысы (1911-1902).** 1908 ж. жастүріктер революциясынан кейін Осман империясының ыдырауы тездеді. 1908 ж. Австро-Венгрия Босния мен Герцеговинаны өзіне қосып алатындығын жариялады. Түркияға бір мезгілде екі соғыс жүргізуге тура келді. 1911 ж. 29 қыркүйегіндегі италия-түркия соғысы басталды: Солтүстік Африкаға тасталған итальян десанты түрік әскерлерімен соғыстың нәтижесінде Триполитания мен Киренаиканы басып алып, оларды Италияның отары Ливияға айналдырды. Балқанда осы кезде күштерді жаңадан орналастыру жүріп жатты. Ресейдің араласуымен және Англия мен Францияның қолдауымен үш монархиялық мемлекет:

Болгария, Сербия және Грецияның одағы құрылды. Олардың мақсаты Түркиядан Македонияны тартып алып, өзара бөлісу болды.

Македонияны бөлісу туралы мәселе талқыланып, оның шешуі Түркияға қарсы соғыс біткенше кейінге қалдырылды. Түркияға қарсы соғыс 1912 ж. қазанда басталды. Одақтастар әскерінің негізгі күні Болгарияның әскери бөлімдері болды. Олар түрік әскеріне басты соққыны берді, нәтижесінде одақтастар Константинопольге таяу келді. 1912 ж. 28 қарашасында Албания тәуелсіздік жариялады.

1913 ж. 21 сәуірде уақытша бітім жасалып, 30 мамырда Лондонда бітім шартына қол қойылды. Бұл шарт бойынша еуропалық Түркияның барлық территориялары жеңімпаздарға берілді: Түркияның қарамағында Константинопольге (Стамбулға) тиіп жатқан жіңішке жолақ қана қалды.

**Екінші Балқан соғысы.** Бірінші Балқан соғысы Балқандағы күштердің арақатынасының өзгеруіне әсер етті. Сербия күшейіп, Австрия мен Түркияның ықпалдары төмендеді.

Австро-Венгрия мен Германияның дипломатиясы славян мемлекеттері мен Греция Балқанды түрік езгісінен азат ету үшін құрған одақты бұзуға күш салды. Олар үшін басты мәселе – Болгария мен Сербияның одағын ыдырату еді. Бұл одақтың ыдырауына Балқан елдерінің өзі, дәлірек айтқанда, олардың монархтарының шовинистік кеудем соқтығы себеп болды. Болгар патшасы Фердинанд «Ұлы Болгарияны» құруды армандады, сол себепті Македонияны бөлісер кезде қомағайлық көрсетті. «Ұлы Сербия» идеясын армандап жүрген Сербияның шовинистік билеуші топтары да осындай пиғыл білдірді. Грек монархистері де мұндай ойдан кет әрі емес еді. Көмек беруге уәде еткен Австро-Венгрияның айдап салуымен Болгария 1913 ж. 29 маусымында сербтер мен гректерге қарсы соғыс қимылдарын бастады. Сөйтіп, екінші Балқан соғысы басталды.

Кешегі одақтастарына шабуыл жасай отырып, Болгария Австро-Венгрия мен Германияның тарапынан уәде етілген көмекке сенген еді. Егер Болгария табысқа жеткен жағдайда Австро-Венгрия да соғысқа араласпақ еді. Бірақ Болгария тез жеңіліп қалды.

1913 ж. 10 тамызында Бухарестте бітімге қол қойылды. Сербия «Македониядағы талас территорияны» алып қана қоймай, Македонияның «болгарлық бөлігін» де алды. Греция Македониямен Салоникеге қоса, Батыс Фракияның бір бөлігін алды. Фракияның бір бөлігі мен Андрианополь Түркияға қайтарылып берілді де, Румыния оңтүстік Добруджаны иеленді. Балқан картасы тағы да қайта сызылды.

**3. I дүниежүзілік соғыс: Шілде дағдарысы.** Соғыстың басталуына 1914 ж. 28 маусымында Сараевода Босния мен Герцеговинадағы австро-венгр әскерлерінің жаттығуларына келген австрия тағының мұрагері эрцгерцог **Франц-Фердинандтың** өлтірілуі сылтау болды.

Террористік актіні іске асырушы "Млада босна" ұлтшылдық ұйымының мүшесі Гаврило Принциптің ұлты серб болып шықты. Австро-Венгрия өкіметі Германияның мақұлдауымен мұны Сербияға ультиматум қоюға негіз бар деп шешті. Ультиматумның талаптары Сербияның тәуелсіздігіне нұқсан келтіретіндей дәрежеде еді.

Бүкіл бір ай бойына Еуропаның ұлы державалары эрц-герцогтың өлімінің салдары қалай болады екендігін талқылаумен болды. Герман императоры Вильгельм II австриялықтарды «сербтерді құртуға» айдап салды. Ресей, Франция және Ұлыбритания австро-германдықтардың бұл әрекеттеріне тойтарыс беру керек деп есептеді. Серб үкіметі Ресейдің кеңесі бойынша ультиматумның барлық талаптарына келісті. Бірақ бұл есепке алынбады.

28 шілдеде Австрия-Венгрия армиясы Сербияға басып кірді. Еуропа еріксіз соғыс өртіне шарпылды. 29 шілдеде Ресей ішінара мобилизация жариялады. 1914 ж. 1 тамызында Германия Ресейге, ал 3 тамызда Францияға соғыс жариялады. Келесі күні соғысқа Ұлыбритания кірісті. Тамызда Германияға Жапония соғыс жариялады. Оның мақсаты Германияның отарларын Қытайдағы иеліктері мен Тынық мұхиттағы аралдарды басып алу еді. Германия өз жағында соғысқа Түркияны, соңынан Болгарияны тартты. Закавказьеде, Таяу Шығыста, Балқанда және Африкадағы герман отарларында жаңа майдандар ашылды. Осылай Бірінші дүниежүзілік соғыс басталды.

**Соғыстың себептері және оған қатысушылардың мақсаттары.** Соғыстың себебі Еуропаның ұлы мемлекеттерінің арасындағы терең қайшылықтар, олардың құрлықта үстемдік орнату үшін өзара таластары, отарларын қорғау немесе оларды қайта бөлісу мүдделері және монархтар мен мемлекет саясаткерлерінің кеудемсоқтықтары болды.

Франция 1871 ж. айырылған территорияларын қайтаруды, тіпті мүмкіндігі болса, Рейн жағалауын қосып алуды көздеді. Ұлыбританияның мақсаты мен арманы Германияны құрлықтағы басты бәсекелесі есебінде күйрету болды. Австрия-Венгрия Сербияны қиратып, Балкандағы панславяндық қозғалысқа және оның тірегі Ресейге соққы беруді мақсат етті. Германия Франция мен Ұлыбританияны талқандап қана қоймай, олардың отарларын және отарға айналдыру үшін Ресей территориясының бір бөлігін басып алуға ұмтылды. Қос әскери-саяси одақ мүшелерінің кейбір пиғылдары құпия келіссөздер барысында келісімдермен тұжырымдалған болатын. Қалғандары ашық айтылып, өз елдерінің халықтарының ұлттық сезімдері мен мүдделеріне түрткі салды.

«Ұлттық тұтастыққа», «отан қорғауға» шақырған шовинистік ұрандар алғашқы кезде барлық соғысушы елдерде едәуір кең қолдау тапты.

Соғыстың сипаты туралы ол аяқталғаннан кейін ұзақ уақыт бойында пікір таластар жүрді. Үкіметтер «түсті кітаптар» (бір елдерде көк, екіншілерінде ақ т. б.) шығарып, оларда қарсы жақтарын соғыстың шығуына кінәлілер деп айыптады. Шын мәнінде жалпы бүкіл капиталистік жүйенің және әрбір соғысқа қатысушы елдің бұл күнәда өз үлесі болды. Жұмысшы қозғалысындағы солшылдар соғысты империалистік деп жариялап, оны буржуазияға қарсы азамат соғысына айналдыруға шақырды. Соғысты бастау және кінәсіз кейбір Еуропа елдеріне (Сербия, Бельгия, Люксембург) агрессия жасау бастамасы австро-германдық одақтың жағынан болды. Соғыс тек Сербия мен Бельгия тараптарынан ғана әділетті еді.

### **Шлиффен жоспарының сәтсіздікке ұшырауы.**

Францияға бейтарап Бельгия арқылы басып кірген герман әскербасшылығы француз-герман шекарасында шоғырланған француз армиясын қоршауға алып, оны күзге дейін талқандап, Францияны тізе бүгуге мәжбүр етуді көздеген болатын. «Блицкриг» жоспарын соғыс басталудан біраз уақыт бұрын генерал Шлиффен түзген еді. Бірақ жоспар толық іске аспай, қыркүйекте герман әскері тек Верден түбіне дейін ғана жетті. Парижге басып алу қаупі төнді, дегенмен «қас қаққанша аяқталатын» соғыс жоспары іске аспай қалды.

Франция Ресейге Шығыс майданда соғыс қимылдарын жасау туралы өтініш білдірді. Орыс әскерлерінің Шығыс Пруссияда және оңтүстік бағытта австро-венгрия әскерлеріне қарсы шабуылы соғыс қимылдарының француз театрынан Германияның біраз күштерін бұруға себеп болды. Шығыс майдандағы соғыс қимылдары Францияға қарсы шабуылға шығу үшін күш жинауға мүмкіндік берді. **Марнадағы шайқас** нәтижесінде Парижге тікелей қауіп жойылды. Соғыс қимылдары позициялық сипат алды. Германия екі майданда ұзақ соғыс қимылдарын жүргізуге көнуге мәжбүр болды.

**1915 ж. соғыс қимылдары.** 1915 ж. Германия мен Австрия — Венгрия Ресейді талқандап, соғыстан шығару мақсатымен стратегиялық белсенділікті Шығыс майданға ауыстырды. Ресейге қарсы австрия-герман қарулы күштерінің жартысынан көбі аттандырылды. Орыс әскерлері Шығыс Пруссия мен Польшадан ығыстырылып шығарылды, бірақ австро-герман әскерлері шабуылды өрістете алмады.

Осы кезде Германия Ұлыбританияны қоршаумен тұншықтырмақ болып, жаңа қару — сүңгуір қайықтар қолданды. Аз ғана уақыт ішінде бірнеше жүздеген кемелер суға батырылды. Бірақ бұл күткендей нәтиже бермеді. Неміс сүңгуір қайығының шабуылы нәтижесінде жолаушы таситын *«Лузитания» лайнерінің суға батуы* бейтарап елдерде, әсіресе АҚШ-та күшті наразылық туғызды. Осы кезде Германия Гаага конвенциясын (1899 және 1907) қылмыстық жолмен бұзып, Ипра маңында химиялық қару — газ қолданды, ол кейін *«иприт»* деп аталып кетті.

Соғысушы одақтардың өз жақтарына жаңа одақтастар тарту жөніндегі күресі жалғаса түсті. Италия Антантаның билеуші топтарының соғыстан кейін Балқаннан территориясын

кеңейту жөніндегі берген уәдесіне сеніп, Антантаға қосылуды дұрыс деп тапты. Германия Сербия мен Греция территорияларының бір бөлігін беруді уәде етіп, Болгарияны өз жағына соғысқа тартты.

**Верден қырғыны және 1916 ж. соғыс қимылдары.** Верден маңында бүкіл 1916 ж. барысында (ақпаннан желтоқсанға дейін) орасан зор шайқас жүріп жатты. Француздар бас қолбасша Ж.Ж. Жоффридың «Қасық қаның қалғанша шайқас!» деген бұйрығын орындады. Бір жылда «верден қырғынында» 1 млн. аса солдат қаза тапты.

Герман армиясының Верденге қысымын әлсірету мақсатымен француздар немістердің Сомма өзенінің жағалауындағы қорғаныс шебін бұзуға әрекет жасады. Соммадағы шайқас бүкіл күз бойына созылды. Бұл жерде ағылшындар алғаш рет танкілер қолданды. Бұл болат эзирейілдер неміс солдаттарына психологиялық әсер етіп, шабуылдың табыстылығын қамтамасыз еткенімен, жалпы стратегиялық жағдай өзгермеді.

**1916 ж. жазында Шығыс майдандағы шабуыл табыстырақ болды.** Генерал А.А. Брусилловтың әскері Галицияда австрия майданының шебін бұзып өтті. Брусиллов шабуылы Австрия-Венгрияны әскери талқандамағанымен, ағылшын-француз әскерлеріне Верден түбі мен Соммада табан тіреп тұруға көмектесті.

1916 ж. соңында Еуропада соғыс қимылдарындағы стратегиялық бастама Антантаға көшті. Таяу Шығыста ағылшын-француз әскерлері Туркияға қарсы шабуылды өрістетті. Германия Африка мен Тынық мұхиттағы барлық отарларынан айырылды. Оларды Ұлыбритания, Франция және Жапония басып алды. Германияның Ұлыбританияға беттеген кез-келген кемелерге шексіз су асты соғысын жариялау туралы торыққаннан шыққан шешімін осы сәтсіздіктермен ғана түсіндіруге болады. 1917 ж. герман сүңгуір қайықтары 2700 ден астам кемені суға батырды. Бірақ шексіз су асты соғысының басталуы Германияға тағы да бір жау шығуына алып келді – 1917 ж. сәуірінде АҚШ Германияға соғыс жариялады.

**Соғысушы елдердің ішкі жағдайлары.** Барлық соғысушы елдерде соғыс бүкіл материалдық және адам қорларын жұмылдырды талап етті. Үкіметтер халыққа «Барлығы да жеңіс үшін!», «Барлығы да майдан үшін!» деген ұран тастады. Соғыс әрекеттеріне жаппай қолдау табу және ұлттық бірлікке жету үшін билеуші топтар коалициялық үкіметтер құрды.

Бірақ соғысушы елдердің ішкі саясатының басты белгісі өндіріске, тұтынуға, жалпы қоғамға мемлекет тарапынан бақылау мен реттеуді бұрын болып көрмеген жағдайда күшейту болды. Үкіметтер мен өнеркәсіптік буржуазияның әрекеттерінің арқасында *әскери-мемлекеттік корпоративтік капитализм* қалыптасты. Шикізатты, материалдарды, адам ресурстарын жұмылдыру мен бөлуді, әскери-техника, қару-жарақтардың өндірілуін басқаратын арнайы комиттер құрылды. Азық-түлік өндірісі төмендеді. Барлық жерлерде азық-түлік бөлудің карточкалық жүйесі енгізілді.

Жұмыс күнінің 12 сағатқа, тіпті одан да көп уақытқа ұзартылуы, қанаудың күшеюі және еңбекшілердің тұрмыс жағдайының нашарлауы; екінші жағынан, корпорациялардың пайдасы мен әскери алып-сатарлардың табысының артуы, коррупция және демагогия соғысушы екі одаққа кіретін барлық елдерге тән ортақ құбылыстар еді. «Жау бейнесін» жасай отырып, үкіметтер «жау» елдерден шыққандарды арнайы лагерлерге қамады. Саяси бостандықтар мен құқықтар қатаң шектелді немесе соғыс кезеңдерінің заңдары негізінде мүлдем жойылды.

Соғыстың бастапқы кезеңінде кептеген елдердің үкіметі отанды қорғау ұранымен халықтың кепшілігін соғыс әрекеттеріне қолдау көрсетуіне жетісті. Соғыстың созылуы мен өмір сүрудің қиындығына байланысты халықтың наразылығы күшейіп, олар кептеген ереуілдер мен соғысқа қарсы шығу әрекеттерінен көрініс тапты. Азаматтық бітімге қандай әрекет жасағанымен де қол жетіспеді. Бұл жөнінен 1917 ж. шешуші болды. Антанта мен Төрттік одақтың барлық елдерінде наразылық ереуілдер мен соғысқа қарсы толқуларға ұласты, ол армияны да шалды.

**Ресейдегі 1917 ж. революция және Брест бітімі.**

«Жоғарыдағылар» мен патшалық тәртіптің дағдарысы, бейбіт халық бұқарасы мен солдаттардың жаппай кетерілісі 1917 ж. ақпанда патшаның тақтан бас тартуына әкеп соқты. Билікті қолға алған Уақытша үкімет соғысты жалғастыра берді. Елде саяси бостандықтар берілгенімен, жұмысшылар мен шаруалардың өмір сүру жағдайын жақсарту мен реформалар жүргізу (оның ішінде аграрлық реформа) жөніндегі талаптар қанағаттандырылмады. Ресейдің алдында екі жолдың бірін не реформалар жасау мен соғыстан шығу, не революцияны таңдау тұрды.

Уақытша үкімет ұйымдастырған жазғы шабуыл ойлағандай нәтиже бермеді, керісінше, жағдайды шиеленістіре түсті. Жаңа, 1917 ж. қазандағы болған, революция уақытша үкіметті құлатты. Билік В.И Ленин бастаған большевиктердің қолына көшті. Кеңес үкіметі соғысушы елдерді соғысты тоқтатып, бітімге келуге шақырды. Бірақ бұл үндеуді олар қабылдамай тастады. Кеңестік Ресейді дүниежүзілік революцияның тірегі деп есептеген большевиктер армияның қалжырап, майданың күйреген жағдайында біржақты бітім жасауға бар күшін салды.

Ұзаққа созылған келіссөздерден соң **1918 ж. 3 наурызында** кеңес үкіметі әділетсіз, тонаушы *Брест бітіміне* қол қойды. Оның шарттарына сәйкес Ресей жерінің біразынан айырылды, ол жер Германияға өтті, орасан көп мөлшерде контрибуция төленді. Бірақ бітім үшін кеткен шығын күткендей қорытынды бермеді. Антанта елдері Кеңестік Ресейге қарсы интервенция ұйымдастырды. Елде азамат соғысы басталды.

**Батыс майданындағы 1918 ж. соғыс қимылдары.** Батыс майданында соғыс қимылдары жалғаса берді қантөгіс шайқастар позициялық ұрыстармен алмасып тұрды. 1917 ж. сәуірінде француз қолбасшысы Нивель Аррас пен Рейн маңында 100 аса дивизия, артиллерия, танктер, самолеттер қатысқан күшпен күшті шабуыл ұйымдастырды. Ұрысқа үсті-үсті жаңа дивизиялар салынғанымен, бұл шабуыл немістердің шебін бұза алмады. Бұл көп адам құрбан болған сәтсіз шабуылда француздар "*нивель қырғыны*" деп атады.

Камбр маңындағы 1917 ж. қазанында болған шайқаста ағылшындар тұңғыш рет жаппай танк (шамасы 400) шабуылын қолданды. Немістер де соғыс жаңалығын қолданды. Бірінші рет жаяу әскер соғысқа жаңа қару миномет оғының астымен кірісті. Италия әскерлері тағы да сәтсіздікке ұшырады. 1917 ж. қазанындағы итальян әскерлерінің **Капоретта** түбегіндегі жеңілісі Италияда осы уақытқа дейін италия тарихындағы "жазылмас жара" және орны толмас апат деп есептелінеді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс барысында ғылым мен техниканың ең соңғы жетістіктері мен жаппай қырып жоюдың құралдары — тез атылған құралдар, пулеметтер, артиллерия, танктер, самолеттер, дирижабльдер, бомбалар, от атқыштар, газдар мен уландырушы заттар қолданылады. Сол себепті соғыс барысындағы құрбандардың саны бірнеше ондаған миллиондап есептелді.

**Төрттік одақтың жеңілуі. Революциялар. Уақытша бітім.** Германияның әскери басшылығының 1918 ж. көктемі мен жазында Марна өзенінде күшті шабуыл операциясын жасау арқылы тікелей Парижге шығу, сөйтіп соғыс барысында өзіне пайдалы өзгерістер жасауды көздеген жанталасқан әрекеттері және Амьен түбегіндегі сәтсіз шабуыл елдің материалдық және адам резервтерін түпкілікті сарықты. Германия бұл шайқастарда 800 мыңнан астам солдаттарынан айырылды. Антанта күштері АҚШ соғысқа кіріскенен кейін Германия мен оның одақтастарының күштерінен әлдеқайда артық болды. АҚШ соғыс қимылдарының Еуропа театрына бірнеше жүз мың әскер жіберді, бұл күштер соғыстан шыққан Ресей күштерінің орынын жапты.

Германия және онымен одақтағы әріптестерінің жеңілетіндегі айдан айқын болды. Қыркүйекте Антанта әскерлерінің шабуылы басталды. Герман майданы бұзылды. Одақтастары да соғыстан шықты. Қыркүйекте Болгария, қазанда Осман империясы уақытша бітімге қол қойды.

1918 ж. 5 қазанында Германия үкіметі америка президенті Вудро Вильсонға **1918 ж.** қаңтарында бейбітшілік бағдарламасы ретінде Вильсон ұсынған "**14 пункттің**" негізінде уақытша келісімге қол қоюға өтініш білдірді.

Вильсонның бағдарламасы Кеңестік Ресейде қабылданған бітім туралы декретке және көптеген елдердегі соғысты тоқтату туралы талаптарға жауап ретінде жарияланған болатын. Ол большевиктердің империалистік соғысты азаматтық соғысқа айналдыру туралы үндеулеріне қарсы бағытталды. Бұл бағдарламада бітім туралы ашық келіссөздер жүргізу, суда жүзу мен сауда жүргізу еркіндігі, қару-жарақты қысқарту, Германияның барлық басып алған жерлерін азат етуі, қираған империяның қарамақтарында болып келген кейбір елдерге тәуелсіздік беру, бейбітшілікті сақтап тұратын халықаралық ұйым — **Ұлттар Лигасын** құру көзделген болатын.

**1918 ж. қарашада Германияда революция басталды.** Монархия құлатылды, Вильгельм II Пелден қашты. 9 қарашада *Германияда республика жарияланды.*

Революциялық дағдарыс Австрия-Венгрияны да қамтыды, небәрі санаулы күндердің ішінде империя құлады. Революцияның барысында екі елде де монархия құлатылды. Тас-талқаны шыққан империя көлемінде бірнеше мемлекет шаңырақ көтерді: Чехословакия республикасы (бұрын жарияланған Чехия мен Словакия республикалары бірікті, Сербтердің, хорваттардың және словендердің корольдігі (кейінірек Югославия корольдігі). Осман империясының ыдырауы тездеді, Түркияда революция басталды.

**1918 ж. 11 қарашасында** таңертенгі сағат 11-де Компьен орманында Ретонд станциясында тұрған француз маршалы Фоштың штабтық соғыс вагонында Германияның жаңа республикалық үкіметінің өкілдері тізе бүгу туралы шартқа қол қойды. 1918 ж. қарашасында кеңес үкіметі Брест бітімін жаратпай тастады.

Германияның тізе бүгуі туралы құжаттан: "...6 сағат ішінде құрлықта және әуеде соғыс кимылдарын тоқтату, басып алған елдерден: Бельгиядан, Франциядан, Люксембургтан және Эльзас-Лотарингиядан 15 күн кешікпей кету, соғыс құралдарын (зеңбірек, пулемет, аэроплан, сүңгуір қайықтар, крейсерлер) тапсыру, соғыс кемелерін тұтқындау және т. б.

Көрініп тұрғандай, герман әскерлерін Ресей жерлерінен әкету қарастырылмаған.

**Бірінші дүниежүзілік соғыстың қорытындылары.** Бірінші дүниежүзілік соғыс еуропа өркениетінің терең дағдарысқа ұшырағандығының көрінісі болды. *Ресей, Германия, Австро-Венгрия және Осман империяларының күйреулері; революциялар барысында жаңа мемлекеттердің құрылуы, көптеген елдердегі әлеуметтік сілкіністер*— міне, мұның барлығы соғыстың тікелей салдары еді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс адам баласының бүкіл тарихындағы ең қырғын, жойқын соғыс болды. Соғысқа халқының саны **1,5 млрд жететін 33 мемлекет** тартылды. Шайқастарда **10 млн адам** опат болып, одан екі есе көп адам жарақат алды. Соғыс шығындары мен қиратулар сол кездегі бағамен **300 млрд долларға** тең болды. Мыңдаған калалар мен селолар, тұрғын үйлер мен мәдениет, оқу, денсаулық ошақтары, кәсіпорындар мен мекемелер қиратылып, көптеген ауыл шаруашылық жерлер қаңырап бос қалды, миллиондаған адамдар баспанасынан, мал-мүлкінен айырылып, азаматтықтарын және кәсіби мамандықтарын жоғалтып, жұмыссыз қалды, азу-тозғынға ұшырады. Соғыстың моральдік және әлеуметтік зардаптарын ешбір өлшеп, мөлшерлеу мүлдем мүмкін емес.

Тапсырма: Кестемен жұмыс

## 11 тақырып Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері

**Сабактың оқу мақсаты:**

**Бағалау өлшемдері:**

1. Антика дәуірінде империялардың пайда болуының себептері мен салдарларын негіздейді.
2. Дәйекті қорытындылар жасай отырып, араб шапқыншылықтары мен мен крест жорықтарының себептерін анықтайды.

**Наполеонның жаулаушы жорығының Еуропадағы индустриалды қоғамның қалыптасуына ықпалы.** 1799 жылғы 18 брюмердегі (9-10 қараша) мемлекеттік төңкеріс Ұлы француз революциясына соңғы нүкте қойды. Мемлекет басында Наполеон Бонапарт тұрған консул режімі енгізілді. 1804 жылы консулдың орнына **Бірінші империя** келді, **Наполеон империтор** болып жарияланды.

Наполеон Францияны әлемдегі жетекші мемлекетке айналдыру мақсатында, әсіресе бірінші кезекте Еуропа елдері арасында үстемдігін арттыру үшін сыртқы саясатта басқыншылық соғыс жүргізді. Бұл Еуропалық державалар мен халықтар тарапынан қарсылық тудырды. Сондықтан да Еуропа саясаты Наполеонның 1799-1815 жылдары аралығында жасаған жорықтарын Францияның Еуропада жеке үстемдік жасау мақсатында болған деп қаулы қабылдады.

Наполеонның жаулап алу жорықтары Франциядағы капиталистік дамуды жеделдетті. Наполеонның жаулап алу жорықтары экономикалық қорды қажет етті. Үкімет елдегі кәсіпкерліктің дамуына мүмкіндік жасады. Ірі буржуазияға пайдалы мемлекеттік тапсырыстар беріле бастады. Наполеон елдің қаржылық жүйесінде реформалар жүргізді. 1800 жылы француз банкі құрылып, жаңа ақша бірлігі – франк енгізілді.

1804 жылы Азаматтық кодекс (заңдар жинағы) немесе Наполеонның кодексі жарыққа шықты. Онда классикалық буржуазиялық модельдегі меншік қатынастары, мұрагерлік құқық, әйелдердің ерлерге, жалдамалы жұмысшының қожайынға қатынастары бекітілген. Кодексте азаматтардың заң алдында тең екені, тұлғалар еркіндігіне, мүлкіне, ар-ұят бостандығына қолсұғылмаушылық көрсетілген.

XIX ғ. алғашқы он жылдығында француз экономикасының барлық саласы күрт дамыды. Әсіресе өндіріс қатты қарқын алды, мануфактурамен қоса, өндірістік машиналар да қолданысқа енгізілді. 1812 жылы тек тоқыма өнеркәсібі бойынша ғана 200-ден астам фабрикалар жұмыс істеп тұрды. 1800-1811 жылдар аралығында Лионда мата өндіру үш есеге артты. Бұл машиналарды қолдану арқасында болған жетістіктер еді. Жылдам даму тек жеңіл ғана емес, ауыр өнеркәсіпте де көрініс берді.

Айтарлықтай даму Францияның ауылшаруашылығында да орын алды. Наполеон шаруалардың революция жылдары қол жеткізген жерлерін кедергісіз пайдалануына мүмкіндік беретін шарттарды бекітіп, реттеп берді. Бұл өз кезегінде жерді пайдалануды тиімді етті; мал басының өсіп, ауылшаруашылығында тауар санының артуы Францияның ішкі нарығының дамуына ықпал етті. Еуропа елдерін бағындырып, жаңа жерлерді жаулап алған Наполеон ол аймақтарды Францияның тауарын өткізетін аймақтарға айналдырды. Бұған 1806 жылы Наполеонның Англияға енгізген континенттік блокада саясаты етті. Нәтижесінде ағылшын өндірістік тауарларына Еуропа нарығы жабық болды. Мықты бәкелесінің жолын жапқан француз экономикасы өз дамуында жаңа қарқын алды.

Жаулап алу жорықтары Францияның ресурстары мен күшін арттырды. Франция жаулап алған жерлері мен елдерін тонап, контрибуция алып, бағынышты елдерге, әскери континеттерге өзіне тиімді кедендік бағалар белгілеп, өз пайдасын еселеп арттырып, қазынасын толтырды.

Буржуазиялық Францияның жаулап алу жорықтары феодалдық Еуропаға айтарлықтай ықпалын тигізді. Қақтығыстар феодалдық қатынастарды ыдыратып, капитализмнің дамуын тездетті.

1811 жылы Француз империясы үлкен аймақты иеленген ерекше қуатты мемлекетке айналды. Бағынышты елдер мен одақтас мемлекеттерді қосқанда оның ықпалы бүкіл Батыс және Орталық Еуропаға дейін жүріп тұрды. Францияның бәсекелестері теңіз жағынан Англия, құрлықта Ресей ғана болды. Буржуазиялық Францияның жаулау жорықтарында

жеңіске жету себептері құрлықтағы Еуропада оған қарсы шыққан мемлекеттер, негізінен, нашар жасақталған, аз санды әскері бар феодалдық монархия мен шаруа-помещиктер еді. Францияның әскери жеңістеріне Германия мен Италияның саяси бытыраңқылығы да өз әсерін тигізді. Оның шегарасында күшті ұйымдасқан мемлекеттер болған жоқ.

Наполеон жаулап алу жорықтарының кезінде Франция шегарасын айналдыра қуыршақ мемлекеттерді құрып, олардың басына өз туыстарын отырғызып қойды.

Француз билігі жаулап алған елдерінде буржуазиялық реформалар жүргізді. Француз әскерлері басып алған аумақтарда Наполеон кодексі енгізіліп, феодалдық тәртіп жойылды. Өндірісте капитализмнің дамуы цехтардың жойылуына әкелді. Шіркеу мен алпауыт жер иеленушілердің жерлерінің төмен бағада сатылуы жергілікті буржуазияның капиталын арттырды. Осы себепті капиталистік өндірістің дамуына мол мүмкіндік ашылды.

Наполеонның Рейн одағы мен Вестфаль корольдығын құруы, қоғамдағы діннің ықпалын азайтуы, Азаматтық кодекстің енгізілуі Германияда саяси өзгеріс орнатты. Осының нәтижесінде 200-ден астам ұсақ елге бөлінген неміс халқының басы бірігіп, біртұтас мемлекет болып қалыптасты. Наполеонның кодексі енген Италияда шаруалардың бұған дейін сақталған басыбайлылығы біржола жойылып, жер иеленушілердің заңдары орнады. Наполеонның ішкі шегараларды жойып, бірыңғай заң жүйесі мен жалпы әскери бағыныштылықты енгізуі Италияның да біртұтас мемлекетке айналуына жол ашты. Германияға, Бельгияда, Италияда француздардың үстемдік құруы жергілікті феодалдық аксүйектердің билігін шектеді. Испанияда феодалдардың ұйымдары тоқтатылып, шаруаларға міндеттеген бірқатар борыштар алынып тасталды. Герцогтік Варшавада шаруалардың басыбайлылығы жойылып, Наполеонның кодексі енгізілді.

Наполеонның жаулап алған елдерінде феодалдық тәртіптің жойылуы оң өзгерістерге ықпал етті, капитализмнің дамуына жол ашты, абсолюттік режимнің әлсіреуіне әкелді.

**Еуропада либералдық қоғамдық идеяның таралуы.** Еуропада капитализмнің дамуына жол ашқан Наполеонның жаулап алу жорықтары Еуропа мемлекеттеріне аксүйек буржуазия мен интеллигенцияға басымдық беретін либерализм идеясының (лат. *liberalis* – еркін) кең таралуына ықпал етті. Либерализм мемлекет тарапынан болатын барлық шектеулерге азаттық ұранын ұстаным етті. Ол шексіз билік иеленген монархтар билігіне және католиктік шіркеуінің жоғары тармақтарына қарсылықтан туындады. Либерализм монархтардың құдіретті билік жүргізуіне қарсы болды және дін жалғыз ақиқат көзі деген ұстаныммен келіспеді. Оның орнына либерализм мынадай өз принциптерін ұсынды:

- адамның жаратылыс берген табиғи құқықтарын сақтау (өмір сүру құқығы, бостандық пен меншік);
- еркін нарықтық экономика;
- тұрғындардың азаматтық құқығына кепілдік;
- заң алдында барлық адамдардың теңдігі;
- парламентаризмді дамыту;
- мемлекет атқаруы тиіс міндеттер: сыртқы қауіптен шегараны қорғау, мемлекет ішіндегі әлеуметтік тәртіпті қолдау, жекеменшікті қорғау;
- мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы, сот қызметтеріне бөлу;
- үкіметтің халық алдындағы жааупкершілігі.

XIX ғ. ортасында либерализм қоғамда маңызды көзқарасқа ие болып, адамдардың жағдайын жақсартатын ауқымды қалыптасқан әлеуметтік теорияның негізі болып саналды. Либералдар революциялық міндеттерді реформа әдістерімен шешуге ұмтылды. Олар жалпыхалықтық сайлау, мемлекеттік істерді шешуде халықтың қатысуы, жергілікті биліктің дербестігі, әйелдер теңдігі, алқабилер соты, салықты тең бөлу, сөз бостандығы, ар-ұят, еркін бас қосулар үшін күресті.

Батыс Еуропадағы жетекші мемлекеттерге таралған либералдық идея индустриалдық қоғамның қалыптасуы мен дамуына ықпал етті. Либералдар феодалдық тәртіптің жойылуына монархияның шектелуіне және парламенттік басқарудың енуіне қол жеткізді.



XIX ғ. ортасындағы либерализм теориясының көрнекті өкілдерінің бірі ағылшын философы және экономисі *Джон Стюарт Милль* болды. Ол *азаматтық қоғамдағы істерге мемлекеттің араласпауы қажет* деген либералдық принципке сүйеніп, осыған орай өз дәйектерін келтірді:

- Жекетұлғалар өздеріне қатысты барлық істерді үкіметке қарағанда қашанда жақсы атқарады.
- Еркін қауымдастықтар арқылы үлкен өндірістерді жекетұлғаларға басқаруға беру аса ауқымды қаржы мен жекетұлғалардың ой-өрісін өрістетіп, қабілетін арттырып, жан-жақты болуына септігін тигізеді. Үкіметтік қызмет барлық уақытта және барлығына бірсарынды болады.
- Егер үкімет қоғамның алуан түрлі талаптарын орындауды мойнына алса және қызметке нағыз қабілетті адамдарды тартса, онда мемлекетте алуан түрлі бюрократия қалыптасып, оған елдегі барлық интелегенция шоғырланды... ал қоғамның қалған бөлігі ... (бюрократиядан) қалай және не істеу туралы кеңестер мен нұсқаулар күтеді, - бұл жағдайда қоғамдағы ең қабілетті әрі әділетті мүшелер бюрократия қатарына қабылдануға талаптанады. Нәтижесінде қоғам ең қабілетті бюрократиялық корпорацияға айналады, сөйтіп, қоғамның бір бөлігі басқаларды басқарып, жұмыс істеген секілді қалыпты әдетке айналдырады.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Наполеонның басып алу жорықтары Еуропаға қалай әсер етті?
2. Еуропаға таралған либералдық қоғамдық идеяның себептерін атаңдар.
3. Либералдық қозғалысқа қатысушылар қандай мақсат қойды?
4. Либералдар өз күресінде қандай әдістерді қолданды?

#### **Бағалау дескрипторлары:**

1. Мәтінді оқыды.
2. Сұрақтарға жауап береді.
3. Хронологиялық кесте жасайды.

## **12 тақырып**

### **Буржуазиялық революциялар – индустриалды қоғамның құрылуының катализаторы**

**Сабақтың оқу мақсаты:** 10.3.3.1 аграрлы қоғамнан индустриалды қоғамға өту заңдылықтарын тұжырымдау

#### **Бағалау өлшемдері:**

1. Антика дәуірінде империялардың пайда болуының себептері мен салдарларын негіздейді.
2. Дәйекті қорытындылар жасай отырып, араб шапқыншылықтары мен мен крест жорықтарының себептерін анықтайды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуын Еуропа халықтары тыныштық өмірге оралу жөніндегі үмітпен қарсы алды. Бірақ соғыстан кейін бейбіт өмірге өту жеңімпаздар үшін де, жеңілген елдер үшін де қиын да ұзақ процесс болып шықты. Соғыс көптеген елдерді жұтатты. Еуропадағы соғыстан бұрынғы экономикалық, саяси жүйелерді күйретті. Алда халықаралық деңгейде күштердің жаңа арақатынастарын реттеу, халықаралық қатынастар жүйесін құру, жеңген және жеңілген елдер арасындағы қалыптасқан қатынастарды бекіту міндеттері тұрды. Бұл маңызды мәселелер соғыстан кейінгі бейбіт реттеулер барысында шешімін тапты.

Соғыс және экономикалық қирау саяси дағдарыстар мен революциялық процестерге әкеліп соқтырды. Еуропа революцияларының басы Ресейдегі 1917 ж. Ақпан және Қазан революциялары болды

Жеңімпаз елдер — Ұлыбритания, Франция, Италия, АҚШ, Жапонияда революция болған жоқ, бұл елдер үшін революция уақыты өтіп кеткен еді.

Революция Ресейде және жеңіліс тапқан елдер — Австро-Венгрияда, Түркияда болды. Бұл елдерде шешімін таппаған мәселелер жеткілікті болатын. Соғыстың басты салдарларының бірі — ол күйреген Австро-Венгрия, Ресей және Осман империяларының негіздерінде *жаңа мемлекеттердің құрылуы* болды.

"Бұқара және бұқаралық қозғалыстар ғасыры" — басталған жаңа дәуірдің маңызды ерекшеліктерінің бірін осылай атауға болады. Жалпыға бірдей сайлау құқы мен демократиялық бостандықтар жүйелерінің дамуы орасан көп халық бұқарасының бұрын болып көрмеген кең көлемде саяси өмір мен саяси күреске араласуына мүмкіндік туғызды. Қоғамдық процестерге сол кездің өзінде "бұқара ғасыры", "тобырлар ғасыры" деген айдар тағылған болатын. Қалың халық бұқарасының ұйымдасқан немесе стихиялық түрдегі саяси-әлеуметтік қозғалыстарға қатысуы, әрине, прогрессивтік құбылыс болды. Бірақ бұл құбылыстың екінші, жағымсыз жақтары бар еді. Саяси және экономикалық сілкіністер жағдайында идея фанатиктері мен алаяқ-саясаткерлердің "тобыр билігін" пайдаланып кету, халықтың эмоциялық еліктегіш бөлігін кертартпа қозғалыстарға тарту қаупі гөнді.

Мұндай бағыттар үшін Еуропа қоғамында негіздер жеткілікті еді. Соғыс кезіндегі қиыншылықтар мен ауыртпалықтар ондаған миллион адамдарды, ең алдымен қала тұрғындарын — жұмысшыларды, қызметкерлерді, саудагерлерді, қолөнершілерді, халықтың басқа да әлеуметтік топтардың жұтатып, қайыршылық пен аштыққа соқтырды. Соғыста аман қалып, майданнан оралған солдаттардың жағдайлары да оңай болмады. Еуропа елдерінде халықтың арасында едәуір мөлшерде тапсызданған және қайыршылық күйге түскен адамдар көп болды. Олар теңестіру туралы әлеуметтік демагогияларды, утопиялық идеяларды, ұлттық ерекшелік, ұлтшылдық пен шовинизмнің басқа да шектен тыс ұрандарын қабылдауға аса сезімтал болды. Халықтың бұл маргиналдық топтарын бұзақылық әрекеттерге үгіттеу өте оңай еді. Сондықтан да олар көбінесе *солшыл радикалдық* немесе *оңшыл радикалдық* қозғалыстар мен партиялардың әлеуметтік негізіне айналып отырды.

**Жаңа идеялық-саяси ағымдар.** Бұрын еуропалық елдерде *либерализм, консерватизм, социализм* және олардың түрлі ағымдары үстемдік етсе, Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін жаңа қозғалыстар мен партиялар қалыптасты.

Соғыс жылдары ІІ Интернационал ыдырап, социалистік партиялар "үй-үйлеріне" тарады. Жік солшыл радикалдық қозғалыстардың белсенділенуі мен *коммунистік партиялардың* құрылуына байланысты тереңдеп, ұйымдастырушылық жағынан рәсімделді. Соңғылары 1919 ж. Ресей коммунистік партиясының басшылығымен *Коммунистік Интернационалға* бірікті. Коминтерн Кеңестік Ресейдің материалдық және ұйымдық көмегіне арқа сүйеді және ұлттық партияларды (секцияларды) дүниежүзілік социалистік революция мен әлеуметтік әділеттікке жетудің ортақ мақсаттары негізінде біріктіретін біртұтас тәртіпті халықаралық саяси партия ретінде әрекет жасады. Олар билік жүргізуші либералдық-демократиялық режимдерге оппозицияда болды. Коммунистік партиялардың мүшелерінің саны 1929 ж. дүниежүзі бойынша 0,8 млн адам болды.

Өз кезеңде халықаралық социалистік қозғалыстың реформистік орталығы да қалыптасты. Социалистік және социал-демократиялық партиялар *Жұмысшы Социалистік Интернационалды* қайта жаңартты, ол да ұлттық секцияларды біріктірді, бірақ оларға қатаң тәртіп пен өз шешімдерінің міндеттілігін таңбады. Социалистік партиялардың қатарында 6 млн аса мүшелері болды, социалистер басқа партиялармен одақтасты, кейде үкіметтерді де басқарды. Олардың социалистік мұратқа жету жөніндегі көзқарасы коммунистердікінен басқаша болды, олар парламенттік-либералдық-демократиялық құрылысты революциялық

жолмен қирату теориясын қабылдамады, социализмге реформалар және меншік қатынастары мен билік институттарын біртіндеп өзгерту арқылы жетуге болады деп есептеді.

Коммунистер мен социалистердің теке тірестері 20— 30 жж. кейбір елдердегі жағдайларға едәуір әсер етті.

1918—1919 жж. батыстың кейбір капиталистік елдерінде оңшыл радикалдық экстремистік қозғалыс пайда болды, олар жалпы *фашизм* деп аталды.

*Фашизм* ұғымын оңшыл радикализм мен экстремизмнің басқа да түрлеріне (мысалы, Италия мен Португалиядағы Иберия нұсқасы) тарату қабылданған. Германияда бұл идеологияны ұлтшыл-социализм деп атады. Фашистік қозғалыстың басшылары әлеуметтік-демагогияны кеңінен пайдаланды, әлеуметтік әділеттік пен әл-ауқатын көтеруге (әрине, "өз ұлтының") уәде берді, ұлттық сезімге түрткі салып, "жаңа қоғамның" өз нұсқасын ұсынды. Фашизмнің әлеуметтік негізін маргиналдық, қоғамның тапсызданған топтары, тұрмыс халі онша емес офицерлер және үйреншікті ортасынан шығып қалған ұсақ меншік иелері құрады.

Ол кездегі солшыл радикалдық және оңшыл радикалдық саяси қозғалыстар мен партиялар либералдық идеялар мен парламентаризмге утопистік "жаңа әлеуметтік жүйелер" мен мемлекеттік құрылыстың өз жобаларын қарама-қарсы қойды. Оларға биліктің диктаторлық, тоталитарлық формалары мен жеке адамдардың құқықтарына мемлекеттің үстемдігін орнатуға ұмтылыс тән болды.

Екі идеялық саяси ағым мен жүйенің — либералдық-демократиялық және тоталитарлық (солшыл және оңшыл радикалдық нұсқаларында) қақтығысулары Еуропаның 1918—1945 жж. саяси тарихының өзегі болды. Бұл процесс Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі революциялық және әлеуметтік қозғалыстарда, әсіресе Германияда, айқын көрініс тапты.

Тапсырма:

1. Экономикалық және фискалдық саладағы мәселелер
2. Элиталардың қашқақтауы және қарсылықтары
3. Революциялық жұмылдыру
4. Идеология.
5. Қолайлы халықаралық орта

**Бағалау дескрипторлары:**

1. Мәтінді оқыйды.
2. Сұрақтарға жауап береді.
3. Хронологиялық кесте жасайды.

### 13 тақырып

#### IV Бөлім. Мәдениеттің дамуы

##### Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалудағы ЮНЕСКО-ның қызметі

**Сабактың оқу мақсаты:** 10.4.1.2 – ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра нысандар тізімі ескерткіштерінің тарихи-мәдени маңыздылығын анықтау.

**Бағалау өлшемдері:**

1. Қоғамдағы өзгерістерді түсіну үшін «абстракционизм», «модернизм», «постмодернизм», «авангардизм», «футуризм», «кубизм», «сюрреализм», «экспрессионизм», «гиперреализм», «хайтек» терминдерін қолданады;

2. ЮНЕСКО қызметін мысалға ала отырып тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын түсіндіреді;

Ұйым 1945 жылы 16 қарашада құрылды, штаб-пәтері Францияның Париж қаласында орналасқан. Ұйым құрамына әлемнің түкпір-түкпірінде орналасқан 67 бюро мен бөлімшелер кіреді. ЮНЕСКО қаулысы Лондон конференциясында 1945 жыл қарашасында қабылданып 1946 жыл 4-ші қарашасында, қабылдауы туралы қол қойған 20 мемлекет актілерін сақтауға өткізгеннен кейін күшіне енеді. Бүгінгі күні Ұйымға 193 мемлекет мүше. 1972 жылы ЮНЕСКО 1975 жылы күшіне енген Әлемдік мәдени және табиғи мұраларды қорғау конвенциясын қабылдайды, дәл қазір 184 елде бекітілген (КСРО — 1988 жылы). 1999 жылдан бастап ЮНЕСКО-ның бас директоры — Коитиро Мацура. 2005 жылы ол 4-жылдық мерзімге қайта сайланды.

XX ғ. ЮНЕСКО-ның аса мәнді жобалары мыналар: II дүниежүзілік соғыс жылдарында әскери әрекеттерден зардап шеккен кітапхана және мұражай қорларын қалпына келтіру; Азияда, Африкада, Латын Америкасында бастауыш білім беру жүйелерін дамыту; құнды еңбектерді аудару, тікелей байланыстар орнату арқылы Батыс пен Шығыстың арасында мәдени алмасуды дамыту; дамушы елдердегі сауатсыздықты жойып, "негізгі білім беру" жүйесін қалыптастыру (оқу орталықтары Камбоджада, Үндістанда, Таиландта, Оңтүстік Кореяда, Либерияда, Түркияда, сондай-ақ бірқатар, Латын американдық елдерде, Таяу Шығыс елдерінде); өркениет ескерткіштерін сақтау. 1959 ж. ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен Мәдени құндылықтарды сақтау және қалпына келтіру бойынша Халықаралық комитет жұмыс істей бастады.

ЮНЕСКО негізгі мақсаты — бейбітшілік пен қауіпсіздікті елдердің білім, ғылым және мәдениет салаларындағы ынтымақтастығын БҰҰ Қаулысында айтылғандай жалпыға бірдей құрметпен қарап, әділеттілік пен заңдардың орындалуын, адам құқығы, әрі негізгі бостандықтар негізінде барлық елге, түрі-түсіне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан қамтамасыз ету арқылы нығайту.

Мақсатына жету үшін ЮНЕСКО бес негізгі функцияларды жүзеге асырады:

- болашағы бар, келешекте адамзатқа керек білім, ғылым, мәдениет пен байланыс формаларын зерттеу;
- білімді ғылыми зерттеудің нәтижесіне сүйене отырып таныту, алмасу, таратумен айналысу;
- заңнамалық іскерлікпен: ұсыныстарды іске асыруға міндет болатын халықаралық актілерді дайындау және қабылдау;
- мүше-мемлекеттерге «техникалық ынтымақтастық» түрінде жобалар жасау мен дамыту салаларындағы саясатын анықтауда эксперттерінің қызметтерін ұсынады;
- арнайы ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады.

2009 жылдың қазан айына сәйкес ЮНЕСКО ұйымына 193 мемлекет мүше және 7 мемлекет серіктес мүше дәрежелеріне ие.

Білімгерлер! ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы. Оның мақсаты – ортақ құндылықтарды құрметтеуге негізделген жаңа өркениеттер, мәдениеттер мен ұлт арасындағы диалогке жағдай жасау. XX ғ. ЮНЕСКО-ның аса мәнді жобалары мыналар: II дүниежүзілік соғыс жылдарында әскери әрекеттерден зардап шеккен кітапхана және мұражай қорларын қалпына келтіру; Азияда, Африкада, Латын Америкасында бастауыш білім беру жүйелерін дамыту; құнды еңбектерді аудару, тікелей байланыстар орнату арқылы Батыс пен Шығыстың арасында мәдени алмасуды дамыту; дамушы елдердегі сауатсыздықты жойып, "негізгі білім беру" жүйесін қалыптастыру. 1959 ж. ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен Мәдени құндылықтарды сақтау және қалпына келтіру бойынша Халықаралық комитет жұмыс істей бастады. Бүгінде ақпарат пен коммуникация дамуымен ЮНЕСКО ауқымды мәселелермен айналысады. Дүниежүзілік мұра бағдарламасының мақсаты – бірегей деп танылған

нысандарды танымал ету және қорғау. Қазіргі кезде дүниежүзілік мұра тізімінде 1092 нысан бар. Олардың 845 мәдени 209-ы табиғи және 38-і аралас нысан болып табылады. Олар Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенцияға мүше 165 елде орналасқан. Тізімде енгізілген әрбір нысанда сәйкестік номері бар және олар ЮНЕСКО-ның қорғауында. ЮНЕСКО тізімінде Қазақстан Республикасының 5 нысаны бар. Үш нысан тізімге мәдени талаптар бойынша енгізілген. Бұған қоса, 2017 жылғы жағдай бойынша, Қазақстан аумағындағы 13 нысан дүниежүзілік мұра тізіміне үміткерлер ретінде тіркелген. ЮНЕСКО — Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО, АҚШ, Қытай және Ұлыбритания мемлекеттерінің белсенділік танытуымен құрылған ұйым, штаб-пәтері Францияның Париж қаласында орналасқан. Дүниежүзілік мұра бағдарламасының мақсаты – бірегей деп танылған нысандарды танымал ету және қорғау. ЮНЕСКО-ның нысандар тізімінің талаптарына Білім және Ғылыми талаптар жатады. ЮНЕСКО ұйымына 195 мемлекет мүше. Тамғалы петроглиф тас кешені ЮНЕСКО ұйымының қорғауында.

Тапсырма:

1. Әлемнің ең ірі мұражайлары туралы материал іздеп келу.

2. Қазақстандағы жеті кереметі туралы сипаттамасын

-ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра дегеніміз не?

-Бұл тізімге Қазақстанның қандай нысандары енгізілуі мүмкін?

- Бұл нысандар ЮНЕСКО көмегімен қалай сақталады? ....

**Бағалау дескрипторлары:**

1. Мәтінді оқыйды.

2. Сұрақтарға жауап береді.

3. Хронологиялық кесте жасайды.

## 14 тақырып

### Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы

**Сабақтың оқу мақсаты:** 10.4.1.3 әлемнің ең ірі мұражайларын зерттеп, ерекшелік терін анықтау;

**Бағалау өлшемдері:**

1. ЮНЕСКО қызметін мысалға ала отырып тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын түсіндіреді;

2. Әлемнің ең ірі мұражайларының ерекшеліктерін анықтайды.

Бүгінгі таңда әлемде жүз мыңға жуық мұражай бар және бұл көрсеткіш дәл емес, өйткені мерзімді жаңалықтар ашады және қазірдің өзінде жасалынған. Әлемнің әрбір бұрышында, тіпті ең кішкентай елді мекендерде, белгілі бір тақырыпқа арналған жергілікті тарих немесе басқа да мұражайлар бар. Әлемдегі ең үлкен мұражайлар бәріне белгілі: олардың бірінде экспонаттардың ең көп саны жиналған, ал басқалары ауқымы мен ауданын таңдандырады.

**Бейнелеу өнерінің ірі мұражайы**

Егер сіз еуропалық бейнелеу өнерін қабылдасаңыз, онда ең үлкен коллекциялардың бірі Италияның Уффици Галереясында жиналады. Галерея 1560

жылдан бастап Флоренция сарайында орналасқан және әлемнің ең танымал авторларының: Рафаэль, Микеланджело және Леонардо да Винчи, Липпи және Боттичеллидің кенептерінен тұрады.

Пасха ең танымал және бейнелеу өнерінің ең үлкен мұражайларының бірі - **Испаниядағы Прадо**. Мұражайдың құрылуының басталуы 18 ғасырдың аяғында, корольдік коллекцияны актив және мәдениет мұрасы деп ұйғарған кезде, барлық адамдар оны қарауға мүмкіндік береді. Онда Bosch, Goya, El Greco және Velasquez шығармаларының ең толық жинақтары сақталған.

Ірі музейлер арасында **А.С. атындағы бейнелеу өнері мұражайы Мәскеудегі Пушкин**. Француз импрессионистері, батыс еуропалық кескіндеме коллекцияларының құнды жинақтары бар.

### **Әлемдегі ең ірі көркем мұражайлар**

**Эрмитаж** әлемдегі ең ірі көркем мұражайлар арасында ең танымал болып саналады. Тас дәуірінен ХХ ғасырға дейін экспонаттар орналасқан бес ғимараттың мұражай кешені. Бастапқыда бұл голландтық және фламандалық суретшілердің туындыларынан тұратын Кэтрин II-нің жеке коллекциясы болды.

Ең ірі көркем мұражайлардың бірі - **Нью-Йорктегі Митрополит**. Оның негізін қалаушылар өнерді құрметтеген және оның мағынасын білетін бірнеше кәсіпкер болды. Бастапқыда үш жекеменшік жинақ болды, содан кейін көрме тез өсе бастады. Мұражайдың негізгі қолдауын демеушілер қолдайды, мемлекет іс жүзінде дамуына қатыспайды. Бір қызығы, әлемдегі ең ірі мұражайлардың бірі номиналды ақы алуға болады, тіпті ақшасыз кассаға билет сұраңыз.

Экспонаттар саны бойынша және әлемнің ең ірі мұражайларының арасында, сондай-ақ, иеленген аудандарда оның мақтанышы **Қытайдағы Жоғын және Каирдегі Египет мұражайлары**. Гугун - сәулет-мұражай кешені, ол Мәскеу Кремльден үш есе асады. Әрбір мұражайдың өзіндік тарихы бар және туристердің назарына лайық.

Лувр – қайталанбас өнер туындыларын тамашалу үшін халық ең көп жиналатын Францияның ұлттық мұражайы. Сонымен қатар Лувр Еуропадағы ең тұңғыш мұражай болып табылады. Мұражай Сенаның оң жақ жағалауында, Париждың орталығында орналасқан.

Луврдың негізі ғимараты ХІІ ғасырда тұрғызылған Франция королі ІІ Августтың қамалы болып табылады. Ал мұражайдың ашылуы Француз революциясы етек алған тұсқа, яғни 1793 жылмен тұспа-тұс келеді. Луврдың ең танымал құндылықтары ретінде – Леонардо да Винчидің Мона Лизасын, көнегректік Венера Милосская мен Ника Самофракийская мүсіндерін атап өтуге болады

Ұлттық өнер галереясы (Вашингтон, АҚШ)

Бұл көркемөнер мұражайы Вашингтон қаласының Ұлттық саяжолында орналасқан. Аталған галереяда әлемдегі ең үздік еуропалық және америкалық шеберлердің туындылары жинақталған. Мұнда суреттер, графикалар, мүсіндер, акварельдер, фотосуреттер, фарфор және сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын жалықпастан тамашалуға болады.

Уффици галереясы (Флоренция, Италия)

Әлемнің ең таңдаулы әрі ең үлкен көркем сурет және мүсін мұражайы Флоренцияның Уффици алаңында орын тепкен. Мұражайдың суреттер коллекциясы Джотто, Симона Мартини, Леонардо да Винчи, Рафаэлия, Микеланджело және Караваджо сынды әлем мойындаған тұлғалардың туындыларымен толықтырылған. Сондай-ақ, Дюрер, Рембрандт және Рубенс секілді неміс, голланд шеберлерінің жұмыстары қойылған.

Эрмитаж (Санкт-Петербург, Ресей)

Мемлекеттік Эрмитаж – әлемнің ең үлкен мұражайларының бірі әрі бірегейі. Мұражайға әлем мәдениетінің үш миллионға жуық өнер туындылары мен ескерткіштері қойылған. Мұражай 1764 жылы құрылған. Эрмитаждың негізін қалаушы ІІ Екатерина болып саналады. Эрмитаж коллекциясының құрамында: көркем сурет, графика,

мүсін және қолданбалы өнер бұйымдары, археологиялық ескерткіштер, нумизматикалық заттар, асыл тастар жетерлік.

Египет мұражайы (Каир, Египет)

Египет мұражайында көнеегипет өнерінің әлемдегі ең көлемді топтамасы жинақталған. Мұражай тарихы 1835 жылдан басталады. Ал мұражайдың классикалық стильдегі қазіргі ғимараты француз сәулетшісі Марсель Дюонның жобасы бойынша 1900 жылы тұрғызылған. Мұражайда сонау Грек-Роман кезеңінен бергі өнер туындыларының 120000 үлгісі қойылған.

Ватикан мұражайы (Ватикан, Италия)

Ватикан мұражайы – әлемдегі ең үлкен мұражайлардың кешені. Мұражайда 1400 зал бар және онда қойылған 50000 затты көріп шығу үшін 7 км жерді жүріп өту керек екен.

Тапсырма:

1. Мұражай қандай мекеме.
2. Мұражай тарихы алғаш қалай қалыптасты.
3. Мұражай әлеуметтік функциясына қарай қанша түрге бөлінеді?
4. Коллекциялардың тақырыбы мен құрамына қарай мұражайлар қандай топтарға бөлінеді?

**Бағалау дескрипторлары:**

1. Мәтінді оқыйды.
2. Сұрақтарға жауап береді.
3. Хронологиялық кесте жасайды.

## 15 тақырып

### Тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдері

**Сабактың оқу мақсаты:**

10.4.2.2 өнердің стильдері мен бағыттарының дамуына қоғамдық процестердің әсерін анықтау;

10.4.2.3 әлем мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдап, олардың ерекшеліктерін анықтау

**Бағалау өлшемдері:**

1. Әлем мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдайды;
2. Бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін, оның қазіргі қоғамға әсерін негіздейді.
3. Қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын салыстырады.

**Сюрреализм** - тылсым күштер, санадан тыс күштер (фр. Surrealite) –бұл бейнелеу өнеріндегі шынайы өмір мен түстің арасындағы, нақтылық пен санадан тыс болмыстың арасындағы шектерді жоюға ұмтылатын ағым және ол Францияда ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында қалыптасты.

**Сюрреализм өнерінің жалпы ерекшеліктері — абсурд фантастикасы, алогизм, пішіндердің парадоксқа толы нобайлары, көзге көріну тұрақсыздығы, бейнелердің өзгергіштігі. Сюрреалистердің басты мақсаты санадан тыс дүниелер арқылы материалдық және идеалдық әлемнің шектеулі екендігіне бой бермеу болып**

**табылады.** Бұл бағытты ұстанушы суретшілер өздерінің полотноларында түпкі санадағы шынайы болмысты көрсетпейтін өзге әлемді көрсетуге тырысты, алайда іс жүзінде патологиялық ауытқулары бар сүреңсіз бейнелердің пайда болуына алып келді.

Бағдарламалық тұрғыдан біртекті болуына қарамастан, сюрреалистердің туындылары қисынсыз ассоциациялар туындатады. Олар біздің қабылдауымызда жақсылықтың да, жамандықтың да нышаны болуы мүмкін. Сұрықсыз көріністер және идилияға толы ойлар, көндігу мен еліру, шарасыздық және сенім -осы сезімдердің барлығы сюрреалистердің картиналарында көрерменге пәрменді ықпал ете отырып, әртүрлі нұсқаларда көрінеді. Абсурдқа толы және белгілі бір дәрежедегі көңілді көтеретін дүниелер болғанымен, сюрреализмнің кейбір туындылары сананы оятып, қиялды қанаттандыруға қабілетті. Сюрреализм қарама-қайшылықтардан құралған көркем құбылыс болып табылады, бұл белгілі бір дәрежеде оның таралу аясының кең болуын түсіндіреді.

Бұл қозғалыстың көрнекті қайраткерлері — **Андре Бретон** — жазушы, ағымның көшбасшысы мен шабыт берушісі, **Луи Арагон** — сюрреализм негізін қалаушылардың бірі, коммунизм "бұлбұлына" айналған жезтаңдай, **Сальвадор Дали** — суретші, теория маманы, ақын, сценарий жазушы, ол бұл ағымның мәнін «Сюрреализм — бұл мен!» деп айқайлап тұрып түсіндірген, жоғары дәрежелі сюрреалист- кинематографист **Луис Бунюэль**, суретші **Хуан Миро** — оны Бретон мен басқа да әлем суретшілері «сюрреализм қалпағының ең әдемі қауырсыны» деп атаған.

**КУБИЗМ** (франц. cubisme, cube – куб), Францияда 1907 жылы пайда болған өнер бағыты және 1920-шы жылдарға дейін қолданыста болған. 1911–18 жж. өзінің өркендеу шегіне жеткен. Негіз қалаушылар — француз суретшілері **П. Пикассо және Ж. Брак** **Кубистердің туындыларына жазықтықтағы заттар мен «фигуралардың ыдырауы», көзге көрінетін әлем формаларының қарапайым геометриялық денелерге (кубтарға, конустарға, шарға, т.б.) ұқсастырылуы, тура сызықтар мен үшкір қырлардың болуы тән.** Кубизм постимпрессионистердің идеяларына сүйене отырып, өмірге ұқсастықтан бас тарту қағидаттарын жария етті. Бейнелер жекелеген, шынайылықтан жұлынып алынғандай тәсілмен құрылады. Объект бір уақытта көптеген пікірлерге сүйене отырып, көрсетіледі.

. **Кубистер тірі жандар мен заттардың формаларын геометриялық пішінге келтіріп, оларды машиналар мен механизмдердің бөліктеріне ұқсастырып жібереді, ал жансыз заттар керісінше адам кейпіне және мінез-құлыққа ие болады.** П.Пикассо дөңгелек пішінді затты квадрат етіп бейнелеуге болады деген болатын.

### **Импрессионизм, постимпрессионизм**

Импрессионизм — XIX соңғы үшінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы өнердегі бағыт, оның өкілдері нақты өмірдің қозғалысқа және өзгерістерге толы екенін, өмірдің әр сәтін шынайы бейнелеуге тырысқан. Импрессионизм (термин «әсер» дегенді білдіретін француз сөзінен шыққан) 1860-шы жылдары Францияда пайда болды, көркем бейнелеушілер Э. Мане, О. Ренуар және Э. Дега өнерге қала тұрмысының алуан қырлылығын, динамикасы мен күрделілігін, әлемді қабылдаудағы жаңашылдық пен шынайылықты алып келді. Олардың шығармаларына алдамшы теңсіздік, композициялардың үзіктігі, күтпеген ракурстар, фигуралардың рамаға сыймауы тән.

Импрессионистер бейненің шынайылығына қол жеткізуге, көздің нақты уақыт мезетінде көргенін сол күйінде беруге тырысты.

- Олар суретке арқау болған объектінің бөлшектеріне емес, сол мезеттегі оның жарығы мен түсіне көп көңіл бөлген.
- Олар ашық ауада сурет салды, жарық өзгеріп кетпес үшін, оны сол қалпында тезірек көрсетуге ұмтылды.
- Олар уақыт үнемдеу үшін қылқаламдарымен апыл-ғұпыл тез жағып, түстерді араластырылмаған күйінде жиі пайдаланды.
- Олар ерекше визуалды бұрыштарды пайдаланып, жалпы күнделікті заттарды суретке түсірді.



- Суреттерін бояуды сілтей жағу арқылы салды. Импрессионистер өз полотноларында өз жұмыстарын фотографтар қалай атқарса, бұлар да солай дәл мезетті суреттеуге тырысты. Суретшілердің картиналарының сюжеттері маңызды болмады, олар өздері жақсы білетін күнделікті өмірдің реңін айнытпай қайталады: қаланың тар көшелері, жұмыс істеп отырған кәсіпшілер, ауыл пейзаждары, барлығына жақсы таныс ғимараттар, т.б. Олар үшін бастысы -жарық пен көлеңкенің кезектесуі, күн сәулелерінің көзге таныс заттардың бетінде ойнауы.

Тапсырма: кестемен жұмыс

#### **Бағалау дескрипторлары:**

1. Мәтінді оқыйды.
2. Сұрақтарға жауап береді.
3. Хронологиялық кесте жасайды.

## **16 тақырып**

### **Жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы**

#### **Сабақтың оқу мақсаты:**

Өнердің стильдері мен бағыттарының дамуына қоғамдық процестердің әсерін анықтау; әлем мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдап, олардың ерекшеліктерін анықтау

#### **Бағалау өлшемдері:**

1. Әлем мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдайды;
2. Бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін, оның қазіргі қоғамға әсерін негіздейді.
3. Қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын салыстырады.

Жалпы адамзаттық құндылықтар жеке тұлғаның бойында өмірге келген сәтінен бастап бірге дамиды, жасы ұлғайған сайын қоршаған ортасына сәйкес бірге қалыптастады. Тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған идеалдар *құндылықтар* деп қарастырылады. Оларға: шындық, қайырымдылық, тұлға, бостандық, махаббат, шығармашылық және т.б. жатады. Құндылықтар идеалдарды қабылдау немесе қабылдамау сезімі арқылы айқындалып, ақыл-ой, сана арқылы қабылданады, құрметтеу, қошаметтеу, қабылдау тәрізді ұмтылысты білдіреді. Бұл сезім мен ақыл-ойдың ұштасуын және сол арқылы адамның іс-әрекетін белгілейді. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, сана арқылы түсінуге болады. Соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді де, іс-әрекет етеді. Осы аталмыш құндылықтардың бастау көзі халықтың мол мұрасында. Ол мұра – халық пайда болғалы онымен бірге жасасып, бірге дамып келе жатқан құнды дүниелер.

Жалпы адамгершілік құндылықтардың мәні мен мазмұндары көне заманнан бүгінге дейін философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылып, қоғам ерекшеліктері мен сұраныстарына орай талданып, жүйеленіп келеді...

Құндылықтар туралы алғашқы түсінік ежелге грек ғалымы Сократтан бастау алады. Сократ үшін құндылық «адамның өмірді бағалауы» екен. Ал Аристотель «жақсылық», «игілік» ұғымдарын жағымды мінез-құлықты, рухани құндылықты бейнелеуде қолданды. Құбылысты, затты жағымды бағалау адам үшін құнды игілікті түсінуге негізделген. «Ізгілік» сөзі салыстырмалы мағынада белгілі бір жағдайдағы адам үшін жақсылық,

пайдалы нәрсе деп түсіндіріледі. Рухани-адамгершілікке тәрбиелейтін ғылым ретінде этиканы белгілеген. Аристотельдің пайымдауында «этиканың мақсаты – таным емес, ізгілікке үйрету. Этикалық зерттеулер рухани-адамгершілік дегеннің не екендігін білу үшін емес, осы рухани-адамгершілікке жетудің жолдарын үйрету үшін қажет, олай болмағанда бұл ғылымның пайдасы болмас еді» – дейді.

Философ Т.Қ. Ғабитов «құндылықтар – қасиеттер» дей отырып, бұл қасиеттердің бала кезден, ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығатындығын ерекше бағалайды. Яғни, философиялық тұрғыдан алсақ, құндылықтар – адам үшін пайдалы мәнге ие болатындардың барлығы, адамзат қоғамының іргелі дамуы мен адамның жеке тұлғасын жетілдіруге тиімді ықпал ететіндерің барлығы құндылық болып табылады. Психологтар құндылықтарды тұлға аралық қатынас тұрғысынан қараудың өзіндік мәні бар екенін айтады. Құндылық ұғымында құндылық қатынастың объектісі болып табылатын заттардың сыртқы қасиеттерінің сипаттамасы, осы қатынастың субъектісі болып табылатын адамның психологиялық сапалары, құндылықтың жалпы мәнділігін көрсететін адамдардың өзара қарым-қатынасы ұштасады.

Педагогикалық сөздікте «құндылық – адамның ішкі құқығы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін тұрақтылығы, қайырымдылығы, мейірімділік тәрбиесі», – делінген. Сондықтан біз «құндылық» ұғымын адамды тәрбиелеу үшін оның өмір сүруіне ең керекті, маңызды, қажетті, бағалы дүниелердің жиынтығын құрайтын педагогикалық категория ретінде қарастырамыз.

Қазіргі күрделі әрі аумалы-төкпелі заманда құндылықтар жүйесінің алатын орны ерекше. Құндылықтарға бейімделу адамзатқа тән. Болмыс құбылыстарының құндылықтарынсыз әлеуметтік жан иесі ретіндегі адамның іс-әрекетінің де, өмірінің мәні де болмайды.

Өмірдің мәнін түсіну жағымды эмоционалдық жағдай ретінде мақсатқа ұмтылушылықпен, қарым-қатынастағы өз орнын сезінумен, басқа адамдарға деген қызығушылықпен, олармен бірігу сезімімен, белгілі ережелерді ізгілік ережелері ретінде қабылдаумен, болмыстағы өз орнын, арман-тілегін сезінумен қоса жүреді. Мәселен, адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамның, ұжымның, ұлттың, рудың мүшесі ретінде өзіндік ақыл-ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшелігімен көрінуге тырысады. Қоғам мүшелерінің бәріне ортақ біркелкі мінез-құлықтық қасиеттің болуы мүмкін емес. Себебі әрбір адам – өзінше жеке тұлға.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда маңызды тәрбиелік міндеттер: біріншіден, рухани-адамгершілік, руханилық, әсемдік, ақиқат, ізгілік, еркіндік, рахымшылдық, кешірімділік, тәуелсіздік сияқты жалпыадамзаттық құндылықтардың өмірге еркін ене бастауы; екіншіден, жалпыадамзаттық құндылықтармен қатар, ұлттың өз мәдениетін меңгере отырып, әлемдік рухани ынтымақтастық рухта басқа ұлттармен бейбітшілікті сақтау; үшіншіден, оқушылардың белсенді өмірлік позициясын, жан дүниесін адами құндылықтар арқылы рухани-адамгершілік пен руханилықты берік орнықтыру.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды топшылай отырып, біз рухани-адамгершілік құндылықты белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе деп түсіндіреміз. Яғни, рухани-адамгершілік құндылық – адамның ішкі жан-дүние қасиетінің өлшемі адамның жақсылыққа ұмтылуы, басқаларға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымдылығы, өмір сүруге талпынысы, өмірді дұрыс сүру мәселелері жайында ізденуі, өзін-өзі танып, өзін-өзі бағалап, сол арқылы дүниені, әлемді тануы.

Жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру – рухани азғындықтан шығудың ең басты жолы. Осы орайда бүгінгі таңдағы мектептерде жүргізілетін тәрбиенің өзіндік басты мақсаты да осында айқындалып, бағыты белгіленуі қажет.

Сондықтан, қазіргі тәуелсіз елімізде ғасырлар бойы халқымыздың ұлттық санасынан орын алған адамгершілік құндылықтарды, яғни ізгілік, қайырымдылық, адалдық, әділдік, қарым-қатынас сияқты қасиеттерді, қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланыстырып,

жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің қайнар бастауы деп қарастыруға болады. Яғни, «тәрбиесіз қоғам, қоғамсыз тәрбие өмір сүрмейді» деген заңдылыққа сүйене келе, өскелең ұрпақтың бойына қоғам талабына сай адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды мақсат еткен тәрбие процесі ғана уақытпен үндесіп, қоғам мен тәрбиенің өзара байланысын түзеді.

## 17 тақырып V Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері «Экономика» және «экономикалық жүйенің» типтері

### Сабақтың оқу мақсаты:

Экономикалық жүйелердің түрлі типтерінің жіктелуін көрсету, ашу және негіздеу.

### Бағалау өлшемдері:

1. Мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономика» және «экономикалық жүйе» ұғымдарын қолданады;
2. Экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіреді.
3. Өртүрлі мемлекеттердің мысалында экономиканың дәстүрлі (аграрлы) түріне тән белгілерін талдайды.

**Негізгі ұғымдар:** экономикалық жүйе, жүйелік байқау, типология, экономикалық типтердің түрлі типтерінің пайда болуының шарттары және себептері. Экономикалық жүйе – экономиканың белгілі тәртіппен реттелген және өзара байланысты экономиканың элементтерінің қосындысы. Бұл ішкі құрылымы бар күрделі жүйе. Кез-келген экономикалық жүйенің жалпы мәселелері

Өндіргіш күштер		
Табиғи (табиғи ресурстар, адамның мүмкіншіліктері, т.б.)	Қоғамдық(өндіріс құралдары, еңбекті бөлу, т.б.)	Жалпы (ғылым, білім, мәдениет, т.б.)
Өндірістік қатынастар		
Әлеуметтік-экономикалық (жекеменшік қатынастар)	Ұйымдастыру-экономикалық (тәжірибе алмасу, маркетинг, менеджмент т.б.)	Техникалық-экономикалық
Ресурстар	Еңбекті қоғамдық бөлу	Еңбек үрдісі және оның мәселелері
Еңбек, табиғи, өндіріс құралдары, ғылыми-техникалық, білім беру т.б.	Өнім шығаруға өндірістің мамандануы	Еңбек, еңбек құралдары, еңбектің пәні
Өндірістік мүмкіндіктер	Нәтижелер	Тиімділік
Шектеулі ресурстардан таңдау	Материалдық, заттай өнім және қызметтер	Шығындар мен нәтижелердің қатынасы

Кез-келген экономикалық жүйенің жалпы мәселелері

Өртүрлі өлшемдер негізінде экономикалық жүйелер 3-ке жіктеледі.

1-жіктеу – ашықтық дәрежесі бойынша. Ол бойынша:

- а) жабық экономикалық жүйені;
- б) ашық экономикалық жүйені ажыратады:

Жабық экономикалық жүйе – белгілі бір шекте өзінің қызметтік іс-әрекетін шектейтін жүйе.

Ашық экономикалық жүйе - өзінің байланыстарын басқалармен үнемі кеңейтетін жүйе.

2-жіктеу. Екінші жіктеу меншік және экономикалық байланыс қатынасы негізінде болады.

Осы критерийлер негізінде 4 экономикалық жүйені белгілейді:

1. Дәстүрлі;
2. Әкімшіл-әміршіл;
3. Нарықтық;
4. Аралас.

Дәстүрлі жүйеге ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер мен салттар негізінде құрылған қатынастар жүйесі жатады. Нарықтық экономикалық жүйе өндіріс өнімдерінің еркін алмасуына жеке меншікке, еркін баға құрылуына, бәсекеге негізделеді.

Әкімшіл-әміршіл жүйе мемлекеттік меншік, директивті баға құрылуына, орталықтан жоспарлауға негізделеді.

Аралас экономикалық жүйе экономиканы реттеудің нарықтық механизмдерімен мемлекеттік реттеудің қосындысы орын алатын экономикалық жүйе. Аралас құрылымдардың модельдері:

а) Американдық модель кәсіпкерлік әрекетті бүкіләлемдік қолдауға, халықтың анағұрлым белсенді бөлігін байытуға құрылады. Аз қамтылған топтарға жеке төлемдер мен жәрдемақылар арқылы қалыпты өмір деңгейі қамтамасыз етіледі. Модель еңбек өнімділігінің жоғары деңгейіне, жеке табысқа жетуге жаппай бағытталуға негізделеді.

б) Жапондық модель осы елдің тарихи дәстүріне, ұлттың мүддесін жекеден, жоғары еңбек тәртібінен, барлық жаңалықтарға басым қоюға негізделеді.

в) Германдық модельге тән: мемлекеттік меншіктің басымдығы, дамыған басқару құрылымдары. Жеке кәсіпкерлік пен нарықтық механизмдердің жағдайы күшті. Мемлекет келішарттардың сақталуын, өнім сапасын, бәсеке, негізгі құралдар қорғанысын бақылауға алады. Әлеуметтік мәселелерді шешуде ролі зор.

г) Аралас экономиканың шведтік моделі келесідей сипатталады:

- салық салудың жоғары деңгейі, ЖҰӨ 50% құрайды;
- бюджеттің шығындарының басым бөлігі денсаулық сақтауға, әлеуметтік қамтамасыз етуге, білім және мәдениетке жұмсалады.

Мемлекеттің осындай саясатының нәтижесі:

- өте аз жұмыссыздық;
- халықтың ағымдағы табысының біртектілігі;
- әлеуметтік қамтамасыз етудің жоғары деңгейі.

д) Қытайлық модель – бір жағынан нарық механизмімен экономиканың мемлекеттік емес секторының, екінші жағынан жоспарлау негізіндегі мемлекеттік реттеу мен әлеуметтік кепілдіктің үйлесімділігі Қытай экономикасында социалистік үлгінің қалыптасқанын көрсетеді.

3-жіктеу өндірістік революция және қазіргі ГТР критерийлеріне негізделген. Осы жіктеу бойынша 3 экономикалық жүйелер белгіленеді:

- индустрияға дейінгі;
- индустриалдық;
- постиндустриалдық.

Индустрияға дейінгі экономикалық жүйе – ауыл шаруашылығы және ауыл халқы басым, шаруашылықтың дәстүрлі нысандары мен нарықтық еңбек басым болатын экономикалық жүйе.

Индустриалдық экономикалық жүйе – дамыған тауар-ақша қатынастары бар, ірі машиналық өндіріске негізделген жүйе.

Постиндустриалдық экономикалық жүйе - ақпарат бас ресурс болып табылатын экономикалық жүйе, экономиканың жетекші аумағы - өндірістік емес экономика, экономикалық даму мақсаты адамның өзін-өзі іске асыру үшін шарттар құру болып табылады.

Экономикалық жүйенің өндірістік мүмкіндіктері қолданылатын ресурстардың сиректігімен шектелген. Ресурстар шекті болғандықтан, қоғам таңдау жасауға тиіс. Кез-келген қабылданған шешім таңдаудың баламалылығымен байланысты. Баламалы таңдау – белгілі бір критерийлер бойынша мысалы, баламалы құн, яғни, тауарды немесе қызметті таңдау бойынша әрекет аталған тауар немесе қызметті алу үшін кетіретін басқа тауар немесе қызметтің санымен анықталады.

Экономикалық теорияның басты проблемасы – адамзаттың шексіз қажеттілігін қанағаттандыру үшін шектеулі экономикалық ресурстарды мейлінше тиімді пайдалану мәселесін зерттеу болып табылады. Кез-келген экономикалық жүйе экономиканың үш негізгі мәселесін қарастырады: не өндіру керек, қалай өндіру керек, кім үшін өндіру керек? 4.2 сурет.

Экономикалық ресурстар сирек және шектеулі. Нақтылы өнім шығару үшін қандай да болмасын қорды пайдаланған кезде ол қорларды басқа бір тәсілмен игерудің мүмкіндігі жойылады.

Әр экономикалық жүйеде экономиканың үш негізгі мәселесі (не? қалай? кім үшін өндіру керек?) шаруашылық барысында әр түрлі шешіледі. Шаруашылық шығындар мен нәтижелердің тұрақты қатынасын анықтайды.

Нәтижелер мен шығындар экономикада әр түрлі. а) ресурсты (факторлық) тиімділік-нәтиженің өндіріс факторларының бірімен-капиталмен, материалдармен, (еңбек өнімділігі, қор қайтарымы, материал қайтарымы) қатынасы; б) жалпы тиімділік - нәтиженің жалпы ағымдағы шығындармен қатынасы (рентабельділік).

Сонымен қатар экономикалық жүйенің эксплуатациялық шығындарын ажыратады. Кез-келген экономикалық үрдіс – жүзеге асуы трансакциялық шығындармен тығыз байланысқан келісім-шарт сериялары ретінде көрініс табады. Трансакциялық шығындар – меншіктің ерекшелігі мен құқығын қорғауға байланысты, айырбас саласындағы шығындар. Экономикалық жүйе неғұрлым жақсы ұйымдасқан болса, соғұрлым трансакциялық шығындар көлемі аз болады.

## **18 тақырып**

### **Табиғи географиялық факторларға қарай мемлекеттердің шаруашылық мамандандырылуы**

#### **Сабақтың оқу мақсаты:**

11.1.2.1 мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздеу

#### **Бағалау өлшемдері:**

1. Мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздейді.
2. Мемлекеттер мен аймақтардың әрқелкі экономикалық дамуын салыстырады.

#### **Дүние жүзінің шаруашылық географиясы**

Дүниежүзілік шаруашылық ұғымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың қалыптасуы іс жүзінде адамзаттың бүкіл тарихын қамтиды. Ұлы географиялық ашылулардың нәтижесінде халықаралық сауда Еуропа мен Азиядан соң жер шарының басқа да аймақтарын қамтыды. Олардың арасындағы өнім айырбасы дүниежүзілік рыноктың құрылуына әкеліп соқты. Бұл рыноктың мұнан әрі кеңейіп көліктің дамуына мүмкіндік туғызады. Теңіз көлігі барлық материктерді бір-бірімен байланыстырды. XIX ғасырдың екінші жартысында темір жолдардың ұзындығы тез өсіп,

олар континенттердің ішкі бөліктерін байланыстырды, Генрик Гейненің бейнелеп айтқанындай, «кеңістікті өлтірді».

Алайда дүниежүзілік шаруашылықтың қалыптасуындағы басты орын XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Батыс Еуропаның бірқатар елдері мен АҚШ-та оларда өткен өнеркәсіп төңкерістерінен кейін туған ірі машина индустриясына тиді. Демек, дүниежүзілік шаруашылық XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ірі машина индустриясының, көліктің және дүние жүзілік рыноктың дамуы нәтижесінде құрылды. Дүниежүзілік шаруашылықтың географиялық моделі. Бұл модель бірітіндеп күрделене түсуде. XIX ғасырдың аяғына дейін барлық көрсеткіштері бойынша бір орталық – Еуропа басым болды; И.А. Витвердің бұл кезеңді «еуропацентрлік» деп атауы тегін емес. Одан соң дүниежүзілік екінші орталық құрылып, көп кешікпей басты орталыққа айналды, ол – АҚШ. Дүниежүзілік екі соғыстың арасындағы кезеңде дүниежүзілік маңызы бар жаңа орталықтар пайда болды, олар – КСРО мен Жапония. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Қытай, Үндістан, Оңтүстік-Батыс Азияның мұнай өндіретін елдер тобы, Канада, Аустралия, Бразилия секілді орталықтар қалыптаса бастады. Соңғы жиырма жылдықта «төрт Азия жолбарысы» — Корея, Тайвань, Гонконг және Сингапур бастаған ұлттық-интеграциялық елдер дүниежүзілік аренаға шықты. Осының арқасында Азия-Тынық мұхит аймағының дүниежүзілік шаруашылықтағы рөлі бұрынғыдан да өсе түсті. Сөйтіп, қазір дүниежүзілік шаруашылықтың географиялық моделі көп орталықты сипат алып отырады. Таяу уақытқа дейін дүниежүзілік шаруашылық ішіндегі өзара қарым-қатынастар, бейнелеп айтқанда, төрт «полустің» болуына қарай анықталған: капиталистік Батыс пен социалистік Шығыс, «бай» Солтүстік пен «кедей» Оңтүстік. Қазір Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы, өзгертіп айтқанда, «орталық» пен «шет» арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі өсіп келе жатқан алшақтықты негізгі ішкі қайшылық деп есептеу керек. Мысалы, 90-жылдардың басына қарай дүниежүзілік жалпы өнім ішкі өнім мен өнеркәсіптік өнімнің 15%-і ғана және ауылшаруашылық өнімінің 30%-і дүниежүзілік шаруашылықтың бүкіл «шет аймағына» келетін. Жан басына шаққанда жалпы ішкі өнім орта есеппен 1 мың долларға жетпейді, ал Батыстың экономикасы дамыған елдерінде – 14 мың доллардан асады.

Сондықтан дүниежүзілік шаруашылықтың географиялық «моделін» жетілдірудің басты бағыты – оның «шеткі аймақтарын» жедел дамыту болып табылады. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі туралы ұғым. Географиялық еңбек бөлінісі туралы ұғымды терең және жан-жақты зерттеген Н.Н. Баранский оны экономикалық географиялық негізгі ұғымы деп атады. Географиялық еңбек бөлінісі – адам қоғамы дамуының тауарлы өндіріс пен айырбастың өсуіне туатын сөзсіз нәтижесі. Оның сөзсіздігі жеке территориялардың арасында әрқашан да айырмашылықтар болуына байланысты. Ол айырмашылықтар, біріншіден, географиялық жағдайына, екіншіден, табиғат жағдайлары мен байлықтарында, үшіншіден, әлеуметтік-экономикалық жағдайларында – даму деңгейлерде, шаруашылық құрылымында, еңбек қорларында, тарихи дәстүрлерінде және т.с.с. мұндай айырмашылықтар өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісінің көптеген түрлерінің белгілі бір территорияларға бекітілген сияқты болуына әкеп тірейді. Бұл жекелеген экономикалық аудандарға қатысты, сондай-ақ халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің арқасында өзара байланысқан тұтас елдерде де қатысты. Ол ежелгі кезде туған, бірақ дүниежүзілік шаруашылықтың шығуына байланысты дүниежүзін қамтыды. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі жеке елдердің өнімінің белгілі бір түрлерін өндіруге, белгілі бір қызмет көрсетуге және оларды тиімді пайдалануға, айырбастауға мамандануынан көрінеді. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі уақыт ішінде өзгереді. Халықаралық мамандану саласы – географиялық еңбек бөлінісінің нәтижесі. Жеке елдердің өнімінің белгілі бір түрлерін өндіруге және белгілі бір қызмет көрсетуге мамандануы өндіруші елдің оларды өз қажетінен артық мөлшерде өндіруін қажет етеді. Ол халықаралық

мамандану салаларының, яғни көбінесе өнімді экспортқа шығаруға бағытталғанын көбінесе өнімді экспортқа шығаруға бағытталған және халықаралық географиялық еңбек бөлінісіндегі елдің «келбетін» бірінші кезекте айқындайтын салаларының қалыптасуынан нақты көрініс табады.

1-мысал. Жапония автомобиль жасау жөнінен дүниежүзінде бірінші орын алады. Бүкіл шығарылатын автомобильдердің шамамен алғанда жартысын ол басқа елдерге экспортқа жібереді. Автомобиль өнеркәсібі – оның халықаралық мамандану саласы. 2-мысал. Канада дәнді дақылдарды жинау жөнінен дүниежүзінде бесінші, ал экспортқа шығару жөнінен екінші орын алады. Астық шаруашылығы – оның халықаралық мамандану саласы.

Өз кезегінде, халықаралық мамандану тауарлар мен қызметтің халықаралық айырбасын қажет етеді. Бұл айырбас халықаралық экономикалық байланыстардың дамуынан, жүк тасқындарының саны мен қуатының артуынан көрінеді, оның үстіне, өндіру орны мен тұтыну орны арасынан қашан да үлкен немесе кіші территориялық алшақтық түзіледі. Халықаралық экономикалық интеграция: аймақтық және салалық топтары. Дүниежүзілік шаруашылық пен географиялық еңбек бөлінісі дүниежүзінің барлық елдерін қамтып болғаннан кейін, соңғы онжылдықтарда енді жан-жағынан гөрі, тереңге қарай өсуде. Олар күрделеніп, жаңа формалар табуда. Халықаралық маманданудың және айырбастың тереңдеуі бірқатар елдердің ұлттық шаруашылығының ерекше етене «кірігіп» кетуіне себепші болады. Сөйтіп, халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің жаңа, жоғары сатысы – халықаралық экономикалық интеграция пайда болды. Ол жеке елдер тобының олардың мемлекетаралық келісім саясаты негізінде тым терең және тұрақты өзара байланыстарда дамуының заңды процесі болып табылады. XX ғасырдың екінші жартысында аймақтық экономикалық интеграция дүниежүзілік шаруашылықтың дамуындағы басым тенденцияға айналды. Ол барған сайын интеграцияланған экономикалық топтардан құралатын болады. Олардың ішіндегі ең маңыздылары осындай төрт аймаққа топ болып жатады. Еуропада бұл Еуропалық экономикалық-қоғамдастық, оған 325 млн. Халқы бар 12 ел бар. Солтүстік Америкада бұл 80-жылдардың аяғында құрылған еркін сауда аймағы. Ол алғашында АҚШ-ты, Канаданы біріктірсе, кейін халқының жалпы саны шамамен 360 млн. Адам болатын Мексиканы, сондай-ақ 11 елді қамтитын Латын Америкасы интеграция ассоциациясы. Азия-Тынық мұхит аймағында бұл Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ассоциациясы.

Дүниежүзілік шаруашылық жүйесінде аймақтық экономикалық топтардан басқа салалық экономикалық топтар да бар. Олардың ішіндегі маңыздысы – Мұнайды сыртқа шығаратын елдер ұйымы (ОПЕК), ол 13 елді біріктіреді.

## **19 тақырып**

### **Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары**

#### **Сабактың оқу мақсаты:**

11.1.2.1 мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздеу

#### **Бағалау өлшемдері:**

1. Мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздейді.
2. Мемлекеттер мен аймақтардың әрқелкі экономикалық дамуын салыстырады.

**I Экономиканы дамыту үшін табиғи-географиялық факторларды игерудің әдістері.** Адамның тұрмыс-тіршілігі мен әлеуметтік-экономикалық дамуы көбінесе табиғи жағдайларға, табиғи ресурстарға және оларды тиімді пайдалануға байланысты болады. Табиғи-географиялық фактор адамның тіршілік ететін мекенін айқындап, тұрмысына ықпал етеді, өмір сапасын қалыптастырады.

Табиғи-географиялық артықшылықтар қатарына табиғи ресурстардың көптігі, географиялық орналасудың қолайлылығы (теңіз және өзен суларындағы сауда жолдарына жақын болу және жан-жақты дамуға ыңғайлы жайлы да қолайлы климат) және дамыған мемлекет пен қоғамдағы артықшылықтар (агломерациялық тиімділік, жоғары адам капиталы, үздік институциялық орта) жатады.

Агломерациялық тиімділік қалалар мен агломерациялардағы (елді мекендердің жинақтала орналасуы) экономикалық нысандар мен өндірістердің аумақтық тұрғыдан тиімді орналасуы, осының нәтижесінде жүктерді тасымалдау қашықтығы қысқарып, маманданған, орталықтанған өндіріс қалыптасады; технополис-қалалардағы ақпарат алмасу жеңілдейді, жаппай ғылыми-техникалық шығармашылыққа жол ашылады (мысалы, АҚШ-тағы Силикон аңғары секілді).

Қандай да бір мемлекетте табиғи ресурстар болмаса, олар дамымай қалады дегенді білдірмейді. Ең басты қажеттілік – адам ресурсы мен мемлекетте капиталдың болуы. Бұған дамудың биік сатысына жеткен «жаңа индустриялық мемлекеттер», мысалы, Жапонияның табиғи-шикізат ресурстары шектеулі болса да, жоғары экономикалық нәтижелерге қол жеткізуі дәлел.

Әлемдік экономикада қандай да бір аймақтың экономикалық дамуына ықпал ететін табиғи-географиялық факторларды зерттеп, кешенді түрде олардың алдын алу үшін түрлі әдістерді қолданады.

Мемлекеттік аймақтық саясат стратегиялық мәселелерді шешуде салалық және аумақтық әдіспен тығыз байланысты. Экономикадағы мемлекеттік реттеу, көбінесе өндірістегі тиімді бағыттарды дәл табу мен аймақтық саясатқа байланысты болады. Өндіріс саласы нашар дамыған, қолайсыз климаттық жағдайда орналасқан, шаруашылықтың негізі көпсалалы, қажетті өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететін қаржылық-экономикалық негізі жоқ аудандар мемлекеттің инвестициясы мен әлеуметтік көмегін талап ететін аймақтар болып есептеледі.

Қазақстанның әртүрлі табиғи-климаттық белдеуде орналасқан аймақтарының дамуы сан қилы, экологиясы бір-бірінен өзгеше, сондықтан да олардың әлеуметтік-экономикалық дамуында да айырмашылықтар бар. Осыған орай Қазақстан Республикасы Үкіметі аймақтарды дамыту үшін мынадай бағыттарды анықтады:

- республикалық және аймақтық нарықта агломерацияларды экономикалық орналастыру;
- агломерациялар мен олардың орналасқан аймақтарындағы инфрақұрылымдық дамуды үйлестіру;
- қала құрылысы мен агломерациялардың дамуының институционалды саясатын жетілдіру.

Агломерацияны дамытудың негізгі тетігі (елдегі экономикалық және еңбек әлеуетін шоғырландыруға жағдай жасайтын полюстің өсуі ретінде) – мемлекеттік жобалар, арнайы экономикалық аймақ (АЭА) пен мемлекеттік жеке әріптестік (МЖӨ) аясындағы жобалар.

**Туризмді дамыту.** Бүгінгі таңда халықаралық туризм экономика саласындағы ең қарқынды дамып отырған бағыттың біріне айналды. Туризмнің үздіксіз дамуы әлемдік экономикаға да, жекелеген елдер мен аймақтар экономикасына маңызды серпін беріп, тұрақты дамуда. Туризм шикізат ресурстары тапшы қандай да бір мемлекеттер үшін ең басты бағытқа әрі тұрақты табыс әкелетін салаға айналуға.

**Ғылыми-техникалық мүмкіндікті дамыту.** Бұл – ең күрделі, сонымен қатар болашағы зор бағыт. Ол мемлекеттердің экономикалық дамуын қамтамасыз етеді әрі



экономикаға өз ықпалын тигізетін табиғи-географиялық факторлардың алдын алады. Ғылыми-техникалық мүмкіндіктердің басты ресурсы өрі негізгі элементі ғылыми зерттеулер мен жобаларды жүзеге асыратын мекемелер мен ұйымдар; тәжірибелік кәсіпорын өндірістері; ғылыми мамандар мен оларды дайындайтын орталықтар; ғылымға бөлінетін қаржы; ғылыми зерттеулер мен жобалар, олардың нәтижелері; технологиялық инновациялар және т.б. ғылыми жұмыстар.

Ғылыми инновациялық зерттеулер мен олардың нәтижелері мынадай маңызды мәселелерді шешуге негізделген:

- ауылшаруашылығы жұмыстарына тиімді әрі табиғи мол мүмкіндік беретін жаңа технологияларды ендіру, табиғи экожүйеге (су, ауа, топырақ және т.б.) түсетін қысымды азайту;
- баламалы қуат көздерін пайдаға асыру, Күн мен желдің қуатын электр энергиясы мен су жылытуда пайдалану, геотермалды ғимаратты жылыту үшін қолдану. Соңғы кезде көптеген мемлекетте жел энергиясын пайдалану жүйелі жолға қойылуда (Дания, ГДР, Ұлыбритания, Нидерланд).

**Табиғи ресурстардың жіктелуі және экономикалық мәні.** Табиғи ресурстардың өзіне тән бір ғана ерекшелігі бар: олардың қоғамға пайдасы адам әрекетінің әсерімен өзгеруі. Осыған байланысты табиғи ресурстар екі үлкен топқа бөлінеді: сарқылатын және сарқылмайтын.

Сарқылмайтын табиғи ресурстарға Күн энергиясы (жарық пен жылу), жел энергиясы, толысу мен қайту құбылыстары, жауын-шашын, ауа, су жатады. Аталған табиғи ресурстар қалпына келеді. Алайда ауа және су ресурстары адамның шаруашылық әрекеті әсерінен елеулі өзгерістерге ұшырап отыр.

Олардың әртүрлі өндірістік және тұтынушылық қалдықтармен ластануы индустриалды жағынан дамыған өңірлердің сапалық жағынан нашарлауына және ресурстардың осы түрлерінің азаюына, жетіспеушілікке алып келеді.

Сарқылатын ресурстар өз кезегінде қалпына келетін және қалпына келмейтін болып бөлінеді. Қалпына келетін табиғи ресурстарға топырақ, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, ал қалпына келмейтін ресурстарға жер қойнауындағы байлық, қазба байлықтары жатады. Миллиондаған жыл бұрын пайда болған табиғи ресурстарды пайдалану оның азаюына алып келеді. Олардың орнын толтыру мүмкін емес. Мысалы, нақты бір кен орнынан көмір қазып алынса, ол табиғи ресурс ретінде аталған кен орнының қалпына келмейтінін білдіреді.

**Жер ресурсының** қоғамда алатын ролін бағалау қиын, себебі топырақ шаруашылықтың негізгі көзі. Ол ғаламшар халқы үшін азық-түлік қорының 97%-ын қамтамасыз етеді. Адамзат өзінің игіліктері үшін, ең алдымен, Жерге қарыздар. Әлемдік өркениеттің дамуына егіншілікпен айналысқан халықтардың үлесі мол екендігіне тарих куә. Жер ресурсы ғаламшардағы халықты бұрынғыдан да артық азық-түлікпен қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар. Алайда ғаламшар халқының өсуіне және жердің өнеркәсіп пен азаматтық құрылысқа берілуіне байланысты жан басына шаққанда егістік жер саны қысқарып кетті.

**Су ресурсы.** Су – адамзат қоғамының экономикалық және жекебасының жағдайы үшін бірден-бір таптырмайтын ресурс. Су ресурстарына сұйық, қатты, газ түріндегі ғаламшар сулары жатады. Бұл пайдалануға жарамды: өзен, көл, бұлақ, жерасты сулары, теңіз, мұздықтар, атмосфера булары және т.б.

Күнделікті өмірде адам үшін су ресурстарының орны ерекше. Адамдар ежелден су көздеріне, яғни өзен, көл, тоған, теңіз жағалауларына жақын қоныстанды. Ежелгі өркениеттердің барлығы дерлік ірі өзендердің бойында пайда болды. Ертеректе халық су көздеріне сиынған. Барлық географиялық ашылулар теңіз саяхатшыларына тән, ал континенттерді игеру және оларға қоныстану, негізінен, су жолдары арқылы жасалды.

**Минералды-шикізаттық ресурс** - адам әрекетінің әртүрлі салалары мен қызметінде табиғи немесе өңделгеннен кейін пайдаланылып жүрген Дүниежүзілік мұхит пен құрлықтың пайдалы қазба түрлерінің жиынтығы. Минералды-шикізаттық ресурстар әр

елдің ұлттық байлығын және белгілі бір мөлшерде оның экономикалық әлеуетін көрсетеді. Олар - көлік, өндіріс, энергетика дамуының басты көзі. Минералды-шикізаттық ресурстар халықаралық шиеленістердің себебі болып отырғаны жиі кездеседі.

**Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы шектеуші табиғи-географиялық факторлардың әсерін жеңудің мысалдары.** Жеке кен орындары ресурстарының аз болуына байланысты Жапония ірі шикізат импорттаушы болып отыр. Алайда күшті ғылыми-өндірістік кешені арқасында ол кеме, көлік, трактор, электртехника, робот және т.б. шығарушылардың алдыңғы қатарлы елдер санына кіреді.

**Жапония** экономикасы дамуының басты құрылымдық факторы білім мен ғылым болды, сондықтан да осы салаға басым бағыт берілді. Физика саласындағы қатты денелерді, оларды өңдейтін атом энергетикасын, физикалық плазманы, жаңа конструктивті материалдарды зерттейтін ірі ғылыми орталықтар құрылды. Қазіргі таңда «Тойота Моторс», «Мацусита электрик», «Сони корпорейшн», «Хонда Моторс», «Тошиба», «Фудзицу» секілді аса ірі жапондық компаниялар әлемдік экономиканың көшбасшылары болып саналады. Елдегі шағын ауылшаруашылығы саласына мемлекеттен қаржы бөлінеді және қорғалады, сондықтан да Жапонияда жоғары сапалы мол өнім алынады. Мемлекет өзін күрішпен толықтай қамтамасыз еткен, елге шеттен келетін азық-түлік көлемі 60%-ды құрайды. Жапонияның балықшаруашылығы аса ірі құрылым болып саналады, оларға әлемде ауланатын балықтың 15%-ы тиесілі. Аралас экономиканың неозтатистік моделі еңбек этикасы, жоғары технологияларды пайдалану және қорғанысқа мейлінше аз қаржы жұмсау Жапонияны әлемдегі ең өркениетті, дамыған елдердің қатарына жеткізді.

«Жапонияның экономикалық ғажайыбының ерекшелігі:

- ресурстарды жеткізушілердің өнім өндірушілердің және банктердің өзара тығыз байланысып, кэйрэцу атты топқа, яғни ірі корпоративті конгломераттар мен холдингтерге бірігуі;
- кәсіпкерлердің мемлекетпен өзара тиімді қарым-қатынасы;
- үлкен корпорациялардың өмірлік қызметтеріне кепілдік

**Израиль** - нарықтық экономикасы бар дамыған индустриалды аграрлы ел. Ол мұнай, дәнді дақылдар, шикізат және әскери техника импортына тәуелді. Табиғи қоры шектеулі болғанына қарамастан, Израиль ауылшаруашылығы мен өнеркәсіпті жетілдіру нәтижесінде елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Израиль бидайдың мол көлемін сырттан тасымалдайды, алайда ауылшаруашылығының басқа түрлерімен өзін-өзі қамтамасыз етіп отыр. Сонымен бірге елде авиа және кеме жасау, фармацевтика, микроэлектроника, оның ішінде әскери өнеркәсіп үшін компьютерлер мен роботтар жасау, металлургия мен машина жасау кесіпорындары дамыған. Өнеркәсіп өнімінің елеулі бөлігі экспортқа шығады. Мемлекет кірісі, негізінен, салықтар ("ЖТОнiң 25% -ға жуығы) мен туризмнен түседі.

**Сингапур** жарты ғасыр ішінде кедей мемлекеттен өлемдегі ең дамыған елге айналды. Сингапурды экономикасы дамыған елдер деңгейіне жедел секіріс жасағаны үшін «Шығыс Азия жолбарыстары» қатарына жатқызады. Бұл мемлекетте электроника шығару, кеме жасау және қаржылық қызмет көрсету дамыған.

Сингапурды жаңғыртуды қамтамасыз еткен негізгі бағыттар

1	2
Бизнес үшін қарапайым және ыңғайлы жағдайлар	Үкімет қаржы нарығын дамыту мен өндірістегі жоғары технологиялық саланы өркендету үшін шетелдік инвесторларды көптеп тартуға мүдделі болды. Сингапурда бизнесті тіркеу мен оны жүргізу үшін қарапайым әрі ашық шаралар қабылданды. Қала-мемлекет шетелдік корпорацияларға қолайлы жағдай жасаған Азиядағы ең алғашқы мемлекеттердің бірі болды әрі шетелдік компаниялар елде тұрақты түрде қызмет атқаратын филиалдарын ашты. Ашық әрі қарапайым үлгідегі төмен салықтық көрсеткіштері бар салық жүйелері құрылды.

Жемқорлықпен күрес	<p>Бүгінде Сингапур – жемқорлықтың алдын алған мемлекеттердің бірі. Елде жемқорлықпен күресетін арнайы Бюро құрылған, ол премьер-министрге тікелей бағынады. Бюроның қызметкерлері үлкен өкілеттілікке ие, олар жемқорлық күдігіне ілінгендерді тұтқындауға немесе тінтуге, олардың туыстары мен кепілге алынғандарға қатысты іс жүргізуге, жемқорлық істерін жасырған қандай да бір заңбұзушылықтарды тергеуге құқылы.</p> <p>Жемқорлыққа қарсы қолға алынған та бір маңызды қадамның бірі оны бақылауды жеңілдету және мемлекеттік қызметтің беделін көтеру болды. Шенеуніктердің өкілеттілігі толықтай жүйеленді, олардың қызметтеріндегі шектеулер мен тыйымдар белгіленді, мемлекет қабылдайтын шешімдер қарапайым әрі ашық түрде жүзеге асты. Соттар мен мемлекеттік қызметкерлерге жоғары жалақылар тағайындалды.</p>
<p>Әлеуметтік модернизация. Ана капиталы</p>	<p>1960-1970 жылдары білім жүйесіне жасалған реформалар маңызды рөл атқарды. Барлық мектептер үшін міндетті ең төменгі білім беру стандарттары жасалды. Ағылшын тілін білу міндетті болды және бірқатар пәндер тек осы тілде жүргізілді.</p> <p>Тағы бір маңызды шара - тұрғын үй-коммуналдық реформа болды.</p> <p>Мемлекет азаматтардың жалдамалы пәтерде емес, өз меншігіндегі баспаналары болуына жағдай жасады.</p>
	<p>Тәуелсіздіктің қырық жылдығы ішінде Сингапур халқының 90%-дан астамы мемлекеттің тікелей қолдауы арқылы салынған баспаналарға ие болды. Ал 80%-дан астам отбасылар осы баспаналарды өз меншіктеріне сатып алды. Қала-мемлекет үкіметі 2030 жылы халық санын 30% -ға арттыру мақсатын қойды. Baby Bonus (бала бонусы) бағдарламасы бойынша көпбалалы отбасылар үшін қаржылай көмек беріледі.</p>

**Малайзия** - Ұлыбританияның отарынан тәуелсіздігін алған соң, жарты ғасырдың ішінде Азияда экономикасы дамыған мемлекеттердің біріне айналды. Экономикалық өркендеуге табиғи ресурстары арқылы көтерілген жоқ. Ол жоғары технологиялық өнімдерге, әсіресе электроникаға басым бағыт берді. Сонымен қатар елдің экономикалық тұрғыдан тез дамуына шетелден келетін миллиардтаған несиелерді тиімді пайдалану да оң әсер етті. Қазіргі уақытта Малайзия – өз секторында какао, бұрыш, ананас және темекі, отын және ағаш материалдарымен қатар, табиғи каучук пен пальма майын жетекші экспорттаушылардың бірі. Малайзиядағы негізгі өнеркәсіптік салалар электрқұралдар, электроника және компьютерлер шығару. Тұрмыстық кондиционерлер мен микросұлбалар өндіру саласында көшбасшы орында тұр.

### Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар

1. Экономиканың дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсері туралы не білесіңдер?
2. Сарқылатын және сарқылмайтын табиғат ресурстарына не жатады?
3. Экономиканың дамуына минералды ресурстардың рөлі қандай?
4. «Жапонияның экономикалық ғажайыбының мәні неде»?
5. Сингапурдың экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп беру бағыттарын анықтап жаз.

## 20 тақырып

### Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі

#### Сабақтың оқу мақсаты:

11.1.2.1 мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздеу

#### Бағалау өлшемдері:

1. Мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздейді.
2. Мемлекеттер мен аймақтардың әрқелкі экономикалық дамуын салыстырады.

#### Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі

**Ел типологиясы**- типі мен әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі ұқсас елдердің топтарын анықтау. Ел типі объективті түрде қалыптасады, бұл оның әлемдік тарихтың осы кезеңіндегі әлемдік қауымдастықтағы рөлі мен орнын сипаттайтын дамудың өзіне тән ерекшеліктерінің салыстырмалы тұрақты кешені. Мемлекет түрін анықтау оны сол немесе басқа әлеуметтік-экономикалық категорияға жатқызуды білдіреді.

Елдердің түрлерін бөліп көрсету үшін көрсеткіш болып табылады **жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)** - барлық соңғы өнімнің өзіндік құны материалдық өндіріс және белгілі бір елдің аумағында жан басына шаққанда бір жылда шығарылатын өндірістік емес сала. Елдердің типтерін анықтау критерийлері болып экономикалық даму деңгейі, елдің әлемдік өндірістегі үлесі, экономика құрылымы және МГТР-ге қатысу дәрежесі табылады.

Қазір БҰҰ қабылдады **елдің екі классификациясы** п. ІN **ең бірінші** әлемдегі барлық елдер бөлінеді **үш** түрі - 1) экономикалық жағынан жоғары дамыған елдер; 2) дамушы елдер; 3) өтпелі экономикасы бар елдер (жоспарланғаннан нарыққа). Сонымен қатар, үшінші типке нарықтық экономиканы құру үшін экономикалық қайта құруларды жүзеге асыратын бұрынғы социалистік елдер де енеді.

#### **Экономикалық жағынан жоғары дамыған елдер:**

а) **негізгі елдер** - АҚШ, Жапония, Франция, Италия, Ұлыбритания. Олар әлемдегі барлық өнеркәсіп өндірісінің 50% -дан астамын және ауыл шаруашылығы өнімдерінің 25% -дан астамын қамтамасыз етеді. Ірі елдер мен Канада жиі «G7 елдері» деп аталады. (1997 жылы Ресей G-7-ге қабылданды, ол G-8 болды).

б) **экономикалық жағынан жоғары дамыған** еуропа елдері - Швейцария, Бельгия, Нидерланды, Австрия, Скандинавия елдері және т.б. Бұл елдер саяси тұрақтылықпен, халықтың өмір сүру деңгейінің жоғары болуымен, ЖІӨ-нің жоғары деңгейімен және жоғары тарифтер жан басына шаққандағы экспорт пен импорт. Негізгі елдерден айырмашылығы, оларда халықаралық еңбек бөлінісіне әлдеқайда тар мамандану бар. Олардың экономикасы банк, туризм, делдал сауда және т.б кірістерге қатты тәуелді;

в) елдер **«Қоныс аудару капитализмі»** - Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Африка - Ұлыбританияның бұрынғы отарлары - және Израиль мемлекеті, 1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен құрылған. Сипаттамалық ерекшелігі бұл елдер (Израильді қоспағанда) шикізат пен ауылшаруашылық өнімдерінің экспортына халықаралық мамандандыруды сақтауы керек. Дамушы елдерден айырмашылығы, бұл

аграрлық-шикізаттық мамандандыру жоғары еңбек өнімділігіне негізделген және дамыған ішкі экономикамен үйлеседі.

### **Даму деңгейі орташа елдер:**

а) **орта дамыған елдер** Еуропа: Греция, Испания, Португалия, Ирландия. Өндіргіш күштердің даму деңгейі бойынша олар қазіргі әлемдік техникалық прогресстен біршама артта қалып отыр. Бұрын Испания мен Португалия ірі отарлық империялар болды, дүниежүзілік тарихта үлкен рөл атқарды. Бірақ колониялардың жоғалуы саяси ықпалдың жоғалуына және сол уақытқа дейін колониялардың байлығымен болған экономиканың әлсіреуіне әкелді;

б) **өтпелі экономикасы бар елдер** - ТМД елдері, елдері Шығыс Еуропа, Қытай. Олар орталық жоспарлаудың орнына экономикадағы нарықтық қатынастарды дамытуға бағытталған реформалар жүргізеді. Бұл елдердің кіші тобы 1990 жылдары әлемдік социалистік жүйенің күйреуіне байланысты пайда болды. Шағын топқа бір-бірінен едәуір ерекшеленетін елдер кіреді.

### **Дамыған және дамушы елдерді анықтау мәселелері.**

Дамыған және дамушы елдер арасындағы шекараны әдетте БҰҰ сарапшылары критерий бойынша анықтайды **Жан басына жылына 6000 доллар** мемлекетте. Алайда, бұл көрсеткіш әрқашан елдерді объективті түрде жіктеуге мүмкіндік бермейді. БҰҰ жіктемесі бойынша дамушы деп жіктелген кейбір мемлекеттер бірқатар көрсеткіштер бойынша (жан басына шаққандағы ЖІӨ, алдыңғы қатарлы жоғары технологиялық өндірістердің даму деңгейі) экономикалық дамыған елдерге жақындады немесе олардан асып түсті.

Сонымен, 1997 ж. **Сингапур, Тайвань және Корея Республикасы** дамушы елдер тобынан дамыған елдер тобына ресми түрде ауыстырылды. Сонымен бірге, бұл елдердің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының басқа көрсеткіштері - экономиканың салалық және аумақтық құрылымы, шетелдік капиталға тәуелділік - дамушы елдерге тән болып қала береді. **Ресей** жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші шамамен осы жіктеліммен **Жылына 2500 доллар**, ресми түрде дамушы елдер тобына кіреді.

Әлемдегі елдерді ЖІӨ бойынша жіктеудегі осындай қиындықтарды ескере отырып, олар қазір елдердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін анықтайтын басқа, объективті өлшемдерді анықтауға тырысуда.

Сабактың қысқаша мазмұны «**Елдердің негізгі типтері қазіргі әлем**» .

Әлемдік экономика шеңберінде ел мемлекет болып саналатын аумақтық бірліктер ғана емес, сонымен қатар мемлекет болып табылмайтын кейбір аумақтық бірліктер болып саналады, алайда тәуелсіз және тәуелсіз экономикалық саясат және олардың экономикалық дамуының бөлек статистикалық есебін жүргізеді. Бұл Ұлыбритания, Нидерланды мен Францияның аралға тәуелді кейбір аумақтарына қатысты, олар тәуелсіз мемлекет бола тұра, оларды халықаралық экономика бөлек елдер ретінде қарастырады.

Әлемдік экономикадағы елдер топтарының ең толық бейнесін әлемнің көптеген елдері мүше болып табылатын әмбебап халықаралық ұйымдардың мәліметтері ұсынады - БҰҰ, Халықаралық валюта қоры және Дүниежүзілік банк. Бұл ұйымдардың халықаралық экономикадағы елдердің топтарын бағалауы біршама ерекшеленеді, өйткені бұл ұйымдарға мүше елдердің саны әр түрлі (БҰҰ - 185, ХВҚ - 181, ДБ - 180), ал халықаралық ұйымдар тек мүше елдердің экономикасын бақылайды. Мысалы, ХВҚ-ға кірмейтін Куба, Солтүстік Корея және басқа да кейбір кішігірім елдер классификациядан шығады. Халықаралық ұйымдардың кейбір мүше елдері өз экономикалары туралы толық деректерді ұсынбайды немесе оларды заманауи түрде ұсынбайды, нәтижесінде олардың экономикаларының даму бағалары халықаралық экономиканың жалпы бағасынан шығып кетеді. Бұл дамыған елдердің ішінен Сан-Марино және дамушы елдердің ішінен Эритрея.

Сонымен, кез-келген классификация әр ұйымның міндеттерінен тұрады. Мысалы, Дүниежүзілік банк әр елдің экономикалық даму деңгейін бағалауға, БҰҰ - әлеуметтік-демографиялық аспектілерге және т.б.

Әлемдік экономиканың көшбасшыларының қатарына Солтүстік Америка (АҚШ және Канада), Батыс Еуропа (ең алдымен Ұлыбритания, Германия, Италия және Франция), Жапония бастаған Шығыс Азия елдері жатады. Олардың артынан «Азия жолбарыстарын» қоса алғанда жаңа индустриялық экономикалардың айтарлықтай ілгерілейтін тобы келеді. Орталық және Шығыс Еуропаның бірқатар мемлекеттері, сондай-ақ бұрынғы КСРО территориясындағы мемлекеттер әлі де нарыққа өту шеңберінде реформалау сатысында. Олардың кейбіреулері соңғы жылдары Еуропалық Одаққа қабылданды, ал дамыған елдердің тобы 30-ға жетті. Кең ауқымды елдер - дамушы аймақ - 100-ден астам елдерді қамтиды.

Әлем елдерінің экономикасын сипаттау үшін қазірдің өзінде белгілі индикаторлар қолданылады: жан басына шаққандағы ЖІӨ, экономиканың салалық құрылымы және ғылымды қажет ететін өндірістер және халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы.

### **Дамыған елдер**

Дамыған елдер өмірдің жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Дамыған елдерде әдетте өндірілген капиталдың үлкен қоры және көбіне жоғары мамандандырылған қызметпен айналысатын тұрғындары болады. Бұл елдер тобында әлем халқының шамамен 15% -ы тұрады. Дамыған елдерді индустриалды елдер немесе индустриалды елдер деп те атайды. Дамыған елдерге, әдетте, Солтүстік Америка, Батыс Еуропа және Тынық мұхитының кірісі жоғары 24 индустриалды елі кіреді. Өнеркәсіптік елдердің ішінде 7-топ деп аталатын елдер (G-7) әлемдік ЖІӨ-нің 47% және халықаралық сауданың 51% қамтамасыз ететін маңызды рөл атқарады. Бұл мемлекеттер өздерінің экономикалық және қаржылық саясат 1975 жылдан бері өткізіліп келе жатқан жыл сайынғы саммиттерде. Дамыған 7 елдің 4-еуі орналасқан Еуропа континентінде ең маңызды одақ - бұл 15 елден тұратын Еуропалық Одақ, ол әлемдік ЖҰӨ-нің 21% -ын және экспорттың 41% -ын қамтамасыз етеді.

Халықаралық валюта қоры экономикалық дамыған елдер ретінде мыналарды бөледі:

1. Дүниежүзілік банк пен ХВҚ талаптарына сай келетін елдер **дамыған экономикалар ретінде XX ғасырдың аяғы - XXI ғасырдың басында:** Австралия, Австрия, Бельгия, Канада, Кипр, Чехия, Дания, Финляндия, Франция, Германия, Греция, Исландия, Ирландия, Израиль, Италия, Жапония, Оңтүстік Корея, Люксембург, Мальта, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Норвегия, Португалия, Сингапур, Словакия, Словения, Испания, Швеция, Швейцария, Ұлыбритания, АҚШ.
2. Толығырақ **дамыған елдердің тобы** Сондай-ақ, Андорра, Бермуд, Фарер аралдары, Ватикан, Гонконг, Тайвань, Лихтенштейн, Монако және Сан-Марино кіреді.

### **Дамушы елдер**

Азия, Африка және Латын Америкасындағы елдердің көпшілігі дамушы елдер немесе үшінші әлем елдері. Олар тарихи дамудың өзіндік ерекшелігімен, әлеуметтік-экономикалық және саяси ерекшеліктерімен ерекшеленетін мемлекеттердің ерекше тобын ұсынады. Топ шамамен 150 штатты біріктіреді. Олардың ұқсастығы туралы айта отырып, отаршылдық өткенді және осы топқа енудің байланысты белгілерін атап өту қажет:

- Әр түрлі меншік формалары бар әртараптандырылған экономиканың болуы;
- Салыстырмалы түрде төмен деңгей өндіргіш күштердің дамуы;
- Әлемдік экономикадағы тәуелді позиция;
- Экономикалық дамуға және мономәдени экспортқа басым аграрлық-шикізаттық бағыт;
- Халықтың едәуір бөлігінің кедейлігі мен қасіреті.

Алайда бұл елдер әртүрлі, сондықтан бұл топ кіші топтарға бөлінеді:

а) Жаңа өнеркәсібі дамыған елдер (NIS) - Оңтүстік Корея, Сингапур, Тайвань, Тайланд, Филиппин, Индонезия, Мексика, Аргентина, Бразилия және т.б.

Жаңа индустриалды елдер дамыған елдерге өндірістік тауарларды экспорттауда рөлі артып келеді. Соңғы онжылдықтардағы NIS-тің қарқынды дамуы, ЖІӨ өсуінің жоғары қарқыны және олардың өнімдерінің жоғары бәсекеге қабілеттілігі АҚШ кеден органдарының дамушы елдерге берілетін жеңілдік режимінен бас тарта бастағанына алып келеді.

б) ОПЕК-ке кіретін энергияны экспорттаушы елдер Иран, Ирак, Венесуэла, Алжир, Ливия, Кувейт, БАӘ, Сауд Арабиясы және т.б.

Олардың сипаттамалық ерекшеліктері: жан басына шаққандағы жоғары табыс, дамудың қатты табиғи ресурстар әлеуеті, энергетикалық шикізат нарығында маңызды рөл және қаржылық ресурстар, қолайлы экономикалық-географиялық жағдайы. Мұнайдан түсетін кірістер мен халықтың саны арасындағы байланыс орасан зор байлық жинауға нақты жағдайлар жасайды.

в) Дамудың орташа деңгейі бар елдер - Египет, Тунис, Үндістан, Кения, Синегал және т.б. Бұл елдер негізінен үлкен территориялары мен халқы, табиғи-ресурстық әлеуеті және экономикалық даму мүмкіндіктері бар. Олар халықаралық жүйеде көрнекті орын алды экономикалық байланыстар, шетелдік капиталдың инвестициялары түріндегі сыртқы ресурстардың күшті ағынына себеп болды. Бірақ жан басына шаққандағы өндіріс пен тұтынудың төмен деңгейі олардың әлеуметтік-экономикалық дамуын айтарлықтай баяулатады.

г) үшінші әлем елдері (аз дамыған елдер) - Африка, Латын Америкасы, Оңтүстік Азия, Ауғанстан, Гаити, Замбия, Лаос, Непал және т.б. Олардың кейбіреулері теңізге шыға алмайтын және сыртқы әлеммен байланыссыз. Бұл елдерде жан басына шаққандағы табыс өте төмен, барлық жерде индустрияға дейінгі еңбек түрлері басым, ал экономикада басым ауыл шаруашылығы... Дәл осы елдер БҰҰ-ның ең аз дамыған елдер тізімінің негізін қалайды. «Аз дамыған» мәртебесін алған мемлекеттер әлемдік қоғамдастықтың ерекше назарына ие. Олардың несие, несие және гуманитарлық көмекті жеңілдікпен алуға мүмкіндігі бар.

#### **4. Өтпелі экономикасы бар елдер**

Топқа 30-ға жуық мемлекет кіреді, олардың көпшілігі бұрынғы социалистік лагер деп аталатын елдер - бұл бұрынғы КСРО-ның республикалары (Ресей, Молдова, Украина, Грузия ...) Орталық және Шығыс Еуропа елдері (Чехия, Словения, Болгария, Румыния ...). Олардың барлығы 80-ші жылдардың аяғы - 90-шы жылдардың басында болды. Өткен ғасыр авторитарлық саяси жүйеден көппартиялық жүйеге және адам құқықтарын құрметтеуге негізделген шынайы демократиялық жүйеге өтуді бастады. Бұрынғы әкімшілік-әміршілдік жүйеден және орталық жоспарлаудан нарықтық экономикаға көшу жүзеге асырылған экономикада кем емес революциялық қайта құрулар басталды. Бұл ауысу аяқталды немесе аяқтауға жақын.

Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша бұл елдер орта дамыған елдер қатарына жатқызылады. Бұл негізінен өнеркәсіптік және индустриалды-аграрлық елдер.

#### **Қорытынды**

Әлем өзінің әлеуметтік-экономикалық табиғаты бойынша өте гетерогенді. Қазіргі кезде елдердің үш тобын ажыратуға болады: - нарықтық экономикасы бар, дамыған, әлемдік экономиканың шеңберін құрайтын, дамыған елдер; - Азиядағы, Африкадағы, Латын Америкасындағы және Океаниядағы дамушы елдер (немесе үшінші әлем елдері); - экономикасы өтпелі, негізінен Шығыс Еуропа мемлекеттері, сондай-ақ басқарудың жаңа формаларын дамыту жолына түскен Ресей ұсынған елдер. Бірақ бұл топтар арасында тым

өткір сызық салу қателік болар еді. Мысалы, бүгінде дамушы елдердің бүкіл тобы - Оңтүстік-Шығыс Азия елдері, атап айтқанда Оңтүстік Корея, Гонконг (1997 жылдан бастап - Қытай, Гонконг провинциясы), Тайвань, Бразилия және Аргентина және басқалары - бірқатар экономикалық көрсеткіштер әлемнің өнеркәсіптік дамыған мемлекеттерінің қатарына жүгіну қисынды. Алайда, басқа маңызды көрсеткіштер деңгейіне сәйкес (әлеуметтік қарама-қайшылықтардың тереңдігі, біркелкі емес аймақтық даму және т.б.), олар дәстүрлі түрде дамушы елдер тобына жатады. Сонымен бірге кейбір сөзсіз дамыған мемлекеттер ұлттық өндірістік күштердің сапалық қайта құруларынан кешігіп жатқан сияқты, бұл қоғамдық еңбек өнімділігінің өсуіне кедергі келтіреді. Сонымен, Шығыс Еуропа елдерінде және Ресейде ол тек Батыс Еуропа елдерінің деңгейінің шамамен 50% құрайды. Демек, елдерді әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі мен қарқынына қарай бөлу үшін бұл елдер қандай критерийлермен жіктелгеніне қарамастан бөлудің қатаң негіздері жоқ. Алайда, қазіргі заманның жаһандық мәселелерін тиімді шешу үшін кейбір елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы артта қалушылықты азайтудың маңызды қажеттілігі бар, өйткені олар (жаһандық проблемалар) мемлекеттік шекараларды мойындамайды, сондықтан оларды шешу тек әлемдік ауқымда мүмкін

### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Дүниежүзілік экономика құрылымындағы өнеркәсіптік дамыған елдер (ӨДЕ) туралы не білесіңдер?
2. Халықаралық еңбек бөлінісінде дамушы елдердің орнын анықтаңдар.
3. Жаңа индустриалды елдердің дүниежүзілік экономикадағы орны мен белгілерін сипаттаңдар.

Кесте толтыру.

Мемлекет аты	Экономикалық мамдану ерекшелігі
АҚШ	
Біріккен Араб Әмірліктері	
Үндістан	
Ауғаныстан	
Филиппин	

## 21 тақырып

### Жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілікке және экономикалық артта қалушылыққа төтеп беру жолдары

#### Сабақтың оқу мақсаты:

11.1.2.1 мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздеу

#### Бағалау өлшемдері:

1. Мемлекеттер мен аймақтардың әрқелкі экономикалық дамуын салыстырады.
2. Қазіргі заман тарихында шектеуші табиғи-географиялық факторлар жағдайындағы мемлекеттердің сәтті экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдайды.
3. Мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін зерттейді.



Қазіргі таңда әлемдегі кедей елдердің көбеюі әлемдік эко- номиканың дамуының маңызды мәселелеріне жатады. Бұл елдердің экономикалық көрсеткіштерінің мардымсыз көлемі, денсаулық сақтау, білім алу және тағы басқа әлеуметтік-эко- номикалық мәселелері, олардың өз күшімен жоқшылықтан шыға алмауы, кедейшілікті жаһандық жалпыадамзаттық мә- селеге айналдырды. Қазіргі әлемдік экономикадағы елдердің өзара тығыз тәуелділігі салдарынан осы елдердегі кедейшілік жаһандық қауіптер мен тәуекелдердің көзі болып келеді. Ке- дейшілік әлемдегі азаматтық соғыстардың, халықаралық лаң- кестіктің, трансұлттық қылмыстылықтың, халықтың заңсыз миграцияның, жұқпалы және эпидемиялық аурулардың пайда болу мен таратылуына мүмкіндіктерді көбейтеді. Ал экономи- калық тұрғыдан өте кедей елдердің болуы әлемдік экономика- ның дамуына, оның ресурстарын тиімді пайдалануына кері әсе- рін тигізеді. Кедей елдер категориясының бар болуы көптеген фактор- лармен түсіндіріледі. Оның ішінде, қолайсыз географиялық орналасуы, елдегі азаматтық соғыс, табиғи апаттарға үнемі шалдығуы, олардың көпшілігіндегі тарихи колониалды аграр- лы экономиканың қалыптасуы, халықтың өте тез өсу қарқыны және т.б. себептері бар.

Бірқатар халықаралық ұйымдар кедей елдер мәселесін ше- шу мақсатында оларға әртүрлі бағдармалар арқылы көмек жа- сайды. Брак бұл мәселені шешудің тиімді жолдары мен әдістері табылып, әлемде кедей елдердің саны едәуір азайды деп айтуға болмайды. Жаһандану дәуірінде адамзаттың әлеуметтік-эконо- микалық поляризациясы күшейеді. ХХІ ғасырдың басында жо- ғары дамыған елдер үлесіне халықтың 12% мен әлемдік ЖІӨ- нің шамамен 60% сәйкес келетін болса, өте төмен дамыған елдердің әлем халқында үлесі – 12%, ал әлемдік ЖІӨ-де үлесі – 1% [1].

#### ***Әлемнің кедей немесе «ең төмен дамыған елдерінің» негізгі белгілері***

Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) кедей елдер категориясы бар екендігін алғашқы рет 1971 жылы мойындады [2]. Бұл ел- дерді БҰҰ «ең төмен дамыған елдер» деп жіктеді.

БҰҰ ең кедей елдер категориясын алғашқы рет анықтаған кезде олардың санына әлемнің 25 елі кірген. Қазіргі таңда бұл елдер саны көбейіп 48 елге дейін жетті. Олардың басым көбісі Афри- када орналасқан – 34 ел, Азияда – 13 ел және бір ел Латын Америкасында. Өткен қырық жыл уа- қытта тек әлемнің 3 елі бұл категориядан шыққан (Ботсвана, Мальдив аралдары мен Кабо-Верде).

Бұл топқа жататын елдер халықаралық қауымдастықта ең кедей мен әлсіз елдер қата- рын көрсетеді, оларды БҰҰ дамушы елдер қата- рынан бөледі және тұрғын халықтың кедейшілі- гімен және жағымсыз географиялық жағдайлары нашарлығы, институционалдық, экономикалық және адам ресурстарының құрылымдық әлсізді- гімен ерекшелейді [3].

**Қазіргі уақытта БҰҰ ең төмен дамыған ел- дерді үш индикатор (критерий) негізінде сәй- кестендіреді: жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табыстың көлемі; адами капитал; сырт- қы есеңгіруге экономикалық әлсіздік. Олардың көрсеткіштеріне жататындар:**

табыс критерийі (Income criterion): жан ба- сына шаққандағы жалпы ұлттық табысқа (ЖҰТ, ағылш. GNI) негізделеді. Оның көлемі ретінде Бүкіләлемдік банктің Атлас әдісімен есептелген 2011-2013 жж. аралығындағы үш жыл бойынша орташа көрсеткіші алынады. Үш жылдық шо- луда 2015 ж. қолданатын көрсеткіш: ЖҰТ 1035 АҚШ долл. аз болса ел ең төмен дамыған елдер қатарына кіреді, ал 1242 долл. артық болса бұл тізімнен шығады; адами капиталдың индексі (Human Assets Index – HAI). Бұл индекс келесі көрсеткіштерге негізделеді: а) тамақтану: тамаққа жарымаған азапқа шегуші халықтың пайызы; ә) денсаулық: жасы 5-те немесе одан төмен балалардың өлім көрсеткіші; б) білім: орта мектептің оқушылары- ның жалпы коэффициенті; в) ересек тұрғын ха- лықтың сауаттылығының деңгейі;

экономикалық әлсіздік индексі (Economic Vulnerability Index – EVI). Ол келесі көрсеткіш- терге негізделеді: а) халықтың саны; ә) қашық- тық; б) тауарлар экспортының шоғырлануы; в) ауыл шаруашылығының, орман өсірушіліктің және балық

аулаудың үлесі; г) төмен жағалық аймақта орналасқан халықтың үлесі; д) тауарлар мен қызметтердің экспортының тұрақсыздығы; е) стихиялық апаттардың құрбандары; ж) ауыл-шаруашылық өндірістің тұрақсыздығы [4].

Мұның бәрі БҰҰ-мен тіркелген критерий-лер. Кедей елдер тізіміне кіру үшін ел жоғарыдағы 3 критерийге сәйкес болуы тиіс. Әр үш жыл сайын бұл елдер тізімі Экономикалық және Әлеуметтік Кеңеспен (UN ECOSOC) қайта қа-растырылып отырады.

**Ең төмен дамыған елдерде кедейшілік мә-селесін шешудің жолдарын білу үшін осы ел-дердегі кедейшіліктің негізгі себептері мен си-паттарын және олардың бір-біріне тәуелділігін анықтау қажет.**

Төмен дамыған елдердің кедейшілігінің не-гізгі себебі – халық санының өсу қарқынының экономикалық өсу қарқынын басып озуы. Мыса-лы, Африкада әлемдегі халық өсімінің ең жоға-ры қарқыны байқалуда. Халық санының орташа жылдық өсім қарқыны 3% болғанда мұнда азық-түлік өндірісі жылына бар болғаны 2%-ға өседі. Бұл елдерге теріс экономикалық өсу қарқыны да тән болады. Олардың шаруашылық құрылы-мында аграрлық сектор (80-90%) басым, бірақ ол ішкі сұранысты қанағаттандыра емес. Ауыл шаруашылықтың төмен өнімділігінің халық са-нына қатынасы ашаршылыққа және азық-түлік-тің тапшылығына алып келеді. Экономиканың негізгі секторының төмен тиімділігі өндірістің дамуына, маманданған жұмыс күшіне, техноло-гиялардың жақсартуына, ішкі көздерге қажетті инвестицияларға сүйенуге мүмкіндік бермейді.

Өте кедей елдерге нарықтық механизмнің осал дамуы да тән. Бұл ауыл шаруашылығының ескішілдікке негізделу жағдайына байланысты (халықтың төмен сатып алу деңгейі, өндірістің дамымауы). Соған қарамастан ұлттық капитал-дың басым бөлігі коммерциялық салада шоғыр-ланған. Бірақ ол ұлттық өндіріске тәуекелдің үлкен деңгейіне байланысты инвестиция сал-ғаннан бұрын импорттық тауарлармен сауда жа-сауды жөн көреді [5].

Ең төмен дамыған елдер тобының эконо-микасына өндірістік және қосалқы инфрақұры-лымның, банк ісінің, байланыс жүйесінің, элек-троэнергетиканың, транспорттық желілердің дамымағандығы шетел инвестицияларын тарту-ға мүмкіндік бермейді және өте аз ішкі жинақтар негізінде экономика дамуын тежеп тұрады.

Сыртқы сауданың құрылымы да экономика-ның дамуына жағымды әсер етпейді. Осы топ-тағы барлық елдер бір мезгілде сыртқы нарықта бағалары қалқымалы ауыл шаруашылық өнімде-рінің экспорттаушылар және өнеркәсіп өнімде-рінің ірі импорттаушылары болып табылады.

Ең төмен дамыған елдердегі демографиялық жағдай, осы топтағы елдердің экономикасының дамуына кері әсерін тигізеді. Тұрғын халықтың жоғарғы өсу қарқыны, табыстың төмен деңге-йіне және сатып алу қабілеттілігін азаюына әсер етеді. ЖҰӨ-нің тұрғын халық санына қатынасы (жан басына шаққандағы ЖҰӨ) өсу қарқыны жыл сайын 0,9%-ға кемуде. Бұған себеп болатын әлемдегі орташа туу деңгейі кедей елдерде екі есеге дейін жетеді.

Осы елдердегі кедейшіліктің тағы бір маңыз-ды факторы – саяси тұрақсыздық. Мысалға 1990 мен 1998 жылдар аралығында табыстары азай-ған 22 елдің 11-інде қаруланған жанжалдар мен ішкісаяси сипаттағы мәселелер көбейді.

Бұл елдердің әлеуметтік көрсеткіштері әлі күнге дейін қауіп тудыруда. Кедей елдердегі ор-таша өмір сүру ұзақтығы 51 жас, ал ЭЫДҰ-ға мүше елдерде бұл көрсеткіш 78 жасты құрайды. Төмен дамыған елдерде 100 баланың 51-і 5 жас-қа толмай қайтыс болады. Сауаттылық деңгейі, мектепке баруы мен сабаққа қатысуы тым аз, ал білімдері бойынша ерлер мен әйелдер арасында үлкен тепе-теңсіздік байқалады. Төмен дамыған елдерде емделуге кеткен шығын 90 ж. жан ба-сына шаққанда жылына 11 долларды құраған, ал қазір бұл көрсеткіш әлі өзгерген емес, тіпті Аф-рикада бұл көрсеткіш 11 доллардан да кеміген. Осы елдердің көрсеткіштерін зерттей келе, олардың сонымен қатар табиғи апаттар: шөлге айналу, құрғақшылық, су тасқыны, жер сілкінісі мен қатты дауылдар аймақтарында орналасқа-нын ұмытпау керек.

***Ең төмен дамыған елдерге көмек көрсету мәселесі***

Ең төмен дамыған елдердегі мәселелерді шешуді БҰҰ, Бүкіләлемдік Банк (ББ), Халықаралық валюталық қор (ХВК), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) және не сол сияқты ірі халықаралық ұйымдар мен қайырылымдық қорлар қолға алуда. Дамыған елдер қатарынан кедей елдер қатарына экономикалық көмектер көрсетілуде.

**Экономикалық көмек дегеніміз** – дамушы елдерге экономикалық дамуына жәрдемдесу немесе ашаршылық жағдайындағы аймақтарға азық-түліктік көмек көрсету мақсатымен ақшалай немесе табиғи түрде бөлінетін қаражат. Дамушы елдерге экономикалық көмек көрсету екінші дүниежүзілік соғыстан кейін отарлық жүйе құлағандан кейін және екі әлеуметтік-экономикалық жүйелердің үшінші әлем елдерінің даму жолдарына әсер ету мақсатында пайда бола бастаған.

Экономикалық көмек көрсетудің негізгі құралдарының бірі – даму мақсатына арналған ресми көмек (ДРК, ағылш. Official Development Assistance). Оған қаржылық көмекпен қатар көмекті натуралды түрде көрсету (тауарлар мен қызмет көрсету, соның ішінде дамуға техникалық жәрдем) кіреді.

ЭЫДҰ-ның анықтамасына сәйкес, ДРК ЭЫДҰ Комитетінің тізіміне кіретін аймақтар мен елдерге дамыған елдер қатарынан берілетін гранттар мен несиелерді біріктіреді. Гранттар мен несиелер экономикалық дамуды ынталандыру үшін бағытталуы және концессиондық негізде (егер несие грант бірліктерін біріктірсе) берілуі тиіс. Қаржылық көмектерден басқа ДРК техникалық көмекті де қосады. Әскери мақсаттарда берілген несиелер мен гранттар және жеке тұлғаларға берілген трансферттік төлемдер (зейнетақы, өтемақы мен сақтандыру төлемдері) ДРК ретінде саналмайды.

Төмендегі 1-ші суретте 2014 жылғы ЭЫДҰ Комитетіне мүше елдердің жалпы ұлттық табыстан (ЖҰТ) пайыздық көлемде берілген қаржылық көмектері көрсетілген. Жалпы ДРК БҰҰ-ның көрсеткіші бойынша ЖҰТ 0,7% алу керек, 2013 жылға ол тек 0,3% көрсетіліп тұр. Алайда өткен жылмен салыстырғанда даму мақсатындағы көмек мөлшері 6,1% өсті, донор-елдер 135 миллиард АҚШ долларын бөлген. 2013 жылғы және 2014 жылғы мәліметтерді салыстырсақ ЖҰТ-тың 0,7%-нан артық тек 5 ел орындап келеді. Олар: Норвегия, Швеция, Люксембург, Дания және Ұлыбритания елдері. Қалған ЭЫДҰ мүше елдер бұл талапты орындамауда, сонымен қатар көмек көлемін азайтуда. Көмек үлесінің Сахараның оңтүстігіндегі африкалық елдерге мөлшерінің азаю тенденциясы байқалуда. Шетелден экономикалық көмек алудың жағымды жағынан бөлек, жағымсыз салдарлары бар. Біріншіден, шетелдік көмек, ішкі әлеуметтік бағдарламалар сияқты өзіндік өсу емес, жаңа тәуелділік түрлерін ашады. Сарапшылардың айтуы бойынша, 50 жылдық үздіксіз шетелдік көмегінен кейін кедей елдердің шетел көмегіне сұранысы артты. Егер бағдарламалар өзіндік өсуді қамтамасыз ететін болса, онда соңғы жылдары шетел көмегіне деген сұраныс азаюы керек еді. Екіншіден, бюрократия мен орталықтанған экономикалық бақылаудың болуы. Яғни, дамыған елдерден көмек тікелей тұрғын халықтар мен кәсіпорындарға емес, олардың үкіметіне беріледі. Мұның басты салдары өнімсіз мемлекеттік бюрократия мен орталықтанған экономикалық бақылауға алып келеді. Үшіншіден, сарапшылардың айтуынша шетел көмегі тиімсіз жұмсалады. Көптеген төмен дамыған елдерде сыбайлас жемқорлық қатты дамыған, кейбір бағалаулар бойынша шетел көмегінің 10-20% мемлекеттік шенеуніктердің қалтасына түсуде. Сондықтан да кедей елдерде экономикалық өсу баяу жүреді. Сонымен қатар, америкалық экономист ғалымы Джеффри Сакстың айтуы бойынша кедей елдерге көмекті қазіргі таңда дамыған елдер қатарынан аз мөлшерде беруде. БҰҰ 2015 жылға арналған даму бағдарламасының алғашқы үш мақсатына, яғни балалар мен аналарды құтқару және ауруларға қарсы тұру үшін дамыған елдер қатарынан жылына 40 млрд. АҚШ долларын бөліп отырса жеткілікті. Ал «Үлкен сегіздік» елдердің біржылдық табысы 40 трлн. долл. құрады, яғни бұл көмекке қажетті сома осы елдердің табысының бір пайызының тек қана 1/10 ғана алады. Осыған қоса Дж. Сакс мынадай идея айтқан: «Мысалы Американың ЖІӨ-нің 5%-ы соғысқа, ал 0,2% бейбітшілікке арналған. Яғни соғысқа арналған шығыны бейбітшілікке қарағанда 25 есе көп. Бұл кедей елдеріндегі мәселені түк шешпейді».

Сонымен қатар, кедей елдерге дамыған елдер тарапынан қазіргі кезде көмек толық берілмесе де, оны жарты жолда қарапайым адамдарға жеткізбей, көмек алушы елдердің үкімет басшылары мен шенеуніктер өздеріне иеленеді. Сондықтан бұл елдерге берілетін экономикалық көмекті жеткізудің механизімін жетілдіру қажет. Мысалға, біздің ойымызша дамыған елдер өз мемлекеттеріндегі жергілікті құрылыс компанияларына кедей елдерге баспана, мектеп, аурухана, су құбырларын, канализация, электр станцияларын және басқа да қажетті ғимараттар салуға көмектесуге қаражатты тендер арқылы тікелей бөлсе берілетін көмек өз мақсатына жетер еді. Бұл құрылыс арқылы ең кедей елдер кейбір экономикалық мәселелерін де шеше алады. Мысалы, 30-70 қағидасын ұстансақ, яғни жұмысшылар тобының 30% тұрғын халықтан, ал қалған 70% компания қызметшілерінен болады. Бұл арқылы ең кедей елдерде біліммен алмасу, кадр даярлау және жұмыссыздық деңгейін азайту үдерісі қамтамасыз етіледі. Салынған мектеп, ауруханаларға БҰҰ мыңжылдық даму бағдарламасы бойынша қызметкерлер, мұғалімдер мен дәрігерлер келіп, бөлінетін дәрілік көмек арқылы ай сайын вакцина егу арқылы көп аурулардың алдын алуға, ал мектептер арқылы тұрғын халықтың сауаттылығын жоғарылатып, болашаққа жаңа кадрлар даярлауға мүмкіндік береді. Осы жоба ең кедей елдердің әлеуметтік және экономикалық мәселелерін азайтуға орасан көмек болады.

## 22 тақырып

### VI Бөлім. Саяси-құқықтық процестер Құқықтық мемлекет түсінігі

#### Сабақтың оқу мақсаты:

- 11.2.1.1 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін "құқықтық мемлекет" ұғымын қолдану;
- 11.2.1.2 құқықтық мемлекеттің қалыптасуының алғышарттарын зерттеу

#### Бағалау өлшемдері:

1. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуының алғышарттарын зерттейді;
2. Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «азаматтық қоғам» ұғымын қолданады.

#### Жоспар:

- 1) Мемлекеттің шығу тегі туралы алғы шарттар. Мемлекеттің пайда болуы туралы негізгі теориялар.
- 2) Мемлекеттің батыстық (Еуропалық) және шығыстық (Азиялық) даму жолы.
- 3) Мемлекеттің функциялары мен түрлері

Алғашқы қауымдық биліктің орнына мемлекеттік билік шамамен 5-6 мың жыл бұрын келді. Жердегі алғашқы мемлекеттер Солтүстік-Шығыс Африкада, Оңтүстік-Батыс және Оңтүстік-Шығыс Азияда, атап айтқанда Мысырда, Бабылда, Үндіде және Қытайда пайда болды. Мемлекеттің пайда болуы туралы осы заманғы ғылыми көзқарастардың негізгі тарихи материализмді ұстанған классиктердің еңбектерінде көрініс тапқан. Соның бірі

Ф.Энгельс. Оның «Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің пайда болуы» атты еңбегі аса маңызды болып есептеледі. Ф.Энгельстің пайымдауынша алғашқы қауымның ыдырауы және мемлекеттің пайда болуы қоғамның өндірістік экономикаға бет бұруы, өндірістік күштің дамуы, қоғамдағы өндірістік қатынастардың өзгеруі нәтижесі заңды болып табылды. Бұл үдеріс алғашқы мемлекеттердің құрылуына дейін пайда болған және ол баяу дамып келді. Ф. Энгельс мемлекеттің пайда болуының негізгі себептерін көрсеткен: Біріншіден, *еңбектің бөлінуі* – мал шаруашылығының егін шаруашылығынан бөлінуі, қол өнер өндірісінің бөлінуі және сауда-саттықтың орын алуы. Еңбектің бөлінуі халық санының өсуі және олардың қажеттіліктерінің артуы, өндіріс құралдарының дамуы себебінен пайда болған үрдіс. Аталғандардың барлығы шаруашылық жүргізу үшін жаңа мүмкіншіліктер ашты. Жекелеген тайпаларға өзін өзі керекті игіліктермен қатамасыз ету қажетті болмай қалды. Оларға нақты өнімді өндіру, ал өндірістің қалдығын өзге тайпаның өндіргеніне ауыстырып алған пайдалырақ бола бастады. Нәтижесінде мал шаруашылығы, егін ісі, қол өнерішілер және саудагерлер пайда болды. Екіншіден, *жеке меншіктің пайда болуы* – еңбектің өсуі қауымдық шаруашылықтың жеке топтардың не жеке адамдардың шаруашылығына бөлінуіне әкеп соқтырды. Қауымдық меншік алғашқысында топтық меншік болып, кейініректе жеке меншікке айналды. Үшіншіден, *таптардың пайда болуы* – таптар еңбек ету үрдісінде өзінің материалдық жағдайымен ерекшеленетін адамдардың тобы болып табылды. Әлеуметтік қызмет пен мүліктік жағынан бөліну адамдардың жеке және шаруашылық дербестігіне, олардың өзара тәуелсіздігіне әкеп соқтырды. Қоғам бірнеше топтарға бөлінді және олардың мүдделері бірі-біріне қарама – қайшы бола бастады. Таптық күресті тоқтататын күш қажет болды. Ол мемлекет болды. Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, мемлекет қоғамның өзіндік дамуының өнімі ретінде, онда пайда болған қарама-қайшылықтардың нәтижесі ретінде пайда болды. Ф.Энгельс мемлекетті – құрал, инструмент ретінде қарастырды. Дәлірек айтсақ оның ойынша, мемлекет - экономикалық қанаушы таптың қаналушы таптың қарсылығын басуға және қанауға арналған құрал болып табылды. Мемлекеттің пайда болуы туралы мәселені зерттеуге көптеген ғалымдар ұмтылған. Осы ретте мемлекет және құқықтың пайда болуы туралы бірнеше ілімдер қалыптасып үлгерді, олардың әр қайсысы мемлекеттік ұйымдардың пайда болу қайнарын өзіндік тұрғыдан түсіндіреді.

Сол теорияларды қарастырып өтейік:

*Теологиялық теория* – негізін салушы ортағасырлық философ және теолог Фома Аквинский (1225-1274) болды, кейінгі өкілдерінің қатарына бельгиялық философ Мерсье Дезирені (1851-1926) және француз философы Жак Маритенді (1882-1973) жатқызуға болады. Бұл теорияның түп негізгі идеясы мемлекетті Құдай жаратқан, ал мемлекеттік билік Құдайдың жердегі билігінің жалғасы деп түсінілді. Құдайдың билігі - азаматтардың басқарушыларға толығымен бағыну қажеттілігін білдіреді. Мемлекетке бағынбау Жаратқанға бағынбау деп есептелді.

*Патриархалдық теория* – бұл теорияны дамытқан ежелгі грек философы Аристотель (б.э.д 384-322), сондай ақ орыс әлеуметтанушы, публицист Н. Михайловский (1842-1904) және т.б. болды. Аталған теорияның түпкі идеясы бойынша мемлекет бір отбасының дамуының нәтижесі ретінде есептелді. Басқарушының билігі отбасыдағы әкенің шексіз билігінің жалғасы ретінде қарастырылды. Мемлекеттегі басқарушы, отбасыдағы әке секілді сайланбайды және оның билігі өзгермейді әрі шексіз болып табылады. Билікке қарсы шығуға болмайды, тек әке өзінің отбасының қалған мүшелеріне қамқорлық жасай алады. *Органикалық теория* – бұл теорияның өкілдері ежелгі грек философы Платон (б.э.д 427-347) және ағылшын философы Г. Спенсер (1820-1903) және т.б. болған. Бұл теорияның идеясына сәйкес мемлекет және құқық туралы көзқарас адамның ағзасы туралы көзқарасқа сай келеді. Мемлекет - әлеуметтік дамудың нәтижесі болып табылады, ол биологиялық дамудың бір түрі. Мемлекет әрбір ағза секілді мидан (басқарушы) және оның берген тапсырмаларын орындауға арналған органдардан тұрады. *Келісім-шарт теориясы* – XVII-

XVIII ғасырларда пайда болды, өкілдері француз философы, ағартушы Жан Жак Руссо (1712-1778), ағылшын философтары Томас Гоббс (1588-1679) пен Джон Локк (1632-1704), орыс жазушысы А.Н. Радищев (1749-1802) және т.б. болған. Бұл теория бойынша мемлекет пен құқық соғыстар мен қақтығыстарды тоқтату мақсатында азаматтардың саналы, ерікті түрде бір келісімге келуі нәтижесі ретінде қарастырылады. Азаматтар өз еркі мен билігінің бір бөлігін мемлекетке береді. Олар заңдарды сақтауға, салық төлеуге міндеттенеді, ал есесіне билікті ұстаушыдан өз мүдделері мен қауіпсіздігін қорғауды талап етуге құқылы болып табылады. Мемлекет келісім бойынша өз азаматтарына қамқорлық жасайды. Келісім – шарт теориясы мемлекетті танып, зерттеу үшін үлкен серпіліс болды, себебі ол биліктің пайда болуы туралы діни көзқарастарды жоққа шығарды. Бұл теория демократиялық идеяны дамытты. *Күштеу теориясы* – XIX ғасырда пайда болды, оның өкілдерінің қатарына неміс философы Е.Дюрингті (1833-1921), неміс саяси қайраткері К. Каутскийді (1854-1938) жатқызуға болады. Олар мемлекет пен құқықтың пайда болуын бір тайпаның екінші бір тайпаны жаулап алуы сияқты әскери және саяси сипаттағы факторлармен түсіндірген. Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінде көптеген соғыстар жүргізілді, аумақты күштеп басып алу, бір тайпаның екінші бір тайпаны басып алу орын алды. *Психологиялық теория* - XIX ғасырда пайда болды, оның белгілі өкілдері француз әлеуметтанушысы Г. Тард (1843-1904), австриялық психолог З. Фрейд (1856-1939), орыс философы Л. Петражицкий (1867-1931) және т.б. болды. Бұл теорияның өкілдері мемлекеттің және құқықтың пайда болуын адамзаттың психикалық белгілерінің көрінуімен, адамзат санасының заңдылықтарымен түсіндірген. Барлық әлеуметтік заңдылықтар адамның мінез-құлықтары, қызмет етуі арқылы іске асырылады. Сондықтан да адамның психикалық жай-күйі осы заңдылықтардың жүзеге асырылуына әсер етеді. Мемлекетте, құқықта белсенділер мен бәсеңділердің арасындағы психологиялық қарамақайшылықтарды шешудің құралы ретінде қарастырылады. Қоғам екіге бөлінеді: психикасы күштілер (билік жүргізуге ұмтылатындар) және бағынуға психологиялық түрде бейім адамдар. Қазіргі кезде заң ғылымын зерттеуші көптеген ғалымдар жоғарыда аталғандардың ішінде мемлекеттің және құқықтың пайда болуын шынайы түрде ғылыми негіздейтін ілім ретінде К.Маркс пен Ф.Энгельстің тарихиматериалистік теориясын көрсетеді.

**1.2 Мемлекеттің түсінігі және мәні** Мемлекеттің ұғымын ашып, қарастыру шын мәнісінде ол туралы көзқарастарды анықтауды қалыптастыру болап табылады. Сонау антикалық дәуірде мемлекет барлық қоғам өмірін реттеп отырған.

Аристотель мемлекетті жақсы өмір сүру үшін көптеген тайпалар мен ауылдардың бірігуі ретінде көрген. Ежелгі гректерде мемлекетті азаматтардың барлық саналы және өнегелік мүдделерін бір жерге шоғырлау деп есептеді. Мемлекет үнемі тарихи даму үстінде болған құбылыс. Қазіргі кезде мемлекетке сан-алуан анықтама беруге болады. Мемлекет – қоғамдағы саяси биліктің ұйымдастырылуының ерекше нысаны болып табылады. Мемлекет – қоғамның мүддесі мен еркін ресми білдіретін саяси биліктің ұйымы. Мемлекет - биліктің аумақтық ұйымдастырылуы. Мемлекет – қоғам дамуының нәтижесі. Мемлекетке бұрынғысын, қазіргіні, болашағын сипаттайтын барлық белгілерін көрсететін жалпы ұғымын беру мүмкін емес. Қоғам дамуының нәтижесінде мемлекеттің мақсаты мен міндеттері, механизмдері мен функциялары үнемі өгерістерге ұшырап отырады. Мемлекет – қоғамды реттеп отыратын институт, құрал болып табылады. Мемлекет түрлі заңдарды қабылдау арқылы қоғам өмірінің барлық салаларына, қоғамдық қатынастарға ықпал етеді. Мемлекет – ұйымдастырылған күрделі механизм. Мемлекеттің қызмет етуі үшін мемлекеттік басқару органдары қажет және оны атқаратын лауазым иелері болуы керек. Мемлекет – адами ресурстарды басқаратын ұйым. Мемлекет өз тұрғындарының әл-ауқатын көтермелеу үшін еңбек етуге жағдай жасайды, оның жүйесін қалыптастырады. Сонымен, мемлекет дегеніміз - өз билігін елдің барлық аумағы мен халқын тарататын, басқарудың арнайы аппаратына ие, барлығына міндетті ережелер

қабылдайтын, егемендікке ие болып табылатын, қоғамның еркі мен мүддесін білдіретін биліктің егеменді, аумақтық, бірінғай саяси ұйымы болып табылады. Мемлекеттің қоғамдағы объективтік қажеттіліктерін білу үшін, және неге мемлекетсіз қоғамның өмір сүре алмайтындығын және дамымай қалатынын анықтау үшін мемлекеттің мәнін ашу қажет. Мемлекеттің маңызды белгісі оның бүкіл қоғамды басқаратын биліктің жалғызсаяси ұйымы екендігінде, олай болса мемлекеттің мәнін ашатын көзқарастарды қарастырып көрелік: *мемлекеттің таптық мәні* – мемлекет экономикалық жағынан үстем таптың билігінің саяси ұйымы ретінде қарастырылады. Бұл жерде мемлекет тек осы үстем таптың мүддесін қамтамасыз етеді. Ал каналушы таптың мүддесі үнемі қанағаттандылырымай қалады, сондықтан қоғамда үнемі қақтығыстар орын алады және оны жою үшін зорлық әдістері қолданылады. *мемлекеттің жалпы әлеуметтік мәні* – мемлекет түрлі таптар мен әлеуметтік топтардың мүдделерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасайтын биліктің саяси ұйымы ретінде анықтауға болады. *10 мемлекеттің ұлттық, діни мәні* – мемлекеттің жүргізетін саясатында бір ұлттың, бір діннің мүддесінің басым болуы. Жалпы айтқанда мемлекеттің мәні санқырлы, оны тек таптық не жалпы әлеуметтік деп шектеп қоюға болмайды.

### 1.3 Мемлекеттің типтері мен нысандары

Мемлекеттің табиғатын тану үшін ең маңызды ғылыми типология болып табылады. Ғылыми еңбектерде мемлекеттердің бірнеше типологиясы ұсынылған. Мемлекетті типке бөлудің екі түрлі тәсілі бар: формациялық және өркениеттік. Мемлекеттерді типке бөлудің негізгі критерии болып *қоғамдық экономикалық формация* танылады. Мемлекеттің формациялық типологиясы қоғамдық қатынастардың тарихи қалыптасқан нысаны болып табылады. Қоғамдық-экономикалық формация ұғымы марксистік танымның іргетасын құрайды. Формация – бұл өндірістің белгілі бір амалына негізделген қоғамның тарихи типі. Мемлекеттің формациялық типологиясын ұстанған өкілдердің (К.Маркс, Ф.Энгельс, В.Ленин) пікірінше қоғам дамуының шешуші факторы экономикалық базис яғни осы қоғамның өндіру тәсілі болып табылады. Мемлекет экономикалық салада, өндірістік қатынастар аясында болып жатқан өзгерістерге қарай өзінің типін өзгертеді. Формациялық типология көбіне мемлекеттің таптық мәнін ашқан. Тарихқа белгілі бес формация бар: алғашқы қауымдық, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік және социалистік. Аталғандардың ішінде мемлекеттің типологиясының марксистік ілімінің негізінде қалыптасқан формациялық критерии бойынша мына типтегі мемлекеттер қанаушы болып есептелді: құл иеленуші, феодалдық, буржуазиялық, ал социалистік тип болса, қоғамдық өзін-өзі басқару типіне айналуы керек болған. Экономикалық базистің типіне қарай мемлекеттің мынадай типтері бар: - құл иеленушілік мемлекет - құл иеленуші құлға билік жүргізудің құралы болды. Тарихтағы қоғамның алғашқы мемлекеттік таптық ұйымы. Құл еркіндігі бар азаматтардың жеке меншігі ретінде танылды. Бұл мемлекеттердің негізгі мақсаты құл иеленушінің меншігін қорғау болды. - феодалдық мемлекет – экономикалық тәуелді шаруалардың еңбегін қанаған ірі жер иеленуші болған феодалдардың диктатура жүргізу құралы болды. Мұнда мемлекет қанаушы таптың жерге, шаруаға және олардың еңбегіне құқықты қамтамасыз еткен. - буржуазиялық мемлекет – жұмысшы таптың үстінен буржуазияның жүргізген билігін қолдау құралы болды. Жұмысшы таптың жеке бостандығы бола тұра ол өз еңбегін капиталистке сатуға мәжбүр болды. - социалистік мемлекет – қоғамдық меншікке, өндіріс құралдарына негізделді және өз саясатында қалың халықтың мүддесін білдірді. Социалистік мемлекет еңбек етуші таптың саяси билігінің құралы болды. Сонымен, мемлекеттің формациялық типологиясы мемлекеттің экономикалық негізі мен әлеуметтік мәнін сипаттайды, яғни қандай әлеуметтік тап қоғамды басқарып отырғанын көрсетеді. Қазіргі ғылымда формациялық типология тарихтағы бұрынғы мемлекеттерді сипаттау үшін ғана қолданылады. Мемлекеттерді типке бөлудің екінші критерии болып *өркениеттік типология* танылады. Өркениеттік типология XX ғасырда дүниеге келген. Оның негізін қалағандардың бірі ағылшын тарихшысы А.Тойнби болды. Басқа өкілдерінің

қатарында М. Вебер, П. Сорокин, О. Шпенглер, У. Ростоу және т.б. болды. Мемлекеттерді типтерге бөлудің өркениеттік типологиясы көбінесе қоғамның мәдени сипатына (дінге, психологияға, моральге т.б.) көңіл бөлді. А. Тойнби өркениеттің он үш түрін ұсынған болатын, атап айтқанда, ежелгі грекиялық, римдік, сириялық, крито-микендік, православтық, батыс, араб, қиыр шығыстық, мексикалық, ирандық, қытайлық, үнділік және т.б. Оның ойынша өркениет – мәдени, экономикалық, географиялық, діни, психологиялық және өзге де факторлармен ерекшеленетін қоғамның қалыпты жай-күйі болып табылды. А. Тойнбидің көзқарасы бойынша әрбір өркениет типіне мемлекет типі сәйкес келуі керек. Мемлекеттің өркениеттік типологиясы мәдени факторларға негізделген, ол мемлекетке тікелей ықпал етеді. Өркениеттік типология адам қызметінің барлық нысандары арқылы өткенді тануға мүмкіншілік береді. Өркениеттік типология тек таптар мен әлеуметтік топтардың қарсылығын айырып білуді ғана көздемей, ол сонымен бірге жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде олардың өзара әрекеттесуі аясын да білуге жәрдемдеседі. Мемлекеттің типологиясы мемлекеттің нысаны ұғымымен тығыз байланысты болып келеді. Мемлекеттің нысаны мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуы мен қызмет ету амалы болып табылады. Мемлекет нысанын оқып, зерттеу қоғамды мемлекеттік басқару қалай ұйымдастырылғанын, оны биліктің қандай органдары іске асырып жатқанын, олар қандай тәртіпте және оны кім қалыптастыратынын, қоғамдағы қатынастарды реттеу үрдісінде қандай әдістер қолданылатынын түсініп, білуге мүмкіншілік береді. Мемлекет нысаны күрделі. Құрылымы бойынша жүйелі құбылыс болып табылады. Ол өзара байланысты үш элементтен тұрады: мемлекеттік басқару нысаны, мемлекеттік құрылым нысаны және мемлекеттік саяси режим нысаны. 1. Мемлекеттік басқару нысаны – мемлекеттік биліктің жоғары органдарының ұйымдастырылуы мен құызмет етуі ерекшеліктерін, құрылымын сипаттайтын мемлекет нысанының элементі болып табылады. Мемлекеттік биліктің жоғары органдарына мемлекет басшысын (монархты не президентті), заң шығарушы органды (парламентті) және атқарушы биліктің жоғары органын (үкіметті) жатқызады. Басқару нысанының екі түрі бар: *монархия* және *республика*. 1) Монархия дегеніміз – биліктің мұра жолымен атадан балаға берілуіне негізделген басқару нысаны. Билік монархтың қолына шоғырланған. Монархиялық басқару нысанына мына белгілер тән болып келеді: мемлекет басшысының билігі мұраға беріледі, шексіз болады, оның қарамағындағылардың еркіне тәуелсіз болады. Монархияның мынадай түрлері бар: *абсолютті*, *дуалистік* және *парламенттік*. Дуалистік және парламенттік монархияны шектелген – *конституциялық монархия* деп те атайды. Абсолютті монархия – мемлекет басшысының билігін шектейтін мемлекет механизміндегі органдар мен мекемелердің жоқ болуымен сипатталады, яғни монархтың билігі шексіз болады және оның билігін ешбір орган шектей алмайды. Тарихта абсолютті монархия ең бірінші монархиялық басқару нысаны болды. Осы кездері Бруней, Сауд Аравиясы, Катар, Кувейт елдері абсолютті монархияны ұстанатын елдер болғанымен, олардың конституциясы мен заңдарынан монархияның бұл түрін таппайсың. Дуалистік монархия XVIII-XIX ғасырларда Еуропада кең тарала бастаған. Заң қабылдауға ерекше құқықты иеленген Парламенттің құрылуы бұл монархияның ерекшелігі болып табылады. Мемлекетті монарх басқарады. Ол үкіметті құрады және оның жұмысын бақылайды, veto құқығын иеленеді және парламентті таратуға құқылы. Басқарудың бұл нысаны Германияда, Ливияда, Түркияда, Тайландта, және т.б. мемлекеттерде болған. Қазіргі кезде заң жүзінде монархияның бұл түрі жоқ, бірақ іс жүзінде көптеген мемлекеттерде дуалистік



монархияның қалдықтары әлі де сақталған, мысалы, Марокко, Иордания және т.б. Парламенттік монархия буржуазияның саяси ықпалының нығайту нәтижесінде және еуропалық мемлекеттерде жұмысшы таптың санының өсуі нәтижесінде кең етек жая бастады. Парламенттік басқару нысанында монарх ұлт бірлігінің, ел тәуелсіздігінің символы болып табылады. Мемлекетті басқару бойынша негізгі құзырет үкіметке тиесілі болады. Монарх парламенттің ұсынысымен үкіметтің мүшелерін тағайындайды, монарх парламент қабылдаған құжаттарға қатысты вето қоюға құқығы жоқ. Көптеген парламенттік монархия мемлекеттерінде контрсигнатура институты бар.

2) Республика – мемлекеттің басқару нысанының екінші түрі. Мемлекет басшысы (президент) сайланбалы және ауыспалы болып табылады, ал оның билігі халықтың немесе өкілді орган билігінен туынды болып қарастырылады. Республиканың келесідей белгілері бар: сайланбалық, өкілеттілік мерзімінің болуы, ауыспалы болуы және т.б. Республиканың үш түрі бар: *президенттік, парламенттік және аралас*. Президенттік республикада – президент бір мезгілде мемлекеттің басшысы және атқарушы биліктің басшысы болады. Мысалы, Аргентина, АҚШ және т.б. Президент жеке дара өзі үкіметті құрады, оны басқарады, министрлерді қызметтен босатады. Президент парламенттің алдында саяси жауапты емес. Президент заң шығарушы органды таратуға құқығы жоқ, бірақ оған вето құқығын пайдаланып ықпал ете алады. Парламенттік республикада – үкімет саяси партиялар арқылы құрылады және парламент алдында саяси жауапты болады. Мысалы, Түркия, Израиль, Германия және т.б. Қажет болған жағдайда парламент үкіметке сенімсіздік білдіре алады. Әдетте парламенттегі партиялар өкілдерінің саны кезекті сайлаудың нәтижесі бойынша өзгеріп жатса, үкіметтің құрамы да толығымен өзгереді. Парламенттік республикада Президент парламентпен тағайындалады. Заң жүзінде оның құзыреті кең болғанымен, іс жүзінде ол тек мемлекеттің символы ғана болып табылады.

Аралас республика – жартылай президенттік және жартылай парламенттік мемлекет болып есептеледі. Аралас республикада үкіметтің жауаптылығы екі есеге артады, президент пен парламент бірлесіп отырып үкіметті құрады және қызмет етуіне бақылау жасайды. Мысалы, Австрия, Польша, Финляндия, Болгария және т.б.

2. Мемлекеттік құрылым нысаны – билік пен басқарудың аумақтық ұйымдастырылуының ерекшеліктерін сипаттайтын мемлекет нысанының элементі болып табылады. Мемлекеттің құрылым нысаны: *унитарлық* және *федеративтік* болып бөлінеді. Унитарлық мемлекет – аумағы әкімшілік-аумақтық бірліктерге бөлінген біріңғай, біртұтас мемлекет. Мысалы, Франция, Италия, Испания, Венгрия және т.б. Унитарлық мемлекеттің екі түрі болады:

**Тапсырма:** Шығармашылық тапсырма «Құқықтық мемлекет – қоғамға есеп беретін мемлекет» қосымша мәліметтерді пайдалана отырып нақты фактілер арқылы сөйлемнің мағынасын ашу

## 23 тақырып Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі

**Сабактың оқу мақсаты:**

- 11.2.2.1 Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесінің ыдырау себептерін талдау;  
11.2.2.2 Әлемнің биполярлы жүйесінің ерекшеліктерін сипаттау

### **Бағалау өлшемдері:**

1. Қауіпсіз әлем дамуының ықтимал жолдарын болжайды.
2. Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін тұжырымдайды.

Саяси жүйе дегеніміз қоғамдағы адамдардың саяси іс-әрекеттерін анықтайтын, бағыттайтын және бақылайтын институттар мен ұйымдар, нормалар мен принциптер жиынтығы.

Саяси жүйе төмендегідей құрылымнан тұрады:

Институционалды, мұнда мемлекет, саяси партиялар мен ұйымдар кіреді;

Нормативті құрылым, бұған заңдар, жазылған немесе жазылмаған нормалар мен принциптер жатады;

Мәдени құрылым, саясаттың ішкі эмоционалды жақтарын қарасырады

Коммуникативті құрылым қоғамдағы саяси билік қатынастарын қамтиды;

Функционалды құрылымға әр түрлі саяси рөлдер мен қызметтер жатады.

Саяси жүйенің жұмыс жасап, дамуы оның «кірісі» мен «шығысына» байланысты. Кіріске жататындар: талап тілектер, мүдде, мұқтаждықтар, қолдаулар немесе кеілпеушіліктер. Осы кіріске жауап ретінде саяси жүйе жұмыс жасайды. Ол шығыс деп аталады. Оған жататындар: заңдар, шешімдер, бұйрықтар, реформалар және тағы жа басқалары. Саяси жүйенің басқа қоғамның жүйелерден айырмашылығы, онда күш көрсету құқы бар.

Батыс саясаттанушыларының арасында саяси жүйені келесі түрлерге жіктейді: ағылшын-америкалық, құрылықтық-еуропалық, индустрияланбаған немесе жартылай индустрияланған, тоталитарлық.

Саяси жүйенің ағылшын-америкалық түрі ондағы саяси мәдениеттің бірыңғайлылығымен, біртектілігімен сипатталады. Бұл елдерде мемлекеттің алдына қойған саяси мақсат-мұратын және оған жетудің жолдары мен әдіс-тәсілдерін халықтың бәрі қолдайды. Ол мәдениет еркіндік, тиімді есепқорлық, пысықтық, ұқыптылық, саяси либерализмге негізделген.

Құрылықтық-еуропалық саяси жүйенің ұсынатын құндылықтары әр түрлі келеді. Онда ескі мәдениеттің жұрнақтары мен жаңа мәдениет астарласып жатады.

Индустрияланбаған немесе жартылай индустрияланған саяси жүйеде батыстың құндылықтары, этникалық салт-дәстүрлер, діни әдет-ғұрыптар шоғарланған. Мемлекет биліктері анық бөлінбеген.

Тоталитарлық жүйеде саяси мәдениеттің таптық сипаты бар. Сырттай қарағанда ол біртектес сияқты. Оның құндылықтарын қоғамның барлық мүшелері қолдай бермейді. Бірақ ол мойындауды еріксіз жасайды. Билеуші партия саяси жүйенің барлық элементтерінің іс-әрекетіне бақылау жасайды.

### **Саяси жүйенің дамуы, саяси тұрақтылық және тұрақсыздық**

Саяси тұрақтылық дегеніміз – қоғамның саяси жүйесінің қоғамдық өзгерістерге уақытында жауап беріп, шиеленістерді дер кезінде шеше алу жағдайын айтамыз.

Саяси тұрақтылықтың үш түрі бар: абсолютті, статикалық, динамикалық.

Абсолютті тұрақтылық тек теориялық тұрғыдан зерттелген жағдай. Статикалық тұрақтылық дегеніміз мемлекеттің тарапынан орнатылатын тұрақтылықты айтамыз. Ал динамикалық тұрақтылық дегеніміз халық тарапынан да, мемлекеттік билік тарапынан да сол тұрақтылықты орнатуға деген мүдде мен белсенділікті айтамыз.

Саяси тұрақтылықты орнатудың екі жолы бар. Олар: дамыған демократия арқылы орнату және диктатура арқылы. Екі жолдың қайсы жағымды, қайсы жағымсыз екені қазіргі таңдағы ең даулы мәселелердің бірі болып табылады.

Саяси тұрақсыздық дегеніміз – қоғамның саяси жүйесінің сыртқы және ішкі саяси шешімдерге байланысты тәуекелділікке баруы. Саяси тұрақсыздықтың екі түрі болады:

экстрозанды және өкіметтік. Экстрозанды тұрақсыздыққа жататындар: терроризм, соғыс т.б. Ал өкіметтік тұрақсыздыққа жататындар: мемлекеттің ішкі саясатына байланысты қабылданған шешімдерге байланысты, мысалы: сайлау, реформа, заң, болатын өзгерістер. Кез келген саяси тұрақсыздықты алдын ала байқап білуге болдады. Оның негізгі белгілері: Қоғамның құндылықтарын үлестірудегі әлеуметтік теңсіздік деңгейі; Этносаралық және діни шиеленістер деңгейі; Конституциялық құқықтың бұзылу деңгейі; Солшыл радикалды идеялар деңгейі; Саяси плюрализм деңгейі.

Тапсырма:

1. Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесінің ыдырау себептерін талдау
2. 1945-1985 жылдары биполярлық жүйенің құрылуына қырғи-қабақ соғысының әсерін талдау

## 24 тақырып

### Халықаралық қауіпсіздікке төнген қазіргі кездегі қауіп-қатерлер

#### Сабактың оқу мақсаты:

11.2.3.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін "сепаратизм", "терроризм", "фундаментализм", "экстремизм", "миграция", "босқын" терминдерін қолдану;

#### Бағалау өлшемдері:

1. Қауіпсіз әлем дамуының ықтимал жолдарын болжайды.
2. Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін тұжырымдайды.

I *Халықаралық қауіпсіздік – бүкіләлемдік бейбітшілікке* немесе халықтардың қауіпсіздігіне төнетін қандай да бір қауіпті болдырмауды қамтамасыз ететін халықаралық қатынастар. Ол әлемдік қауымдастықтың сақталуы мен қызметіне байланысты болады.

Халықаралық қауіпсіздікті мына жағдайлар айқындайды:

- халықаралық қауіпсіздік халықаралық қатынастар жағдайынан қалыптасады, ол тек қана халықаралық бейбітшілікті ғана қалыптастырмайды, сонымен қатар пайда болған жанжалдарды бейбіт түрде шешеді;
- халықаралық қауіпсіздік мемлекеттердің түрлі ынтымақтастығы жағдайында және халықаралық қатынастардың әртүрлі салаларында ғана мүмкін болады;
- барлық мемлекеттердің халықаралық тәртіп шарттарына байланысты өздерінің тәуелсіздіктерін, дербестіктерін қалыптастыру арқылы қолдауға және қамтамасыз етуге мүмкіндігі болуы тиіс;
- халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету халықаралық тәртіп жағдайындағы халықаралық құқықтардың негізгі ұстанымдары мен жалпыға ортақ қағидаларын сақтау арқылы ғана жүзеге асады.

Қазіргі жағдайда халықаралық қауіпсіздікке сепаратизм, терроризм, фундаментализм, экстремизм, босқындар мәселесі секілді түрлі қатерлер қауіп тудыруда. **Сепаратизм** (лат. *seraratus* – жеке) - мемлекет аумағынан жеке мемлекет (сецесия) құру мақсатында бөліну немесе автономия мәртебесін алу, бөлектену саясаты мен әрекеттер. Сепаратизм, бір жағынан, халықтардың өзін-өзі басқару құқығы туралы халықаралық ұстанымдарға сүйенеді және көбінесе халықаралық тұрғыда мойындалған ұлт– азаттық қозғалыс пен

отаршылдыққа қарсы күреске айналады. Ал, екінші жағынан, егемендік туралы халықаралық ұстанымдарды, мемлекеттің аумақтық тұтастығы мен бірлігін шекаралардың мызғымастығын бұзып, мемлекетаралық және этникааралық шиеленіскен жанжалдарды туындауына себеп болады. Сепаратизмнің қалыптасуына халықтардың құқығының бұзылуы, этникалық және діни азшылық өкілдерінің қысымға ұшырауы алғышарт саналады. Мұндай жағдайда сепаратизм халыққа бірден-бір құтқарушы күш секілді ықпал етіп, белең алып кетуі мүмкін. Отаршылдыққа қарсы күрес жүргізіп, жаңа мемлекет құру барысында сепаратизм осындай рөлге ие болады. Сепаратизм Австро-Венгрия, КСРО, Югославия, Чехословакия секілді мемлекеттердің ыдырауына ерекше ықпал етті. Бүгінде сепаратизм дамыған өркениетті (Ұлыбритания, Канада, Испания секілді басқа да) мемлекеттер мен дамушы (Үндістан, Пәкістан, Ирак пен көптеген Африка елдеріне) елдерге күрделі мәселелер туындатуда.

Кейінгі зерттеу деректеріне сай, әлемде сепаратизмнің 50-ге жуық ошағы бар екені белгілі.

Сепаратистік қозғалыстар мақсаттарына қарай бөлінеді, оны қолдаушылар осы ұстанымдар үшін күреседі:

- сецессияны мақсат еткен сепаратизм (Түркиядағы күрдтер, Үндістандағы сикхтар мен тамилдар күресі);
- жеке бөліну мен басқа мемлекетке қосылуды мақсат еткен сепаратизм (Қытайдағы ішкі Моңғолияның, Моңғолияға қосылуды қолдаған қозғалысы);
- мемлекет құрамындағы аймақты сақтай отырып, үлкен автономияға қол жеткізуді мақсат еткен сепаратизм (Франциядағы Корсика автономиясының аумағын ұлғайту құқығы үшін болған күрес).

Сепаратистік қозғалыстар, көбінесе мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақсыздық салдарынан туындайды (КСРО, Чехословакия, Югославия). **Терроризм.** Экономика бағытындағы жылдам өзгерістер барысында туындаған қайшылықтар және осы өзгерістерді қоғамдық құрылымдардың қабылдай алмауы, сондай-ақ халық арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің артуы, қылмыстың көбеюіне және қоғамдағы қорғаныстың төмендеуіне соқтырады. Қазіргі көптеген мемлекеттерде орын алған осындай қарама-қайшылықтар терроризмнің дамуына жол ашады.

Терроризм – бұл қоғамдағы экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрақсыздықтың салдары. *Терроризм* 1) идеологиялық насихат арқылы күш қолдануды жүзеге асыратын саяси күрес әдістерінің бірі; 2) қандай да бір шешімдерді қабылдауға немесе одан террористердің мүддесі үшін бас тартуға тікелей, болмаса, жанама түрде ықпал ету мақсатында халықты немесе әлеуметтік топтарды қорқытуға бағытталған, ашық түрде жасалатын жалпыға қауіпті әрекеттер. *Терроризмнің субъектісіне* жекелеген адамдар, үкіметтік емес кәсіби ұйымдар жатады. *Терроризмнің объектісіне* жекелеген мемлекеттік қызметкерлерді қамтыған билік пен жекетұлғалары бар қоғам, жекеменшік және мемлекеттік мүліктер, инфрақұрылымдар, тіршілік үшін қажетті жүйелер жатады. *Терроризмнің мақсаты* – террористер қалаған жағдайға қол жеткізу. Оған қоғамда тұрақсыздық туғызу, басқа мемлекеттермен соғыс өртің тұтандыру, кейбір аймақтарда дербестікке қол жеткізу, биліктің беделін түсіру, билік тарапынан саяси келісімдерге қол жеткізу және тағы басқа осы секілді маңызды мақсаттар жатады. *Есте сақтаңдар* Терроризм – мемлекетке қарсы күштер мен ұйымдардың заңсыз күш қолдану әрекеттері. Терроризм билікке соққы жасап, мемлекеттегі саяси жүйені күйретеді. 1960 жылдардың соңында «Жапонияның қызыл әскері» атты террористік ұйым, Жапонияда лаңкестік әрекеттер жасап, мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндірді. Осы террористік ұйымның мүшелері 1975 жылы Лод әуежайында қанды қырғын жасап, 25 адамды өлтіріп, 72 адамды

жаракаттайды. Олардың бұл әрекеті әлемнің назарын өзіне аударды. Кейіннен ұйым талқандалып, Жапониядан қоныс аударды. Олар өз әрекеттерін алғаш Еуропада, кейіннен Азияда жалғастырды. **Фундаментализм. Экстремизм. Босқындар** Фундаментализм (лат. Fundamentum негіз) — 1) философиялық, моральдық және әлеуметтік ағымның әсіре консервативті түрі; 2) ол белгілі бір ілімнің бастапқы идеясын, ұстанымын, құндылығын сақтауды қолдайтын, олардың дамуы барысында пайда болатын өзгерістерді жоққа шығаратын және алғашқы таза күйін қалпына келтіріп «негізге оралуды» талап ететін қоғамдық, идеологиялық, діни қозғалыс. Фундаментализм өзгерістер енгізуге, жаңаруға күш қолдану құралдары арқылы қарсы тұрады. Ол қазіргі қоғамдағы жаһандану және секуляризация процестеріне қарсылығын білдіріп отырады. Фундаментализм барлық дүниетанымдық идеялардың бастапқы мәнінің оралуын қолдайды.

*Есте сақтаңдар:* Фундаментализмнің негізі — сенімнің мәні еш өзгеріссіз қалады дегенге сену. Адамның ең үлкен қорқынышының бірі мәнсіздік және әлем мен жан дүниесіндегі бейберекетсіздік, қорқыныш, адамдарды еш зорлықсыз-ақ бақылаудан шығарады. Осы қорқыныш көптеген фундаменталистік бағыттардың алғашқы себебі болды. Фундаментализм адамдардың жаны үшін таласатын мейірімділік пен зұлымдыққа, қатаң сұрыптаулар қояды. Зұлымдық соншалықты күшті болып сипатталады, сондықтан сенімі жоқ адамдар оның алдында дәрменсіз болып қалады. Осыған орай фундаментализм былай нақтылайды: қорқыныштан құтылудың жалғыз жолы — тұрақты сенім белгілі бір идеологияны сөзсіз қабылдау. Фундаментализмнің психологиялық тартымдылығы оның сенімділік қалыптастыратындығында, ол ішкі жан дүниедегі қайшылықтарды тоқтатып, моральдық жеңілдік береді. Мұндай сенімділік дұрыс ақыл-ой мен тәжірибеге еш әсер ете алмайды. *Фундаменталистердің идеалы* - еркіндіктің, жеке бастамалардың барлығына тыйым салу; адамдардың өмірінің барлық бағыттарын реттейтін билікке мойынсыну. Фундаменталистер жоғарғы биліктің жарлықтарын талассыз және өзгеріссіз орындауды қайта жаңғырту қажет деп санайды. Фундаменталистер адамзаттың әлсіздігі адамды зұлымдықтың алдында жеңіліске душар етеді, сондықтан бастапқы негізге оралу қажет деп санайды. Фундаментализм авторитарлы әдіс арқылы тәртіпті қалпына келтіруге кепілдік береді. Фундаментализм авторитарлы, өйткені ол адамдарды бақылауда ұстауға қызмет етеді. Ол тек қана беделді жүйеде жұмыс жасайды, өйткені тек олар ғана үстемдікті орнатады және оны қолдайды. Фундаментализмнің тағы бір түрі — діни фундаментализм. Оның негізгі міндеттерінің бірі — қоғамда үстемдікке ие болатын діни құрылымдарға қайта оралу. Діни фундаментализмнің негізгі идеологиялық қағидалары болып мыналар саналады: 1) діни қасиетті кітаптарда жазылған қағидаларды қатаң сақтау қажеттілігі; 2) қасиетті жазбаларды сынауға, либералды түсіндіруге жол бермеу. Фундаментализм әсіресе исламда, христиандықта, иудаизм мен индуизмде ерекше көрініс береді.

**Экстремизм** (лат. extremus - соңғы) - іс-әрекеттің ең қатаң көзқарасын мен әдісіне бейімділік (негізінен, саясатта). Экстремизм - бұл:

- әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік және діни айырмашылықтарды қоздыру;
- адамдар мен азаматтардың олардың қандай да бір әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік топқа және діни және тілдік жағдайларына қарамастан,
- бостандықтары мен заңды мүдделер құқығының бұзылуы;
- азаматтардың саяси құқықтарын білдіруіне күш қолдану немесе қандай да бір қатер төндіру арқылы кедергі келтіру;
- мемлекеттік органдар мен қоғамдық, діни және басқа да ұйымдардың заңды қызметтеріне күш қолдану немесе қатер төндіру арқылы кедергі келтіру;
- конституциялық құрылымды күш қолдану арқылы өзгерту және мемлекеттің тұтастығын бұзу;

- әлеуметтік, саяси, идеологиялық, ұлттық, нәсілдік, дін, жеккөрушілік пен жауласу себептеріне орай қылмыс жасау.

Экстремизмге жекелеген адамдар да, сонымен қатар саяси ұйымдар бейім болып келеді. Саяси экстремистік әрекеттерге тәртіпсіздік ұйымдастыру, террористік қимылдар мен партизандық соғыс жүргізу жатады. Экстремизмнің өршуіне әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар, халықтың басым бөлігінің тұрмыс деңгейінің күрт құлдырауы, биліктің оппозицияны басып-жаншуы мен басқаша көзқарастағыларды қудалауы секілді тоталитарлық саяси шешімдер ықпал етеді. Мұндай жағдай экстремистер үшін соңғы қадамдарды жүзеге асыратын мүмкіндік болды. **Босқындар.** Түрлі жанжалдар, әсіресе әскери қақтығыстар, әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктер, адам құқығының бұзылуы табиғи апаттар, климаттың өзгеруі секілді түрлі жағдайлар адамдардың өз мемлекеттерін еріксіз тастап, босқын атануына мәжбүр етеді. Назар аударындар! Босқын - төтенше әрі қатерлі жағдайларға байланысты өзі өмір сүрген елді тастап шыкса және басқа мемлекеттен пана іздеген тұлға. Олар босқын мәртебесін алу үшін бірқатар рәсімдерден өтеді, босқан мәртебесі олардың қосымша кепілдікке, материалдық және құқықтық көмекке қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Ешкім де, ешқашан да босқын болғысы келмейді. Босқын болу бұл тек қана өзге елге бас сауғалап бару ғана емес, сонымен қатар өзге елде кіріптар болып тіршілік кешу, қарапайым ғана азық-түлік, киім және баспана секілді алғашқы қажеттіліктерге қол жеткізу үшін басқалардың қолына қарау. БҰҰ келтірген деректері бойынша соғыстан, аштықтан, табиғи апаттардан және зорлық-зомбылық пен түрлі қатерден бассауғалайтын босқындар қатары жыл өткен сайын арта түсуде. 2018 жылы дүниежүзіндегі босқындар саны 70,8 миллион адамға жетті. Босқындар мәселесімен БҰҰ жанындағы босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссариат басқармасы айналысады (БЖКБ). Осы басқарма аса ауқымды іс-шараларды Ауғанстан, Колумбия, Конго Демократиялық Республикасы, Мали, Пәкістан, Сирия, Иордания, Ливан, Түркия және Ирак елдерінде атқарды. Сонымен қатар босқындарға көмекті Халықаралық Қызыл Крест Комитеті де көрсетеді.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Терроризмнің пайда болу себепін атаңдар.
2. Палестинада терроризмнің туындау себепін баяндаңдар және оның ерекшелігін көрсетіңдер.
3. Қазіргі замандағы терроризмнің ерекшелігі неде?
4. Сепаратизм және оның пайда болу себептерін атаңдар.
5. Сепаратистер қандай күрес тәсілдерін қолданады?

## 25 тақырып

### VII Бөлім. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы

#### М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары

##### Сабақтың оқу мақсаты:

Үндістанның қоғамдық-саяси даму идеологиясы ретінде "гандизм" ұғымын түсіндіру; Үндістанның ұлттық тәуелсіздікке жетудегі бейбіт жолмен қарсыласу идеяларының маңыздылығын анықтау;

##### Бағалау өлшемдері:

1. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын пікір білдіреді
2. XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттейді.

М.Ганди Оңтүстік Африкада жүргенде бейбіт жолмен қарсыласудың теориясы мен тактикасын белгілеп, оны сатьяграха (Шындық үшін тайсалма) деп атады. 1899-1902 және 1906 жылғы ағылшын-зулус соғыстары кезінде М.Ганди сонда тұрып жатқан үнділерден ағылшындарға көмек көрсететін санитарлық жасақтар құрады. Бурлар мен зулустардың күресін әділ күрес деп есептегенімен, ол үнділердің ағылшындарға жәрдемі Үндістанға өзін өзі басқару құқығын беруге септігін тигізеді деп үміттенді. М.Ганди осы тәсілдің арқасында өз халқын ағылшындық отаршылдық езгіден аман сақтап қаламын деп те ойлады. Ол заманда үнді халқын аман сақтап қалудың бірден бір жолы осы тәсіл екені де даусыз еді. 1915 жылы қаңтарда Үндістанға қайтып оралғаннан кейін М.Ганди Үндістан ұлт-азаттық Конгресі партиясымен жақындасып, 1916 жылы оған мүше болып кіреді. 1917-1918 жылдардан бастап ол ұлт-азаттық қозғалысында неғұрлым көрнекті қызметтер атқарады. Бұл тұста елде ағылшындарға қарсы бұқаралық қозғалыс кеңінен етек алған болатын. Сол жылдары М.Ганди өзі редакторы болған "Жас Үндістан" газеті мен жетісіне бір рет шығатын "Навадживан" журналы арқылы өз идеясын насихаттап отырды. Алайда М.Ганди күресті қару күшімен емес, бейбіт жолмен жүргізуге тырысты, ұлы мақсат жолында қандай да бір күш қолдануға жан-тәнімен қарсы болды. Кейбір солшыл топтар оның бұл көзқарасын қолдамағанымен, тұтастай Үндістан халқы Махатма жағында еді. 1919-1948 жылдары Махатма Ганди Үндістан ұлт-азаттық Конгресі партиясының идеялық жетекшісі және беделді саяси басшысы, үл көсемі бола білді. М.Гандидей ұлы тұлғаның арқасында Ұлттық халық Конгресі партиясы Үндістан халқының зор қолдауына ие болды. Үндістанның кемеңгер ақыны Рабиндранат Тагор қойған Махатма (Ұлы адам) деген құрметті атақ - М.Гандидің елі сүйген есімі. Ағылшын отаршыларына қарсы күресте М.Ганди талай рет айдалып (1922-1924, 1930-1931, 1942-1944 ж.ж.), неше қайтара сотталып, абақтыларға отырғызылды. Отаршылардың бұл әрекеті күрескер азаматты жасыта алмады, қайта шындай түсті. Ағылшындарға "Үндістаннан тайып тұрыңдар!" деп алғаш ұран тастаған да М.Ганди болатын. Бір қызығы ұлы тұлға 1946 жылғы үнді моряктарының көтерілісін айыптады. Себебі, М.Гандидің ойынша Үнді халқы тәуелсіздікке тек бейбіт жолмен ғана жете алатынынына имандай сенуінде еді және өзі осы жолды мықтап ұстанды. Шын мәніндегі ұлт көсемі дәрежесіне көтерілген ол ұлы мұрат жолында титтей де солқылдақтық танытпады, таңдап алған жолына адал болды. Ағылшындардың құйтырқы саясатының нәтижесінде 1947 жылы Үндістан-Пәкістан болып екі мемлекетке бөлінген тұста да ол үнділер мен мұсылмандарды бірлікке шақырды. 1948 жылы 30 қаңтарда Махатма Ганди Үнді реакцияшыл ұйымдарының мүшесі Натхурам Годзе дегеннің қолынан салтанатты митингі кезінде қастандықпен өлтіріледі. М.Ганди Оңтүстік Африкада жүргенде бейбіт жолмен қарсыласудың теориясы мен тактикасын белгілеп, оны сатьяграха (Шындық үшін тайсалма) деп атады. 1899-1902 және 1906 жылғы ағылшын-зулус соғыстары кезінде М.Ганди сонда тұрып жатқан үнділерден ағылшындарға көмек көрсететін санитарлық жасақтар құрады. Бурлар мен зулустардың күресін әділ күрес деп есептегенімен, ол үнділердің ағылшындарға жәрдемі Үндістанға өзін өзі басқару құқығын беруге септігін тигізеді деп үміттенді. М.Ганди осы тәсілдің арқасында өз халқын ағылшындық отаршылдық езгіден аман сақтап қаламын деп те ойлады. Ол заманда үнді халқын аман сақтап қалудың бірден бір жолы осы тәсіл екені де даусыз еді. 1915 жылы қаңтарда Үндістанға қайтып оралғаннан кейін М.Ганди Үндістан ұлт-азаттық Конгресі партиясымен жақындасып, 1916 жылы оған мүше болып кіреді. 1917-1918 жылдардан бастап ол ұлт-азаттық қозғалысында неғұрлым көрнекті қызметтер атқарады. Бұл тұста елде ағылшындарға қарсы бұқаралық қозғалыс кеңінен етек алған болатын. Сол

жылдары М.Ганди өзі редакторы болған "Жас Үндістан" газеті мен жетісіне бір рет шығатын "Навадживан" журналы арқылы өз идеясын насихаттап отырды.

Алайда М.Ганди күресті қару күшімен емес, бейбіт жолмен жүргізуге тырысты, ұлы мақсат жолында қандай да бір күш қолдануға жан-тәнімен қарсы болды. Кейбір солшыл топтар оның бұл көзқарасын қолдамағанымен, тұтастай Үндістан халқы Махатма жағында еді. 1919-1948 жылдары Махатма Ганди Үндістан ұлт-азаттық Конгресі партиясының идеялық жетекшісі және беделді саяси басшысы, үл көсемі бола білді.

М.Гандидей ұлы тұлғаның арқасында Ұлттық халық Конгресі партиясы Үндістан халқының зор қолдауына ие болды. Үндістанның кемеңгер ақыны Рабиндранат Тагор қойған Махатма (Ұлы адам) деген құрметті атақ - М.Гандидің елі сүйген есімі.

Ағылшын отаршыларына қарсы күресте М.Ганди талай рет айдалып (1922-1924, 1930-1931, 1942-1944 ж.ж.), неше қайтара сотталып, абақтыларға отырғызылды. Отаршылардың бұл әрекеті күрескер азаматты жасыта алмады, қайта шындай түсті. Ағылшындарға "Үндістаннан тайып тұрыңдар!" деп алғаш ұран тастаған да М.Ганди болатын. Бір қызығы ұлы тұлға 1946 жылғы үнді моряктарының көтерілісін айыптады. Себебі, М.Гандидің ойынша Үнді халқы тәуелсіздікке тек бейбіт жолмен ғана жете алатынына имандай сенуінде еді және өзі осы жолды мықтап ұстанды. Шын мәніндегі ұлт көсемі дәрежесіне көтерілген ол ұлы мұрат жолында титтей де солқылдақтық танытпады, таңдап алған жолына адал болды.

Ағылшындардың құйтырқы саясатының нәтижесінде 1947 жылы Үндістан-Пәкістан болып екі мемлекетке бөлінген тұста да ол үнділер мен мұсылмандарды бірлікке шақырды. 1948 жылы 30 қаңтарда Махатма Ганди Үнді реакцияшыл ұйымдарының мүшесі Натхурам Годзе дегеннің қолынан салтанатты митингі кезінде қастандықпен өлтіріледі.

Тапсырма: Презентация жасау

## 26 тақырып

### Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы

#### Сабақтың оқу мақсаты:

11.3.2.3 қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;  
11.3.2.4 АҚШ-тағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "нәсілдік кемсітушілік", "сегрегация" ұғымдарын

#### Бағалау өлшемдері:

1. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын пікір білдіреді
2. ХІХ-ХХ ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттейді.
3. Тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «этатизм», «зайырлы мемлекет» ұғымдарын қолданады;

**I Мартин Лютер Кинг** - АҚШ-тағы билеуші реакционистік топтар жүргізіп отырған нәсілшілдік кемсітушілік пен сегрегация саясатына қарсы қозғалыстың көшбасшысы, АҚШ-тағы қара нәсілді халықтың азаматтық құқықтары үшін күрес жетекшілерінің бірі, бейбіт өрекет ету үлгісін ұйымдастырушы. М.Л.Кинг 1929 жылы 15 қаңтарда Атлантада (Джорджия штаты) афроамерикандық отбасында дүниеге келді. Оның әкесі баптистік шіркеу пасторы болды. Орта мектепте оқып жүргенде, ол шешендік қабілетімен көзге түсіп, пікірталас тобына қатыса бастайды. 11-сыныпта оқып жүргенде М.Л.Кинг Дублиндегі (Джорджия штаты) шешендік өнер жарысынан бірінші жүлдені жеңіп алды. Автобүспен Атлантаға қайтып келе жатқан жолда, оған және оның мұғаліміне



ақ нәсілді адамдарға орын беруге бұйрық беріледі. М.Л.Кинг алғашында бұл бұйрықты орындаудан бас тартады, бірақ мұғалімі оған бұл заңбұзушылық болады деп айтқаннан кейін ғана бағынады. Кейінірек ол осы жағдайды өз өміріндегі ең қатты қынжылған сәті ретінде еске алады. 15 жасында М.Л.Кинг Морхауз колледжіне (ең құрметті тарихи колледж) оқуға түседі. Колледждегі оқуын бітіруге бір жыл қалғанда М.Л.Кинг шіркеу қызметшісі болғысы келеді. Ол шіркеу «адамзатқа қызмет етуге деген ішкі арманын қанағаттандыруға» мүмкіндік береді деп ойлады. Кинг «идеялар мен әлеуметтік қарсылықтың қастерлі қозғаушы күші» болатын пайдалы уағыздаушы боламын деген ойда болды. 1948 жылы 19 жасар М.Л.Кинг өнер және әлеуметтану бакалавры дәрежесін алып, Морхауз колледжін бітірді. Бұдан соң ол Крозерв Честердің рухани семинариясына оқуға түседі, оқуы үздік, тәртібі жақсы болғандықтан, оны студенттік кеңестің басшысы етіп сайлайды. 1951 жылы М.Л.Кинг құдай сөзі бакалавры дәрежесі бойынша семинарияны аяқтайды. 1954 жылы ол оңтүстікке, Монтгомери қаласына (Алабама штаты) қоныс аударады. 25 жасында баптистік шіркеудің пасторы атанады. М.Л.Кинг оқуын одан әрі жалғастыруды қалап, Бостон университетіне жүйелі теология бойынша докторантураға түседі де, 1955 жылы философия дәрежесі бойынша диссертация қорғайды. М.Л.Кинг докторантурада оқып жүріп, баптистік шіркеуде дін қызметшісінің көмекшісі болады.

**М.Л.Кинг АҚШ-тағы азаматтық құқық қозғалысының жетекшілігінде.** 1955 жылы наурыз айында Монтгомериде 15 жасар қара нәсілді оқушы қыз, сегрегация бойынша орнаған АҚШ-тың оңтүстігіндегі жергілікті заңды бұзып, автобуста ақ нәсілді азаматқа орын беруден бас тартады. Кинг соттық дауларды бақылайтын Бирмингем афроамерикалық қауымдастық комитетінің мүшесі болатын. Дәл осыған ұқсас жағдай 1955 жылы 1 желтоқсанда да орын алған еді, тағы бір қара нәсілді қыз автобуста ақ нәсілді адамға орын бермегені үшін тұтқынға алынып, айыппұл төлеген. Осы екі жағдай Монтгомеридегі автобус желілеріне бойкот жасауға алып келді, бұл наразылықты М.Л.Кинг басқарды. Бойкот 385 күн бойы жалғасты, жағдайдың шиеленіскені сонша, оның үйіне бомба тасталды. Осы қарсылық барысында ол тұтқынға алынады. АҚШ аралық соты Монтгомеридегі қоғамдық көліктердегі нәсілдік сегрегация тәжірибесін конституцияға сай емес деп танығаннан кейін оны босатады. М.Л.Кингтің автобустарға бойкот жариялаудағы белсенділігі оны ұлттық қайраткер ретінде танытып, азаматтық құқықтар үшін қозғалыстың аса белгілі өкілі деңгейіне көтерді. Нәсілдік сегрегация жүйесі христиан діні негіздеріне сай келмейді деп санаған М.Л.Кинг 1957 жылы азаматтық құқық жолындағы күрес үшін өзінің жақтастарымен бірге «Оңтүстік христиандық жетекшілік конференциясы» ұйымын құрды. Осы конференция күш көрсетпеушілік әрекеттер арқылы қоғам өмірінен сегрегацияны алып тастау үшін күрескен қара түстілердің жаппай демократиялық қозғалысына айналды. 1959 жылы М.Л.Кинг «Адам ауқымы» атты кітабын жарыққа шығарады, оған «Адам дегеніміз не?» және «Толыққанды өмір өлшемдері» атты уағыздары енді. Оның уағыздарында Адамның құдай сүйіспеншілігіне мұқтаждығы туралы айтылды және Батыс өркениетіндегі нәсілдік әділетсіздік көріністері сынға алынады. 1959 жылы М.Л.Кинг Үндістанға келіп, ұлы Махатма Ганди ілімімен танысады. Бейбіт түрде күресу жолдары туралы Гаидидің ілімі, афроамерикандықтардың азаматтық құқық үшін күрес жолдарымен толықтай сай келді. Үндістанда болған соңғы күннің кешінде радиодан үндеу жасаған М.Л.Кинг: «Үндістанда болып, бейбіт жолмен күресу езілген халықтың әділетсіздікке қарсы күресінің және адамзат абыройының ең күшті қаруы екеніне көзім жетті», – деп ойын жеткізді. 1960 жылы «Бейбіт күрес науқанының» басталуымен АҚШ-тағы азаматтық құқық үшін күресі жана деңгейге көтерілді. Олардың ең басты нысаналары нәсілдік сегрегацияға, яғни мектептерде ақ нәсілділер мен қара нәсілділерді бөлек оқыту, қараларды ақтарға арналған көпшілік орындарға кіргізбеу секілді кемсітушілікке қарсылық болды. Қара нәсілді американдықтар өздерінің азаматтық құқықтары үшін күрес әдісі ретінде жаппай

шерулер мен жорықтар жасады, тек ақ түсті адамдарға арналған дәмханалар мен мейрамханаларға және көңіл көтеру орындарына жиналды.

Өзі құрған ұйымға сүйене отырып, М.Л.Кинг 1962 жылы Олбанидегі, 1963 жылы Бирменгемдегі сегрегацияға бейбіт түрде өткен қарсылық шараларына жетекшілік етті. Азаматтық құқық үшін болған күрестің негізгі оқиғаларының бірі 1963 жылы 28 тамызда Вашингтонда жұмыс орындары және бостандық үшін марш болды. Бұл шеруге 300 мыңға дейін адам қатысты. Бұлар ақ және қара нәсілділер, католиктер, иудейлер және протестанттар болды. Ол шеру кезінде: «Адамдарды терісінің түсіне қарап емес, олардың жан дүниесіне қарап бағалау керек», - деп мәлімдеді. М.Л.Кинг маршқа қатысушыларға «Менің арманым бар» деген тақырыпта сөз сөйлеп, болашақта ақ пен қара түсті адамдар тең азаматтық құқыққа ие болатыны туралы ойын жеткізді. Құлдарға азаттық беру туралы Линкольннің Прокламациясының жарияланғанына 100 жыл толуына орай өткен шарада Кингтің Авраам Линкольннің мүсіні орналасқан баспалдақта тұрып сөйлеген сөзін барша прогрессивті адамзат қаумы ерекше әсермен қабылдады. Әлемдік қауымдастық М.Л.Кингтің қайраткерлігін жоғары бағалады. 1964 жылы ол нәсілдік теңсіздікке қарсы бейбіт түрде күрескені үшін Нобель сыйлығына ие болды. М.Л.Кинг бұл сыйлықтың қаржысын АҚШ-тағы қара түстілердің азаматтық құқығын қорғау қозғалысы аударды. Салтанатты шарада ол: «Бұл әлемде ең соңғы сөз қарусыз шындыққа және адал махаббатқа тиеселі болатынына мен сенімдімін. Сондықтан да уақытша жеңіске жеткен мейірімділік салтанат құрған жауыздықтан күшті» деген пікірін жеткізді. 1965 жылы М.Л.Кинг Сельмадан Монтгомериге дейін жалғасқан қарсылық шарасына қатысты. 1966 жылы ол секретаиялық баспана үшін күресуге солтүстікке (Чикаго) барды. Шерулерге қатысқаны үшін ол бірнеше рет тұтқындалды. Оның жетекшілігімен қара нәсілді халықтың жаппай бас көтеруі нәтижесінен АҚШ үкіметі қоғамның әртүрлі салаларында және саяси өмірде (білім, жұмысқа қабылдау және т.б. бағыттарда) қара түстілерді төмендететін кемсітушілікті тоқтатуға және оларға толық көлемде азаматтық құқық беруге бағытталған маңызды қадамдар жасауға мәжбүр болды. 1964 жылы АҚШ-та «Азаматтық құқықтар туралы» Заң қабылданды, онда жұмысқа қабылдау кезінде және қоғамдық жерлерде қызмет көрсету барысында кемсітіп бөлінушілікке тыйым салынды; ал 1965 жылы «Сайлау құқығы туралы» Заң қабылданады, онда афроамерикандықтардың сайлауда тең құқықты екені көрсетілді. М.Л.Кинг өмірінің соңғы жылдары өзінің қайраткерлік ауқымын кеңейтіп, белсенділігін арттырады, кедейшілікпен күрес жүргізеді және Вьетнамдағы соғысқа қарсылық танытады. 1968 жылы 28 наурызда М.Л.Кинг Мемфисте (Теннесси штаты) 6 мың адам қатысқан қарсылық шеруіне жетекшілік етеді, бұл наразылыққа шыққан қара нәсілді жұмысшыларды қолдау мақсатында өткен шара болатын. Ол Вашингтонда «Кедей адамдар кампаниясы» деп аталған ұлттық көтерілісті өткізуге дайындалып жүрген кезінде, 1968 жылы 4 сәуірде Мемфисте нәсілшіл қылмыскердің қолынан қаза табады. Оның жерлеу рәсіміне 150 мыңнан астам адам қатысып, оның соңы қара түсті азаматтарға қатысты ұстанған кемсітушілікті тоқтату туралы саяси демонстрацияға ұласады. М.Л.Кинг қаза тапқан соң бірнеше күннен кейін АҚШ Конгресі «Азаматтық құқық туралы» Заң қабылдайды. Заңның 8-бабында тұрғын үй мәселелерінде және баспанаға қатысты жағдайларда нәсіліне, діни көзқарасына және ұлттық шығу тегіне (кейіннен бұл тізім кеңейіп, әлеуметтік жағдайы, ерлер мен әйелдер теңдігі және мүгедектігі секілді шарттар қосылды) байланысты бөлуге тыйым салды. АҚШ-та қаңтардың үшінші дүйсенбісі М.Л.Кингтің күні ретінде аталып өтіледі және бұл ұлттық мереке болып саналады. Бұл күн Ұлттық қызмет ету күні болып есептеледі. Оның адамдардың өмірін жақсарту жолындағы еңбегіне құрмет ретінде, американдықтар бұл мерекені демалыс ретінде емес, қоғамға қызмет ету күні ретінде» атап өтуге үндейді.

## Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар

1. М.Л.Кингтің АҚШ-тағы қара түсті азаматтардың азаматтық құқығы үшін күрес жолына түсуіне қандай оқиғалар себеп болды?
2. М.Л.Кинг азаматтық құқықтар үшін қандай әдістер мен күрес жолын таңдады?
3. Азаматтық құқықтар үшін күрес жолындағы әдістерді таңдауда Кингке кім әсер етті?
4. М.Л.Кинг жетекшілік еткен афроамерикандықтардың азаматтық құқықтары үшін болған күресінің нәтижелері қандай болды?

Тапсырма:

1. Мартин Лютер Кингтің ұлы арманын анықтаңдар
2. АҚШ-тағы тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «нәсілдік кемсітушілік» ұғымын анықтаңдар
3. АҚШ-тағы тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «сегрегация» ұғымын анықтаңдар

## 27 тақырып

### Н. Манделла –апартеидке қарсы күресуші

#### Сабақтың оқу мақсаты:

екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдардағы Испания ның саяси-экономикалық және әлеуметтік дамуы туралы білім, білік дағдыларын қалыптастыру

#### Бағалау өлшемдері:

1. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын пікір білдіреді
2. ХІХ-ХХ ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттейді.
3. Тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «этатизм», «зайырлы мемлекет» ұғымдарын қолданады;

**І Нельсон Мандела** - апартеид кезеңінде адам құқығы үшін күрескен ең белсенді күрескердің бірі. Апартеид ОАР-ға 1948 жылы билікке Ұлттық партия келген соң орнады. Н.Мандела 1918 жылы 18 шілдеде Оңтүстік Африка Республикасының (ОАР) Шығыс-Капс провинциясы Транскей аймағындағы Мвезода дүниеге келді. Оның әулеті осы аймақты басқаратын Тембу династиясы тайпасының кіші тармағына жататын. 1939 жылы Форт- Хар Университетіне (сол кезеңде қара түстілер оқуға болатын елдегі жалғыз университет) оқуға түскен Мандела, қоғамдық ғылымдар бакалавры бойынша білім ала бастады. Алайда 1940 жылы студенттік наразылыққа қатысқаны үшін ол университеттен шығарылды. Кейін шахтада қарауыл болып жұмыс істеді, заң кеңсесінде шәкірт болды. 1942 жылы ол өнер бакалавры дипломын сырттай қорғады. 1943 жылы Н.Мандела Витватерсранд университетіне түсіп, құқық саласы бойынша білім ала бастады, мұнда ол либералдық және радикалдық идеяларға ерекше ден қояды. 1943 жылы ол алғаш рет автобус жалақысының

көтерілуіне қарсы бұқаралық акцияға белсене араласты әрі **Африка Ұлттық Конгресі (АҰК)** ұйымының бастамасымен өткізілетін жас интеллектуалдар басқосуына қатыса бастады. 1944 жылы ол АҰК-ге өтті, Жастар лигасын құруға атсалысты әрі атқарушы комитеттің мүшесі болды. Африкадағы ұлтшылдық пен өзін-өзі билеу принциптеріне негізделіп құрылған лиганың манифесінде, жергілікті халық өкілдерінің қандай да бір консультативтік жиындар мен Кеңестерге қатысуына тыйым салынды. Лига мемлекеттің ресми билігіне қарсы, АҰК-мен салыстырғанда, қатаң ұстанымда болды әрі олар АҰК басшылығын бос әрекеттері үшін сынға алды. 1948 жылы Н.Мандела АҰК Жастар лигасының ұлттық хатшысы, 1949 жылы АҰК Ұлттық кеңесінің мүшесі, 1950 жылы АҰК Жастар лигасының ұлттық президенті болды. 1950 жылдары Н.Мандела Африканың оңтүстігіндегі апартеидке қарсы ең белсенді күрескерлердің біріне айналды. Сол кезеңдерде оның көзқарастары мен саяси күрес әдістерінің қалыптасуына М.Ганди ерекше ықпал етті. Ол 1969 жылы АҰК бастамасымен жүргізілген бағынбаушылық шарасын ұйымдастырушылардың бірі болды. Сол кезеңде Н. Мандела «М жоспарын» дайындады, жоспар бойынша егер билік АҰК жұмысына тыйым салса, оның іс-әрекетін өз қолына алуға тиіс болды. 1953 жылдың соңында үкімет Н.Манделаға екі жылға дейін халық алдына шығуға тыйым салды. 1955 жылы ол Халық Конгресі ұйымына қатысып, бостандық Хартиясын қабылдауғатысып, бост Құжатта Оңтүстік Африкада еркін және демократиялық қоғам құрудың негізгі шарттары көрсетілді. Хартия АҰК және Оңтүстік Африкадағы апартеид режиміне қарсы күресуші басқа да саяси ұйымдардың басты бағдарламалық құжатына айналды. Бұған жауап ретінде үкімет 1956 жылы Н.Манделаға бес жыл бойы халық алдына шығуға тыйым салды. 1956 жылы 5 желтоқсанда Н.Манделаға және АҰК-нің 156 белсендісіне мемлекеттік төңкеріс жасамақ болды деген айып тағылды, алайда оған қарсы тағылған айып төрт жылға созылған процестен кейін алынып тасталды.

Апартеидке қарсы наразылық қара түсті халықтың қайда тұратындығы мен қайда жұмыс істейтіндігіне байланысты ережелер бекітілген «Рұқсат беру туралы» Заңнан кейін тіпті өршіп кетті. 1960 жылы Шарпевильде орын алған қақтығыс салдарынан 69 қара түсті азамат қаза тауып, үкімет АҰК жұмысына тыйым салды. Ол астыртын әрекетке көшті. Мемлекет тарапынан репрессия мен зорлық-зомбылықтың артуы, Н.Манделаның апартеид режиміне қарсы күш қолданбау нақты нәтиже бермейтініне көзі жетті. 1961 жылы АҰК жетекшілері апартеидке қарсы қарулы күрес әдісіне көшу туралы шешім қабылдайды. Н.Манделаның пікірінше, қарулы күрес ең соңғы қадам болды. 1961 жылы ол АҰК қарулы жасақтарын басқарады, оның ұйымдастырушыларының бірі болады. Олар *үкіметтік және әскери нысандарды жару саясатын* бастады, бұл (апартеид режиміне қарсы күресте сәтсіздікке ұшыраған партизандық соғысқа өтуге мүмкіндік беретін еді. 1962 жылдың тамыз айында Н.Мандела тұтқынға алынады. Сотта оған 1961 жылғы жұмысшылар ереуілін ұйымдастырды және мемлекеттік шегараны заңсыз бұзды деген айып тағылады. 1962 жылдың қазан айында оны 5 жыл мерзімге соттайды. 1964 жылы 20 сәуірде Преториядағы Жоғарғы соттағы сөзінде Мандела АҰК зорлыққа қарсы тактикалық қолдану себебін түсіндірді. Ол АҰК-нің апартеид режиміне қарсы күрес Шарпевильегі кырғынға дейін тек бейбіт тесілдері ғана қолданғанын мәлімдеді. Елде төтенше жағдай енгізіліп, АҰК қызметіне тыйым салыну әрекеттерінің орын алуы, өз құқықтары үшін күресудің жалғыз тура жолы, диверсиалық әрекеттер екенін дәлелдеді. Басқа қандай да бір әрекеттер сөзсіз тізе бұгумен тең болатын. Соттағы соңғы сөзін Н.Мандела былай аяқтады: «Мен өз өмірімнің басым бөлігін Африка халық күресіне арнадым. Мен «ақтарды» сондай-ақ «қаралардың» үстемдігіне қарсы күрестім. Мен барлық азаматтар үйлесімде кмір сүретін, тең мүмкіндіктері бар, демократиялық және еркін қоғам идеясын құрметтедім. Мен өмір сүргім келетін, мен ұмтылатын идеал - осы. Ал егер қажет болса, осы идеал үшін мен өлуге де дайынмын». 1964 жылы Н.Манделаны қамау шарасы оны өмір бойы бас бостандығынан айыру үкіміне өзгертілді. Ол 18 жыл бойы (1964-1982) Қайырымды Үміт мүйісі маңындағы Роббен аралындағы түрмеде жалғыз адамдық камерада отырды. Аралда ол өзге де тұтқындармен бірге әк өндіретін карьерде еріксіз түрде жұмыс істеді. Бұл жерде

де жазасын өтеушілерді түстеріне қарай бөлетін, қара түстілерге тамақ аз берілетін. Ол өз естелігінде алты айда бір мәрте кездесуге және бір хат жазуға құқылы болғанын айтты. 1982 жылы Н.Мандела Кейптаун түрмесіне ауыстырылып, онда 6 жыл отырады. 1985 жылы ол саяси күрестен бас тартса, бостандық беріледі деген ОАР президенті Питер Ботаның ұсынысын қабылдамайды. Түрмеде отырған Н.Мандела Оңтүстік Африка университетінде сырттай оқып, 1989 жылы құқық бакалавры дәрежесін иеленеді. 1989 жылы ОАР президенті Ботаны билікке келген Фредерик де Клерк алмастырады. Апартеид жүйесіндегі дағдарысқа байланысты де Клерк АҰК мен басқа да апартеид жүйесіне қарсы қозғалыстарды заңдастыру туралы жарлыққа қол қояды. 1990 жылы 11 ақпанда Н.Мандела бостандыққа шығады. Бостандыққа шыққан күні Н.Мандела халық алдында сөз сөйледі. Ол келіспеушілікті бейбіт түрде елдегі ақ түсті тұрғындармен келісе отырып реттеуге ынталы екенін білдірді, алайда АҰК қарулы күресі өз мүддесіне толық жетпегенін айтып, былай мәлімдеді: «Біздің 1961 жылғы қарулы күрес туралы үндеуіміз АҰК құрылуы апартеид режимі тарапынан болатын зорлыққа қарсы қорғаныс қадамы болатын. Қарулы күрес қажеттілігін тудырған факторлар әлі де бар. Бізде бастаған істі жалғастырудан басқа таңдау жоқ. Біз жақын арада келісімдер аясында мәселелерді реттеуге қолайлы жағдай орнайды, қарулы күрестің қажеттілігі болмайды деп үміттенеміз». Н.Мандела өзінің басты мақсаты елдегі халықтың басым бөлігі болып табылатын қара түстілер үшін бейбітшілікке қол жеткізу және оларға жалпыұлттық жергілікті сайлауларда дауыс беру құқығына қол жеткізу екенін атап өтті. Бостандыққа шыққан соң Н.Мандела АҰК жетекшісі қызметіне оралды. 1991 жылы АҰК Оңтүстік Африкада қызмет етуіне салынған тыйым алынғаннан кейін тұңғыш ұлттық конференция өткізді. Онда ол ұйымның президенті болып сайланды. 1990-1994 жылдар партия апартеид режимін тоқтату туралы келіссөздерге қатысты, осының нәтижесінде жалпы нәсілдік негізінде алғашқы жалпыұлттық сайлау өткізілді.

1993 жылы Н.Мандела мен ОАР президенті Фредерик де Клерк апартеидті тоқтатуға қосқан үлестері үшін Нобельдік Бейбітшілік сыйлығын иеленді. 1994 жылы Оңтүстік Африкада африкалықтардың басым көпшілігінің қатысуымен тұңғыш рет жалпыұлттық сайлау өтті, соның нәтижесінде Н.Мандела жеңіске жетіп, ОАР-дың тұңғыш қара нәсілді президенті болып сайланды. 1996 жылы Н.Манделаның жетекшілігімен Оңтүстік Африка Республикасының жаңа конституциясы жасалып, қабылданды. Конституцияда барлық оңтүстік африкалықтарға нәсіліне, жынысына, діни сеніміне қарамастан те құқық кепілдігі берілген. Есте сақтандар Президент Н.Манделаның негізгі мәселесі кедейшілікпен күрес болды. Ол мемлекеттегі әлеуметтік және экономикалық теңсіздікті жою мақсатында әлеуметтік-экономикалық реформа өткізуді қолға алды.

Олардың қатарында:

- 1944 жылы енгізілген 6 жасқа дейінгі балаларға, сондай-ақ, мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінің қызметін пайдаланатын жүкті және балалы әйелдерге тегін медициналық қызмет көрсетілді;
- әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуді (Тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық және денсаулық сақтау) қаржыландыру мақсатын көздеген «Қайта құру және даму бағдарламасы» іске асырылды;
- 1994 жылы қабылданған «Жерді қайтару туралы» Заң бойынша, 1913 жылғы жергілікті халықтың жері туралы заңға сәйкес мүлкінен айырылған тұлғалар жерлерін қайтарып алу құқығына ие болды;
- 1996 жылы қабылданған «Жер реформасы туралы» Заң, фермаларда тұратын және ауылшаруашылығымен айналысатын жерді жалға алушылардың құқығын қорғады. Заңға сәйкес, жерді жалға алушылар өз иеліктерінен соттың шешімінсіз 65 жылға толмай кетпейтін болды;
- 1996 жылы медициналық препараттармен қамтамасыз ету жөніндегі Ұлттық саясат жүзеге аса бастады, бұл халықтың өмірлік маңызы бар дәрі-дәрмектерге қол жеткізуін жеңілдетті;

- мемлекеттік жәрдемақыға бөлінетін қаржы көлемі ұлғайды; қай нәсілге жататынына қарамастан, жәрдемақы төлеуде теңдік енгізілді (мүгедектікке байланысты жәрдемақы, ата-ана капиталы және зейнетақы);
- жергілікті жердегі қара түсті азаматтардың балаларын қамтамасыз ету үшін қаржылық жәрдемақы енгізілді;
- білім саласына бөлінетін ақша көлемі артты;
- 1998 жылы балалар кедейшілігімен күресуге бағытталған гранттар енгізілді;
- 1998 жылы қабылданған біліктілікті арттыру туралы заң жұмыс орнында біліктілікті арттыруды қаржыландыру және оны жүзеге асыру механизмін бекітті;
- 1998 жылы қабылданған еңбекке орналасудағы теңдік заңы жұмысқа орналасуда нәсілшілдік кемсітушілікті тоқтатты;
- 6-14 жастағы африкандық балаларға міндетті түрде білім беру енгізілді;
- 3,5-5 млн оқушыларға тегін тамақ берілетін болды;
- билік мемлекеттегі халық үшін аса маңызды тұрмыстық мәселелерді шешті:
  - ауруханалар жөнделіп, кейбіреуі жаңадан салынды;
  - тұрғын үйлерді электр желілеріне қосты;
  - тұрғындарға баспана тұрғызылды;
  - ауызсумен қамтамасыз етілді.

Президент қызметін атқарып отырған Н.Мандела 1997 жылы АҰК жетекшілігінен кетті, 1999 жылғы ОАР-да өткен президенттік сайлауда өз кандидатурасын ұсынбады. Қызметтен кеткеннен кейін Н.Мандела қоғамдық істермен айналысты. Барлық оңтүстік африкандық *ерікті елшілердің* (Конго Демократиялық Республикасы, Бурунди т.б. Африка мемлекеттерінде болған келіссөздерге белсене қатысты) ішіндегі ең көрнектісі болды, Н.Мандела қоры қайырымдылық ұйымын қалыптастырды. Спид-ке қарсы күрес мәселелерімен айналысты. 89 жасында ол Ақсақалдар кеңесін құрды, оған әлемнің жетекші саясаткерлері мүше болды. Бұл саясаткерлер «әлемдегі кейбір күрделі мәселелерді шешуге» өз білімдері мен тәжірибелерін ұсынды. Н.Мандела 2013 жылдың 5 желтоқсанында 96 жасында өмірден өтті.

### Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар

1. Н.Манделаның апартеидке қарсы күресі қандай оқиғалармен байланысты болды?
  2. Н.Мандела саяси күресте қандай әдістерді пайдаланды және оларды өзгертуінің себебі неде?
  3. 1994 жылы ОАР-да өткен сайлаудың ерекшелігі неде болды?
  4. Н.Манделаның ОАР президенті болғанда атқарған істерін атаңдар.
- Тапсырма Кестені толтырыңдар.

### Н.Манделаның реформасы

Экономикалық реформалар	Әлеуметтік реформалар
-------------------------	-----------------------

### 28 тақырып

#### Мұстафа Кемал Ататүрік –Түрік Республикасының негізін қалаушы

#### Сабақтың оқу мақсаты:

Мұстафа Кемал Ататүрік – Түрік Республикасының негізін қалаушы(зайырлы мемлекет, этатизм). Мемлекет тархындағы тұлғаның ролі.

### Бағалау өлшемдері:

1. Мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлін негіздейді;
2. Тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «экономикалық ғажайып» факторларын саралайды.
3. Мемлекеттер тарихындағы Ф. Рузвельт, Ш.Голль, М.Ататүрік, Дэн Сяопин, Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммадтың ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін түсіндіру. ҚХР мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу себептерін талдайды

Түрік Республикасының негізін қалаушы Мұстафа Кемал (1881-1938 жылдар) 1881 жылғы 19 мамырда сол кезде Осман империясына қараған Македония аумағындағы Салоникиде туған. Оның әкесі кейіннен ағаш материалдарын сатуға көшкен орта деңгейлі кеден шенеунігі, анасы шаруа әйелі еді. Әкесі өмірден ерте кетіп, балалық шағын аш-жалаңаш өткізген Мұстафа Кемал кейін мемлекеттік әскери мектепке түскен. Орта әскери білімді Салоникиде және Монастирде (Битола) әскери училищеде алған. 1905 жылы Ыстамбұлдағы Бас Штаб Академиясын бітіріп, жоғары әскери білім алып шыққан. Оқу жылдарында Мұстафа өзін қабілетті студент ретінде танытады. Әсіресе математика мен әдебиеттен, французшаны игеруден ерекше көзге түседі. Оның есіміне Кемал (“Кемел”) деген атау сол кезде қосылған.

Оқу кезінде Мұстафа және оның достары революциялық идеяларды ұстанатын құпия “Ватан” (“Отан”) қоғамының негізін қалайды. М.Кемал әскери адамның биік мансабына тез-ақ жеткен. Ол – 1911-1912 жылдардағы итальян-түрік соғысының, 1913 жылғы Екінші Балқан соғысының және 1914-1918 жылдардағы Бірінші дүниежүзілік соғыстың қатысушысы. Бірінші дүниежүзілік соғыс бұрқ ете қалған кезде М.Кемал өзі шайқасқан майдандардың бәрінде де сеніп тапсырылған әскерлерге шебер басшылық ете білді. 1915 жылдың сәуірінен ол Галлиполи түбегінде британ қолын жарты айдан астам уақыт бойы ұстап тұрды, сол шайқастан кейін “Ыстамбұлдың құтқарушысы” деген атақ ие болды. Бұл түрік әскерінің бірінші дүниежүзілік соғыстағы сирек жеңісінің біреуі еді. Жауынгерлерді жеңіске жігерлендірген: “Мен сендерге шабуылға шығындар деп бұйырмаймын, мен сендерге шайқаста жан тапсырындар деп бұйырамын!” деген атақты сөзін ол дәл сол жерде айтқан. Осман армиясының Антанта әскерлерін шайқаста жеңген жалғыз генералы М.Кемал десе де болады: 1916 жылы ол басқарған командование орыс әскерлерінің Эрзурум түбіндегі шабуылын тойтарған. Сакарья өзені бойындағы жеңістен (1921 жылдың 23 тамызы мен 13 қыркүйегінің арасы) кейін М.Кемал ұлттық батырға айналды. Ұлы ұлттық жиналыс оған маршал атағына қоса құрметті “Ғази” (Жеңімпаз) лауазымын берді. Жаңа парламент – Түркияның Ұлы ұлттық жиналысы (ТҰҰЖ) Анкарада шақырылды, жиналыс М.Кемалға қосымша өкілеттіктер берді. 1922 жылдың 26 тамызында түрік әскерлері барлық майданда шабуылға шықты. Түріктерге қарсы әскерлердің негізін құраған грек армиясы тас-талқан етіліп, түрік жерінен тез-ақ тайып тұрды. 1919-1922 жылдардағы грек-түрік соғысы жеңіспен аяқталды. Соғыс барысында қол жеткізген беделі мен Түркияны азат етуші деген даңқына арқа сүйей отырып, М.Кемал батыл және түбегейлі өзгерістерге еш жалтақсыз кірісті. Кемалшылар өткен күнмен ат құйрығын кесісу және жаңа тұрпатты ұлтты қалыптастыру алға басудың міндетті шарты деп санады. Отаншыл күштерді біріктірудегі ұйымдық бастау ретінде түрік ұлтшылдығы идеясы ұлт-азаттық соғысы жылдарында дүниеге келді. Ол ұлыдержавашыл османшылдықтың, жас түріктік пантүркизм мен панисламизмнің орнын алмастырды. Оның алдындағы екі ғасыр бойында үнемі дерлік жеңіле бергеннен, империяның іштей іріп-шіруінен түріктердің ұлттық сағы әбден-ақ сынған еді. Оны қайта көтеруді алдымен зиялы қауым сөз етті. Сондықтан да Ататүріктің: “Түрік болу қандай бақыт!” деген атақты сөзі әлемдегі басқа жұрттарға қыр көрсетудей естіліп, қайта өрлеп жатқан елдің ұлттық идеясының арқауына алынды.

Ішкі саясатта ұлтшылдық бұқара халықты революциялық жаңғыруларға жұмылдырудың басты тетігіне айналды. Түрік ұлтшылдығы қағидаты конституцияға және билік құрушы Халықтық-революциялық партияның бағдарламасына енгізілді. Ататүрік алға қойған міндеттердің соншама жойқындығын түсіну үшін 1920-шы жылдарда христиандық Еуропа мен мұсылмандық Түркияның арасында түпсіз шыңырау жатқанын есте ұстау, екінші жағынан алғанда, Еуропа десе әділетті түрде түрік мемлекеттілігінің өзін құртып жібере жаздаған қас жауын көретін мұсылман еліне еуропалық даму жолын ұсынған Ататүріктің батылдығы мен көрегендігіне дес беру керек. Еуропаландыру мен секуляризацияға, яғни мешіт меншігін мемлекеттендіру немесе зайырлануға қайтпастай бағыт ұстау күшті ішкі қарсылыққа тап болды. Елде Кемалдың батысшыл үкіметін құлатып, дәстүрлі мұсылмандық тәртіпке қайта оралуды мақсат тұтқан бірнеше ірі бүліктер көтерілді.

Осының бәрі түрік лидерін беделге салып, белден басуға, өз реформаларын жүргізуде ең алдымен өзіне шын берілген армияға арқа сүйеуге мәжбүр етті. 1920 жылдың сәуірінде сайлау нәтижесі бойынша Анкарада жаңа парламент (меджлис) – Түркияның Ұлы Ұлттық жиналысы өз жұмысын бастады. Жиналыс М.Кемалды төраға етіп сайлады. Сол жылғы қыркүйекте, соғыс қызу жүріп жатқан кезде М.Кемал Ұлы Ұлттық жиналыстың қарауына “саяси, экономикалық, әкімшілік және әскери мәселелерді қамтитын басқаруды жүзеге асыру бағдарламасын” ұсынды. Алғаш рет “Түрік мемлекеті” деген ұғым енгізілді. Сөйтіп, Осман империясынан аты да, заты да бөлек жаңа геосаяси субъектінің дүниеге келуі заңды тұрғыдан бекітілді. Түрік мемлекеті республика деп жарияланды. Меджлис депутаттар арасынан сайлайтын президент қызметі енгізілді. Республиканың тұңғыш президенті болып М.Кемал сайланды, ол кейін бұл қызметке 1927, 1931 және 1935 жылдарда қайта сайланды. 1924 жылы меджлис қабылдаған Негізгі заң бойынша елдің барлық азаматтары түріктер деп жарияланды.

Секуляристік реформалар өте ұзаққа созылды әрі ауыр тиді. Алайда, Кемал басты мақсатына бәрібір қол жеткізді. Түркия зайырлы мемлекетке айналды, ал ислам бұрынғы ықпалынан айырылды. Осман империясының шек-шеңберінде түріктер көптеген этно-лингвистикалық топтардың бірі еді. Араб тілі дін мен дін заңының басты тілі болатын. Парсы тілі өнердің, әдебиет пен дипломатияның тілі еді. Әкімшілік және әскери элитаның іскерлік тілі ретінде қолданылатын түрік тілінде араб-парсы кірме сөздері бықып жүретін. Тіл революциясы ресми түрде 1928 жылы басталды. Көп ұзамай араб әліпбиін латын әліпбиіне ауыстыру жөнінде шешім қабылданды. Ұлттық жиналыстың көптеген мүшелері жаңа әріптерді бес жылдың ішінде бірте-бірте енгізуді жақтады. Алайда Кемалдың тізеге салуымен әліпби реформасы үш айдың ішінде жүзеге асырылды! Ұлттық жиналыс түрік әліпбиін енгізетін және 1929 жылғы 1 қаңтардан бастап араб әліпбиін қолдануға тыйым салатын заң қабылдады. Республика Президенті енді ел мұғаліміне айналды. Кемалшылардың Осман дәуірінен қол үзуін көрсеткен алғашқы қадамдардың бірі мемлекет астанасын Ыстамбұлдан Анкараға көшіру болды. Анкараны жас түрік мемлекетінің жаңа саяси орталығы ретінде таңдап алу әу бастан-ақ оны қаусап қалған Осман империясының астанасына әдейі қарсы қоюдың көрінісі еді. Елдің географиялық орталығына жақындығы да Анкараны басқа қалалардан бөлектетіп тұратын. Қаланың даңқты тарихы бар, дәуірлеген кездері де болған. Алайда, Кемал революциясы басталарда Анкара халқының саны 30 мыңнан да кем, шеткері жатқан шағын қалашық еді. Ол кездегі Анкара дипломатиялық өкілдіктер үшін лайықты үй де тауып бере алмайтын. Олар астанада барынша аз болып, Ыстамбұлға тезірек тайып тұру үшін станса басындағы ұйықтайтын вагондарды жалға алуды жөн көретін. Астана мәртебесі бәрін де өзгертті. Анкара атымен басқа қалаға айналды. Астана халқының өсуі назар аударарлық – 1920 жылы Анкара халқы 30 мыңнан аспайтын; 1927 жылы – халық саны 75 мыңға; 1940 жылы – 155 мыңға; 1950 жылы – 286 мыңға; 1960 жылы – 646 мыңға;



1985 жылы – 2,2 миллионға жетті. 1935 жылдың 1 қаңтарынан ататек енгізілді. Түріктердің көпшілігі өздерінің ататектерін өздері ойлап тауып алды. Қарапайым халық онша бас қатырып жатпай, ататектің кәсібін, тұрған жеріне, туған жеріне қаратып шығара берді. Алғашқылардың бірі болып Мұстафа Кемалдың өзі де ататек алды. Ұлы ұлттық жиналыс оған Ататүрік деген ататек берді. Осы заманғы Түркия тарихында бұл ататекке ең лайықты адам Мұстафа Кемал екендігін мойындау керек. Ататүрік – жеңіліс білмеген қолбасшы, қатал жауынгер, дана саясаткер, ғажайып ұйымдастырушы, батыл реформатор, патриот, ұлтқа әке болған ұстаз. Әрбір ірі тарихи қайраткер сияқты, оның да бітімі бөлек. Ол саяси тұрғыдан сыпайы ұғым-түсініктердің қасаң қалыпты шек-шеңберіне сыймайтын, кәдуілгі кісі кейпіне келмейтіндей тым ұлы адам еді. 1938 жылы 10 қарашада көз жұмды. 1938 жылғы 26 желтоқсанда Түркияның Ұлы ұлттық жиналысы Ататүрікке қайтыс болғаннан кейін “Мемлекеттің мәңгілік Басшысы” атағын берді.

Тапсырма: Мұстафа Кемал жайлы эссе жазу. Тақырыпқа сай оқушы өз ойын қорыта және жинақтай отырып, ой-толғанысын жазады.

## 29 тақырып

### Франклин Делано Рузвельт және оның «жаңа бағыты»

#### Сабақтың оқу мақсаты:

Мұстафа Кемал Ататүрік – Түрік Республикасының негізін қалаушы (зайырлы мемлекет, этатизм). Мемлекет тархындағы тұлғаның ролі.

#### Бағалау өлшемдері:

1. Мемлекет тарихындағы тұлғаның ролін негіздейді;
2. Тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «экономикалық ғажайып» факторларын саралайды.
3. Мемлекеттер тарихындағы

Ф. Рузвельт, Ш. Голль, М. Ататүрік, Дэн Сяопин, Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммадтың ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін түсіндіру. ҚХР мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу себептерін талдайды.

**I Франклин Рузвельт** - жер иеленуші кәсіпкердің отбасында дүниеге келді. 1899 жылы мектепті, 1904 жылы Гарвард университетінің колледжін аяқтап, 1904-1907 жылдары Колумбия университетінде заң ғылымы бойынша білім алады. 1907-1910 жылдары ірі заң мекемесінде қызмет атқарды. Нью-Йорк штатында жеке иелігі, Джорджия штатында емдік суы бар меншігі болды және жетекші өндірістік компаниялардың акционері еді. 1910 жылы Ф. Рузвельт Нью-Йорк штатының сенаторы болып сайланды. 1913-1920 жылдары ол теңіз министрінің көмекшісі қызметін атқарды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде ол әскер мен флоттың құрылымын өзгерту туралы ұсыныстарымен ерекшеленіп, көзге түседі. 1921-1933 жылдары кәсіпкерлікпен белсенді түрде айналысып, бірнеше фирманың директорлар кеңесіне енеді. 1921 жылы ол полиомиелит ауруына ұшырап, өмір бойы өздігінен жүріп-тұру мүмкіндігінен айырылады. Алайда тағдырдың бұл ауыр сынағы оның саясатпен айналысуына кедергі келтіре алған жоқ. Ф. Рузвельтті халық жақсы көрді, сондықтан оны американдықтар қысқаша ғана Ф.Д.Р деп атады. Ол 1928 жылы Нью-Йорк штатының губернаторы болып сайланды, ал 1930 жылы екінші мерзімге сайланады. Ф. Рузвельт өзінің саяси өмірінде қоғамдық-саяси әділеттілік жолындағы бірбеткейлігімен, қажеттіліктерді тануымен және халықтың басым бөлігінің көңілін табумен ерекшеленді. Ол ескірген саяси ұстанымдарға батыл түрде қарсы шықты, мемлекеттің қоғам өміріне, экономика мен

әлеуметтік салаға белсенді түрде араласуымен келіспеді. **Ф.Рузвельттің ішкі саясаты.** 1932 жылы президенттік сайлауға қатысқан Ф.Рузвельт, әлемдік экономикалық дағдарыстан мемлекетті құтқаратын өз жобасын ұсынды және экономикалық-әлеуметтік реформа жөнінде арнайы бағдарлама дайындады. Мемлекеттің қарқынды дамуы үшін сынақ қажет деген Ф.Рузвельт өзінің әйгілі «Жаңа бағыт» атты батыл реформалық бағдарламасын ұсынды. Бұл құжатта дағдарыстың алдын алып, жаңаша дамудың жоспарлары нақты көрсетілді. Бағдарламаның «Жаңа бағыт» атануы Ф.Рузвельттің Демократиялық партияның съезіндегі баяндамасынан алынды. 1932 жылы 2 шілдеде өткен осы съезде ол президенттік сайлауға үміткер ретінде ұсынылады. Ф.Рузвельттің «Жаңа бағыт» бағдарламасы халықтың қолдауына ие болып, ол президенттік сайлауда жеңіп шығады. 1933 жылдың наурызынан бастап Ақ үйдегі билікті қолына алған Рузвельт реформа жасауға батыл түрде кіріседі. Мына бағыттар бойынша күрделі шаралар қолға алынды:

- банк саласындағы заңдар, елдегі барлық банк жүйесіне мемлекеттің бақылауды күшейту, сондай-ақ алтын тепе-теңдігі туралы заң қаржы жүйесіндегі қолданыстан алтынды алып тастау, осының нәтижесінде елдегі алтын үшін қағаз ақшалардың шексіз айырбасталуы тоқтатылды; АҚШ-тың алтын үлгісінен және доллардың девальвациясынан бас тартуы;
- өнеркәсіпті қалпына келтіру заңы өндірісті жандандыруға арналған Ұлттық әкімшілік арнайы федералдық ұйымын құру, адал бәсекелестік қағидаларын енгізу барлық өндіріс саласы үшін бірдей жалақы төлемі қағидасын, бірдей жұмыс күні ережесінің ортақ үлгісін орнату; еңбектегі өзара қарым-қатынас туралы заң жұмысшылардың ереуілге шығу құқығы мен ұйымдар құру және кәсіподаққа бірігуін бекітті;
- еңбек қатынасын мемлекеттік реттеу жүйесі құрылды; ауылшаруашылығы өндірісін реттеу туралы заң – фермерлерге өндірістерін қысқартқаны үшін төлем төлеу, бұл ауылшаруашылығында артық өнім өндіруді тоқтату үшін жасалды;
- көмекке мұқтаждарға жәрдем көрсету бағдарламасы жұмыссыздықты азайту мақсатында мемлекеттік ұйымдарды қоғамдық жұмыстарға (айналаны көгалдандыру, жолдар, электрстансылар, тұрғын үйлер салу тағы басқа қоғамдық істерге) қатыстырды. «Жаңа бағыт» бағдарламасының ең маңызды әрі ерекше болуы оның әлеуметтік сақтандыру саласына қатысты ұстанған ұстанымы болды. 1935 жылы АҚШ тарихында тұңғыш рет «Әлеуметтік қамсыздандыру туралы» Заң қабылданды, осыған орай елде алғаш рет мемлекеттік зейнетақы және жәрдемақы жүйесі енгізілді. Заңда жасы келгендер мен жәрдемшісінен айырылғандарға зейнетақы төлеу, жұмыссыздыққа және жұмысқа қабілетсіздігі үшін жәрдемақы беру қарастырылды. 1938 жылы «Жалдамалы жұмыс күшінің әділдігі туралы» Заң қабылданды, онда берілетін ең төменгі еңбекақы мен жұмыс күнінің ұзақтығы көрсетілді. Салық салу жүйесін реформалау барысында артық табыстар мен мұрагерлікке, сыйлықпен берілетін мүліктерге салынатын салық келемі көбейтілді. Ф.Рузвельт әкімшілігінің 1933-1939 жылдары жүргізген әлеуметтік және экономикалық бағдарламаларының нәтижесіне орай мемлекет елдің барлық маңызды бағыттарына, әсіресе экономика мен әлеуметтік салаларға белсенді араласты. «Жаңа бағыт» экономиканы мемлекеттік реттеу қажеттілігі жүйесін танытуға негізделді. Мемлекетке экономикалық іс-әрекеттер мен қоғамдағы әлеуметтік процестерді реттеу міндеті жүктелді.

Қоғамдағы осындай салаларға бақылау жүргізу мен араласу мақсатында арнайы органдар мен мекемелер құрылды, заңдар қабылданды. Бұл бетбұрыстар мемлекеттегі басқарушы ортаның саяси бағытына айтарлықтай өзгерістер енгізді. «Жаңа бағыт» АҚШ тарихындағы ең бір бетбұрысты кезеңнің бірі болды. Осы уақыттан бастап мемлекеттік жүйенің экономика мен әлеуметтік салаға араласуы Американың мемлекеттік-саяси жүйесіндегі маңызды элементке айналды. «Жаңа бағыт» аясында жүзеге асқан реформалар мемлекеттің әл-ауқатын арттырудың америкалық берік негізіне айналды. 1936, 1940, 1944 жылдары Ф.Рузвельт АҚШ-тың президенті болып қайта сайланды. Өзара тәуелділік, әлемдегі барлық мемлекеттердің өзара тәуелділік түсінігі, Рузвельттің сыртқы саясат туралы ұғымының негізі болды. **Д.Рузвельттің сыртқы саясаты.** Бірінші дүниежүзілік

соғыстан кейін АҚШ-тың оқшаулану саясатын ұстануына орай Ф.Рузвельт АҚШ басқа әлемнен өзін оқшауламауы тиіс, өйткені болашақтағы қауіпсіздік пен мемлекеттің ортақ игілігі Еуропа мен Азияның тағдырымен тікелей байланысты деп санады. Ф.Рузвельт «Жаңа бағытқа» ішкі саяси қолдауды жоғалтып алмас үшін 30-жылдары АҚШ-та халықтың басым көпшілігі қолдаған оқшаулану туралы саясатқа ыңғай білдірді. Бұл бағытты ұстанушылар АҚШ-ты Еуропа мен Азиядағы жаңа соғыстан қорғауды мақсат етті. Алайда АҚШ-тың Батыс жартышар мен Тынық мұхиттағы мүддесіне байланысты ұстанған шектеулі сыртқы саясатын ол ешқашан да қолдамады. Ф.Рузвельт, егер АҚШ пен оның одақтастары әлемдік мұхитқа бақылау жүргізу үстемдігінен айырылса, онда бұл жағдайды гитлерлік коалиция Батыс жартышарына шабуыл жасау үшін пайдаланады деп санады. Оның пікірінше, мұхиттарға бақылау орнатуды тек АҚШ флоты ғана күнге асырмауы қажет. Ол үшін Еуропа мен Азиядағы державалар өзара үстемдік үшін таласпауы тиіс, бұл сонда ғана жүзеге асады. Ондай жағдайда кеме жасайтын қуатты өндіріс күштерін екі континентке орналастыруға болатын еді. Сонымен қоса Ф.Рузвельт Францияны, Британия империясын, Қытай мен КСРО-ны қолдау қажет, өйткені олар жанама түрде болса да АҚШ-ты қолдайды деп санады. Жүзеге асып жатқан нақты процестер мен орын алған оқиғалар АҚШ-тың өзге әлемнен оқшаулану саясатын ұстануы дұрыс емес деген Ф.Рузвельттің тұжырымын нақтылай түсті. Авиацияның дамуы АҚШ-тың географиялық жағынан жетекші әлемдік саясат орталығынан қашықта орналасқан деген факторды жоққа шығарды. 1937 жылы Жапония Қытайға қарсы басқыншылық саясатын бастағанда, Ф.Рузвельт мемлекеттегі оқшаулану саясатынан бас тартты. Ол бейбіт өмірді қалайтын мемлекеттерді басқыншы елдерге қарсы болуға шақырды. Германияның Польшаға шабуыл жасағанынан кейін, 1939 жылы қыркүйекте Ф.Рузвельт Конгрестің арнайы сессиясын шақырды. Онда соғысып жатқан елдерге қару-жарақ сатуға рұқсат беру мәселесі қаралды. Ол фашизм мен жапон милитаризмінің жеңіске жетуі АҚШ-тың өмір сүруіне нақты қауіп тудырады деген ұстанымда болды. 1941 жылы тамызда Ньюфаундленд жағалауында Ф.Рузвельт пен Ұлыбританияның премьер-министрі У. Черчилльдің алғашқы кездесуі өтті. Онда АҚШ соғысқа араласқан жағдайда екі мемлекеттің бірлескен ортақ әрекеттері қалай болуы керектігі талқыланды. Осы кездесудің нәтижесінде Атлантика хартиясы қабылданды. Онда соғыс жағдайындағы АҚШ-тың стратегиялық мақсаты мен соғыстан кейінгі қалыптасу барысындағы ұстанымдары сараланды. Хартияда одақтастар аумақтық басып алуға ұмтылмайды, халықтардың басқару формасын таңдау құқығына құрметпен қарайды, өздерінің азаттық құқықтарын қалпына келтіру үшін күрескен халықтарды қолдайды деп көрсетілген. АҚШ әрқашан да, соғыс аяқталған соң да демократиялық әлемдік тәртіптің кепілі болуға өзінің дайын екенін жариялады. 1941 жылы 7 желтоқсанда Американың әскери-теңіз кешені Перл-Харборға Жапония шабуыл жасағаннан соң, АҚШ оқшаулану және бейтараптық саясатынан бас тартып, Екінші дүниежүзілік соғысқа кірісті. Ол Гитлерге қарсы коалицияға енді. Ф.Рузвельт болашақтағы әлемдік қалыптасу принциптеріне баса назар аударды, ол 1940 жылы Конгресте жасаған үндеуінде және 1941 жылғы тамыздағы Атлантика хартиясында бұған ерекше тоқталды. Болашақтағы әлемдік құрылымның ұстанымдарын негізге алған Ф.Рузвельт әрекет етудің негізгі принциптерін көрсетті. Олар өзінің одақтас әріптестерін қоғам алдындағы жалпы ұстанымдарын орындау және соғыстан кейінгі тәртіп орнату барысында орын алатын қандай да бір саяси жанжалдардың ағылшын-саксон-кеңес-қытай коалициясын бұзып кетпеуін қадағалау.

### **Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар**

1. Неліктен Ф.Рузвельттің «Жаңа бағыты» АҚШ тарихындағы бетбұрысты кезеңдердің бірі болды?
2. Ф.Рузвельт соғыстан кейінгі әлемдік құрылымның қандай принциптерін және

сыртқы саяси әрекеттерді ұсынды?

### 30 тақырып

#### Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта жаңғыруы

##### Сабақтың оқу мақсаты:

11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;  
11.3.3.5 Франциядағы әлеуметтік-саяси процестерді түсіндіру үшін "голлизм" ұғымын қолдану;

11.3.3.6 Ш. Голль қызметінің мысалында мықты президенттік билік институтының маңыздылығын түсіндіру

##### Бағалау өлшемдері:

1. Мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлін негіздейді;
2. Тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «экономикалық ғажайып» факторларын саралайды.
3. Мемлекеттер тарихындағы  
Ф. Рузвельт, Ш. Голль, М. Ататүрік, Дэн Сяопин, Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммадтың ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін түсіндіру. ҚХР мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу себептерін талдайды.

**I Шарль де Голль** Лилль қаласындағы Иезуит колледжінде сабақ беретін философия мен әдебиет пәндері мұғалімінің отбасында дүниеге келді. Орта білім алғаннан кейін, Сен Сир әскери училищесіне оқуға түсті. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары шайқастарға қатысады, жарақаттанып тұтқынға түседі. 1924 жылы Жоғары әскери мектепті бітіріп, әртүрлі әскери бөлімшелерде қызмет етті. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда бригадалық генерал атағын алып, майдандағы әскерге қолбасшылық етуге жіберілді. Франция жеңілгеннен кейін Англияға кетіп, «Ерікті Франция» қозғалысын басқарды. Бұл қозғалысқа өзінің мүдделес серіктерімен қоса коммунистер, социалистер, христиан демократтары секілді әр алуан көзқарастағы күрескерлерді топтастырады.

Париж азат етілген соң Ш. де Голль мемлекеттік билікті қолына алады.

1944-1945 жылдары Шарль де Голль Франциядағы Уақытша үкіметті басқарды. Оның басты мақсаты француз мемлекетін жаңғырту болатын. Ол үшін күрделі конституциялық-құқықтық реформалар жасап, билік тармақтарын бір орталыққа шоғырландыру қажет еді. Осы реформалар үшін үкіметпен келісе алмаған Ш. де Голль 1946 жылы отставкаға кетеді.

1946 жылы 16 маусымда Байе қаласын азат етудің екі жылдығына орай өткен мерекелік шарада Ш. де Голль алғаш рет өзінің конституциялық жобасын жариялады. Бұл жоба Францияның «ұлылығын», ұлттық Тәуелсіздік пен бірлікті қамтамасыз етуге қабілетті, «күшті мемлекет» идеясына негізделді. Ш. де Голль парламенттік республика идеясын қатаң сынады, бұл бағыт мемлекеттік құрылымды толықтай дағдарысқа ұшыратады деп санады. Оның пікірінше, партиядан тыс, одан жоғары тұрған, биліктің барлық тармағына саяси бақылау жасай алатын мемлекет басшысы, жалпыұлттық мүдделердің кепілі және оның төрешісі (диктатор емес) болуы тиіс.

Алжирдегі соғыс салдарынан, онда «Ультра» бөлігі басталады, бұл 1958 жылы Франциядағы саяси-әлеуметтік дағдарысқа себеп болады. Бүлікшілер Алжирдегі соғысты тоқтатып, жеңіске жеткізетін «Қоғамдық құтқару үкіметін» құруды, осы үкіметті басқаруға Ш. де Голльді тағайындауды талап етті.

Ш. де Голль елді басқаруға, сондай-ақ Алжир мәселесін шешуге дайын екенін, бұл үшін саяси жігерсіздік тудырып отырған мемлекеттік жүйені түпкілікті өзгерту туралы шарт қоятынын мәлімдеді. Ол өзіне төтенше өкілеттілік беруін және 1946 жылы Конституцияны жоюды талап етті. Үкімет бұл талаптарды толығымен қабылдады. 1958 жылы 1 маусымда Ш. де Голль үкіметті басқаруға кірісті. Күзде Ш. де Голль ұсынған жаңа Конституция қабылданады, бұл мемлекеттің саяси құрылымының сипатын өзгеріске ұшыратты.

Франция парламенттік республикадан президенттік-парламенттік республикаға ауысты, мемлекет басшысы кеңейтілген өкілеттілікке ие болды: президент 7 жылға сайланды, премьерді және үкімет мүшелерін тағайындауға, заң шығару процестеріне қатысуға, қандай да бір заң жобаларын қайта қарау үшін парламент қарауына жіберуге, парламентті таратып жіберуге, төтенше жағдай енгізуге құқылы болды, сыртқы саясат пен қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік бағытында үлкен өкілеттілігі кеңейді. Бұдан былай президент өз қызметі үшін парламентке есеп бермеді әрі Францияның ұлттық тәуелсіздігі мен тұтастығының кепілі болды.

1958 жылы желтоқсанда Ш. де Голль Франция президенті болып сайланды. Ол мемлекеттің отарлық бағыттағы саясатын толығымен тоқтатты: барлық африкалық отар елдердің тәуелсіздігін мойындады, 1962 жылы Алжирге тәуелсіздік беріп, ушыққан Алжир мәселесін біржолата шешті. Ш. де Голль 1962 жылы «Франция ұлылығын» қайта қалыптастыруға қажетті әлеуметтік-экономикалық реформалар өткізуді қолға алады.

Ш. де Голль ұсынған «голлизм доктринасының» біртұтас саяси философиясы Францияның ұлттық саяси дәстүрлеріне сәйкес келді. Онда мемлекеттік практицизм, радикалды идеологиялық пафос пен этатистік ұстанымдар, халық егемендігі идеялары мен консервативтілік және әлеуметтік реформалар өзара үйлесім тапты. Ш. де Голль ұлтқа коммунизм мен либералдықтың шектен шығуын жеңетін «үшінші жолды» ұсынды.

Таптық антогонизмді еңсеріп, қоғамдық дамудың «үшінші жолын» құруға шақырған «Еңбек пен капитал ассоциациясы» бағдарламасы қабылданды. Ол бойынша үкімет мемлекеттік сектордағы жұмысшылардың өз кәсіпорындарына түскен пайдаға, техникалық ұтымдылықты қамтамасыз етудегі үлесіне (дивиденд) мен кәсіп орынның нарықтық стратегиясы жөніндегі ақпараттарға араласу жүйесін енгізді. Осы бағдарламаны пайдаланушы жеке кәсіпкерлер салық жеңілдіктерін алды.

Экономикалық бағдарлар қоғамға белсенді түрде енгізіле бастады. өнеркәсіпті (ең алдымен, электроника, атомдық, аэроғарыштық және әскери) жаңғыртуға және ауылшаруашылық саласына қомақты қаржы бөлінді. Өмір сүру сапасының жақсаруы басты назарға алынды. 60-жылдары жалақы орта есеппен 25%-ға өсті. Ақылы демалыс мерзімі 4 аптаға дейін созылды. Мемлекеттік құрылымнан бастап экономикалық реттеуге дейінгі саясаттың барлық қырын біріктірген голлизмнің негізгі идеясы Ш. де Голль үшін шынайы әлеуметтік ұстаным болған Францияның ұлттық ұлылығына айналды.

Голлизм бойынша, Франция бұрын өмір сүрген және болашақта өмір сүретін француздардың ұрпақтарын біріктіруші. Франция жекелеген француздардың өмірі мен мүдделерінен басқа өзіндік мүдделері мен мақсаттары бар, уақытпен шектелмейтін шындық. Ұлттық тәуелсіздікке, бірлікке, қоғамдық тәртіпке, әділеттілікке тек күшті мемлекет қана кепіл бола алады.

Мықты мемлекет - таптар мен жеке мүдделерден жоғары тұрған және тек жалпыұлттық мүдделерді ғана қорғайтын мемлекет.

Ш. де Голль референдум барысында халық тәуелсіздігіне негізделген шынайы демократияны қайта жаңғыртуды ұсынды. Конституциялық құрылым мен мемлекет басшысын таңдау секілді іргелі мәселелерді Халықтың өзі референдум арқылы шешуі тиіс. Бірлік, ұйымшылдық биліктің ажырамас бейнесі болуы қажет. Мемлекеттік билікті нығайтуда мемлекет басшысы негізгі рөлге ие болуы тиіс, ол партиядан тыс әрі одан жоғары тұруы керек. Бірақ, мемлекеттік аппараттың қызметі биліктегі бөліс ұстанымына бағынуы тиіс. Ш. де Голльдің пікірінше, біртұтас саяси еркіндік пен халықтың мемлекет өміріне шынайы араласуын қалыптастыру үшін заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің тең болуы, демократиялық мемлекеттің кепілі болып саналады,

Ш. де Голль АҚШ-тың сыртқы саясатына бағынбайтын мемлекеттік тәуелсіздікті қамтамасыз етті. Ядролық державаға айналды, 1966 жылы Францияны НАТО-ның әскери құрылымынан шығарды және елдің аумағында орналасқан АҚШ-тың әскери нысандарын жапты. 1965 жылы Ш. де Голль екінші мерзімге сайланды.

Алайда 1968 жылы мамырда Францияда күрделі әлеуметтік-саяси дағдарыс орын алды. Бұл шиеленіс радикалды ұстанымдағы студенттердің наразылығынан туындады. 60-жылдары Францияда студенттер саны 5 есеге өскен болатын. Олардың әлеуметтік құрамы мен құндылықтарға деген көзқарастары өзгерген еді. Студенттер арасында солшыл көзқарас кең тарады, олар ұлттық буржуазиялық құндылықтарды қабылдамады.

1968 жылы мамыр айының басында студенттер мен Сорбона университетінің әкімшілігі арасында шиеленіс бұрқ ете түсті. Полицияның Сорбона маңайын бүлікшіл студенттерден тазартуы қанды қақтығыстарға алып келді. Бұл оқиға бүкіл елді толқытты. Студенттерді қорғауға кәсіподақтар мен солшыл күштер шықты. Тұтас мемлекетті қамтыған ауқымды ереуілдер толқыны басталды, елдің экономикалық өміріне күйзеліс қаупі төнді. Мамыр айының соңына қарай шиеленіс аса жоғары шегіне жетті. Шарль де Голль өз ұстанымымен халықтың алдына шықты. Ол тек өзінің азамат соғысының алдын алуға қабілетті екенін білдіріп, француздардың басым бөлігін осыған сендірді.

Қоғамдық пікірде билік пайдасына қарай ауытқу пайда болып, маусым айының соңына қарай жағдай бақылауға алынды. Өз жетістігін нығайта түсуге ұмтылған Ш. де Голль орталық биліктің ұстанымын нығайтатын әкімшілік реформалар жүргізуді қолға алды. Бұл өзгерістердің Францияның болашағы үшін ерекше маңызды екеніне тоқталған ол осы заң жобасын референдумға шығарады. Ш. де Голль осы заң жобасын халық қолдамаған жағдайда, қызметінен кететінін мәлімдейді. Референдум 1969 жылы 27 сәуірде өтті, сайлаушылардың 52% -ы бұл заң жобасына қарсы дауыс береді. Ш. де Голль қызметінен ерікті түрде кетті. Сонымен Франциядағы голлизм кезеңі аяқталды.

### **Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар**

1. 1958 жылы Ш. де Голль Франциядағы билік басына қандай саяси жағдайда және қандай шарттармен келді?
2. Парламенттік, президенттік және президенттік-парламенттік республикалар анықтамаларын естеріңе түсіріңдер.
3. Голлизм доктринасы нені білдіреді?
4. Голлизм идеясының мәнін ашыңдар.

### **31 тақырып**

**Дэн Сяопин – көрнекті қытай реформаторы. Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммад:  
«үшінші әлемнен бірінші әлемге»**

**Сабақтың оқу мақсаты:**

11.3.3.9 -тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «экономикалық ғажайып» факторларын тұжырымдау; 11.3.3.10 -Сингапур және Малайзия мысалында мемлекет модернизациясының ерекшеліктерін салыстыру;

**Бағалау өлшемдері:**

1. Мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлін негіздейді;
2. Тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «экономикалық ғажайып» факторларын саралайды.
3. Мемлекеттер тарихындағы ф. Рузвельт, Ш.Голль, М.Ататүрік, Дэн Сяопин, Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммадтың ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін түсіндіру. ҚХР мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу себептерін талдайды

Әлем картасындағы ең кішкентай елдердің бірі болып табылатын Сингапур – өз аймағындағы алып ел әрі әлемдік экономикалық көшбасшылардың бірі. Бір кездері өзінен әлдеқайда әлеуетті көршілері қоршап тұрған шағын мемлекет осындай табыстарға жететінін ешкім елестете алған да емес. Осыдан шамалы ғана уақыт бұрын өңірдегі ең кішкентай елдің алдында қолдан келместей көрінген екі міндет – өз мемлекеттілігін құру және экономиканы дамыту міндеттері тұрды. Бүгінде барлық қиындықтар еңсерілді, мұны Сингапурдың қазіргі бет-бейнесінен айқын көре аламыз. Әрине, елдің өсіп-өркендеуі Сингапур халқының жанқиярлық еңбегінің арқасында мүмкін болды. «Арал-мемлекет» тарихында бүгінгі табысы онсыз мүмкін емес болатын бір адам бар. Ол адам – Ли Куан Ю, Сингапур ғажайыбының «сәулеткері». Аралдың қазіргі заманғы тарихы өз бастауын ХІХ ғасырдан алады. Шамамен 1860 жылдан, Суэц каналының ашылуы нәтижесінде Сингапур Еуропа мен Шығыс Азия аралығын жалғастыратын кемелер үшін ірі порт маңызына ие болады. Порт мәртебесі Сингапур үшін пайданың басты көздерінің біріне айналады. Тұрғындар саны артып, олардың әл-ауқаты да жыл сайын өсе түседі. 1874 жыл мен 1913 жыл аралығында қаланың сауда айналымы сегіз есе ұлғаяды. Сингапурдың жаңа тарихында екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы жапон басқыншылығы кезеңі көңіл құлазытады. Жапон басқыншылығы үш жарым жылға созылып, соғыстан соң ағылшындар іс жүзінде басқа елге оралғандай болды. Халық өз тағдырын өзі шешу құқын талап етті. Ұлттық сана-сезімнің өсуі соғыстан кейінгі кезеңдегі бүкіл Азияға тән сипат болды. Бұл тәуелсіздік үшін, жаңа саяси бағыт үшін күшті күрес жылдары еді. Малайзия одағы осылайша пайда болды. Сингапур мен Малайзияның алдында өз мемлекеттілігін құру міндеті тұрды. Бірақ Малайзияға ұсынылған жоспар, Британия өзінің осы қалаға ықпалын сақтап қалғысы келгендіктен, Сингапурды толықтай қанағаттандыра қоймады. 1950-ші жылдары Сингапур заң шығарушы жиналыс сайлауға мүмкіндік беретін конституцияға ие болды. Сингапурды басқару қағидаты сол кезден бері парламент құрушы партиялар үлгісіндегі британ ықпалын сақтап келеді. Солардың бірі Ли Куан Ю жетекшілік еткен Халықтық Іс-қимыл партиясы (ХІП) болды. Бұл оның үлкен саясатта алғаш көрінуі еді. 1955 жылғы сайлауда ХІП заң шығарушы жиналыста үш орын алып, өз саясатын ілгері жылжыту үшін күрес бастады. Бірте-бірте британ әкімшілігі Сингапурға толық өзін-өзі басқару тізгінін беру туралы шешімге келіп, 1959 жылғы сайлауда ХІП парламенттегі 51 орынның 48-іне қол жеткізіп, кабинет жасақтау мүмкіндігіне ие болды. Билеуші партия «Малайзия малайлар үшін» деген ұранды қос қолдап қолдады. Мұндай жағдайда ең ірісі қытайлар болған ұлттық азшылықтарға орын жоқ еді. Тұйықтан шығар жалғыз жол бөлініп, өз мемлекетін құру болатын. Ли Куан Юдың алысты болжайтын ақылман саясаткер ретінде мұны түсінбеуі

мүмкін емес еді. Ол өзінің ғұмырбаянында былай деп жазады: «Бізде таңдау жасайтын шама қалмады». Ли Куан Ю мойнына ауқымын өзі де нақты болжай алмаған үлкен жүк артты. Тәуелсіздік жаңа мемлекет құрудың тек басы ғана болды. Барлық қиындық алда тұр еді. «Біздің дербес тіршілік ету мүмкіндігіміз өте-мөте аз еді» – бұл Ли Куан Юдың өз сөзі. Сол уақытта Сингапур қандай ел еді? Жан басына шаққандағы ДЖӨ 400 АҚШ доллары шамасында аралдағы кішкентай ел болатын. Сингапурда іс жүзінде ештеңе болмады. Тіпті ауыз суға дейін сырттан әкелінді. Экономика құлағалы тұрды. Индонезия мен Малайзия секілді бұрынғы әріптестер сауда-саттық операцияларын Сингапурды айналып өтіп жүргізді. Ал енді даму үшін Сингапурдың қолында не болғанына қарайық. Ли Куан Ю: «Ол шикізат та, ақша да, сырттан көмек те емес еді. Біздің ең құнды активтеріміз адамдардың сенімі болды», деп жазады. Сенімнің үмітпен тығыз байланысты екені белгілі, ал бұл сол кезде Ли Куан Ю басшылыққа алған басты сезім еді. Оның орнында болса, талай адамның салы суға кетер еді, бірақ оптимизм мен өз халқына сенім реформаторды қолдап қана қоймай, елді қазіргі деңгейге жеткізген ұтымды үлгінің негізіне жатты. Ли Куан Ю халыққа арқа сүйеп, оның мүмкіндігін пайдалануда бір қарағанда оғаш, тіпті саяси тұрғыдан сыпайылыққа жата қоймайтын шешімдер қабылдады. Соған қарамастан, олар халық талап еткен тиімділік берді. Айтарлықтай кейін, 1980-ші жылдары ол жұртшылықтың жағасын ұстатқан, сонымен бірге, басшылықтың елді дамытудың жаңа бағытына жақындығын жарқын көрсеткен мәлімдеме жасады. Телевизиядан тікелей эфир кезінде Ли Куан Ю былай деп мәлімдеді: «Егер біздің ер адамдарымыз – жоғары оқу орындарының түлектері – өздерінің балалары да өмірде өздері сияқты бір нәрсеге қол жеткізсін десе, білімі және интеллектуалдық деңгейі төмен әйел таңдау олар тарапынан асқан ақымақтық болар еді». Ли Куан Юдың сөзінен кейін ол жасаған мәлімдемеге «Ұлы неке пікірсайыстары» деген айдар тағылып, ел көшбасшысының ұсынысы жұртшылық арасында талай-талай әңгіме туғызды. Шикізат ресурстары мен өнеркәсіп жоқ кезде тек адамдарға және олардың сана-сезіміндегі өзгеріске ғана иек артуға болатын еді. Білімді және еңбексүйгіш халық ел дамуының негізгі қайнар көзіне айналды. Сонымен бірге, бәсекеге қабілетті экономика құру үшін талантты адамдар талап етілді. Ли Куан Ю ондаған жылдар бойы түрлі ұлттардан тұратын кәсіби мамандарды іздеп, тартуға және Сингапурда жұмыс бастауға жақсы жағдайлар туғыза отырып, дамыған Батыс елдеріне қоныс аударған өз азаматтарын қайтаруға ерекше назар аударды. Көрші елдердегі талантты студенттерді іздеумен айналысатын арнайы топтар құрылды. 1990-шы жылдардың ортасында мамандардың иммиграциясы 1970-ші жылдары орын алған «ақылды бастар ағынынан» үш есе асып түсті. Бүгінде ел тұрғындарының 75%-ын – қытайлар, 14%-ын – малайлар, 8%-ын – үнділер, қалғандарын – армяндар, индонезиялықтар, арабтар және басқалар құрайды. Сингапурда төрт ресми тіл бар, араларындағы ағылшын тілі бизнес пен әкімшілік тілі болып табылады. Жаңа адамдар ұлтын құруда, мейлі ол білім беруде болсын, мейлі ол шылым шегуге қарсы күресте және айналаңа бет-алды түкіруге немесе сағыз шайнауға тыйым салуда болсын, Ли Куан Ю үшін ұсақ-түйек деген жоқ еді. Бұл шаралар батыстық саясаткерлер тарапынан келемеж тудырғанымен, ел көшбасшысы өз ұстанымынан танған емес. Бүгінде Сингапур – әлемдегі ең күтіп-бапталған және таза қалалардың бірі. Әдемі парктер мен гүлзарлар, тоғандар мен каналдар – Сингапур ғажайыбы сәулеткерінің жеке еңбегі. Замандастары оны Ұлы көшбасшы және Сингапурдың Әкесі деп атады. Ли Куан Юдың есімі қытайшадан еркін аударғанда «айналасының бәріне шуақ шашатын шапақ» деген ұғымды білдіреді. Ли Куан Ю 1923 жылдың 16 қыркүйегінде дүниеге келді. Ол сол кездің өзінде сингапурлықтардың төртінші ұрпағы болды. Оның бабасы Гуандундағы туған округі – Дапуды 16 жасында тастап шыққан екен. Лидің атасы Хун Леонг ағылшын мектебіне түсіп, дәріханашы болады. Лидің әкесі Чин Кун зергерлік дүңгіршек ұстаған. Бұл балаларын оқытуға қаржысы бар көпестік, саудагерлік отбасы еді, оған қытайлықтар қашанда үлкен



маңыз береді. Болашақ ел басшысының атасы өсиет еткеніндей, ол қазіргі заманғы еуропалық білім алды. Раффлздағы колледжді тәмамдағаннан кейін Ли Куан Ю Кембридже құқықтануды оқып, білімін жалғастырды. Оның Англиядағы оқуға кеш түсуі соғыстың басталуымен байланысты. Оқуды ерекше дарындылығы үшін берілген жұлдыз белгісімен үздік аяқтаған ол 1949 жылы Сингапурға оралып, танымал «Лэйкок және Онг» фирмасында заңгерлік тәжірибесін бастады. Ли Куан Юдың саяси қызметі 50-ші жылдардан басталады. 1951 жылғы сайлауда ол Прогресс партиясына үндеді. Ақыр аяғында Лидің жақтастары дегендеріне жетті – олар ХІІІ-те үстем позицияға ие болып, партияны көшбасшылыққа алып шықты және 1959 жылы Ли Куан Юды премьер-министр қызметіне жеткізді. Осы сәттен бастап Ли солшылдармен қатынасын үзіп, оның тобы партияны да, үкіметті де жеке бақылауына алды. Билікке толықтай қол жеткізген Ли өз өмірінің басты мақсаты – қуатты Сингапур құру ісіне жұмылды. Бір саясаткердің дөп басып айтқанындай, ол Сингапурды «әуелі ел жасады, содан кейін оны бай ел жасады». Лидің интеллектісі мен күш-қуаты Сингапур ұлтын, «сингапурлық біртектілік» түсінігі аясына біріккен көпұлтты және көптілді қоғам құруда айқындаушы жағдайға айналды. Ол басшылыққа алған негізгі идеялардың бірі оның ойынан қашанда шықпайтын «Азияны қайта жаңғырту» идеясы еді деуге болады. Ли саясатының нәтижесінде Сингапур өмірдің барлық дерлік саласында тамаша табыстарға жетті. Экономикалық өсу деңгейі 8,5% болып, жан басына шаққандағы табыс Ұлыбританиядағы көрсеткіштен асып түсті. Әлем оның табысын жоғары бағалады. Ли Куан Ю Тынық мұхит жағалауының Томас Джефферсоны, жүз жылдықтың екінші жартысындағы аса жарық та қуатты интеллект иесі, тіпті «Азия Моисейі» атанды. Ли үшін экономикалық саясат бәрін де айқындайтын факторға жатпайды. Азиялық құндылықтар – өзін-өзі бекем ұстау, ұқыптылық, үлкендерге, отбасы құндылықтары мен билікке құрмет, бәтуаға келуге бейім тұратындық, білімнің беделі – шын мәнінде адамдардың өндірістік қызметіне айтарлықтай психологиялық серпін берді. Ли сондай-ақ ұлтты дамыту тұжырымдамасына өзінің жеке арман-аңсарлары мен өмір туралы ұғым-түсінігін енгізді. Міне, нақ осы жайт оған жаңа Сингапурды құруға мүмкіндік берді. Ол оппоненттеріне өзінің дұрыстығын дәлелдеу үшін Батыстағы теріс әлеуметтік және экономикалық үдерістерді жиі салыстыратын. Ли Куан Юдың жақтастары батыстық құндылықтарды тікелей әкелу Азия қоғамы үшін зиянды екеніне сенімді-тін әрі бұл көзқарастарын оларды қабылдау қоғам өміріне қатер төндіретіндігіне, сондықтан олардан бас тартылуы тиістілігіне негіздейтін. Қоғам – бірінші орында, өйткені, ақыр аяғында қоғам игілігі – оны құрайтын адамдар игілігі. Міне, сондықтан да дәстүрлі Азия қоғамына демократиялық құқықтар мен еркіндікті тықпалау үдерісі соншалықты қажетті емес. «Егер батыстық үлгідегі демократияны қабылдайтын болсақ, бізді не күтеді?» деп сұрайды Ли Куан Ю. Бұл сұрағына өзі жауап береді: «Есірткі, қылмыс, жалғыздікті аналар... саны арта түсетін болады». Ли Куан Ю өзінің естеліктерінде былай деп жазады: «Азияда ақ түстілердің басқару дәуірі аяқталды». Сонымен бірге, тұтас бір кезең келмесе кетті. Соғыстан соңғы әлем әу бастан жаңа жолдар мен шешімдер талап еткен қатерлі қарқынмен және жедел дамуға бағытталды. Сингапур экономиканы дамытудың бұрынғы жолдары көкейкестілігінен айырылған сындарлы кезеңде тұрды. Индустрияландыру қажеттілікке айналып, бұл ұстаныммен барлық үкімет мүшелері келісті. Экономикалық проблемаларды шешу үшін барлық әдіс-тәсілдер қарастырылды. Айтқандай, тығырықтан шығудың жолдарын іздеп шарқ ұрудың бір нәтижесі Сингапурды әлемдік туристік орталыққа айналдыру болды. Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап Ли Куан Ю елдегі кәсіпорындар үшін қолайлы жағдай туғызып, инвестициялар тартудың стратегиясын жасауға кірісті. Әуелі Сингапурда өндірілген автомобильдер, тоназытқыштар, кондиционерлер, радиоқабылдағыштар, теледидарлар мен магнитофондарды қорғау үшін қолтыққа алып қолдау шаралары енгізілді. Бірақ мұндай өндіріс елде әлі жоқ еді, сондықтан бәрі де

«болашақта оларды біз өзімізде өндіре аламыз деген үмітпен» жасалды. Өзірше азға қанағат етуге, мәселен, өсімдік майы, косметика, шыбын-шіркей аулайтын торкөз, шаш кремi, ойыншық, тоқыма өнімдерi, т.б. өндірумен шектелуге тура келдi. Сингапур Оңтүстік Азиядағы мешеу қалған отарлы ел деген қатып-семген қасаңдықты бұзу оңайға соққан жоқ. Мысалы, инвесторларды өркениетті де келешегі бар елге келгендеріне сендіру үшін әуежайдан қонақүйге және Ли Куан Юдың офисіне дейінгі жолдар тұрақты түрде тазалықта ұсталды. Жолдардың қос қапталына ағаштар отырғызылды. Ли Куан Юдың саяси әдіс-тәсілдерін көрсететін кейбір қызықты сәттерге тоқталайық. Ол былай деп жазады: «1961 жылдың шілдесі мен 1962 жылдың қыркүйегі аралығында Сингапурда 153 ереуіл орын алды, бұл Сингапур үшін «рекорд» еді, ал 1969 жылы екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейінгі кезеңде алғаш рет бірде-бір ереуіл болған жоқ. Біз бұған қалай жеттік?». Табыс себебі мынада еді: Ли Куан Ю қоғамдағы жікке бөлінушілік жедел экономикалық даму идеяларымен үйлеспейтінін түсінгендіктен әу бастан қатаң саясат ұстанды. Мысалы, кәсіподақтар туралы заң өзгертіліп, оған еңбек қарым-қатынасының нақты регламенттерімен қатар, ереуілдер өткізуге тыйым салу енгізілді. Оның 1960-1970-ші жылдардағы Сингапур қоғамындағы өмірден алған әсерін «мәдениетті түрде естен тандыру» түсінігімен айқындайтыны кездейсоқ емес. Қала қазіргі қалпында енді-енді қалыптаса бастаған-тын, оның жаңа тұрғындары қала өмірі жабайы көрінетін, өзінің өзгешелігімен ашық үрейлендіретін күні кешегі шаруалар, фермерлер болатын. Жүздеген жылдар бойы олардың ата-бабалары өзгермейтін ортада өмір сүріп келсе, енді бәрінен бас тарту қажет болды. Ли Куан Ю былай деп еске алады: «Жаңа жағдайларға икемделу оңайға соқпады, олар кейде езуге күлкі үйіретін, тіпті сандырақ дегізетіндей нәтижелерге алып келетін... Шошқа өсіретін бірнеше фермер өздерінің малдарынан айырылғысы келмей, оларды көп қабатты үйлеріне бірге кіргізген. Олардың кейбіреулерінің шошқаларын көп қабатты ғимараттың баспалдақтарында қуалап жүргенін көзбен көру керек еді... Ұзақ уақыт бойы көптеген қытайлар, малайлар мен үндістер лифтілерді пайдаланбады, бой жазуға деген құштарлықтан емес, әрине, лифтілерден қорыққандықтан. Электр жарығының орнына керосин шамдарын пайдаланған адамдар да болды. ...Бұл адамдардың барлығы да мәдениетті түрде естен тандырудан зардап шекті». Ли Куан Юдың келесі жетістігі үкімет пен енді бүршік жара бастаған бизнес өте қажет еткен мамандар дайындау ісінен көрінді. Елдің қазіргі заманғы билеуші элитасы Ли Куан Юдың реформалары жылдарында өсіп шыққандардан тұрды және өмірлік қалып шұғыл ауысқан ортада қалыптасты. Үкімет жастарға басымдық берді. Сондықтан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан жас таланттарды шет елдерде оқыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама жұмыс істей бастады. Мектептердің үздік түлектері Ұлыбритания, Германия, Франция, Жапония университеттеріне жіберілді. Осы жастардың арасынан Сингапурдың қазіргі саяси және экономикалық элитасы өсіп шықты. Жастарға білім беру үкіметтің ұзақ мерзімді негізгі бағытына айналды. Ли Куан Ю өзімен бірге реформалар жүргізуге қатысқан өз кабинеті мүшелерінің ішінде мектептен кейін Сингапурда оқыған жалғыз адам өзі болғанын айтады. Басқаларының бәрі білімді шет елдерден алған. Демографиялық проблема Ли Куан Юды қашанда толғантатын. Ол елге жай ғана халық өсімі керек емес, елдің дамуы үшін ақылды да талантты адамдар қажет деп есептеді. Ол адамның тұлға ретінде қалыптасуының 80 пайызы табиғаттан, тұқым қуалаушылықпен беріледі, ал тек 20 пайызы ғана тәрбиелеудің нәтижесі болып табылады деген теорияны ұстанды. Сондықтан ел пайдасы үшін бірінші кезекте жоғары білімді әйелдер босануға тиіс, деп есептеді Ли Куан Ю. Сол кезде оның ұсынысымен үш баласы бар жоғары білімді аналарға озық мектептерді тандау басымдығын беру туралы шешім қабылданды. Пікірлер екіге жарылып, көпшілікке мұндай шаралар әділеттілік тұрғысынан шын мәнінде кемсітушілік болып табылатындай көрінді. Нәтижесінде ымырашыл шешім қабылданды – тұрмысқа шыққан әйелдерге арнайы

салықтық жеңілдіктер қарастырылып, ол жоғары және арнаулы орта білімі бар әйелдерге де қатысты болды. Осының нәтижесінде үш-төрт балалы отбасылар көбейе түсті. Ел жаһандану үрдістерінің пойызына басқалардан бұрын «секіріп мінуге» қол жеткізе алды. Ли Куан Ю қашанда жаңа әлемдік үрдістер мен бастамаларға сергек қарайтын. Сингапурда қаржы орталығын құрудың бастамашысы нақ Ли Куан Ю болып табылатыны да сондықтан. Ли Куан Юдың кеңесшісі доктор Винсемиус 1968 жылы өзінің досы, сол кезде Лондонда жүрген «Бэнк оф Америка» Сингапур банкі бөлімшесінің вице-президентіне телефон соғып: «Ван Онен мырза, біз алдағы он жыл мөлшерінде Оңтүстік-Шығыс Азияда қаржы орталығы болуын қалаймыз», – десе Ван Онен былай деп жауап қайтарыпты: «Жақсы, Лондонға келіңіз. Сіз бұған бес жылдың ішінде қол жеткізесіз». Винсемиус шұғыл Лондонға жеткен кезде оны Ван Онен мәжіліс залында тұрған үлкен глобусқа алып келіп, былай дейді: «Қараңыз, қаржы әлемі Цюрихте басталады. Цюрихтің банктері таңертеңгі 9.00-де ашылады, одан сәл кейін Франкфурттегі банктер, одан да кейінірек Лондондағы банктер ашылады. Түстен кейін Цюрихтегі банктер жабылады, содан кейін Франкфурттегі және Лондондағы банктер жабылады. Бұл уақытта Нью-Йорктегі банктер әлі ашық тұрады. Осылайша Лондон қаржы ағынын Нью-Йоркке бағыттайды. Түс қайта Нью-Йорктегі банктер жабылған кезде олар қаржы ағынын енді Сан-Францискоға аударады. Осы уақыт ішінде Сан-Францискодағы банктер жабылады да, швейцариялық банктер қайтадан ашылатын швейцария уақытымен таңертеңгі 9.00-ге дейін қаржы әлемінде ешқандай операциялар жүрмейді. Егер біз ортаға Сингапурды орналастырсақ, Сан-Францискодағы банктер жабылғанға дейін Сингапур олардан эстафета қабылдай алады, ал Сингапурдағы банктер жабылғанда, олар қаржы ағынын Цюрихке аудара алады. Осылайша тарихта тұңғыш рет жаһандық тәулік бойғы банктік қызмет көрсету мүмкін болады». Сингапурдың әлемдегі ірі қаржы орталықтарының бірі ретіндегі өркендеуі осы идеядан басталады. Сингапур жаһандану үдерістеріне қоян-қолтық араласып, жоғары тиімділікті қоғамдық жүйе құруда көшбасшылардың бірі болды. Сингапур Азиядағы ең бір бәсекеге қабілетті экономикасы бар және сыбайлас жемқорлық деңгейі аса төмен әрі аса қауіпсіз елдердің бірі болып танылған. Бұл табыстардың барлығы ең кішкентай «Азия айдаһарының» келешегі мол мүмкіндіктерін тамаша айғақтайды. Өңгімімізді түйіндесек, Ли Куан Юдың саңлақ саясаткерлігі нені көрсетеді? Жауаптың басы ашық – Вольтердің «Мемлекетті мемлекет ету үшін бір ұлы адамның болуы жетіп жатыр» деген сөзінің дұрыстығын көрсетеді.

#### **Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар**

- 1 Ли Куан Ю экономикалық даму стратегиясының негізінде не жатады?
- 2 Ли Куан Ю қызметіндегі артықшылықтарды атай аласыңдар ма?
- 3 Сингапурды білім жүйесіндегі ерекшеліктердің мәні неде?
- 4 Сингапурдың экономикалық жүйесінің артықшылықтарының себебін айтыңдар.

### **32 тақырып**

#### **Н. Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі**

##### **Сабактың оқу мақсаты:**

- 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;
- 11.3.3.11 қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлін бағалау;

## **Бағалау өлшемдері:**

Қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлін бағалайды.

1. Тұңғыш президенттің еңбек жолы.
2. Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жолы-Қазақстандық даму жолы» бағдарламасы.
3. Н.Ә. Назарбаевтың тарихи еңбектері.

1. Бірінші Президенттің бастамалары мемлекеттің жаңғыру жолында. Жасампаздық негізі Қазақстандық мемлекеттіліктің үлгісі. Президенттің әлемдік өркениеттердің серіктестігі жөніндегі ойлары, қазіргі заманның сын- тегеуріндеріне берген жүйелі жауабы ретінде.

«Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» еңбегінің маңызы.

«Тарих толқынында» еңбегі мен баспасөз беттеріндегі ұлттық тарихтың стратегиялық көрінісі және тарихи тұлғалардың рөлі.

«Әлем эпицентрі» атты кітабындағы қазіргі заман мәселелерінің ұлттық қауіпсіздік пен территориялық тұтастық мәселесіне әсері.

Терроризм, аймақтық қауіпсіздік және олармен күресі жөнінде «Сындарлы он жыл» атты еңбегінде.

Фундаменталды саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, ұлтаралық және дінаралық келісім жөнінде «Қазақстанның даму жолы» еңбегінде.

«Тәуелсіздік толғауы» атты Елбасының 2014 жылғы 15 желтоқсанындағы сөйлеген сөзінің маңызы. Жаңа Қазақстан – ол ұлы істердің ұйытқысы болған Ұлы Дала мұрагері.

Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жолы-Қазақстандық даму жолы» бағдарламасының тарихи маңыздылығы.

Қазақстан Президенті Нурсұлтан Назарбаевтың «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға жол» мақаласы - қазақстандықтар үшін қуатты іс-әрекет көзі және болашаққа ынталандырушы. Ұлт лидерінің идеялары – халық мұрасы. Тәуелсіздік негізі – «Қазақстан жолы – 2050», түпкі мақсат – Мәңгілік ел болу.

Әлемнің және ЕурАзЭҚ-тың ғаламдық энергетикалық және экологиялық қауіпсіз дамуын құру проблемаларын іргелі теориялық және әдіснамалық зерттеулер топтамасының қорытындысы болып табылатын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «XXI ғасырдағы жаһандық тұрақты дамудың энергоэкологиялық стратегиясы» кітабы.

Егеменді елдің қалыптасуының кезеңдері, механизм қағидағасы мен қозғаушы күштердің дамуы, модернизацияның 3 толқыны, 30 елдің қатарына ену мақсатында бағытталған жаңару «Тәуелсіздік белестері» атты еңбегінде.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев (6 шілде 1940 жыл, Шамалған ауылы, Алматы облысы) - Қазақстанның мемлекет қайраткері, ғалым, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті. 1990 жылғы 24 сәуірден бастап, 2019 жылдың 20 наурызы аралығында Қазақстан президенті.

Бұрын ол Қазақ КСР-ның президенті болды. 2015 жылдың сәуір айында мерзімінен бұрын президент сайлауында бесінші президенттік мерзімге қайта сайланды, ресми деректерге сәйкес, 97,75% дауыс жинады. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы (1984-1989). 1962 жылдан бастап КОКП мүшесі. КОКП ОК (1986-1991) мүшесі; КОКП Орталық бақылау комиссиясының мүшесі (1981-1986). Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы (1979-1984 жж.), Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы (1989-1991). Солтүстік Қазақстан облысының КСРО Жоғарғы Кеңесінің 10-11-шақырылымының (1979-1989) мүшесі. КСРО халық депутаты (1989-1991). Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы (1990). Посткеңестік кеңістіктегі билік өкілдеріне ұзақтығы бойынша рекордшы: 1989 жылдың 22 маусымынан

бастап Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы лауазымына тағайындалған күн - 28 жыл, 8 ай, 16 күн. «Ұлт көшбасшысы» ресми атауының иесі.

Қазақстан сияқты жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орында тұрған, табиғи байлығы мол, өзіндік даму жолын таба білген елдің ең жаңа тарихы, әсіресе оның бастапқы кезеңі, атап айтқанда жаңа мемлекет ретінде дүниеге келіп, қалыптасу және даму тарихы кімді де болсақызықтырары даусыз. Ең алдымен ол, ұлт тағдыры үшін шешуші рөл атқарған аса маңызды тарихи құбылыс ретінде, осы елдің қазіргі және келешекте дүниеге келер жас ұрпағы үшін қымбат. Уақыт озған сайын қайта құрылған мемлекетіміздің алғашқы қалыптасу кезеңіне, яғни ірге тасының қайта қалану кезеңіне деген қызығушылықтың арта түсері, ол кезеңнің қарама-қайшылықтарға толы күрделі де, маңызды кезең ретінде жан-жақты зерттелері, оның тарихына арналған іргелі еңбектердің дүниеге келері анық. Сондықтан осындай заңды құбылысқа, яғни тәуелсіз Қазақстан Республикасының дүниеге келу, қалыптасу және даму тарихының терең зерттеліп, шынайы да, объективті жазылу ісіне дайындық осы бастан жүйелі де, ғылыми негізде жүргізілуі тиіс. Солардың бірі – тәуелсіз Қазақстан тарихының ірге тасын құрайтын деректік негізінің тарих ғылымының талаптарына сай дұрыс қалануы.

2. Ең жаңа тарихымыздың өзекті мәселелерінің бірі – тәуелсіз Қазақстанның өз мемлекеттігін құру мәселесі. Тарихымыздың басқа да түйінді мәселелері сияқты, мемлекеттігімізді қайта құру мәселесі де тұңғыш Президентіміздің еңбектерінде жан-жақты айтылған, яғни деректану ғылымының тілімен айтсақ, Н.Ә. Назарбаев еңбектерінде мемлекеттігімізді қалпына келтіру тарихы, алғашқы нақты іс-шаралардан бастап, жан-жақты бейнеленген. Сондықтан Н. Назарбаев еңбектеріне тәуелсіз Қазақстан мемлекетін қалыптастыру, нығайту және дамыту тарихының дерек көзі ретінде талдау жасау, тек деректану ғылымының ғана емес, жалпы Қазақстан тарихнамасының да өзекті мәселелерінің бірі болып табылатындығы күмәнсіз.

Егер, деректің әлеуметтік табиғаты, сол деректі жасаушы субъектінің қоғамдағы орнымен анықталатындығын ескерсек, онда Н.Ә. Назарбаев еңбектері тұңғыш Президентіміздің өзі туралы құнды мағлұмат бере алатын маңызды дерек көздері міндетін де атқарады. Демек, Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіздік қарсаңында және тәуелсіздік жылдарында жазған еңбектері тек тәуелсіздік тарихының ғана емес, сонымен қатар оның Елбасы ретіндегі өз тарихының да, дәлірек айтсақ, өмірі мен қызметінің, саналы іс-әрекеттерінің, мақсаты мен мүддесінің, саяси көзқарасы мен қоғамдық және азаматтық позициясының қалыптасу және даму динамикасы тарихының да дерек көздері болып табылады. Сондықтан Н.Ә. Назарбаев еңбектеріне деректанулық талдау жасау, оның тәуелсіз елдің тұңғыш Президенті ретіндегі де, әлемдік деңгейдегі тарихи тұлға ретіндегі де бейнесін айқындап, тәуелсіз Қазақстан мемлекетін қайта құру және нығайту ісіндегі рөлі мен орнын аша түсуге көмектесері анық.

Демек, ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев еңбектеріне тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігі тарихының дерек көздері ретінде деректанулық талдау жасаудың қажеттілігі еш күмән туғызбайды.

Деректану ғылымының талаптарына сай тарихи дерек көздерінің маңыздылығын анықтау, біріншіден, зерттеушіге маңызды дерек көздерімен жұмыс істеп, олардан ғылыми құндылығы жоғары мәліметтер алуға мүмкіндік берсе, екіншіден, дерек көздерінің немесе нақты деректің ерекшелігін анықтау зерттеушіге, сол дерек көзінің немесе нақты деректің ерекшелігінен шыға отырып, соған сай келетін тәсілдер қолдану арқылы талдау жүргізуге көмектеседі. Дегенмен, тарихи деректердің де, дерек көздерінің де маңызы мен ерекшелігі, ең алдымен, сол деректерді немесе дерек көздерін жасаушы субъекттермен тығыз байланысты.

Әрине, тарихи деректің пайда болуының басты объективті алғышарты белгілі бір оқиғаның немесе қоғамдық құбылыстың болуы екендігі белгілі. Бірақ, оның әр түрлі дерек көздерінде қалайша бейнеленуі деректі жасаушы жеке субъектінің қолында екендігі де анық.

Олай болса, болып жатқан немесе болып өткен объективті тарихи құбылыстардың деректерде қай дәрежеде бейнеленуі, яғни объективті құбылыстар туралы субъективті мәліметтердің қай дәрежеде деректерге енуі, сол деректі жасаушы субъектің психикасына /дүниетанымы, ой өрісі, білім дәрежесі, діни наным-сенімі, қоғамдық позициясы т. т./ тікелей байланысты. Демек, Н. Назарбаев еңбектерінің XX ғасырдың соңы мен XXI ғасыр басындағы объективті қоғамдық құбылыс – КСРО-ның ыдырап, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің пайда болуы және қалыптасуы тарихының дерек көзі ретіндегі маңызы мен ерекшеліктері, сол еңбектердің авторы, яғни тәуелсіз Қазақстан тарихының дерек көздерінің үлкен бір тобын жасаушы субъект - Н.Ә. Назарбаевтің қоғамдағы орны мен өзіндік адами және тұлғалық қасиеттерімен тығыз байланысты.

Н. Назарбаев еңбектері, деректану ғылымы тұрғысынан қарағанда, өзінің пайда болуы жағынан жазба дерек көздерінің жеке адамдық тобына жатады. Ал, жеке адамдық дерек көздерінің басты ерекшелігі, оларда субъективті фактордың айрықша орын алуында. Сондықтан дерек көздерінің осы түрлерімен жұмыс істегенде олардың авторлары, яғни деректі жасаушы субъект туралы объективті мәліметтерді пайдалана білудің маңызы үлкен. Демек, біздің зерттеу жұмысымызда субъективті фактор ретінде, дерек көздерін жасаушы Н.Ә. Назарбаев туралы мәліметтерге сүйенуге тиіс боламыз.

Н.Ә. Назарбаев еңбектерінің пайда болу объективтілігі, тарихи жағдайы және оларды сыныптау проблемалары.

Деректану ғылымының қағидасы бойынша әр бір тарихи дерек өзінің пайда болуы жағынан объективті. Өйткені ол белгілі бір тарихи оқиғаның, құбылыстың немесе қоғамдық процестің салдарында пайда болады. Дәлірек айтқанда, нақты тарихи оқиға, құбылыс немесе қоғамдық процесс нақты тарихи деректерде бейнеленеді. Сондықтан әр бір тарихи дерек өз бойында сол тарихи оқиға, қоғамдық құбылыс немесе қоғамдық процесс туралы мәлімет сақтайды. Демек, оқиға немесе құбылыс болмаса дерек те болмайды. Олай болса, кез келген деректі белгілі бір тарихи оқиғаның дерек көзі ретінде зерттеуде, оның пайда болуының объективтілігін, алғышарттарын, яғни нақты қандай оқиғаның салдарында пайда болғандығын анықтаудың маңызы үлкен. Сонымен қатар, кез келген дерек тарихилық принципіне сай белгілі бір уақытта немесе уақыт аралығында және нақты бір кеңістікте пайда болады. Уақыт ерекшелігі, дәлірек айтқанда, деректің жасалу кезеңіндегі нақты бір кеңістіктегі, яғни елдегі қалыптасқан тарихи жағдай, үстем саяси құрылыс т.б. деректің пайда болуына, оның мазмұны мен бағытына әсер етпей қоймайды. Демек, нақты дерекке немесе дерек көздеріне деректанулық талдау сол уақыт тінінде /контекстінде/ жасалуы керек. Тек сонда ғана нақты деректен немесе дерек көздерінен нақты оқиға немесе құбылысқа қатысты шынайылық деңгейі жоғары мәлімет алуға болады.

Демек, Н.Ә. Назарбаев еңбектерін тәуелсіз Қазақстан мемлекеті тарихының дерек көзі ретінде қарастыруда олардың пайда болуының себептерін, алғышарттарын, яғни объективтілігін және тарихи жағдайын анықтаудың маңызы үлкен. Жұмыстың кіріспе бөлімінде айтылғандай, Н. Назарбаев 1991 жылдың көктемінде дайындаған «Әділеттің ақ жолы» атты еңбегінен бастап, 2006 жылдың қаңтарында ҚР Президенті міндетін атқаруға қайта кіріскенге дейін бірнеше іргелі еңбектер, жинақтар, Жолдаулар және кітапшалар жариялады. Солардың бәрінде дерлік, біздің тікелей зерттеу объектіміз болып табылатын - тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігінің тарихына қатысты мәліметтер бар. Демек, олардың пайда болуының объективтілігі мен тарихи жағдайын анықтау зерттеушілерге тәуелсіз Қазақстан мемлекеті тарихы туралы ғылыми құндылығы жоғары мәліметтер алуға көмектесері анық.

3. Н.Ә. Назарбаев еңбектерінің пайда болуының объективтілігі ең алдымен XX ғасырдың 80-90 жылдары Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы деп аталған алып державада орын алған түбегейлі қоғамдық өзгерістермен, сол өзгерістердің нәтижесінде Қазақстанның өз тәуелсіздігін алуымен және күрделі де түбегейлі қоғамдық өзгерістер салдарында пайда болған сол жылдардағы саяси ахуалмен тікелей байланысты. Атап айтқанда, Н. Назарбаев еңбектерінің пайда болуына алып келген және оның еңбектерінде

бейнеленген нақты объективті оқиғалар, құбылыстар және қоғамдық процестер мыналар: КСРО-да қайта құру процесінің басталуы, елдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың терендеуі, құрамында Қазақстан да бар КСРО сияқты алып империяның ыдырауы, Қазақстанның өз тәуелсіздігін алуы, жаңа тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігін қайта құру ісінің басталуы т.т.

Н.Ә. Назарбаевтың жұмыста дерек көздері ретінде талдау жасалынған негізгі еңбектерінің аты, пайда болған уақыты, жанры және тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігі тарихының дерек көздері ретінде пайда болуының объективтілігі 1 кестеде көрсетілді.

Деректанулық зерттеуде сыныптау проблемасының маңызы үлкен. Ол зерттеушіге нақты деректің немесе дерек көзінің ерекшелігін анықтауға және сол ерекшеліктен шыға отырып зерттеу тәсілдерін пайдалануға мүмкіндік береді. Осы қағидаға сай Н.Ә. Назарбаев еңбектерін тәуелсіз Қазақстан мемлекеті тарихының дерек көзі ретінде кезеңдік, хронологиялық, тақырыптық, мазмұндық, мақсаттық, формалық т. б. принциптерге сай сыныптауға болады. Мысалы, 1991 жылы жарық көрген «Әділеттің ақ жолы» кеңестік кезеңде дайындалып, жарияланған еңбекке жатса, басқа дерек көздері ретінде қарастырылып отырған Н. Назарбаев еңбектері тәуелсіздік кезінде жарияланған еңбектерге жатады. Ал, олардың дерек көздері ретіндегі ерекшеліктері де сол кезеңдердің ерекшеліктерінен туындайды.

Атап айтқанда, «Әділеттің ақ жолы» Қазақстанның әлі де болса КСРО-ның құрамында, саяси биліктің Орталықтың, яғни Мәскеудің және КОКП басшыларының қолында тұрған кезінде жазылған. Бұл фактордың кітаптың мазмұнына әсер еткендігі түсінікті. Сондықтан автор республика алдында тұрған проблемаларды жалпы Одақтық проблемалар контекстінде қараған. Ал, басқа еңбектерде тәуелсіз мемлекет құру тарихы баяндалған. Дегенмен, олардың өздерін де тәуелсіздік тарихының даму кезеңдеріне сай сыныптау қажет болады. Мысалы, тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде дүниеге келген еңбектер мен соңғы жылдары пайда болған еңбектердің арасында үлкен айырмашылықтар бар. Егер, өтен ғасырдың 90-шы жылдарының бірінші жартысындағы еңбектерде негізінен елдегі саяси және экономикалық өзгерістерге байланысты туындаған қиындықтар мен жаңа мемлекет құрудың теориялық негіздері мен жолдары туралы айтылса, кейінгі еңбектерде қол жеткен табыстар мен тәуелсіздікті одан әрі нығайту бағыттары туралы айтылған.

Хронологиялық принципке сай сыныптау да Н. Назарбаев еңбектерінің әр қайсының ерекшеліктерін анықтай түсуге мүмкіндік береді. Мысалы, 1993 жылы ҚР бірінші Конституциясының қабылдануы елде парламенттік-президенттік саяси билік жүйесінің қалыптасуын заң жүзінде бекітсе, 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Ата заңымыз елде Президенттік басқару формасының орнағандығын заң жүзінде бекітті. Осыған сай еңбектердің де 1995 жылдың тамызына дейінгі еңбектер және одан кейінгі еңбектер болып сыныпталуы мүмкін.

Сонмен қатар, Н.Ә. Назарбаев еңбектерін тақырыптарына және мазмұнына қарай да сыныптау тәсілін пайдалануға болады. Оларды мазмұны жағынан: саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелерге, халықаралық қатнастарға немесе сыртқы саясатқа, ұлттық қауіпсіздікке, ұлттар достығына, қазақтар қауымдастығына, ұлт тарихына, ел келешегіне т.б. арналған еңбектер деп сыныптауға болады. Әрине, оның бәрі шартты түрдегі сыныптаулар екендігі түсінікті. Өйткені Н. Назарбаев еңбектері ел өмірінің барлық саласын қамтиды, сондықтан олардан әр алуан мәселелер бойынша маңызды мәліметтер алуға болады. Дегенмен шартты сыныптаулардың өзі де зерттеушіге зерттеу мақсатына сай өз керегін табуға көмектесері күмәнсіз.

Пайда болу формасы жағынан да Н. Назарбаев еңбектері әр алуан болып келеді. Олар: заманхаттық сипаттағы еңбектер, естеліктер, ой толғаулар, сұхбаттар, Жолдаулар, баяндамалар, мақалалар т.б. Кейде осылардың бірнешеуі бір еңбекте кездесетін күрделі еңбектер де бар. Олардың әр қайсысы да өздеріне сай деректанулық талдау тәсілдерін қолдануды қажет етеді. Сонымен қатар Елбасы туындыларының арасында өзінің пайда болу формасы жағынан ерекше туынды болып табылатын - өлеңдер де бар. Н.

Назарбаевтың халық арасына кең тараған бірнеше ән мәтіндерінің авторы екендігі көпшілікке белгілі. Бодандық қойнауында дүниеге келіп, бүгінгі күні еліміздің ән-ұранына айналған «Менің Қазақстаным» да Назарбаев сөздерімен толықтырылып, тәуелсіз елдің ән-ұраны дәрежесіне ие болды.

Н.Ә. Назарбаев еңбектері тарихи дерек көзі ретінде сақталу формасы жағынан да әр алуан. Олар бұхаралық ақпарат құралдарының негізгі түрін құрайтын – газет не журналдарда, жеке кітаптар мен кітапшаларда және ақпарат көздерінің ең жаңа түрі - интернетте қазақ, орыс және басқа да көптеген ұлттардың тілінде сақталуда. Жәнеде солардың көбі қазақ немесе орыс тілінде тілінде пайда болған түпнұсқалық еңбектер болып табылады. Бұл деректану ғылымы үшін маңызы аса үлкен фактор.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті ретінде Н. Назарбаев туралы аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ. 2005 жылғы Президенттік сайлау қарсаңында, әсіресе сайлаудан кейін, Н.Ә. Назарбаев туралы, оның айқын жеңісінің себептері туралы баспасөз беттерінде көптеген мақалар жарияланды. Н. Ә. Назарбаевтың өмірбаяны - өмірі мен атқарған қызметінің негізгі кезеңдері жұртшылыққа жақсы таныс. Сондықтан біз бұл мәселеге, яғни Н. Назарбаевтың өмірі мен қызметіне, әдеттегідей, ханологиялық принципке сай өмірбаяндық тұрғыдан емес, дерек көздерін жасаушы субъект ретінде, деректанулық тұрғыдан қарауымыз қажет болады.

Егер, осы тұрғыдан келсек, Н. Назарбаев еңбектерінің тәуелсіз Қазақстан тарихының дерек көзі ретіндегі маңызы мен ерекшелігі ең алдымен, оның тәуелсіздік қарсаңындағы және тәуелсіздік жылдарындағы ресми лауазымдарына сай атқарған қызметтерімен тығыз байланысты екендігіне ерекше көңіл аударуға тиіс боламыз. Обылыс көлемінде іскерлігімен көзге түскен Н. Назарбаев, өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап республикалық деңгейдегі басшылық қызметте болса, тәуелсіздіктің дәл қарсаңында, яғни 80-ші жылдардың соңы мен 90-шы жылдардың басында Қазақстан сияқты үлкен республиканың бірінші басшысы міндетін атқарды. Ол туралы ҚР Президентінің интернет жүйесіндегі веб-сайтында: «1979-1984 жылдары Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы. 1984 - 1989 жылдары - Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы. 1989-1991 жылдары - Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы, 1990 жылғы ақпан-сәуір аралығында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болды. 1990 жылдың сәуірінен - Қазақстан Республикасының Президенті»- деп көрсетілген. Демек, бұл, Н.Ә. Назарбаевтың дәл сол жылдары болып өткен, қорытындысында КСРО –деп аталған алып империяның тағдырын шешкен аласапыран оқиғалардың бел ортасында жүріп, ел тағдыры үшін жауапты бірінші адам ретінде, жаңа тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігін қалыптастыру ісінің қайнар көзінде тұруына тура келді деген сөз.

Ол туралы Н. Назарбаевтың өзі «Әділеттің ақ жолы» атты кітабында: «Өзімнің қызмет жағдайыма орай осы жылдардың барлығында да, әрдайым оқиғалардың қалың ортасында жүріп, оларды талдауға және салыстыруға, қорытындылар жасауға, шешімдер қабылдауға тура келгендіктен де, өзімнің жеке пікірімді айтуға барып отырмын»-деп, жазды. Олай болса, Н. Назарбаев еңбектерінің тәуелсіз Қазақстан тарихының дерек көзі ретіндегі басты маңызы, олардың басқа да тәуелсіз Қазақстан тарихының дерек көздерінен негізгі ерекшелігі, сол жылдарығы қоғамдық құбылыстар мен түбегейлі өзгерістердің «қалың ортасында жүріп», ел тағдырын, ұлт тағдырын шешкен «шешімдер қабылдаған» адамның дүниеге әкелгендігінде. Әрине, талай отандастарымыз, қоғам және мемлекет қайраткерлері тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихының куәгері болды, ол туралы өз естеліктерін жазды, яғни тарихи деректерді дүниеге әкелді. Сөз жоқ, олардың бәрі де Қазақстанның ең жаңа тарихының дерек көздерін құрайды. Және де келешекте тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеуде пайдаланылады. Дегенмен, жоғарыда келтірілген фактілер Н. Назарбаев еңбектерінің тарихымыздың түбегейлі өзгерістер кезеңінің бірінің орны бөлек дерек көздері екендігін толығымен дәлелдейді.

Дегенмен, деректанушы ретінде, біз ҚР Президенті веб-сайты сияқты ресми де, маңызды дерек көзінің өзінде де қарапайым қателіктің кеткендігін айтуға мәжбүрміз. Н. Ә.



Назарбаев веб-сайтта көрсетілгендей: «1990 жылдың сәуірінен - Қазақстан Республикасының Президенті»- емес, КСРО-деп атлатын алып империяның құрамындағы Қазақ КСР-нің Президенті болып сайланды. Ал, Қазақстан Республикасы деп аталған мемлекет, сол КСРО-ның күйреуі салдарында кейін пайда болды. Бұл факті дерек қандай деңгейде пайда болмасын, оны деректанулық сыннан өткізу қажеттігін тағы бір рет дәлелдейді ғой деп ойлаймыз.

Сонымен, қорыта айтсақ, Н. Назарбаев еңбектерінің тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігі тарихының дерек көзі ретіндегі маңызы мен басты ерекшелігі, біріншіден, оның тәуелсіздік қарсаңында және тәуелсіздік жылдарында атқарған ресми қызметтерімен тікелей байланысты. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап республикалық деңгейдегі басшылық қызметте болған, дәл тәуелсіздік алдында Елбасы болып сайланған Н.Ә. Назарбаевқа сол жылдары болған барлық түбегейлі өзгерістердің ортасында жүріп, тарихи құбылыстардың куәсі болуына тура келді. Жәнеде соның бәрі туралы өз еңбектерінде жазып, маңызды дерек көздерін дүниеге әкелді. Екіншіден, Н. Назарбаев еңбектерінің тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігі тарихының дерек көзі ретіндегі маңызы мен ерекшелігі, олардың Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті туралы, оның ең бір қиын-қыстау сәттердегі тарихи шешімдер қабылдап, жаңа мемлекет қалыптастыра білу тарихы туралы мол мағлұмат сақтауында. Үшіншіден, Н.Ә. Назарбаев еңбектерінің деректік маңызы мен ерекшеліктері автордың жеке адами қасиеттерімен тығыз байланыстылығында. Оның ең бір ауыр жылдары қарапайым қазақ отбасында дүниеге келіп, еңбекке ерте араласуына байланысты, ел өмірін жете біліп, бар саналы өмірін соған қызмет етуге арнауында. Төртіншіден, Н. Назарбаевтың бастауыш партия ұйымынан бастап биліктің барлық сатысынан өтуі, оған елдің реалды саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайын әрдайым объективті бағалап, өз еңбектерінде шынайы бейнелей білуге мүмкіндік берген.

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының депутаты, сол уақыттарда тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш үкіметінің мүшесі, Премьер-Министрдің орынбасары қызметтерін абыроймен атқарып, халықымыздың сеніміне кірген қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов өзінің 2005 жарық көрген «Серпінді кезең» атты еңбегінде еліміздің даму қарқынына былайша баға береді: «Қуатты саяси, экономикалық, әлеуметтік және демократиялық қайта құрулар көп ғасырлық тарихымыздың қойнауында өткен заманның ешбір кезеңінде болмаған мүлде жаңа үрдіс, тың құбылыс жағдайында дамып келеді. Біз саяси тұрақтылықты сақтап қана қоймай, сонымен бірге оны нығайта түсуге және өзіміздің қазақстандық ұлтаралық келісім үлгісін жасауға қол жеткіздік. Тоталитарлық жүйенің құлдырауымен бірге КСРО-ның ұлттық саясатының тым идеологияландырылып жіберілген, түбірімен қате ұлттық стратегиясын 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі аяусыз әшкерлеп берген болатын. Сондықтан аяғынан енді ғана тұрған Қазақстан мемлекеті үшін мүлдем жаңа ішкі саясат жүргізуі тиіс еді. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық қоғам құрудың тиімді жолын қалыптастырды. Біздің Республика этносаралық жанжалдарды қазір де, болашақта да болдырмауға болатынын бүкіл әлемге сенімді түрде дәлелдеді. Ұлтаралық түсіністіктің қазақстандық моделі қалыптасып, нәтижелі жұмыс жасап келеді. Әрі оған басқа мемлекеттер де қызығушылықтарын білдіріп отыр. Бұл бір экономикалық формациядан басқа, үлкен экономикалық қиындықтар мен әлеуметтік проблемаларға өтудің кезіндегі кедергілерге қарамастан адамдар арасындағы бір-біріне деген сенімнің болғандығының жарқын көрінісі болып табылады». Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Республиканың саяси басшылығы өз азаматтарының құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге айрықша назар аударды. Кеше ғана 30-тамызда қабылданғанына 16 жыл болған еліміздің Конституциясында адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, нәсіліне, діни көзқарасына байланысты ешқандай кемсітуге болмайтындағы анық айтылған. Елімізде Президент қызметінің енгізілуі қоғамдық-саяси өмірде терең саяси реформалар жүргізуге мүмкіндік берді. Қазақстанда бір партиялық жүйенің орнына көппартиялық жүйе қалыптаса бастады. 1996 жылдың 30-қаңтарынан бастап екі палаталы

парламент жұмыс жасап келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарына еркіндік берілді. Тауар тапшылығы жоғалып, өнім сапасы жақсарды. Қазақстан Республикасының азаматтары экономикалық еркіндіктің арқасында меншік иелеріне айналды. 1993 жылы 15-қарашада Ұлттық валюта-теңге айналымға шықты. Осы күнде теңгеміз тұрақты, сенімді қаржы бірлігі болды. Жаңа Тәуелсіз Қазақстан Республикасы халықтың жаңа тиімді тұрмысын қалыптастыру жолындағы күрделі экономикалық реформаларды өте сәтті жүзеге асыра алды. Мұндай орасан зор өзгеріс оңайшылықпен келген жоқ еді. Жетпіс жылдан астам қалыптасқан сананы, дүниетанымды өзгерту міндеті де оңайға соқпады. Меншікке қатысты көзқарастың өзгеруіне өмірдің өзі түрткі болғандықтан, жаппай жекешелендіру экономикалық қайта құру жолындағы алғашқы батыл қадам болды. Сыртқы сауданы одан әрі ырықтандыруға және елді дүниежүзілік шаруашылық жүйесіне енгізуге бағытталған сыртқы экономикалық қызмет реформасы табысты жүргізілді. Банк жүйесі батыл түрде реформаланды, халықтың банкке деген сенімі арты және жеке тұлғалардың банк жүйесіндегі салымдары тұрақты түрде өсті. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің Қарулы Күштерін құрды. БҰҰ-ның шешімімен тарихқа «Бейбітшілік миссиясы» ретінде енген, Семей ядролық полигонын жабу секілді ғаламдық маңызға ие шараларға қол жеткізді. Еліміздегі аса өзекті әрі кезек күттірмес басты мәселеміздің бір болып саналатын - тіл саясатын тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біз парасатты байыптылық танытып жүргізіп келе жатырмыз. Дегенмен, Қазақстан халқы мынаны түсінулері керек: қазақ тілі осы мемлекеттің негізгі қолданыс тілі. Бұл тіл осы мемлекеттен басқа ешбір елде дами алмайды, бұл тілдің басқа Отаны жоқ. Мемлекеттік саясатта бұл тілге алдағы уақытта да басымдылық беріледі. Қазақстанды өз Отаным деп есептейтін әрбір азамат бұл тілді білуге міндетті. Тіпті қазақстандық патриотизм бізді осыған жетелеуі қажет. Қазақстан Республикасындағы ұлт саясатының бағдарламасы саяси тұрақтылықтың кепілі болып қала бермек. 2030 жылға дейінгі даму стратегиясындағы ұзақ мерзімді жеті басым бағыттың ішінде ұлттық қауіпсіздіктен кейінгі екінші орында көрсетілген. Барлық қазақстандықтардың теңдігін қамтамасыз ету үшін әділеттік принцип пен ұлтаралық татулық санасын қалыптастыру маңызды. Ол үшін Қазақстанда бірінші қазақ халқының түпкілікті ұлттық мүдделері дұрыс шешілгенде ғана өзге ұлттар мен этностық топтардың дамуына жол салынады. Әр бір азамат Қазақстан - менің Отаным, менің елім деген ұранның маңайына топтасуы керек. Тәуелсіз даму кезеңінде ұлтаралық келісімді сақтау мен нығайтудың өз елімізге ғана тән үлгісі қалыптасты. Осыған орай Қазақстан халқы Ассамблеясының ерекше ролі туралы айтпай кетуге болмайды. Ол шын мәнінде 16 жылдық уақыттан бері өзінің басты міндеті, ұлтаралық қатынастарды үйлестіру үшін барлық этностық топтардың мүддесін сәйкестендіретін қызметті жүзеге асырып келе жатқан құрылым болып табылады. Қазақстан Халқы Ассамблеясының беделі айтарлықтай жоғарылап, конституциялық ұйымға айналды. Парламентке өз өкілін жіберуге мүмкіндік алды. Сондықтан ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісі халықаралық қоғамдастықтың тарапынан жоғары бағаланатынына ешкімді де таң қалдырмасы анық. 2010-жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-на табысты төрағалық етуіне жәрдемі тиген негізгі деректермен, дәйектердің арасында еліміздің ұлтаралық және дінаралық келісім тәжірбиесі болғаны кұпия емес. Халқымыздың толеранттылығы мен даналығына негізделген салмақты мемлекеттік саясаттың нәтижесінде бізге өткен жылдар бедеріндегі қандай да бір қиындықтарға қарамастан, елімізде ұлтаралық келісімді сақтауға мүмкіндік берді және бұл сөз жоқ, біздің маңызды стратегиялық ресурсымыз. Тек бірлік пен тұрақтылық жағдайында ғана келешек дамуымызға қатысты кең ауқымды міндеттер қоя аламыз. Болашақта еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 мемлекеттердің қатарынан орын алатынына барлық қазақстандықтар күмәнсіз сенеді. Осындай секіріс жасау үшін барлық қоғамдық ресурстарды топтастыру мен жұмылдыруға тура келеді. Бай да бақуатты Қазақстан идеясы ел кеңістігіндегі ішкі ұлттық ынтымақтастықпен тиімді біртұтас рухани, мәдени, экономикалық және саяси жүйенің желісін айқындап, олардың қалыптасуына оң ықпалын тигізеді. Қазақстан Республикасы ТМД мемлекеттері арасында бірінші болып ұзақ мерзімге

арналған стратегиялық дамуы жоспарын таңдап алған елдің бірі болды. 1997 жылдың 11 қазанда «Қазақстан-2030» атты ұзақ мерзімді дамуы стратегиялық бағдарламасын қабылдады. Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең алдымен көршілес шет елдермен екі арадағы шекараны дәйектілікпен бекітті. «Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекара сызығын демаркациялау туралы хаттаманы бекіту» заңына сәйкес 1999 жылы мемлекет басшылары шекаралық мәселелерді толық реттеп, құжатқа қол қойды. Бұл келісім-шарттың тарихи маңызы ерекше зор еді. Себебі Қытай 15 мемлекетпен шектеседі. Олардың бізден басқа бір де біреуімен Қытайдың толық шекаралық келісімі әлі жоқ. Ғасырдан ғасырға созылған шекаралық дауға соңғы нүкте қойылды. Енді 1782 шақырымдық шекара сызығындағы белдеу халықаралық деңгейде мойындалған заңмен қорғалады. Ал 2005 жылы 18 қаңтарда әлемдегі ең ұзын шекаралық белдеу болған Қазақстан-Ресей шекарасы анықталып, БҰҰ тарапынан мойындалды. Қазақстан-Ресей шекаралары құрлықтағы ең ұзын шекара болып табылады. Оның ұзындығы - 7591 шақырымды құрайды. Қазақстан мен Ресей арасындағы шекараны межелеу сияқты саяси салмаға ауыр мәселе әлемдік халықаралық құқықтық тәжірибеде өте сирек кездеседі, соған қарамастан қысқа уақыт аралығында шекара сызығының барлық нүктелері келістірілді. Қазақстанның Республикасының мемлекеттік шекарасы белгіленді. Елімізде индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы қарқынды түрде жүзеге асырылып жатыр. Қазақ елінің дәл жүрегінен, Еуразия кіндігінен барша қазақстандықтардың мақтанышы әрі ұлттық жетістігіміз-Астана қаласы бой көтерді. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасын және оның Елордасы-Астананы бүкіл әлемге паш етті. Елордамыз-республиканың бас қаласы-Астана күннен-күнге көркейіп қанат жайып келеді. Оның бүгінгі бейнесінің өзі-ақ көз алдымызға Еуразияның келешектегі жұртқа мәшһүр шаһарын елестетеді. Табысты жүргізілген сыртқы саясаттағы жетістіктердің арқасында Қазақстан Республикасы БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ, ИКҰ секілді беделді халықаралық ұйымдардың салмақты мүшесіне айналып қана қоймай, мемлекетаралық қарым-қатынастарда да еліміздің мәртебесін көтеретін саяси оқиғаларға, тарихи кезеңдерге де бастамашы болды. 2010 жылдың 1–2 желтоқсанында Қазақстан Республикасының төрағалығымен ЕҚЫҰ-ның 56 мемлекетінің басшылары елордамызда бас қосып, Астана доктринасының бірауыздан қабылдады. Мұндай тарихи маңызы зор оқиға еліміздің халықаралық деңгейдегі талассыз беделінің арқасында келгенін және қазақ дипломатиясының сыртқы саясаттағы табысты еңбегінің нәтижесі деп білеміз. Өсіп-өркендеген және қуатты Қазақ елі Елбасы бастаған жаңғырулардың мақсаты мен мазмұны болады. Еліміздің нығайып халықаралық беделінің өскенін көрген әрбір қазақстандықтың кеудесінде мақтаныш сезімі пайда болады. Қазір іргелі тәуелсіз ел, демократиялық дәстүрді берік ұстанған қуатты мемлекет болдық. Тарихты жасайтын тұлғалар тағлымы өскелең ұрпақтың ұлт мүддесіне қызмет етуіне жол ашып қана қоймай, әлемдік өркениеттің дамуына да ықпал етеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан халқы ынтымақтасып, жалпыұлттық, ұлтаралық бірлікті нығайтуға, рухани-мәдени жаңғыруға қол жеткізілді. Қысқа мерзім ішінде Тәуелсіз Республикамыз Кеңес империясынан мұра болып қалған көптеген өткір де өзекті мәселелердің шешімін тауып, саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени салаларға да реформалар жүргізілді.

#### Бақылау сұрақтары:

1. Тұңғыш президенттің еңбек жолына сипаттама жасаңыз.
2. Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жолы-Қазақстандық даму жолы» бағдарламасының тарихи маңыздылығын атаңыз.
3. Н.Ә. Назарбаевтың тарихи еңбектері тарихи деректер ретінде сипаттама беріңіз.

**33 тақырып**  
**VIII Бөлім. Білім мен ғылымның дамуы**  
**Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері**

**Сабақтың оқу мақсаты:**

11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;  
11.3.3.11 қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлін бағалау;

**Бағалау өлшемдері:**

Қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлін бағалайды.

Адамзат тарихында адам бір белгілерді көмегімен өзі үшін маңызды ақпаратты тіркеп, осылайша бір-біріне беріп, сақтап қою үшін жазуды ойлап табудың маңызы зор болды. Ең ежелгі кезеңде ақпаратты бір-біріне беріп, сақтаудың әртүрлі әдістері болды: белгілі бір құрастырылған бұтақтардың, садақтардың, оттың көмегі және т.б. Кейін келе ақпаратты тіркеудің күрделі әдістері пайда бола бастады. Осылайша ежелгі инктер түйіндер көмегімен «жазып алу» жүйесін ойлап тапты. Олар түрлі түсті жүннен жасалған бауларды пайдаланды. Оларды әртүрлі тәсілмен түйіндеп, ағашқа байлап, жіберіп отырды. Түйінді хаттарды Ежелгі Қытай мен Моңғолия халқы да пайдаланды. Негізінен, б з б. V ғасырда адамдар ақпаратты тіркеу үшін ерекше бір графикалық белгілерді ойлап тапқан.

**Пиктография.** Жазбаның ең ежелгі түрі пиктография болып саналады. Пиктограмма - әңгіме болып отырған бір затты, оқиғаны және көріністі бейнелейтін сұлбалық сурет. Пиктография әртүрлі халықтарда тас ғасырының соңғы кезеңінде таралды. Бұл хат онсыз да түсінікті болды, сондықтан оны әдейі оқып-үйрену қажет болмады. Алайда ол кішігірім хабарламаларды, қысқа әңгімелерді жіберуге жарамды болды. Күрделі абстракциялы ақпарат жіберу қажеттілігі туындаған кезде бейнелерін суреттеуге келмейтін нәрселерді (мысалы: ержүректік, қырағылық, ерлік және т.б.) жазуға келмейтіні пиктограмманың мүмкіншілігінің шектеулі екендігін білдірді. Сондықтан пиктограмма құрамына нақты бір ұғымды білдіретін шартты белгілер кіргізіле бастады. Мысалы, айқастырылған қолдар белгісі айырбасты білдірді. Мұндай белгілер идеограмма деп аталды. Идеографиялық жазу (грек. idea - идея, grapho - жазу) – жазудың бір түрі. Идеографиялық жазу пиктографиялық жазудан шыққан, онда әр таңба бір сөздің мағынасын білдіреді. Идеографиялық жазу таңбалары идеограмма деп аталады. Идеографиялық хат пиктографиядан пайда болды: пиктограмманың әрбір бейнелейтін таңбасы басқасынан ерекше және белгілі бір ұғымды немесе сөзді білдіреді. Бұл процесс уақыт өте келе дамығаны сонша, қарабайыр пиктограммалар өздерінің бұрынғы көрнекілігін жоғалтып, айқындыққа және нақтылыққа ие болды. Мүмкін бұл процесс бірнеше мың жылдарға созылған шығар. Идеограмманың ең жоғары түрі иероглифтік хат болды. **Иероглифтік жазу** б.з.б. 4-3-мыңжылдықта Ежелгі

Египетте пайда болып, кейін Қытайда, Жапония мен Кореяда таралды. Иероглифтер тек бір зат пен әрекетті ғана білдіріп қоймай, күрделі абстрактілі ұғымдарды, заттар мен әрекеттердің белгілерін білдірді. Иероглифтердің көмегімен күрделі және дерексіз ойларды да бейнелеуге болатын. Алайда иероглифтерді білмейтіндер үшін жазылған жазудың мағынасы мүлдем түсініксіз болған. Оқу-жазуды үйренгісі келген адам мыңдаған белгілерді есіне сақтауы тиіс болды. Бұған көптеген жылдар оқу керек еді. Сондықтан ежелгі кезде көп адам оқу-жазуды білген жоқ. Иерография таза күйінде ешқашан болған емес. Осылайша Ежелгі Египетте ұғымдар мен сөздерді білдіретін белгілермен қатар, буындар мен жекелеген дыбыстарды білдіретін басқа да таңбалар болды, себебі сурет түрінде бәрін білдіруге болмайтын (мысалы, жеке есімдерді). Мұндай жағдайда египеттіктер иероглиф-сөздерді оның дыбысталуына байланысты жазуда берілетін сөздер құралатын иероглиф әріптерге айналдырып жіберді. Мысалы, иероглиф мн - шахмат тақтайшасының бейнесі - екі дыбысты білдіретін иероглифке айналды (мн). Алғашында фонетикалық (дыбыстық) иероглифтердің мағынасы көмекші болды, бірақ, уақыт өте келе олардың рөлі артып, египет жазуы болған соңғы ғасырларда фонетикалық иероглифтердің маңызы үстем болды. Бірақ таза фонографиялық жазуға (әрбір таңба жеке дыбыс немесе әріпті білдіреді) египеттіктер келе алмады. Бұл маңызды жетістік басқа халықтардың жазбасында жасалды. **Сына жазу** б.з.б. 4-1-мыңжылдықтарда Таяу Шығыс пен Кіші Азия аумағында кең таралған жазба жүйесі. Жазудың бұл түрі қыш тақтайшаларына үшкір қамыс таяқшалардың көмегімен із басу арқылы сына түрінде пайда болған. Сына жазуын б.з.б. Египеттік иероглиф жазбасы 4-мыңжылдықта Оңтүстік Месопотамияға қоныстанған шумерлер ойлап тапқан. Алғашында таңбалар нақты бір заттың, жануарлар мен адамдардың бейнесін көрсеткен, бірақ осыған байланысты күрделі хабарларды жазып алу қажеттілігін суреттік хат күрделене бастады. Таңбалар оның дыбысталуы арқылы қолданылып, жазбаларда түрі, септелуі, бейнесі, саны және т. грамметикалық көрсеткіштер белгіленді. Жазу жүйесінің күрделенуімен бірге таңбалардың түрінің карапайымдануы жүрді. Бірте-бірте әрбір таңба түзу және көлденең сызықтар түріне айнала бастады. Б.з.б. 3-мыңжылдықтың бірінші жартысында көрші халықтар - аккадтықтар (Солтүстік Месопотамия), эблаиттар (Тигр өзенінен оңтүстік-шығысқа қарай және т.б. жерлер) оны өз тілдеріне бейімдеді. Кейін жазудың бұл түрін парсылар, хурриттер, хеттер пайдалана бастады. Сына жазу әртүрлі тілде сөйлейтін халықтарда 3 мың жылға жуық жүрді. **Фонографиялық жазу.** Адамдар өз сөздерін жай элементтерге дыбыстарға (фонемдерге) бөлуді бірден үйренген жоқ. Сөздің белек буындарға бөлінуі жеңіл болды. Б.з.б. 2-мыңжылдықта белгі жеке буынды білдіретін буындық жазбаның бірнеше түрі пайда болды (криттік жазба, майя жазбасы).

Б.з.б. 2-мыңжылдықтың аяғында финикиялықтар басқа да көптеген халықтың алфавитінің үлгісі болған әріптік-дыбыстық алфавит құрды. Финикиялық алфавит әрқайсысы жеке дыбысты білдіретін 22 дауыссыз дыбыстан тұрды. Адамзат үшін бұл алфавитті ойлап табу алғашқы қадам болды. Жаңа жазбаның көмегімен сызба түрінде қандай да бір сөзді айтуға мүмкіндік туды. Оны үйрену өте оңай болды. Бұл финикиялық алфавиттің бүкіл әлемге таралуының себептерінің бірі еді. Гректер финикиялық алфавитке ең соңғы жетістіктер енгізді. Олар дауыссыз дыбысты ғана емес, дауыстыларды да әріппен белгілей бастады. **Руна жазуы.** Руна жазбалары (runa - құпия) герман-скандинав алфавит жазбасының белгісі. Руна жазуы герман халықтарында біздің заманымыздың алғашқы ғасырында пайда болған. Руна тік және қиғаш түзу сызықтардан тұрады, сондықтан қатты материалдарға: тасқа, ағашқа, сүйекке, металға ойып жазылады. Руна алфавиті алғашқы алты белгісі бойынша «футарк» деп аталды. Ол «Үлкен» алфавит деп аталатын 24 белгіден тұрды. Викингтер дәуірінен 16 рунадан тұратын «Кіші» алфавит пайдаланыла бастады. Орта ғасырларда руна жазуы латынмен бірге жүрді. Исландия мен Готландта руна жазуы ұзақ

уақыт пайдаланылды. Бүкіл алфавитті жазып шығудың магиялық мәні болды. Руналар аурудан айығуға көмектеседі, шайқастарда жеңіске жеткізеді, уланып қалудан сақтайды, дауылдарды басады деп есептеген. Бізге 6 мыңға жуық руналық жазба белгілі. Орта ғасырларда Орта Азия мен Сібір аумағында руна жазуларына ұқсас көне түркі жазуы қолданылды. Ежелгі түркі жазба ескерткіштері Енисей мен Лена (Сібір), Орхон және Селенга (Моңғолия) өзендерінің алаптарында, Қазақстанда Талас, Сырдария, Ертіс және Іле өзендерінің аңғарларында табылды. **Кітап басып шығару.** Кітап басып шығару идеясы мөр (трафарет) басудан пайда болды. VII-VIII ғасырларда Еуропада ою-өрнекті бедерлеп салған бұйымдар жасау дамыды. Қайталанып отыратын фигураларды басып шығарғанда мөрлі қалыптар пайдаланылды. Кітаптарды көшіріп жазатындар жол басында ірі әшекейленген әріптерді бейнелегенде қалыптардың көмегіне сүйенді, себебі мұндай әріптердің суретін салу ұзақ уақыт алды. Үлгілер арзан суреттер дайындауда кеңінен қолданылды. Бұл гравюралар алғашында тек сурет түрінде болса, кейіннен оларға қоса мәтін берілді. Алдымен тақтайшаларға тек суреттерді ғана басып, мәтінді қолмен жазды. Содан кейін тақтайшаға суретпен қоса түсініктеме беретін мәтінді де ойып басуға көшті. Уақыт өте келе суретсіз тек мәтінді ойып басуға көшкен. Осындай жолмен басылған алғашқы кітаптардың көлемі шағын болды. Бұл қымбат қолжазба күйіндегі кітапты сатып алуға шамасы келмейтін адамдарға арналды. Басып шығарылған алғашқы кітаптардың бір мысалы он шақты беттен ғана тұратын «Кедейлер Библиясы» болды. Алғашқы кітаптарды басып шығару технологиясы келесідей болды. қатты ағаштан (жаңғақ, алмұрт, пальма) жасалған қалыңдығы 2 см. ге жуық төрт бұрышты тақтайша алынады. Оны жақсылап тегістеп, жазықтығын тексергеннен соң, бетіне қағазға салынған сурет және мәтін жапсырылды. Содан кейін өткір пышақпен қажет емес бөліктері ойып алынып тасталады. Нәтижесінде бір жазықтықта бояу жағылған (қара күйе мен өсімдік майының қоспасы) дөңес бедері бар сурет пайда болады. Оған жүн толтырылған тығыз бұйыммен бояу жағылады. Бояудың үстіне оның жақсы сіңуі үшін суланған қағаз төселеді. Қағаз ағаш қалыптан бүкіл суретті сіңіріп алғаннан кейін оны алып, кептірген. Содан кейін тақтайды қайта бояп, процесс қайталанып отырған. Алдымен қағаздың бір жағына ғана басып, кейіннен екі жағын да пайдалана бастаған. Жаңа кітаптардың арзан болуы оларға деген тұрақты сұраныс туғызды. Осы кезде кітап басып шығару процесін дамытып, қарапайымдатуға бола ма деген мәселе шықты. Бұл мәселенің шешім табылды: әртүрлі кітапты басып шығару үшін ұзақ уақыт пайдалануға болатын, қозғалып тұратын әріптерді жасап шығару ойластырылды. Алғаш рет бұл идеяны неміс өнертапқышы Иоганн Гутенберг жүзеге асырды. 1440 жылға таман ол мәтінді жазу үшін жеке-жеке металдан жасалған әріптерді - литерлерді пайдалануды ұсынды. Олар арнайы құралмен жұмсақ металға (қалайы немесе қорғасын) таңбасы түсетіндей ойып жасалған әріпті (матрица) дайындады және соның көмегімен қорғасыннан қажетті мөлшерде арнайы құйма жасалды. Литерлер сөз құрау үшін жинақтау процесінде алынып отыратын арнайы ұяшықтарда қажетті тәртіппен орналастырылды. Басып шығару процесі үшін біреуіне литерлер салынып, ал екіншісі оған қағазды қысып тұратын, екі жазықтықтың өзара әрекеттесуі қағидаты бойынша қолдан арнайы құрылғы жасалды. Гутенбергтің әдісі кітап басып шығару ісін едәуір жеделдетті. 1440 жылдары терілген кітаптар: Донат грамматикасы және күнтізбелер басып шығарылды. Аса белгілі алғашқы терілген басылымдар: 42 жолдан тұратын Библия (бір бетте 42 жол сыйған) және псалтырь. Бұл басылымдар солар үшін арнайы жасалған ерекше қаріптермен, сондай-ақ бас әріпті литерлер және жиектері әшекейленген екі түсті декормен ерекшеленді. Кітап басып шығарудың Гутенберг ашқан әдісі адамзаттың қажеттіліктеріне қаншалықты жарағанын уақыт көрсетті. Еуропаның әртүрлі қалаларында жүздеген баспахана пайда болды. 1500 жылға қарай бүкіл Еуропа бойынша 30 мыңға жуық кітап шығарылды. Өз басылымдарын

аса тартымды ету үшін кітап басушы өз кітаптарын алғашында ақ-қара, кейіннен түрлі түсті суреттермен толықтырып, бірінші бетін әдемілеп безендірді.

### **Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар**

1. Жазудың негізгі түрлерін атап, олардың мазмұнын ашып беріңдер.
2. Алғашқы басып шығарылған кітаптардың техникасын суреттеңдер.
3. Алғашқы баспа құрылғысының жұмыс істеу процесін айтып беріңдер.
4. Алғашқы басылып шыққан кітаптарды атаңдар.

### **34 тақырып**

#### **Мектептегі білім беру: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін. Жоғары білім беру жүйесі: өткені мен бүгіні**

##### **Сабақтың оқу мақсаты:**

11.4.1.8 -тарихи даму контекстінде жоғары білім беру жүйесінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды анықтау;

11.4.1.9 - заманауи жоғары білім беру үлгілерін салыстырып, артықшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау

##### **Бағалау өлшемдері:**

1. Тарихи даму контекстіндегі әлем халықтарының жазу түрлерін жіктейді;
2. Мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін «өнеркәсіп революциясы», «ғылыми-техникалық революция» ұғымдарын қолданады.

Бүгінгі күннің жаңалығы ретінде мектептегі оқу – тәрбие үрдісінде Дінтану пәнін енгізу жоғарыда айтылған мәселелерді шешудің дұрыс таңдап алынған бағыты болары хақ. Қазіргі мектеп – бұл гуманистік, дамытатын бағыттағы, үйлесімді жеке тұлғаны тәрбиеге қабілетті ашық жүйе десек, қоғамның дамуына байланысты білім беру жүйесіне жаңа құндылықтар енуде, сонымен қоса білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда.

Қазіргі жаһандану кезеңінде өмір мен ғылым, оқушылар мен мұғалім еңбегі, сіз бен біздің қалай өзгеріске ұшырайтынымызды қайта ой елегінен өткізуді мұғалімнен талап ететін уақыт. Осы мәселелер қазіргі өзгермелі қоғамда полимәдениетті, көп ұлтты әрі поликонфессионалды кеңістікке араласуға дайын, қабілетті тұлғаның дамуына бағытталған білім беру мен тәрбиелеу мазмұнын қайта қарауды талап етеді. Соның ішінде сапалы білім алу мәселесінің мәні артуда. Оны жаңа сапаға көтеру – қоғамдық мәселеге айналуға.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында: «білім беру жүйесі міндеттерінің бірі: ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық – саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» - деп көрсетіледі. Ал бұл міндеттерді жүзеге асырудың шарттары ретінде: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу сияқты ауқымды мәселелер алынған.

Қазақстан Республикасының 2011 – 2020 жылға дейінгі «Білім беруді дамыту бағдарламасында»: «Бүгінгі білім берудегі басты мақсат – тек білім, біліктілік, дағдылар жүйесі ғана емес, осы білімді өмірде қолдана алу, өз бетімен білім алу, өзгерістер заманында тиімді өмір сүріп, жұмыс істеу дағдыларын дамыту» делініп, осы мақсат негізінде сапалы білім беру міндеті айтылады. Осы ретте білім беру мекемелері жаңа білім сапасына сай мемлекеттік сұраныс пен тапсырысты орындауы талапқа сай жүргізілуі тиіс.

Сонымен қатар жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламада кемінде 3 тілді меңгерген, көп мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу стратегиясы айқындалған. Бұл өз кезегінде педагогтар

алдында көп тілді меңгеру міндетін алға қояды. Осы міндетті жүзеге асыру үшін мектебімізде 8 лингофон қондырғысы орнатылған кабинет оқушылар мен мұғалімдердің игілігіне қызмет атқарады.

Және де «Онлайн тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет» деген Елбасының тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында мектебіміздің 50 мұғалімі «Интерактивті тақтамен жұмыс жүргізу» семинарына қатысып, біліктіліктерін арттырады. Мектептегі 3 информатика кабинеті, интернет – клуб, 3 мультимедия кабинеті заман талабына сай жарақталған. Үйренемін деген оқушыға да, үйретіп, білім нәрін беремін деген ұстанымы бар мұғалімге де толық мүмкіндік туғызылған. Барлық пәндер бойынша мазмұны қамтылған сабақтар бойынша практикалық көмек көрсетілуде.

Сонымен қатар, информатика мұғалімдері «жазғы мектеп» жұмысын ұйымдастырып, онда дарынды оқушыларды барлық пәндерден ғылыми жоба мен олимпиада сондай-ақ, оларды веб – портал арқылы даярлау мәселелері қарастырылады.

Барша педагог қауымның алдында тұрған кезекті мақсат – 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу жағдайындағы педагогтардың кәсіби құзырлықтарының ғылыми - әдістемелік негіздерін қалыптастыру. Осы орайда, 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу кезеңдерінің талаптарына сай педагогтардың біліктілігін арттыру курстарынан өтуі қатаң ескертілуде.

Дегенмен, білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама – қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеп соғуда. Сол себепті мұғалімдердің әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог – мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды, олардың кәсіби компетенттілігі негізінде жүзеге асыру қажеттілігі туындайды. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігімен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Компетенция - жеке тұлғаның таным мен тәжірибе арқылы жетіп меңгерген мәселелерінің жиыны десек, «компетенттілік» - компетенцияға ие болу дегенді білдіреді. Сонда білім беру саласындағы компетенция - оқыту мақсаты, компетенттілік-оқыту нәтижесі деп қарастырамыз.

Оқытудағы «компетенттілік тәсіл» оқушыға қойылатын мектептегі талап пен өмірлік талаптарды ұштастыру.

«Түйінді компетенттілік» деп адамның өмір сүруіне қажетті және өзгермелі қоғамда кәсіби қызметінде табысты болуына байланысты компетенттіліктерді айтады.

Еуропалық кеңес түйінді компетенттіліктің 5 тобын ұсынады:

1. саяси және әлеуметтік компетенттілік (жауапкершілікті өз мойнына алу, ортақ шешім қабылдауға қатысу, кикілжінді реттей алуы)
2. көп мәдениетті қоғамға қатысты компетенттілік (мәдениеттердің ерекшеліктері айыру, түсіну, өзгелерге шыдамдылық, басқа мәдениет адамдарымен бірге өмір сүре алу)
3. ауызша және жазбаша қарым – қатынас мәдениеті (бірнеше тіл білу)
4. ақпараттық компетенттілік (жаңа технологияны меңгеру, түсіну, қолдану, артық кемін өлшеу БАҚ құралдары таратқан ақпараттар мен жануарлардың сыни тұрғыдан бағалау қабілеті)
5. өзін - өзі жетілдіруді компетенттілік.

Қазақстандық ғалымдарда ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігінде кіріктіру және қоғамдық сұраныстарға жауап беру мақсаттарына сәйкес, білім берудегі компетенттілік үлесіне зерттеулер жүргізіп, оны мектеп практикасына енгізу мүмкіндіктерін қарастыра бастады. Өйткені, білімді компетенттілік тұрғысынан ұйымдастыру қоғамның мүддесіне де, білім саласы қызметкерлерінің мүддесіне де сай келеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Жапонияға барған кезекті сапарынан кейін: «Жаһандану кезеңінде ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу үшін біз көп нәрсені ескеруіміз қажет. Осы орайда, жапондықтардан үлгі алуға болады. Олар әлі күнге дейін кимоно киіп, храмға барса да, жоғары технологиялар саласында озық жаңалықтар ашумен ерекшеледі» дейді. Елбасы айтқандай жапондық оқушы үшін «Мұғалім культа» құнды принцип болып саналады.



Ғалым Асқарбек Токиодағы Цукуба университетінің жанындағы бастауыш мектепте болған бір күн жайлы былайша баяндайды. «Бұл мектептің негізі 1880 жылы қаланған. Мектептегі білім беру император Мэйдзидің жарлығын жүзеге асыратын ережелерге негізделген. Ол –конфуциандық мораль мен этикадан бастау алатын білім беру мен тәрбиелеу қағидалары. Құжатта Адам баласы ең алдымен өзінің рухани дүниесін байытып, моральдық тұрақтылықты қалыптастырады, содан кейін ғана өз қабілетіне орай түрлі пәндерді меңгереді,- деп көрсетілген.

Мектептің алдына қойған мақсаты 118 жыл бұрын анықталып, бүгінгі күнге дейін өзгермеген:

1.Өзін адам ретінде тереңінен сезінген баланы тәрбиелеу.

2.Ұлттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін, толықтыратын және мәдениетті дамытатын баланы тәрбиелеу.

3.Өзін Жапония азаматы ретінде сезінген баланы тәрбиелеу.

4.Дені сау, белсенді баланы тәрбиелеу.

Ал мектептің міндеті – балаға рухани және дене бітімінің дамуын қалыптастыратын бастауыш білім беру болып табылады. Жапонияда балалар 6 жастан бастауыш мектепке қабылданады. Бұл мектепте әр паралельде 4 сынып жиыны бар. Әр сыныпта 40 баладан отыр. Таңғы сағат 8.05 –те 20минуттық таңғы жаттығу басталады. Балалар өте белсенді, бірде – бір бала назардан тыс қалмайды. Келесі 20 минутта душ қабылданады немесе бассейнге шомылады. Сағат 8. 45 – те басталған сабаққа бірде – бір оқушы кешіккен жоқ. Жапонияға атағы әйгілі болған әдіскер Танака Хироши таңертең балалармен бірге белсенді түрде спортпен шұғылданады. Мектепте болған күні бір мұғалімнің балаға дауыс көтергенін байқамадым. Себебі, Жапонияда балаларға дауыс көтеру үрдісі қабылданбаған. Бақылау жұмыстарына алдымен түрлі шартты белгілер қойылады, оқушы осы белгілерге қарап, өз қателерін түзетеді немесе мұғалімнің көмегіне жүгінеді. Материал қажетті деңгейде игерілгеннен кейін ғана баға қойылады. 4-ші сабақтан кейін 1 сағаттық үзіліс қарастырылған. Спорт алаңдарын, мектеп ауласын тазартып, гүлдер мен ағаштарды суғарады. Барлығын балалар өз қолымен жасайды. Үлкендер су тасыса, кішірек балалар парталарды қозғап, еденді жуады. 1 сағаттан кейін барлық шелек, сыпырғыш секілді құралдар тез жинақталып, балалар сабаққа кіріседі. Бұл жұмыстарды балалармен қатар, мұғалімдер де орындайды. Жапондықтар мұғалім – ұлттық құндылық деп санайды».

Яғни, біздің білім беру жүйесіне ұқсайды, бірақ айырмашылығы – мектеп оқушыларына отбасынан басталатын ұлттық тәрбиені кейде терең ұғындыра алмауымыздан болуы мүмкін. Ата – бабаларымыз салып кеткен тәрбие соқ-

пағы ғасырлар бойы қазақ халқының ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып келе жатқан құндылығы. Олай болса, тәрбие бастауы ата – ана мен мұғалімімен балаға ұласып жатуы – шарттылық болып табылады. «Өз шәкірттерінен еңбектен қуаныш табуға үйрете білген ұстаздың мерейі үстем» - деген Э.Хаббардтың мәнді сөзімен ойымды аяқтап, еңбектеріңізге жеміс, отбасына береке тілеймін.

Тапсырма: Кестемен жұмыс

### 35 тақырып

#### Ғылыми-техникалық прогресстің тарихи кезеңдері

##### Сабақтың оқу мақсаты:

Ғылыми-техникалық революция түсінігі және оның қалыптасу кезеңдері жайлы білімдерін арттыру

### **Бағалау өлшемдері:**

1. Қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогрестің әсерін зерттейді;
2. Адамзат өркениетінің дамуы үшін ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктердің ықтимал салдарын болжайды.

- ғылыми - техникалық прогресс түсінігін талқылаймыз ;
- әртүрлі елдердегі өнеркәсіптік революцияның ерекшеліктерін айқындаймыз ;
- ғылыми - техникалық революцияның заманауи өркениетті дамытудағы рөлін ашамыз .

**Ғылыми - техникалық прогресс ( ҒТП )** материалдық өндіріс мұқтажы мен қоғам қажеттіліктерінің өсуіне негізделген ғылым мен техниканың өзара байланысты, прогресті дамуы . XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бас кезінде бұл процесс ірі машиналы өндірістің ғылыммен және техникамен өзара байланысының нығаюы түсінігін берді . Мұндай өзара байланыс ҒТП - ның техникалық және әлеуметтік қарама - қайшылығын туындатты . Техникалық прогрестің қарқынды өсуі объектілерінің үздіксіз жетілдірілуін немесе тіпті шығарылатын өнімді алмастыруды талап етеді . Нәтижесінде ҒТП - ның өндіріс объектілерінің қызмет ету мен жарамдылық мерзімінің арасындағы техникалық қарама қайшылығы пайда болады .

ҒТП - ның әлеуметтік қарама - қайшылығы адам факторымен байланысты , бір жағынан , техникалық жаңалықтар еңбек жағдайларын жеңілдетеді , екінші жағынан , бірсарын дылықты , біркелкілікті туындатады , өйткені автоматтандырылған процестерге , конвейерлік өндіріске негізделеді .

#### **ҒТП - ның екі нысаны бар :**

*эволюциялық* - өндірістің дәстүрлі ғылыми - техникалық негіздерінің баяу жетілдірілуі ; *революциялық* өндірістің неғұрлым жоғары тиімділігін , ірі ауқымды және жеделдетілген қарқынын қамтамасыз етеді ; ғылыми техникалық революцияда жүзеге асырылады .

ҒТП - ның дамуы - ТП - ның негізі саналатын жаңа теориялар мен ғылыми бағыттарды қалыптастыру , жаңа идеялар ұсынып , оны негіздей алуға қабілетті ғалымдарға сұранысты арттырды .

Ғылым мен ғылыми қызмет көрсетумен қамтылғандар санының және олардың қызметкерлердің жалпы санындағы үлесінің өсуі ҒТП - ның заманауи кезеңнің іргетасына айналуы тиіс .

Өнеркәсіптік революция ( өнеркәсіптік төңкеріс ) – қол еңбегінің машиналық еңбекке , ма нуфактурадан фабрикаға , аграрлық қоғамнан индустриялық қоғамға өту процесі .

Өнеркәсіптік революцияның сипатты белгісі ірі өндіргіш күштердің машиналы өнеркәсіп негізінде қарқынды есті , Революция машина жасаудың ( машиналарды машиналар жасай ды ) пайда болуымен аяқталған болып есептеледі .

Өнеркәсіптік революция машиналардың жаппай қолданыла бастауымен ғана емес , сондай - ақ қоғамның бүкіл құрылымының өзгеруімен : жаңа топтар өндірістік буржуазия мен өндірістік пролетариаттың қалыптасуымен де байланысты болады . Өнеркәсіптік революция еңбек өнімділігінің шұғыл артуымен , жылдам экономикалық өсуімен және халықтың тұрмыстық деңгейінің көтерілуімен қатар жүреді .

Өнеркәсіптік төңкеріс XVIII ғасырдың екінші жартысында Англияда басталды , бұдан кейінгі бірнеше онжылдықтың ішінде оның дүниежүзілік өнеркәсіптік өндірістегі үлесі 10 еседен артты . Англиядағы өнеркәсіптік революцияның табысына XVII ғасырдың соңындағы мынадай өнертабыстар негіз қалады :

тоқыма өнеркәсібінде Р.Аркрайт , Дж . Харгривс пен С.Кромптонның ніру машиналарында мақтадан жіп иірілді . Кейіннен күннен және зығырдан жіп иіру қолға алынды ;

Джеймс Уатт ойлап тапқан буқозғалтқышы және 1769 жылы патент алған бу машинасы ; металлургияда , оның ішінде қара металлургияда таскөмір коксы ағаш көмірін алмастырды

. Басқа елдер де Англиядан үлгі алды . Олар үшін алғашқы кездегі жағдайлар тиімділігімен ерекшеленді :

- мемлекет экономиканы қайта құру қажеттігін ұғынды және оған белсенді түрде жағдай жасады ; неғұрлым дамыған елдерден жаңа технологиялар , кадрлар мен капиталдар импорттау мүмкіндігі пайда болды ;
- қандай салаларды қандай кезектілікпен дамыту керектігі айқын далды .

Бірінші кезекте өнеркәсіптік революция , басқа елдермен салыс тырғанда , жұмыс күшінің қарқыны жоғары Англия сияқты елдерде дамыды .

Әртүрлі елдердегі өнеркәсіптік революцияның барысында көптеген ортақ белгілер болды . Әдетте , оның алдында халықтың елеулі өсуі , ақшаның аграрлық секторға ағылып келуі мен оның түбегейлі қайта құрылуы өтті , капиталдар мен энергия көздерін іздестіру проблемасы шешілді . Барлық жерде өнеркәсіптің дамуы жаңа қатынас жолдарының , оның ішінде , теміржолдардың құрылысымен қатар жүрді . Олар 1820 1830 жылдары Франция , Бельгия , Германия , АҚШ , екі Сицилия ко рольдығымен Ресей империясында пайда болды . Көптеген елде қара жолдар салынды , буқозғалтқышымен жүретін кемелер пайда болды .

Англияның үлгісін бірінші болып Бельгия алды , бұл оны дүние жүзіндегі аса ірі индустриялық державалардың біріне айналдырды ; Бельгия ХІХ ғасырдың соңғы ширегіне дейін дүниежүзілік көш басшылар тобына енді . ХІХ ғасырдың бас кезінде өнеркәсіптік революция АҚШ - қа , 1830-1860 жылдары Францияға келді , бұл жерде ол тоқыма және металлургиялық өнеркәсіпке қатысты дамыды , ал мемлекет болса , көліктік инфрақұрылым қасауға елеулі үлес қосты . ХІХ ғасырдың ортасында өнеркәсіптік революцияға герман мемлекеттері кірісті және де ғасырдың соңына қарай біріккен Германия көшбасшылардың қатарынан орын алды .

Бұл елдерде жасалған өнертабыстар бүкіл дүниежүзіне жылдам тарады . 1807 жылы РФултон бірінші дөңгелекті кемеңі жасады , 1829 жылы В.Тимонье тігін машинасын жасаса , 1839 жылы Л.Даргер фотоаппаратты ойлап тапты . С.Морзенің өнертабысы 1844 жылы АҚШ - та оның еліппесін пайдаланған бірінші телеграф желісін салуға мүмкіндік берді . Д.Хатон ыдыс жуатын машинаны ( 1850 ) , Д.Кинг кіржугыш машинаны ( 1851 ) ойлап тапты , А.Фик сәтті шыққан алғашқы жанаспалы линзаларды дайындады ( 1888 ) .

Әртүрлі елдердегі өнеркәсіптік революциялардың өз ерекшеліктері болды . Бельгияда өнеркәсіптің дамуы темір кені мен көмірге , тоқыма өндірісінің ежелгі дәстүрлеріне сүйенді . Францияда өнеркәсіптік революцияның даму қарқыны 1860 жылдардан бастап ғасырдың соңына дейін төмендеді . Табиғи ресурстарға бай Германия көптеген білікті кадрларды жылдам дайындау мүмкіндігіне ие болды . Сонымен қатар электртехникалық және химиялық салаларда үстемдікке қол жеткізуге қажетті білім беру жүйесі қалыптасты . АҚШ - тағы өнеркәсіптік революция мұхиттың ар жағынан әкелінген технологиялар мен капиталдарға сүйенді және ол ел аумағының біраз бөлігін – солтүстік шығысын ғана қамтыды .

**Дамуы кешеуілдеген елдердегі өнеркәсіптік революция** алдыңғы қатарлы елдерде болып өткен революцияларға қарағанда , едәуір айырмашылықтарға ие болды .

**Артта қалған елдердегі өнеркәсіптік революция** ішкі даму қажет тіліктерінен емес , сырттан жасалатын қысымнан ; неғұрлым алдыңғы қатарлы елдерге экономикалық және әскери тойтарыс беру қажеттігінен туындады . Сондықтан артта қалған елдердегі өнеркәсіптік төңкеріс ішкі себептермен емес , мемлекеттің қамқорлық жасауымен өтті , мемлекет өзі неғұрлым қажет деп есептеген техникалық және әлеуметтік инновацияларды мақсатты бағытталған түрде жасады ,

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дамыған капиталистік елдердің алдында күйреген экономиканы қалпына келтіру міндеті тұрды . Бұл мәселені шешумен байланысты экономиканы қарқынды дамыту кезеңі басталып , ғылыми - техникалық прогресс жеделдетілді . Ол өндірістің жаңа салаларына еніп , ғылым тікелей өндірістік күшке айналды .

Ғылыми білім жүйесі мен техникадағы түбегейлі қайта құру шаралары , ғылымды қоғамдық ендірісті дамытудың жетекші факторына айналдыру негізінде өндіргіш күштерді қайта құру ғылыми - техникалық революция ( ҒТР ) деп аталды .

Ол ғылыми - техникалық прогресті жеделдетіп , қоғам өмірінің барлық жақтарына ықпал етіп , түрлі мамандық иелерінің ұйымшылдығы мен жауапкершілігіне үлкен талаптар қойды . Оның басты бағыттары мыналар : өндірісті , электрондық есептеуіш машиналарын кеңінен қолдану негізінде бақылау мен басқаруды кешенді автоматтандыру ; энергияның жаңа түрлерін ашу және пайдалану ; биотехнологияны дамыту ; конструкциялық материалдардың жаңа түрлерін жасау және Қолдану

ҒТР - дің алғашқы толқыны ХХ ғасырдың ортасынан бастап , 70 - жылдардың ортасына дейін жалғасты . Оның негізі атомдық физика және биология саласындағы жетістіктер , сонымен қатар кибернетиканың пайда болуымен байланысты болды . Электрондық технология дами бастады , ол өндірістің сипатын принципті түрде өзгертіп , еңбек өнімділігін күрт арттырды . Электрондық технологияның негізі транзистор 1947 жылы АҚШ - та жасалды , бірақ оны бірінші болып алуан түрлі аппаратурада 1952 жылы жапондар қолданды . 1957 жылы микросхемалары бар , бірақ салмағы ауыр әрі қолдануға ыңғайсыз компьютерлердің алғашқы тобы жасалды . Авиағарыштық , радиотелевизия , техникалық робот және басқа да құралдар жасалып , ғылымда қолдануда , еңбек пен энергияны үнемдеуде көп жаңалықтар ашылды . Ғарыштық дәуірдің басталуы ҒТР - дің нышаны болды . **1957 жылы КСРО - да дүниежүзіндегі тұңғыш жасанды жер серігі ұшырылды . 1961 жылы ғарышқа алғаш рет адам ұшырылды , ол КСРО азаматы Ю.А.Гагарин болды .**

Электрондық технология саласындағы жетістіктер роботтарды , яғни тапсырылған істерді автоматты түрде орындауға қабілетті машиналар жасауға көшуге мүмкіндік туғызды . Биотехнология мен атомдық энергетика дами бастады . Ғылыми - техникалық прогресс ғылымда үлкен жаңалықтар ашуға қолайлы мүмкіндіктер туғызды .

### **Есте сақтаңдар**

Атом энергетикасы , электронды - есептеу мен зымырандық ғарыштық техника ҒТР - дің бірінші кезеңінің негізгі техникалық жетістіктеріне айналды .

70 - жылдардың екінші жартысында минипроцессорлар пайда болуына байланысты ҒТР - дің жаңа толқыны басталды , ол « ақпараттық немесе телекоммуникациялық революция » деп аталды .

Оның нәтижесінде электрондық есептеуіш машиналары кең көлемде пайдаланылды , экономиканы ақпараттандыру мен компьютерлендіру , электрондық роботтарды енгізу , бағдарлама арқылы басқарылатын станоктарды қолдану , ақпаратты жинастырып өңдеу және сақтау орталықтарын құру , интегралдық сызбаларды енгізу ұлғайды . Өнеркәсіпті автоматтандыру деңгейі күрт көтеріліп , тұтас өндіріс автоматтар пайда болды .

ҒТР - дің қағидаттық жағынан жаңа ақпараттық технологиялардың физикалық негіздерін қалаған екінші кезеңінің тағы да бір бағыты шалаөткізгіш наногетерокұрылымдар физикасы саласындағы зерттеулер болды . Бұл зерттеулерде қол жеткізілген , жоғары жылдамдықтар электроникасының дамуы үшін орасан маңызға ие болған табыс ретінде 2000 жылы физика бойынша Нобель сыйлығымен атап өтілді . Оны мен Дж.Килби бөлісті . ресейлік ғалым Ж.И. Алферов пен американдық ғалымдар Г.Кремер мен Дж.Килби бөлісті.

Ғылым мен техниканың басқа салаларында да жаңалықтар ашылды , гендік инженерияның практикалық әдістерін белгілеу , жасанды интеллект элементтерін ашу , медицинадағы табыстар ең үздік жетістік болды . Ғылыми жаңалықтар мен оны өнеркәсіпте пайдалану арасындағы алшақтық барған сайын азая бастады .

Автоматтандырумен және роботтандырумен үйлесімді еңбек өнімділігінің артуы материалдық өндіріс саласынан жұмыс күшінің елеулі бөлігін босатуға мүмкіндік берді . Жаңа технологиялар еңбек сипатын өзгертуге әкелді . Жеке қызметкер бұрынғыдай бақылаушыға және реттеушіге айнала отырып , іс жүзінде өндірістік процестің тікелей

қатысушысы болудан қалды. Ғылыми - техникалық жетістіктер негізінде өткен өнеркәсіп пен ауылшаруашылығын жаңа ырту процесі заманауи экономиканың негізін қалады.

#### **Тапсырмалар:**

1. Ғылыми - техникалық прогрестің анықтамасын беріңдер және оның қарама қайшылығын ашып көрсетіңдер,
2. ФТП нысандарын атап, мысалдар келтіріңдер.
3. Әртүрлі елдердегі өнеркәсіптік революциялардың ортақ белгілерін айқындаңдар
4. Дүниежүзі елдеріндегі өнеркәсіптік революциялардың ерекшеліктерін атаңдар.
5. ФТР кезеңдерінің мазмұнын ашыңдар.

### **36 тақырып**

#### **Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар. Қазіргі ғылымның перспективті салалары**

##### **Сабактың оқу мақсаты:**

11.4.3.6 қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешу үшін ғылым мен техниканың заманауи түрлері дамуының маңызын түсіндіру

##### **Бағалау өлшемдері:**

1. Қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогрестің әсерін зерттейді;
2. Адамзат өркениетінің дамуы үшін ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктердің ықтимал салдарын болжайды.

Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Оқытудың жаңа технологияларының бірі – ақпараттық технология. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту қажет. Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады» делінген. Сонымен қатар бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізу, On-line тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру, оқу жоспарларына жаратылыстану ғылымдары бойынша, бірінші кезекте, математика мен ақпараттандырудан қосымша сағаттар немесе пәндер енгізу қажеттігін баса айтты.

Бүгінгі күннің басты талабы еңбек нарығы мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруда кәсіптік білім берудің беделі артып отыр. Оның мақсаты - техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін қайта ұйымдастыру, бәсекеге қабілетті дағдылары бар және білім алуды жалғастыру үшін жеткілікті әлеуеті бар экономика салалары мен жұмыс берушілерді техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарымен қамтамасыз ету.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік,

дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдері іздестірілуде.

Кәсіптік білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану мен оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Үшінші мыңжылдық кезінде қоғамның даму көрсеткіші ретінде ақпараттық қоғамға өту ісі алынады да, ал оның ең анықтаушы ролін ақпарат түсінігі атқарады. Ақпаратта жинау, сақтау, өңдеу және тарату тәсілдері мен құралдары динамикалық түрде өзгеріске ұшырап, солар арқылы қоғамның инфрақұрылымы қалыптаса бастады.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т. б, тіркестермен тығыз байланысты. Қазіргі білім саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан — жақты білгір маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгерту Оқытушылар зейін – зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани т. б, көптеген ұстаздық қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін — өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытушылар алғаш жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден меңгереді, үшіншіден тәжірибеде қолданады, төртіншіден оны дамытып

нәтижесін

көрсетеді.

«Ақпараттық компьютерлік технологиялар»- бұл термин бүгінде баспасөз беттерінде, теледидар мен радиода жиі кездеседі. Ақпарат алудың қазіргі кезде көптеген көздері мен құралдары бар. Соның ішінде компьютерлік технологияны қолданудың жеке тұлғаны қалыптастырудағы оның шығармашылық мүмкіндіктерін арттырудағы атқарар ролін қазіргі заман талаптары өзі анықтап отыр. Компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек

өнімділігін

арттыру

құрамына

айналды.

Ақпараттық технология тақырып көлемінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады. Білім деген бір — бірінен үлкен арақашықтықта орналасқан әртүрлі оқу орындарында отырып қол жеткізуге болады. Оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдірілуі олардың тарамдалуымен оқу материалының сапасын арттырады. Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютерде студент үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса, барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену — бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Сондықтан, ұстаз – қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері болып табылады. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасы артады, сабақ өткізген кезде сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, студенттің қызығушылығы арта түсері анық.

Студенттің қызметін активтендіру негізінде педагогикалық технологияларының бірі — оқытудың компьютерлік технологиясы. Оқытудың компьютерлік технологиясын пайдалану оқу процесін жаңа оқу — әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Тапсырма: Тарау бойынша қорытындылау